SAMRUK ENERGY

КӨМІРТЕГІ БЕЙТАРАПТЫҒЫНА БАРАР ЖОЛДА

Біріктірілген жылдық есеп

21

SAMRUK-ENERGY.KZ

1-ШІ ТОМ

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Есеп «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылғы қызмет нәтижелері мен жетістіктеріне шолуды, сондай-ақ 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес 2022 жылға арналған жоспарлар сипаттамасын қамтиды.

Жылдық есепті әзірлеген кезде мүдделі тараптардың пікірлері ескерілді, сонымен қатар ESG, қағидаттары, GRI Standards «Негізгі нұсқа» аспектілері, «Есептілік бойынша ғаламдық бастама» есептілігін дайындау қағидаттарына, электр энергетикасы саласындағы GRI салалық хаттамасына (Electric utility, EU), БҰҰ Ғаламдық шартының есептілігіне қойылатын талаптарға, Корпоративтік басқару кодексіне, LSE листингтік қағидаларының кейбір индикаторларына, FCA (Disclosure Guidance and Transparency Rules sourcebook) ақпаратын ашу бойынша нұсқаулыққа, сондай-ақ Қаржылық есептіліктің халықаралық стандартына сәйкес барлық негізгі аспектілер қамтылды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның 2020 жылғы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2021 жылғы аудит өткізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігі «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып табылады (2-том).

Компанияның болашақтағы қызметіне қатысты ақпарат ағымдағы жағдайға байланысты айқындалған болжамдарға негізделген. Әр түрлі объективті факторлардың әсерінен нақты нәтижелер болжамдардан өзгеше болуы мүмкін. Осы Жылдық есепте ұсынылған ақпаратты «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы алдын ала мақұлдап, «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит комитеті тексеріп, бағалады және «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі бекітті (2022 жылғы 27 мамырдағы Хаттама № 06/22).

Есептің онлайн нұсқасы Компанияның *www.samruk-energy.kz* сайтында қол жетімді

КӨМІРТЕГІ БЕЙТАРАПТЫҒЫНА БАРАР ЖОЛДА

1-ші том

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының кіріспе сөзі	2
«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасының кіріспе сөзі	4
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП	**6**
Компания туралы	8
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы туралы	8
Қызметтің негізгі көрсеткіштері	10
Қызметтің негізгі көрсеткіштері	12
2021 жылғы негізгі оқиғалар	40
«Самұрық-Энерго» АҚ қағидаттары	44
Компанияның Даму стратегиясы	48
Трансформация бағдарламасын іске асыру қорытындылары	58
Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу	60
Қазақстан электр энергиясының теңгерімі	62
Электр энергиясы нарығындағы бәсекелес орта	66
«Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіру саласында	68
Тариф саясаты	72
Көмір нарығы	78
Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу	82
Маңызды қаржылық оқиғалар	83
Қаржы-экономикалық көрсеткіштер	86
Инвестициялық қызметті басқару	96
Күрделі шығындарды талдау	99
Инвестициялық жобалар	100
Сатып алуды басқару	104
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ БОЙЫНША ЕСЕП	**106**
Корпоративтік басқару	108
Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестік	113
Корпоративтік басқару және этика	115
Акционер	116
Директорлар кеңесі	126
Атқарушы орган	132
«Самұрық-Энерго» АҚ-та комплаенс-тәуекелді және комплаенс-мәдениетті басқару	135
Омбудсмен	136
Қызмет аудиті	138
НЕГІЗГІ ӘСЕРЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР	**142**
Орнықты даму және ESG қағидаларына сәйкестік	144
Корпоративтік коммуникация стратегиясы	151
«Экономикалық» санат	156
«Экологиялық» санат	166
«Әлеуметтік» санат	180
ҚОСЫМШАЛАР	**198**
Есеп туралы	198
Есептің GRI нұсқаулығына сәйкес келу кестесі	216
Пайдаланылған қысқартулар	222
Байланыс ақпараты	227

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті оқырман!

Сіздердің назарларыңызға ұсынылатын Жылдық есеп еліміздің электр энергетикалық нарығындағы аса маңызды ойыншы – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылы атқарған қызметі туралы толық ақпаратты қамтиды.

Компания Қазақстанның энергетикалық жүйесінде стратегиялық орынға ие. «Самұрық-Энерго» холдингінің құрамына отандық энергетиканың флагмандары – Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2, Екібастұз көмір бассейнінің ірі кеніштері, Алматы электр станциялары мен электр желілерінің кешені, жаңартылатын энергия көздерінің объектілері, су электр станциялары кіреді. 2021 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанның электр энергиясын өндірудегі «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобының үлесі 31,1%-ды құрады. Компания электр энергиясын өндіруді 35 609,3 млрд кВтс-ға дейін ұлғайтты, бұл 2020 жылғы көрсеткіштерден 13,5%-ға жоғары. 2021 жылдың қорытындысы бойынша көмір өндіру көлемі 44 632 млн тоннаны құрады, бұл жоспардан 2,572 немесе 6,1%-ға жоғары. Осының барлығы үлкен холдингтің мыңдаған қызметкерлерінің жұмысының нәтижесі, олардың жоғары кәсібилігі еліміздің энергия жүйесінің сенімді жұмыс істеуіне негіз қалайды және тұтынушыларға электр энергиясын тұрақты жеткізуді қамтамасыз етеді.

Басты өндірістік міндеттерді орындаудан басқа, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның күш-жігері 2021 жылы Компанияның қаржылық әл-ауқатын нығайтуға, қоршаған ортаға теріс әсерді азайту жөніндегі шараларды іске асыруға, өндірістік жарақаттану саласындағы жұмысты күшейтуге және ел энергетикасындағы инвестициялық жобаларды іске асыруға байланысты болды.

Холдингте кейбір инновациялық тетіктерді енгізу оң нәтиже берді, бұл Компаниялар тобының ақша ағындарын орталықтандырып басқаруға, ішкі ресурстарды тиімді пайдалануға және қарыз алу деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді. Бірқатар белгілі сыртқы жағымсыз факторларға қарамастан, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобының қаржылық тұрақтылығының көрсеткіштері тұрақты болып табылатынын атап өту қажет.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-ның қолдауымен электр қуатын арттыру бойынша белсенді жұмысты жалғастырды. Әңгіме Екібастұз ГРЭС-1-де энергия блогын қалпына келтіруге, Екібастұз ГРЭС-2-де жаңа блокты салуға, «Богатырь» кесігінде көмір өндіру мен тасымалдаудың циклдық-ағындық технологиясына байланысты сала үшін аса маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру туралы болып отыр. Еліміздің солтүстік және оңтүстік өңірлерінде ЖЭК объектілерін салу бойынша іс-шаралар кезең-кезеңмен жүргізілуде.

Қазақстан, бүкіл әлем сияқты, баламалы энергия көздерін кеңінен пайдалануға энергетикалық көшу процесінің кезекті кезеңіне аяқ басты. «Жасыл экономикаға» көшудің жаһандық трендтері және стейкхолдерлердің өсіп келе жатқан ESG-талаптары «Самұрық-Энерго» АҚ үшін де сын-тегеуріндер ретінде қызмет етеді. Осыған байланысты жыл соңында болған оқиғаның маңыздылығын атап өтпеуге болмайды – Компанияның Директорлар кеңесі алдағы 10 жылға арналған жаңа Даму стратегиясын бекітті. Бұлардан басқа, құжат «жасыл» энергетиканы дамыту бойынша жоспарларды қарастырады. Ірі қазақстандық электр энергетикалық холдингтің Даму стратегиясы ұлттық энергетикалық қауіпсіздік жүйесін стратегиялық жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты ескереді және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның негізгі стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы ірі отандық электр энергетикалық холдингтің дұрыс бағытта дамып және жүріп келе жатқанын көрсетеді. «Самұрық-Энерго» АҚ өзін жоғары әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігі бар тиімді жоғары технологиялық операциялық энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы ретінде көреді. Осы орайда оның биік мақсаттарға деген ұмтылыстарына зор табыс тілеймін! «Самұрық-Энерго» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне, сондай-ақ оның серіктестері мен достарына денсаулық, ырыс-береке, мол жетістік және зор жеңіс тілеймін!

Н. Казутин

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті әріптестер мен серіктестер!

2021 жыл біздің Компаниямыздың өміріндегі жарқын және маңызды оқиғаларға, сондай-ақ күрделі сын-қатерлерге толы кезең болды. Жыл Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына тұспа-тұс келіп, энергетиктер елдің дамуына оның энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, өздерінің қажырлы еңбегімен лайықты үлес қосты.

COVID-19 эпидемиясы жағдайында «Самұрық-Энерго» АҚ өз компанияларының барлық тобында еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейтті және қызметкерлерді вакцинациялау бойынша науқанды табысты өткізді. Коронавирустық инфекцияға қарсы тиімді іс-қимыл шараларының арқасында 2021 жылы біздің барлық электр станциялары мен кәсіпорындар штаттық режимде жұмыс істеп, тұтынушылар алдындағы электр энергиясын жеткізу мен көмір жөнелту жөніндегі міндеттемелерін толық көлемде орындады.

Жүйелік оператордың деректері бойынша 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан көрсеткіштерімен салыстырғанда республиканың электр энергиясын тұтыну динамикасында 6 пайыздық өсім байқалды. Мәселен, республиканың солтүстік аймағында тұтыну 5%-ға, оңтүстігінде 9%-ға және батысында 7%-ға өсті. Осы кезеңде «Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдары электр энергиясын өндіруді 13,5%-ға арттырды. 2021 жылы көмір өндіруші компания біздің электр энергетикалық холдингіміз «Богатырь Көмір» ЖШС құрамында 44 741 мың тонна көмір сатты, оның ішінде қазақстандық тұтынушыларға 34 939 мың тонна, экспортқа (РФ) – 9 802 мың тонна жөнелтілді.

Республикада тез өсіп келе жатқан электр энергиясын тұтыну аясында бүкіл сала үшін сын-тегеуріндердің бірі – қолда бар қуат резервтерін қысқарту проблемасының күн-бе-күн өсіп келе жатқандығы болды. «Самұрық-Энерго» АҚ осы кезеңдегі жағдайдан шығудың жолы жаңа станцияларды салу мен пайдалануға беру және жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту деп есептейді. 2021 жылы Компания өзінің инвестициялық бағдарламалары аясында бірқатар маңызды жобаларды жүзеге асыруды жалғастырды. Екібастұз ГРЭС-1-дің қуаты 500 МВт №1 энергия блогы қалпына келтірілуде. Жобаны іске асыру станцияның жобалық қуатын 4 000 МВт-дан жоғары қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Екібастұз ГРЭС-2-ні №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту бойынша жұмыс жалғасуда. 2021 жылы жабдықтарды жеткізу аяқталып, «Богатырь» кесігінде көмірді өндірудің, тасымалдаудың, тұрақтандырудың және тиеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу жөніндегі жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары жалғастырылды.

Жоспар бойынша жоба 2022 жылы аяқталады. Алматы 2-ЖЭО-ны газдандыру туралы шешім қабылданды, ол еліміздің ең ірі қаласындағы экологиялық жағдайды жақсартуға, сондай-ақ Алматы 3-ЖЭО-ның белгіленген қуатын 450 МВт-ға дейін ұлғайта отырып, реконструкциялауға ықпал ететін болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобаларының үлкен блогын жаңартылатын энергия көздерін дамыту мәселесі алып отыр. Компания жел энергетикасы саласындағы екі жобаны аяқтауды жоспарлап отыр. Қуаты 60 МВт болатын алғашқы ЖЭС Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында салынуда, болашақта станцияның қуатын 300 МВт-ға дейін арттыру жоспарлануда. Жалпы қуаты 50 МВт болатын екінші ЖЭС алаңы Ақмола облысының Ерейментау қаласының ауданында орналасқан.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылы жүзеге асырып жатқан жобалары мен ауқымды жұмыстары туралы айтқан кезде, барлық қызметкерліміздің де қосып жатқан үлесін атап өту қажет. Ірі электр энергетикалық холдингтің жемісті қызметі мен орнықтылығы цехтар мен шеберханаларда, учаскелер мен құрылыс алаңдарында, кесіктерде, кеңселерде және компанияларымыздың зертханаларында өтетін күнделікті және ауыр еңбектің нәтижесі. Компанияның жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» АҚ-на, біздің барлық серіктестерімізге және энергетика саласының мамандарына көрсетілген көмек пен қолдау үшін жеке алғысымызды білдіреміз.

Барлықтарыңызға табыс, зор денсаулық, бақыт, ал отбасыңыз бен жақындарыңызға амандық, сәттілік тілеймін!

С. Есімханов

SAMRUK ENERGY

2021

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	8
КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ	48
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ	60
КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ	82
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ	96
САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ	104

Есептің онлайн нұсқасы Компанияның *www.samruk-energy.kz* сайтында қол жетімді

SAMRUK-ENERGY.KZ

01|1 КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ акционерлік қоғамы жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңарту және жаңаларын енгізуге қатысты ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында Құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес құрылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ акционерлік қоғамы жұмыс істеп тұрған өндіруші қуаттарды жаңарту және жаңаларын енгізуге қатысты ұзақ мерзімді мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында 2007 жылғы 10 мамырда құрылтайшылардың жалпы жиналысының шешіміне сәйкес құрылды. Компания жайлы толығырақ www.samruk-energy.kz сайтында қараңыз.

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің негізгі түрлері Қазақстан Республикасындағы энергетикалық активтерді басқару, сондай-ақ қазіргі таңда жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңғыртуға және жаңа қуат көздерін салуға жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының энергетикасына жаңа технологияларды енгізу болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының құрамында ірі өндіруші компаниялар бар, олардың қатарында Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты ұлттық маңызы бар станциялар, еліміздің оңтүстік өңіріндегі су электр станциялары – Шардара СЭС және Мойнақ СЭС, Қазақстандағы ең ірі көмір өндіруші кәсіпорын «Богатырь Көмір» ЖШС, баламалы энергияны өндіретін ЖЭК нысандары – Жел және Күн электр станциялары, сондай-ақ аймақтық тарату желісі және сату компаниясы бар.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ ТУРАЛЫ

Өз миссиясын толық іске асыру және акционер мен басқа да мүдделі тараптардың (ЕТҮ, қызметкерлер, серіктестер және т. б.) талаптарын қанағаттандыру үшін Клмпания тарапынан «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару жүйесі әзірленген, және ол тұрақты түрде жаңартылып, толықтырып отырады.

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ МАҚСАТТАРЫ

- мәселелерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтау
- ЕТҮ органдары үшін процестердің басқарылуын арттыру
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының корпоративтік органдарының шешімдерді уақтылы қабылдауы
- ЕТҮ корпоративтік басқару деңгейінің үздік әлемдік практикаға сәйкестік рейтингін арттыру

Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарын басқарудың басым тетіктері:

1. ЕТҮ-лардың корпоративтік басқару деңгейін кәсіби Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру, Директорлар кеңестерінің/Байқаушы кеңестерінің және ЕТҮ басшылары қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ету есебінен арттыру;
2. ЕТҮ-ға тиімді басшылықты ЕТҮ-ның стратегиялық мақсаттарын (НҚК) айқындау, ЕТҮ-ның Даму стратегиясы мен Даму жоспарының орындалу тиімділігін мониторингілеу және бағалау арқылы қамтамасыз ету;
3. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша түйінді мәселелер бойынша бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз ету, ЕТҮ-дағы басқару мен ағымдағы қызметтің үздік тәжірибелерін ілгерілету үшін бірыңғай саясатты, корпоративтік стандарттарды және әдістемелік ұсынымдарды қалыптастыру;
4. корпоративтік басқарудың қолданыстағы қағидаттарын сақтай отырып және саясаттарды, стандарттар мен әдістемелік ұсынымдарды енгізу, құзыреттерді ұлғайту, қызмет нәтижелерін жақсарту және/немесе ЕТҮ-ның проблемалық мәселелерін шешу үшін компания құзыреттері шегінде ЕТҮ қызметіне қолдау көрсету және сараптама жасау;
5. Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу, мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл, монополияға қарсы реттеу, тарифтік саясат, инвесторлар тарту және т. б. мәселелер бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының инвестициялық портфелінің құнын арттыру мақсатында компания тобының және жекелеген ЕТҮ мүдделерін ілгерілету;
6. ЕТҮ арасындағы ынтымақтастық үшін мүмкіндіктерді іздеу және ұсыну жолымен, мысалы, шығындарды оңтайландыру, жаңа функционалдық стандарттарды енгізу мақсатында қызметтің қосымша түрлері, сервистік фабрикалар, жалпы қызмет көрсету орталықтарын құру есебінен «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы деңгейінде синергетикалық әсерге қол жеткізу үшін бизнес-синергияны іздеу және іске асыру және т. б.

БАСҚАРУ ҚАҒИДАТТАРЫ

еншілес және тәуелді ұйымдар органдарының (акционер (қатысушы), Директорлар кеңесі/Байқаушы кеңес, атқарушы орган), қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың құзыреттері мен өкілеттіктерін нақты ажырату

еншілес және тәуелді ұйымдардың (акционер (қатысушы), Директорлар кеңесі/Байқаушы кеңес, атқарушы орган), қызметкерлер мен лауазымды тұлғалардың жауапкершіліктерін нақты ажырату

.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдарымен өзара іс-қимыл регламенті өзектендірілді. Негізгі өзгерістер Жалғыз акционердің/Жалғыз қатысушының, Акционерлердің жалпы жиналысының/Қатысушылардың жалпы жиналысының, Директорлар Кеңесінің/Бақылаушы кеңестің құзыретіне енетін мәселелер бойынша шешім қабылдау құзыретіне қатысты болды. Корпоративтік басқару мен операциялық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында Регламентте меншік құрылымына және қаржы-шаруашылық қызметінің сипатына, активтердің құнына, ұйымдық құрылымның мөлшері мен күрделілігіне, санына және басқа да факторларға (ірі және шағын ЕТҮ) байланысты компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарын сыныптау енгізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және бағынысты ұйымдарының операциялық қызметтерінің негізгі бағыттары компанияның ұйымдық құрылымында көрсетілген. Негізгі бөлімшелердің өзара іс-қимылдары мен басқару қағидаттары компанияның ішкі құжаттарында белгіленген.

Есепті кезеңде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметінде және жеткізу тізбегінде елеулі өзгерістер тіркелмеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің құрылымы

КӨМІР КОМПАНИЯЛАРЫ

- «Forum Muider B.V.» (50%)

- «Богатырь Көмір ЖШС-
- «Ресурсэнергоуголь» ЖШҚ
- Mettlera Corporation Ltd

ГЕНЕРАЦИЯ КОМПАНИЯЛАРЫ

- «АлЭС» АҚ
- «Екібастұз МАЭС-1» ЖШС
- «Екібастұз станциясы МАЭС-2» АҚ (50%)
- «Балқаш ЖЭС» АҚ
- «Тегіс Мұнай» ЖШС

- «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС

ЖЭК КОМПАНИЯЛАРЫ

- «Бірінші жел электр станциясы»
- «Energy Solutions Center» ЖШС
- «Ereymentay Wind Power» ЖШС
- «Samruk-Green Energy» ЖШС
- «Энергия Семиречья» ЖШС
- «Казгидротехэнерго» ЖШС

- «Теплоэнергомаш» ЖШС (95%)

ТАРАТУ КОМПАНИЯЛАРЫ

- «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
- «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ (97,4%)

СЭС КОМПАНИЯЛАРЫ

- «Шардара СЭС» АҚ
- «Мойнақ СЭС» АҚ
- «Шүлбі СЭС» АҚ (92,14%)
- «Өскемен СЭС» АҚ (89.99%)
- «Бухтарма СЭС» АҚ

Активпен 100% иелену

Активпен ішінара иелену

Еншілес компаниялар

Немерелес компаниялар

«Самұрық-Энерго» АҚ активтерінің картасы



Бизнес-модель

КӨМІР ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ

Холдинг құрамына кіретін «Богатырь-Көмір» ЖШС Қазақстан ішкі нарығының өндіруші объектілеріне және РФ-ға экспортқа энергетикалық көмір, сондай-ақ ҚР ішкі нарығына коммуналдық-тұрмыстық көмірді жеткізуді жүзеге асырады

КӨМІР ӨНДІРУ КӨЛЕМІ (млн тонна)	**44,6**
Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмір көлемі	**66,6 %**
КӨМІР ӨНДІРУ ҮЛЕСІ	
Қазақстанда өндірілетін барлық көмір көлемінде	**40,2 %**
ЭКСПОРТ	
РФ-на экспортталған көмір көлемі (тыс. тонна)	**9 802,2**

ӨНДІРУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ СЭС» АҚ, «Шардара СЭС» АҚ ірі өндіруші активтері кіреді

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ (млрд кВт*с)	**35,6**
ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҮЛЕСІ	
Электр станцияларының өндіру үлесі Қазақстан БЭЖ-і бойынша жалпы электр энергиясын өндіру көлемі	**31,1 %**
ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ	
Электр энергия өндіру көлемі (млн кВт*с)	**325,3**
Электр энергиясын ҚР ЖЭК электр энергиясының жалпы көлемінің өндіру үлесі	**7,7 %**
ҚУАТТЫЛЫҚ (МВт)	
ЖЭС	**5 328**
СЭС	**833,7**
ЖЭК (КЭС және ЖЭС)	**53,4**

ЖЕТКІЗУ, ТАРАТУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ өңірлік таратушы компаниясы кіреді.

Қосалқы станция қуаты (МВА)	**9 954,07**
220-0,4кВ әуе және кабельді ЭЖЖ-нің ұзындығы (км)	**30 577**
Қосалқы станция саны	**7 230**
2020 жылы электр энергиясын жеткізу көлемі (млн кВт*с)	**7 650**
БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТ	



«Самұрық-Энерго» АҚ электр станцияларының белгіленген жиынтық қуаты 01.01.2022 жылғы көрсеткіш бойынша 6 215,1 МВт құрады, бұл Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуатының 25,9% құрайды..

САТУ

КӨТЕРМЕ САТУ

Электр энергиясын сатудың көтерме нарығы ұлттық маңызы бар өндіруші компаниялармен, сондай-ақ ірі тұтынушылармен, оның ішінде «KEGOC» АҚ, «АстанаЭнергоСбыт» ЖШС, «Казфосфат» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «ЖамбылЖарықСауда-2030» ЖШС, «AB Energo» ЖШС, «Энергопоток» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» ЖШС, «Богатырь Көмір» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС және басқалары арқылы танылған

БӨЛШЕК САУДА

«Самұрық-Энерго» АҚ тобына Алматы өңірінің үш миллионнан астам тұрғынын электр энергиясымен қамтамасыз ететін «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС компаниясы кіреді

Сатылған электр энергиясының жалпы көлемі	**6 723,9** млн кВт*с
Жылу-электр энергиясын өндіруші «Алматы электр станциялары» АҚ-ның жылу энергиясын жеткізу көлемі	**5,8** млн Гкал

ЭКСПОРТ

Өзбекстанға экспортталатын электр энергиясының көлемі	**1 272,3** млн кВт*с

ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ

«Алматы электр станциялары» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Алматы Электр Станциялары» АҚ («АлЭС» АҚ) – Алматы қаласы мен Алматы облысында жылу және электр энергиясын өндіру қызметін жүзеге асыратын энергия өндіруші ұйым. «АлЭС» АҚ халықты, өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындарын электр энергиясымен және жылумен қамтамасыз ететін жылу энергиясын өндіру бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.
Қазіргі кезде өндірілетін жылу және электр энергиясы Алматы қаласы мен Алматы облысының мұқтаждықтарын 70%-ға жабады.
«АлЭС» АҚ-ның құрылымына мына өндірістік департаменттер кіреді: ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3; Қапшағай СЭС; Алматы ГЭС каскады, Батыс жылу кешені, Отын тиеу және түсіру орталығы, «Энергожөндеу» өндірістік жөндеу кәсіпорны.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
Тұтынушыларға жеткізу үшін электр және жылу энергиясын өндіру.
Жылу және электр энергиясын тікелей өндіру энергия көздерінің энергетикалық жабдықтарына энергия ресурстарын (отын, су) жеткізуден басталады. Энергетикалық қондырғыларда энергия ресурстарының энергиясы (отын, су) соңғы өнімге – электр және жылу энергиясына айналады. Өндірілген электр және жылу энергиясының бір бөлігін өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін энергия көздерінің өздері тұтынады, өндірілген энергияның қалған бөлігі электр және жылу энергиясын сатып алу-сатуға арналған шарттар негізінде сатылады. Электр және жылу энергиясын өткізу нарығы – Алматы өңірі.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Достық даңғ., 7

Басқарма Төрағасы: Киркинбаев Е.А.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	4 073	5 685	(11 656)
EBITDA	млн теңге	14 326	17 457	16 664
EBITDA Margin	%	22	23	21

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	1 235,7	1235,7	1235,7
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	5 397	5 335	5 008
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	4 726	4 689	4 425
Жылу энергиясын өндіру көлемі	мың Гкал	5 024	5 596	5 826
Жылу энергиясын сату көлемі	мың Гкал	4 980	5 564	5 554
Негізгі тұтынушылар	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Алматы Халықаралық әуежайы» АҚ, «Алматы су ходингы»» МКӨ			

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ЭЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www.ales.kz сайтынан қарауға болады

01.1 Компания туралы

«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100 %)

«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС – Павлодар облысының Екібастұз қаласынан солтүстікке қарай 16 км жерде Жангелді көлінің солтүстік жағасында орналасқан қуаты 4 000 МВт жылу электр станциясы. Кәсіпорын – Қазақстан Республикасындағы қатты отынмен жұмыс істейтін ең ірі жылу электр станциясы және өңірдегі энергия өндіретін негізгі мекеме. Қазақстандағы ең ірі электр станциясы бола отырып, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС сонымен қатар қазіргі қуаты 3 500 МВт құрайтын әлемдегі ең ірі көмір электр станциясының бірі болып табылады.
Кешен қуаты 500 МВт болатын сегіз энергия блогынан тұрады.
2019 жылдың қорытындысы бойынша ИСП жобасының 2-кезеңі – «Іске асыру» бойынша жұмыстар аяқталды: бұл компания дамуының көптеген сценарийлерін жылдам есептеп, модельдеуге және олардың ішінен ең оңтайлы сценарийді ұсынуға жедел түрде мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
Кәсіпорын Қазақстанның солтүстік, шығыс және оңтүстік өңірлерін электр энергиясымен қамтамасыз етеді, электр энергиясының бір бөлігі (5%) Өзбекстанға экспортталады. Тұтынушыларға жеткізу үшін электр және жылу энергиясын өндіру. Экспортты қоспағанда, электр энергиясы станцияның шиналарынан жеткізіледі (ҚР-РФ шекарасында).

Орналасқан жері: ҚР, Павлодар обл., Екібастұз қ., ГРЭС-1 өнеркәсіп алаңы, 2 құрылыс.

Бас директоры: Ертаев Е.Е.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	6 406	4 754	19 121
EBITDA	млн теңге	47 870	43 851	61 176
EBITDA Margin	%	44	36	37

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	3 500	3 500	3 500
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	18 301	19 466	22 788
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	17 642	19 001	22 496
Жылу энергиясын өндіру көлемі	Гкал	132,3	288,9	397,18
Негізгі тұтынушылар	«Богатырь Көмір» ЖШС, «Энергия ағыны» ЖШС, «Оңтүстік Жарық» ЖШС, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС, «Теміржолэнерго» ЖШС, «Қазфосфат» ЖШС, «Жетісу Энерготрейд» ЖШС, «Tau-Ken Temir» ЖШС, «Қазминералз Бозшакөл» ЖШС, «KEGOC» АҚ			

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

ЭЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www. gres1.kz сайтынан қарауға болады.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 50%, «Самұрық-Қазына» АҚ – 50%)

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ – Қазақстанның Павлодар облысы Екібастұз қаласындағы Екібастұз ГРЭС-1-ден кейінгі белгіленген қуат көлемі 1000 МВт болатын екінші жылу электр станциясы.
2018 жылғы 27 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ және «Интер РАО» ЖАҚ арасында «ЕГРЭС-2» АҚ жарғылық капиталындағы 50% акцияны сатып алу-сату туралы шарт (бұдан әрі – Мәміле) жасалды.
2019 жылдың 13 желтоқсанында Мәмілені жабу бойынша барлық іс-шаралар аяқталды және 2019 жылғы 14 желтоқсандағы жағдай бойынша Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізіліміне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 50% акцияға меншік құқығы тіркелді.
Осылайша, қазіргі уақытта «ЕГРЭС-2» АҚ-ның акционерлері – «Самұрық-Энерго» АҚ – 50% және «Самұрық-Қазына» АҚ – 50%.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ өндірген электр энергиясы тұтынушыға станцияның шиналарынан жеткізіледі. Сатып алушы өз есебінен, өз бетімен Сатушының қатысуынсыз, өңіраралық, ал қажет болған жағдайда өңірлік деңгейдегі желілер арқылы электр энергиясын жеткізу нүктесінен тұтыну нүктелеріне қабылдау мен жеткізуді қамтамасыз етеді.

Орналасқан жері: РК, Павлодар обл., Екібастұз қ., Солнечный кеніші, ГРЭС 2 өнеркәсіп аймағы, 1/1 АБК құрылысы, каб. 413

Басқарма Төрағасы: Медеуов Ж.К.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(3 063)	(3 706)	4 413
EBITDA	млн теңге	17 170	19 843	27 912
EBITDA margin	%	42	43	42

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	1 000	1000	1000
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	4 928,5	4 974	6 433
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	4 689,5	4 809	6 336,4
Жылу энергиясын босату көлемі	мың Гкал	82,8	66,9	76
Негізгі тұтынушылар	«Трансэнерго» АҚ, «АХҚЗ» АҚ, «Қазхром» ТҰК» АҚ, «Лотос-Ақтөбе» ЖШС, «Гоар» ЖШС, «Завод ЖБИ-25» ЖШС, «АС Газ Логистик» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС, «Ақтөбе Құрылыс Комбинаты» ЖШС, «КСМ» өндірістік бірлестігі» ЖШС, «Актобеэнергоснаб» ЖШС, «Энергожүйе» ЖШС, «Ақбұлақ» АҚ			

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www. gres2.kz сайтынан қарауға болады.

СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

«Шардара СЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

Шардара су электр станциясы – Сырдария өзенінің орта ағысында орналасқан, ол Нарын-Сырдария каскадын тұйықтайды.
Гидроторап мақсаты кешенді – ирригация, су тасқынына қарсы күрес, балық өсіру, ауыз сумен қамтамасыз ету, Оңтүстік Қазақстанды энергиямен жабдықтауды оңтайландыру. Су электр станциясында судың қозғалмалы массаларының механикалық энергиясы СЭС ғимаратындағы көптеген қосымша жабдықтармен бірге орналастырылған гидротурбиналар мен гидрогенераторлардың көмегімен электр энергиясына айналады.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
«Шардара СЭС» АҚ электр энергиясын өндіреді және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Алыс қашықтыққа тасымалдау және шығындарды азайту үшін (материалдарды үнемдеу) 10 кВ генератор кернеуі трансформатор арқылы 110 кВ-қа дейін артады. электр энергиясын тасымалдайтын ұйым болып табылатын «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС желісіне ЭКТҚ-110 кВ арқылы электр энергиясын жеткізеді. Әрі қарай электр энергиясы энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға, одан соң тұтынушыларға жеткізіледі.

Орналасқан жері: ҚР, Оңтүстік Қазақстан обл., Шардара қ., Елмұратов көш., 13.

Басқарма Төрағасы: Берлібаев А.А.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(692)	612	1 124
EBITDA	млн теңге	909	4 739	4 934
EBITDA Margin	%	40	70	69

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	27.05.2019 ж. бастап 50/63 МВт* с	25.02.2020 ж. бастап	126
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	464,8	513,5	455,8
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	466,2	521,3	468,0
Негізгі тұтынушылар	«АлматыЭнероСбыт» ЖШС, «Оңтүстік-Жарық» ЖШС, «Оңтүстік Жарық Транзит» ЖШС, «Казсбытгрупп» ЖШС, «Энергоснаб XXI» ЖШС, «Югэнергоимпульс» ЖШС, «ГарантЭнерго» ЖШС			

** гидроагрегаттарды жаңғыртуға байланысты белгіленген қуаттың өзгерісі*

01.1 Компания туралы

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www.sharges.kz сайтынан алуға болады.

«Мойнақ ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

Қуаты 300 МВт Мойнақ су электр станциясы Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында және Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі электр энергетикасын дамыту бағдарламасына сәйкес салынды. Ол Алматы облысы Райымбек ауданы Шарын өзенінде орналасқан. Бұл – бүгінде Қазақстан БЭЖ-інің оңтүстік өңірінде (Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстары) электр энергиясының тапшылығын азайтумен, энергияның жоғарғы жүктемелерін жабумен және энергия жүйесіндегі қуатты реттеумен байланысты міндеттерді сәтті шешетін серпінді жобалардың бірі. Кәсіпорынның жоба бойынша орташа жылдық электр қуатын өндіру көлемі 1,027 млрд кВтс құрайды. Станцияда қолданылатын қазіргі заманғы технологиялық қондырғылар электр энергиясын өндіру процесін мейлінше автоматтандыруды және оның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Станцияда техникалық параметрлері мен тиімділігі жоғары соңғы үлгідегі гидроагрегаттар орнатылған.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
«Мойнақ ГЭС» АҚ электр энергиясын өндіреді және энергия өндіретін ұйым болып табылады. Энергия көздерінен тұтынушыларға электр энергиясын босату жасалған шарттарда келісілген көлемде 110 кВ желілері бойынша жеткізіледі.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы обл., Кеген ауданы, Жылысай а/о, Мойнақ ауылы, 81 үй.

Басқарма Төрағасы: Айдарбеков Г.А.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	186	8 923	9 532
EBITDA	млн теңге	7 386	17 462	15 798
EBITDA Margin	%	75	85	83

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	300	300	300
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	951	929	758,3
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	952	944	780,9
Ірі тұтынушылар	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС			

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www.moynak.kz сайтынан алуға болады.

«Өскемен ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 89,99%)

2017 жылы қазанда AES Suntry Power Limited компаниясымен концессия шарты тоқтатылып, активтер Қазақстан Республикасының республикалық меншігіне берілді.

Негізгі қызмет түрі: ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Өскемен қ., Аблакетка кенті.

Директоры: Устьянцев В.М.

«Бұқтырма ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Бұқтырма ГЭС» АҚ жұмыс көлемінің меншікті шамасы бойынша да, сондай-ақ электр энергиясын өндіру құнының көрсеткіштері бойынша да үнемді су электр станциясы болып табылады.
ГЭС-тің белгіленген қуаты 675 МВт-ны құрайды, орташа жылдық өндіру – 2,77 млрд кВтс ГЭС Қазақстанның энергетикалық жүйесіндегі ең жоғарғы жүктемелерді жабады. 2002 жылы Бұқтырма бөгеті бетон сапасының барлық күтілетін параметрлерден артық болуына байланысты әлемдегі ең мықты бөгет болып танылды.

Негізгі қызмет түрі: меншікті жылжымайтын мүлікті жалға алу және басқару, өзге машиналарды, жабдықтарды және материалдық құралдарды жалға алу.

Директоры: Рубцов С.Н.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 070825, Шығыс Қазақстан облысы, Зырян ауданы, Серебрянск қ., Графтио көшесі, 5.
Бұқтырма ГЭС-тің мүліктік кешені жалға берілген.

«Шүлбі ГЭС» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 92,14%)

2017 жылы қазанда AES Suntry Power Limited компаниясымен концессия шарты тоқтатылып, активтер Қазақстан Республикасының республикалық меншігіне берілді.

Негізгі қызмет түрі: ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет.

Орналасқан жері: ҚР, Семей қ., Шүлбі кенті.

Директоры: Волков В.Ф.

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС - жаңартылған энергия көздерін қолдау туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық дайындық кезеңдерінен өткен және 2015 жылы 14 тамызда пайдалануға берілген Қазақстандағы баламалы энергия көздерін дамыту саласындағы алғашқы жоба.
Компанияның жел паркі Ақмола облысында, Ерейментау қаласына жақын жерде орналасқан, экология үшін қауіпсіз жұмыс істейтін, біртұтас қуаты 2,05 МВт құрайтын 22 жел турбинасынан тұрады. Іске қосылған сәттен бастап ЖЭС 920 млн кВтс-дан астам электр энергиясын өндірді. Барлық өндірілетін электр энергиясының 100%-ы Қазақстанның Ұлттық электр желісі – «KEGOC» АҚ-ға келіп түседі.

Осы уақыт ішінде 85 метрлік құрылымдардың айналмалы жүздері 22 миллиард теңгеден астам электр энергиясын өндірді.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
Жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру және оны сатумен «Жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС айналысады.

Орналасқан жері: Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Тайбай ауылы, №041 квартал, №95 ғимарат.

Бас директоры: Есхожин Р.К.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	1 017	1 880	1 551
EBITDA	млн теңге	3 532	3 842	3 973
EBITDA Margin	%	77	76	81

Итоги производственной деятельности

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	45	45	45
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	153	159,36	144,593
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	152	159,1	144,592

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www.pves.kz сайтынан алуға болады.

«Ereymentau Wind Power» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Ereymentau Wind Power» ЖШС-ның негізгі қызметі «Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасын іске асыру және бұдан әрі электр энергиясын өндіру болып табылады.
Жоба ең көп дегенде 20 жел мұржасынан, әр мұржаға іргелес тұрған кран негіздерінен, ішкі жолдардан, ішкі электр желілерінен, диспетчерлік пункттен және энергия жүйесіне қосылатын қосалқы электр станцияларынан тұрады.

Орналасқан жері: ҚР, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр көш. 15А

Бас директордың м.а.: Ли Д.В.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(179)	(89)	(385)
EBITDA	млн теңге	(176)	(181)	(218)

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

Толық ақпаратты компанияның www.ewp.kz сайтынан алуға болады.

01.1 Компания туралы

«Samruk-Green Energy» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Samruk-Green Energy» ЖШС – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып электр энергиясын өндіру бойынша қызметтерді ұсынады. Кәсіпорын шалғай аудандарды орталықсыздандырылған электр қуатымен қамтамасыз ету мүмкіндігін жүзеге асырады.
2015 жылдан бастап қуаты 2 МВт КЭС ТМД мен Орталық Азиядағы бірінші өнеркәсіптік ауқымдағы EnergyPod электр энергиясын жинақтау технологиясын қоса алғанда, ЖЭК инновациялық технологияларын сынауға арналған алаң болып табылады.
2020 жылы Серіктестік ҚХР мен Қазақстан Республикасы арасындағы үкіметаралық келісім аясында жүзеге асырылған 5 МВт Шелек жел электр станциясын іске қосты.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
Электр энергиясы «АЖК» АҚ желісі арқылы «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі № 165-IV Заңына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС атына босатылады. 2015 жылғы 2 наурыздағы №164, күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша білікті шартты тұтынушыға электр энергиясының тиісті үлесін есеп айырысу және қайта бөлу, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын есеп айырысу және қаржы орталығының орталықтандырылған сатып алу-сату қағидаларына сәйкес, Есеп айырысу-қаржы орталығы Серіктестікке электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл ішінде өндірілген және Серіктестік нысандарының энергия жеткізуші ұйымдарының электр желісіне босатылған электр энергиясының толық көлемін төлейді. Сонымен қатар тіркелген тариф 2014 жылғы 27 наурыздағы №271 бекітілген тарифтер мен аукционның шекті бағаларын айқындау қағидаларына сәйкес жыл сайын индекстелуге жатады.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы облысы, Капшағай қ., Индустриальная көш., 35/2.

Бас директоры: Бөкенов Т.Ш.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(42)	(125)	12
EBITDA	млн теңге	36	26	136
EBITDA Margin	%	23	11	34

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Белгіленген электр қуаты	МВт	2,4	7,4	8,4
Электр энергиясын өндіру көлемі	млн кВтс	3,327	7,366	20,454
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	3,246	7,216	20,216

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның www.samruk-green.kz сайтынан алуға болады.

«Энергия Семиречья» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 25%; Hydrochina Corporation – 50%; Powerchina Chengdu Engineering Corporation Limited – 15% және Powerchina Resources Limited – 10%)

«Энергия Семиречья» ЖШС – электр энергиясын өндіру және сату, жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, объектілерді жобалау және салу қызметін көрсететін кәсіпорын. Кәсіпорын 2009 жылы Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек дәлізінде «Келешекте қуаты 300 МВт-ға дейін ұлғайтылатын қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу» үшін құрылды.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі: Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы электр энергиясын өндіру және оны «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі есеп айырысу-қаржы орталығы» ЖШС арқылы сату.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Аль-Фараби даңғ., 75в/7 үй.

Бас директоры: He Junwen

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	21	(177)	(134)
EBITDA	млн теңге	(123)	(97)	(103)

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



01.1 Компания туралы

«Казгидротехэнерго» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Казгидротехэнерго» ЖШС – Алматы облысындағы жиынтық қуаты 60,8 МВт болатын төрт шағын СЭС (ҮАК-1, ҮАК-2, СЭС-19, СЭС-29) салу жобаларын іске асыратын компания. Серіктестіктің қызметі ЖЭК-ті пайдалана отырып электр және (немесе) жылу энергиясын өндіру үшін ЖЭК-ті пайдаланатын объектілерді, дербес техникалық құрылғыларды және онымен байланысты құрылыстарды жобалауға, салуға бағытталған.

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Қонаев көш., 21Б үй, «САТ» Бизнес орталығы, №71 кеңсе.

Бас директоры: Буханов М.Е.

«Теплоэнергомаш» ЖШС («Казгидротехэнерго» ЖШС – 95%)

«Теплоэнергомаш» ЖШС-ның негізгі мақсаты – Үлкен Алматы каналында жалпы қуаты 12 МВт болатын екі электр станциясын салу. Сонымен қатар Еңбекшіқазақ ауданындағы Шелек өзенінде жиынтық қуаты 26 МВт (Алматы облысы) СЭС-те ҮАК 1,2 мен 19 СЭС-ін салу жоспарланып отыр.

Негізгі қызмет түрі: жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр энергиясын өндіру және сату.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 13, «Нұрлы Тау» БО, 1В-к., 505-оф.

Бас директоры: Абдукаримова А.С.

ӨНДІРУШІ ЖӘНЕ СЕРВИСТІК КОМПАНИЯЛАР

«Богатырь Көмір» ЖШС (Forum Muider B.V. – 100%)

«Богатырь Көмір» ЖШС – ашық тәсілмен көмір өндіру бойынша әлемдегі аса ірі кәсіпорындардың бірі. «Богатырь Көмір» ЖШС үлесіне Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін барлық көмірдің 59 пайызы және ҚР-дағы жалпы көмір өндіру көлемінің 40,4 пайызы тиесілі.

«Богатырь Көмір» ЖШС бойынша бекітілген көмір қоры шамамен 2,9 млрд тоннаны құрайды. «Богатырь Көмір» ЖШС бойынша көмір қоры горизонтқа дейін минус 200м (үстіңгі бетінен өлшегендегі тереңдігі 400 м) бекітілген. Кәсіпорынның қазіргі қуаты жағдайында көмір қоры кемінде 70 жыл жұмыс жасауға жетеді.

1970 жылы пайдалануға берілген «Богатырь» кесігі 5, 6, 9, 10 алаңдарда (учаскелерде) көмір қорын игереді. Кесіктің тереңдігі үстіңгі қабатынан өлшегенде 280 метрге жетті (белгі: Балтық теңізінің деңгейінен Балтық шаралар жүйесі бойынша минус 80 м горизонт).

«Северный» кесігі 1954 жылы пайдалануға берілді, көмір өндіру 1, 2, 3, 4 алаңдарында (учаскелерде) жүргізіледі. Кесіктің тереңдігі үстіңгі қабатынан өлшегенде 230 метрге жетті (белгі: Балтық теңізінің деңгейінен Балтық шаралар жүйесі бойынша минус 30 м горизонт).

Екібастұз бассейнінің негізгі өнеркәсіптік қабаттары – орташа қуаты 160 м және жайғасу тереңдігі 670 метрге дейін 1, 2, 3, 4 қабаттар. Бассейн бойынша көмірдің жалпы қоры – 9 млрд тоннадан артық.

«Богатырь Көмір» ЖШС «Богатырь» және «Северный» кесіктері бойынша бекітілген көмір қоры

млн тонна

Қабат	Бекітілген қорлар	Қабат	Бекітілген қорлар	Қабат	Бекітілген қорлар
«Северный» кесігі бойынша (1, 2, 3, 4 учаскелер)		«Богатырь» кесігі бойынша (5, 6, 9, 10 учаскелер)		«Богатырь Көмір» ЖШС бойынша барлығы	
1	199,8	1	198,1	1	397,9
2	298,1	2	332,8	2	630,8
3	662,2	3	739,4	3	1 401,7
4	205,9	4	278,7	4	484,6
Барлығы:	1 366,0	Барлығы:	1 549,0	Барлығы:	2 915,0

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Богатырь Көмір» ЖШС орташа жану жылулығы ~ 4 000 ккал/кг, күлділігі ~ 43%, ылғалдылығы ~ 5% КСН маркілі көмірді өндіреді.

Кәсіпорын энергетикалық көмірді Қазақстан Республикасы ішкі нарығының өндіруші объектілеріне жеткізеді, Ресей Федерациясына экспортқа шығарады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ішкі нарығын коммуналдық-тұрмыстық көмірмен қамтамасыз етеді. Көмір Қазақстан Республикасының жылу электр станцияларына көмір жеткізудің тікелей шарты бойынша Ресей Федерациясының электр станцияларына трейдер арқылы сатылады.

Коммуналдық-тұрмыстық көмірді сату «Биржалық тауарлар тізбесін және тауарлық биржалар арқылы сатылатын ұсынылатын партиялардың ең аз мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандағы №142 бұйрығына сәйкес тауар биржалары арқылы жүзеге асырылады.

Орналасқан жері: ҚР, Павлодар обл., Екібастұз қ., Бауыржан Момышұлы көш., 23.

Бас директоры: Корсаков Н.Н.



Екібастұз ойпатындағы көмір қабаттарының ашық кен орындарының кесілген картасы

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	26 917	24 093	23 421
EBITDA	млн теңге	40 415	36 728	34 666
EBITDA Margin	%	43	36	34

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Атауы	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Көмір өндіру көлемі	млн тонна	44,8	43,3	44,6
ҚР-дағы көмір сату көлемі	млн тонна	33,8	33,4	44,7
өз ЭС-ға	млн тонна	17,5	17,8	20,0
сыртқы ЭС-ға	млн тонна	16,3	15,6	14,7
Көмірді экспорттау көлемі	млн тонна	10,9	10,1	9,8
Ірі тұтынушылар	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, ЖЭО-1, ЖЭО-2; «Астана-Энергия» АҚ, ЖЭО-1, ЖЭО-2; «Қарағанды энергоорталығы» ЖШС, ЖЭО-1, ЖЭО-3; «СевКазЭнерго» АҚ, Петропавл ЖЭО-2 «Павлодарэнерго» АҚ, ӨЖЭО-2, Рефтинск ГРЭС-і			

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



Толық ақпаратты компанияның www.bogatyr.kz сайтынан алуға болады.

«Тегіс Мұнай» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Тегіс Мұнай» ЖШС-ның мақсаты Қазақстан Республикасы Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Придорожное» кен орнында жер үсті инфрақұрылымын салу және жайластыру, «Придорожное» кен орнынан Бейнеу-Бозой-Шымкент магисталды газ құбырына дейін газ құбырын салу, газды өндіру, өңдеу және сату болып табылады.
«Тегіс Мұнай» ЖШС «Самұрық-Энерго» АҚ-ның инвестициялық жобасы болып табылады

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Асқаров көш., 40.

Директоры: Тастемирова Г.

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС («Тегіс Мұнай» ЖШС – 100%)

«Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС 30.07.2018 ж. №4631-УВС-МЭ Контракт негізінде Түркістан облысының Придорожное кен орнында газды барлау жұмыстарын жүргізуге жер қойнауын пайдалану құқығының иесі болып табылады. Жоба газ кен орнын әзірлеуді көздейді.

Негізгі міндет өңірде газ тапшылығының орнын толтыру, жаңа жұмыс орындарын құру, инфрақұрылымды дамыту, әлеуметтік көмекті және бюджетке салық аударымдарын арттыру мақсатында кен орнын өнеркәсіптік пайдалану болып табылады.

Сенімгерлік басқару шартына сәйкес Серіктестік пен «Амангелді Газ» ЖШС арасында жасалған «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100%-ы 2021 жылғы 26 тамыздағы №1С/У/5-21 «Маңғышлақ-Мұнай» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 100% «Амангелді Газ» ЖШС-на сенімгерлік басқаруға берілді

Толық ақпаратты компанияның: www.mangyshlak-munay.kz сайтынан ала аласыз.

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Асқаров көш., 40.

Бас директоры: Жылқышиев Қ. Б..

01.1 Компания туралы

«Energy Solutions Center» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ – 100%)

«Energy Solutions Center» ЖШС – «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына әкімшілік қолдау көрсететін сервистік ұйым.
Қызметтер тізбесіне мыналар кіреді:

- IT-инфрақұрылымды қолдау қызметтері;
- Интернет-ресурстарға қызмет көрсету;
- Көлік қызметтерін ұсыну;
- Жылжымайтын мүлікті басқару қызметтері (жалға алу, сатып алу, құрылыс).

Негізгі қызмет түрі: арнайы кеңсе қызметтері (персонал аутсорсингі), АТ -қызметтер, көлік қызметі

Орналасқан жері: ҚР, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15А, Б блогы

Бас директоры: Бегимов Г.А.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	3	27	35
EBITDA	млн теңге	68	121	137
EBITDA Margin	%	6	9	12

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ



Толық ақпаратты компанияның: www.e-s-center.kz. сайтынан ала аласыз.

ТАРАТУШЫ ЖӘНЕ ӨТКІЗУШІ КОМПАНИЯЛАР

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ («Самұрық-Энерго» АҚ – 97,4%, «АЖК» АҚ – 2,6%)

«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ – Алматы қаласы мен Алматы облысындағы 2,5 миллион халықты электр энергиясымен қамтамасыз ететін өңірлік ірі электр желілік компания, ол 29 мың км-ден астам электр желілерін, 35 кВ және одан жоғары 209 қосалқы станцияны және 7 011 трансформаторлық қосалқы станцияларды басқарады. Желілерге Алматы қаласы бойынша жеті АЭС және Алматы облысы бойынша он АЭС қызмет көрсетеді, қызмет көрсету ауданы 102 382 шаршы км. «АЖК» АҚ-ның басты міндеті – халықты сенімді және сапалы электр энергиясымен жабдықтау.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі

Өңірлік электр желілік компаниялар электр тораптары бойынша электр энергиясын жеткізу функцияларын өз баланстық тиесілілік шегінде жүзеге асырады.

«АЖК» АҚ электр желілік компаниясы 220/110/35/6-10/0,4 кВ кернеу кластары бар Алматы энергия торабы электр желілерінің негізгі бөлігін құрайды. Ол Алматы облысында орналасқан және солтүстігінде Балқаш көлінің жағасынан оңтүстігінде Қырғызстан шекарасына және батысында Жамбыл облысының шекарасынан шығысында Қытай шекарасына дейін созылып жатыр.

Энергия өндіретін ұйымдардан электр энергиясын соңғы тұтынушыға жеткізу.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Манас көш., 24Б.

Басқарма Төрағасы: Асылов А.Н.

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Атауы	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
ЭЖЖ-220 кВ	км	457,79	457,79	410,34
ЭЖЖ-110 кВ	км	2 881,76	2 880	2 673,94
ЭЖЖ-35 кВ	км	2 603,01	2 604,72	2 543,06
ЭЖЖ-10 кВ	км	10 903,46	10 951,46	9 363,04
ЭЖЖ -6 кВ	км	1 765,65	1 792,23	140,36
ЭЖЖ-0,4 кВ	км	11 659,81	11 771,74	10 127,52
ҚС-220 кВ	дана	8	8	8
ҚС -110 кВ	дана	95	95	93
ҚС- 35 кВ	дана	106	106	106
Электр энергиясын жеткізу	млн кВтс	6 961	6 838	7 650
Тұтынушылар (коммерциялық және басқа) саны	дана	21	21	12

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	2 719	3 366	2 907
EBITDA	млн теңге	12 408	11 966	13 136
EBITDA Margin	%	33	29	28

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР



Толық ақпаратты компанияның www.azhk.kz сайтынан алуға болады.

01.1 Компания туралы

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС («Самұрық-Энерго АҚ – 100%)

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – электр энергиясымен үздіксіз жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығының барлық субъектілерінің алдында өз тұтынушыларының мүдделерін білдіретін кәсіпорын.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС Алматы қаласы мен Алматы облысы өңіріне (Балқаш, Еңбекшіқазақ, Жамбыл, Іле, Қарасай, Райымбек, Талғар, Үйғыр аудандары және Қапшағай қаласы) электр энергиясын кепілді жеткізуші болып табылады.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-те 34 мыңнан астам заңды тұлға және 810 мыңға жуық жеке тұтынушы бар.
Компанияның басты ұстанымы – клиенттерге бағдар ұстау. Ұйымның құрылымына 17 аудандық бөлімше мен Байланыс орталығы кіреді.

Клиенттердің қанағаттану дәрежесі жыл сайын өсіп келеді және 100%-ға жуықтады.

Кәсіпорынның жеткізу тізбегі
Энергия жеткізуші ұйымдардан электр энергиясын сатып алу және энергиямен жабдықтау туралы шарттардың негізінде түпкілікті тұтынушыға сату. Электр энергиясына тарифтерді қалыптастыру Табиғи монополияларды реттеу комитетінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Орналасқан жері: ҚР, Алматы қ., Айтеке би көш., 172/27 үй.

Бас директоры: Копенов Е.К.

Қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Таза табыс/залал	млн теңге	(1 185)	(4 035)	(1 742)
EBITDA	млн теңге	(1 499)	(4 796)	(3 149)
EBITDA Margin	%	(1,5)	(4,5)	(2,5)

Өндірістік қызметтің қорытындылары

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Электр энергиясын сату көлемі	млн кВтс	6 218	6 055,5	6 723,8
Электр энергиясын сату бойынша орташа тариф	теңге кВтс	16,11	17,67	18,25

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР

ИГЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ КӨЛЕМІ

Тұтынушылар тобы	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Халық	811 295	835 509	862 980
Тұрмыстық емес тұтынушылар, оның ішінде:	32 939	34 171	36 154
- Өнеркәсіптік және оларға теңестірілген тұтынушылар	1 934	1 952	1 936
Тұтынушылар тобы	**2019 ж.**	**2020 ж.**	**2021 ж.**
- Бюджеттік ұйымдар	1 228	1 295	1 319
Тұтынушылар тобы	**2019 ж.**	**2020 ж.**	**2021 ж.**
- Өзге тұтынушылар	29 777	30 924	32 899
БАРЛЫҒЫ:	844 234	869 680	899 134

Толық ақпаратты компанияның www.esalmaty.kz сайтынан алуға болады.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж. жоспар
Белгіленген қуат	6 133	6 200	6 215	6 215
Электр энергиясын өндіру көлемі, млрд кВтс	30,2	31,4	35,6	35,6
ҚР бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының электр энергиясын өндірудегі үлесі, %	28,5	29,0	31,1	29,0
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс	6 218	6 055,5	6 723,9	6 878
Электр энергиясының экспорты (млн кВтс)	966,5	1105,9	1272,3	659,7
Электр энергиясын жеткізу көлемі, млн кВтс	6 961	6 838	7 650	7 638
Жылу энергиясын босату көлемі, млн Гкал	5,2	5,8	5,8	5,3
Көмір өндіру, млн тонна	44,8	43,3	44,6	44,6
ҚР бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының көмір өндірудегі үлесі, %	40,5	39,7	40,2	39,0
Көмір экспорты (мың тонна)	10 893	10 058	9 802,2	10 100

БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТ **6 215**

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ, млрд кВт*с **35,6**

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН САТУ КӨЛЕМІ, млн кВт*с **6 723,9**

«Самұрық-Энерго» АҚ электр станциялары	01.01.2022 жылға белгіленген қуат	01.01.2022 жылға қолда бар қуат
АО «Самрук-Энерго»	6 215,1	5 753,4
«АлЭС» АҚ	1 235,7	904,7
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	3 500	3 500
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	1 000	971,3
«Шардара СЭС» АҚ	126	25
«Мойнақ СЭС» АҚ	300	300
«Samruk-Green Energy» ЖШС	8,4	8,4
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	45	45

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ БЕЛГІЛЕНГЕН ҚУАТЫНЫҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ



ОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ЖҰМСАЛҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР (мың теңге)



01.1 Компания туралы

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

АКЦИОНЕРЛЕРГЕ ТИЕСІЛІ ТАЗА ТАБЫС/ЗАЛАЛ
(млн теңге)



БАҒАМ АЙЫРМАСЫН ЕСЕПКЕ АЛМАҒАНДАҒЫ ТАЗА ТАБЫС (сонымен қатар ББҮ мен АК-дың бағамдық айырмасын есепке алмағанда), млн теңге



EBITDA (млн теңге)



EBITDA Margin (%)



Әлеуметтік көрсеткіштер

Атауы	Өлшем бірлігі	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж. жоспар
Орташа жалақы	мың теңге	243 722	273 830	310 765	325 974
Қызметкерлердің орташа саны, барлығы	адам	17 737	17 783	17 690	18 090
Жыл сайынғы кадр тұрақсыздығы	%	9	6	10	14
Жылына 1 қызметкерді оқыту шығыны	тыс.	45	15	19,6	15
ЕАҚ-ның оқытуға байланысты шығындар, %	%	1	1	1	1
Өндірістегі жазатайым оқиғалар саны (коэффициент), мың адамға шаққанда	Саны /1 000 адам ш.б.	0,56	0,45	0,34	Жоспарланбаған
Тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	79	79	89	83
Жұмыстарды, қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамту үлесі	%	81	79	93	58
Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі	%	65	79	76	Жоспарланбаған

2021 ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

1. **«Самұрық-Энерго» АҚ қаржылық тұрақтылықты нығайтып, несиелік тәуекелдің «жасыл» аймағына енді.**

2. **«Самұрық-Энерго» АҚ энергетикадағы цифрландыруды кеңейтуде.** Қазақстанның энергетикалық нысандарында республиканың бірыңғай энергетикалық жүйесіндегі қуат ағындары мен оларды бөлуді реттеуге мүмкіндік беретін арнайы жабдықты орнату басталды.

   Цифрлық шешімді енгізу және Жүйелік оператора қызмет көрсету есебінен 2021 жылдан 2025 жылға дейінгі кезеңде «Самұрық-Энерго» АҚ 4 млрд теңгеден астам көлемде қаржылық пайда табуды жоспарлап отыр.

СӘУІР

3. **Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ рейтингі бойынша болжамды арттырды.**

   Fitch Ratings агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ рейтингі бойынша болжамды қайта қарап, бағалауды «Тұрақтыдан» «Жағымдыға» көтерді, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB» деңгейінде растады.

4. **«Самұрық-Энерго» АҚ, «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасы және «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ арасында ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды.**

   Осы құжат негізінде Siemens Integrity Initiative ұйымының қолдауымен KazBar және ЦИПП имплементациялайтын «ЭЫДҰ стандарттарына сәйкес Қазақстанда іскерлік адалдықты арттыру мен корпоративтік басқаруды дамытудың жүйелі, құрылымдалған және тиімді саясатын іске асыру» жобасына тараптардың қатысуы болжанады.

ҚАЗАН

5. **«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі Компанияның 2022-2031 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын бекітті.**

ҚАРАША

6. **«Самұрық-Энерго» АҚ жария жазылу жолымен «Астана» – Astana International Exchange Халықаралық** қаржы орталығының қор биржасында 18,4 млрд теңге мөлшерінде «жасыл» облигацияларды дебюттік орналастыруды жүзеге асырды, жылдық купондық мөлшерлемесі 11,4% және айналым мерзімі 6,5 жыл. Орналастырудан түскен қаражат Халықаралық капитал нарықтары қауымдастығының (ICMA) «Жасыл» облигациялар қағидаттарына (GBP) сәйкес қолайлы «жасыл» жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады.

7. **Алматыда ЖЭО-2 нысанын газға көшіруге қатысты қоғамдық тыңдау өтті.** Қала тұрғындарының қатысуымен өткен тыңдауда Алматы ЖЭО-2 жаңғырту жобасын іске асыру кезінде қоршаған ортаға әсерді азайту мәселелері талқыланды. Жария тыңдаулар Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесіне (ТЭН) Тапсырыс беруші – «АлЭС» АҚ, ТЭН құжаттарын әзірлеуші – «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ өкілдерінің қатысуымен және Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы өкілінің төрағалығымен ұйымдастырылды.

ЖЕЛТОҚСАН

8. **Еуразиялық даму банкі Алматы ЖЭО-3 нысанын қайта жаңғырту жобасын қаржыландыруға ниетті.** Еуразиялық Даму Банкі (ЕАДБ), «Самұрық-Энерго» АҚ және «АлЭС» АҚ «Станция қуатын 450 МВт-қа дейін ұлғайта отырып, бу-газ қондырғысы базасында Алматы ЖЭО-3 нысанын қайта жаңарту» жобасын қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша ынтымақтастық туралы үшжақты келісімге қол қойды.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК

Компания қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі – табысты қызмет кепілі. Сондықтан Компания әрбір қызметкердің жеке әрі кәсіби тұрғыда дамуына тең мүмкіндік бере отырып, қолайлы жұмыс жайы мен әрбір маманның өз әлеуетін іске асыруы үшін барлық қажетті жағдайды жасауға ұмтылады. Әрбір қызметкер Компания тарапынан ұсынылған мүмкіндіктерді пайдалана отырып және өз бетінше кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға тырысады.

КОМПЛАЕНС

Ереже-қағидаттарды бұлжытпай орындау ортақ мақсат, ортақ мінез-құлық мәдениеті мен дәстүрлер негізінде біріккен кәсіби мамандар командасы ретінде қала беруімізге, сондай-ақ Компанияның өз ішінде де, іскери серіктестермен және клиенттер арасында да тиісті деңгейдегі өзара түсінушілікті сақтауға ықпал етеді.



ҚАУІПСІЗДІК

Біз әлемді қуатпен қамтамасыз етуде қауіпсіз әдіс-тәсілдерді пайдалануға тырысамыз.

ТӘУЕКЕЛГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН БАҒДАР

Біз корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті ретінде тәуекелдерді басқару маңыздылығын түсініп, Компанияның құны мен беделіне теріс ықпал етуі мүмкін тәуекелдер деңгейін дер кезінде анықтауға және төмендетуге бағытталған қажетті шараларды жүзеге асырамыз.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Біз өндірістік қызметімізді қоршаған ортаны қорғай отырып және бірлесе әрекет ететін қауымдастықты құрметтей отырып жүргізуге тырысамыз. Біздің еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және жалпы қауіпсіздік саласындағы мақсатымыз – жазатайым оқиғаларды болдырмау, денсаулыққа және қоршаған ортаға зиян келтірмеу.

ТРАНСПАРЕНТТІЛІК

Біз кездесулерге, талқылаулар мен ашық пікірталасқа дайынбыз, мүдделі тұлғалармен өз мақсат-мүдделерімізді ескере отырып және Компания мен мүдделі тұлғалардың құқықтары мен олардың мақсат-міндеттері арасындағы балансты сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнатуға талпынамыз

01|2 КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

ПАЙЫМДАУ

Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілігі мен технологиялық операциялық тиімділігі жоғары энергетикалық компания – Қазақстан энергетикасының көшбасшысы

МИССИЯ

Акционерлер үшін құндылық қалыптастыру, орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып сенімді жеткізу, жоғары технологиялық даму, экологиялылық жолымен энергия ресурстарына деген сұранысты қанағаттандыру

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

01 «Жасыл» экономикаға көшу

02 Қатысу нарықтарында энергия ресурстарының бәсекеге қабілетті сенімді жеткізілімін қамтамасыз ету

03 Акционерлік капитал құнын арттыру

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Әлем жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалану бағытында 4-ші энергетикалық көшу кезеңіне аяқ басты, жаңа қуат көздері уақыт өте келе қазба отын түрлерін – газ, мұнай, көмірді бірте-бірте ығыстыратын болады.

Күн тәртібінің маңыздылығын және көмір генерациясына негізделген қызметпен байланысты тәуекелдерді түсіне отырып, Компания 2060 жылға дейін көміртегі бейтараптығына қол жеткізе отырып, қоршаған ортаға тигізер теріс әсерін азайтуға ұмтылатын болады. Осыған байланысты, 2021 жылы Компания Даму стратегиясын өзектендіріп, оны 2022–2031 жылдарға бекітті. Түрлі іс-шараларды жүзеге асыру, оның ішінде ЖЭК-генерациялау объектілерін салу, кейбір активтерді газға көшіру, көміртекті ұстап қалу және сақтау саласында ең озық қолжетімді технологияларды қолдану, шоғырландыру, ағаш отырғызу, цифрландыру және энергия тиімділігі жоспарлануда.

Даму стратегиясын өзектендіру қажеттілігін негіздейтін негізгі факторлар мыналар болып табылады:

1. Энергияға көшу бағдарламасын әзірлеу және іске асыру қажеттілігі және оны Даму стратегиясына қосу.
2. Қоршаған ортаға эмиссияны төмендету үшін ең озық қолжетімді технологияларды қолдану қажеттілігі.
3. ESG принциптерін қолдану қажеттілігі.
4. Өндірістік және операциялық процестерді цифрландыру тренді.
5. Инвестициялық жобалардың тізбесін және негізгі параметрлерін өзгерту.
6. Электр энергетикасы саласындағы реттеуші ортаның өзгеруі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған стратегиясы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шартында бекітілген орнықты даму қағидаттарын ұстанады және оған мыналар енеді:

1. Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде Тұрақты даму қағидаттарын ұстану.
2. Үш компонент (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша ішкі және сыртқы жағдайды талдау.
3. Әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалар бойынша орнықты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау.
4. Мүдделі тараптардың картасын құру.
5. Орнықты даму саласындағы мақсаттар мен НКҚ-ны анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды анықтау.
6. Орнықты дамудың тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, есептілік, операциялық қызмет және басқаларын қоса алғандағы түйінді процестермен, сондай-ақ Даму стратегиясы және шешімдер қабылдау процестерімен біріктіріле қарастырылуы.
7. Лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің орнықты даму саласындағы біліктілігін арттыру.
8. Орнықты даму саласындағы іс-шараларға тұрақты мониторинг және бағалау, мақсаттар мен НКҚ-ға қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу.

Жаңартылған Даму стратегиясы Ұлттық энергетикалық қауіпсіздік жүйесін стратегиялық жоспарлау, Электр энергетикасы саласын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты да ескереді, Жалғыз акционердің негізгі стратегиялық бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Компанияның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындау PESTEL-талдау, макроэкономикалық және салалық үрдістерді талдау, сондай-ақ ішкі ортаны талдау негізінде құрылады.

НЕГІЗГІ СЫРТҚЫ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Экологиялық заңнама талаптарын күшейту

Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық Кодексінде (бұдан әрі – Кодекс) 1-санаттағы кәсіпорындар үшін кешенді экологиялық рұқсаттар белгілеуге көшу және ең озық қолжетімді техникаларды ендіру талаптары енгізіледі. Кодекс талаптары сақталмаған жағдайда қоршаған орта эмиссияларына салық мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру көзделеді.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын іске қосу.

Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығын нақты уақыт режимінде енгізу электр энергиясын өндірудің/тұтынудың меншікті тәуліктік кестесін сақтау және энергия жүйесіндегі электр теңгерімсіздіктерін жоюға қатысу бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін экономикалық дабыл қалыптастыруды көздейді.

Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын дамыту жөніндегі реттеуші шаралар.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі бәсекелестікті дамыту жөніндегі заңнамалық өзгерістер шеңберінде «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына орталықтандырылған сауда-саттық арқылы міндетті түрде сатылуға жататын электр энергиясының үлесін айқындауға қатысты өзгерістер енгізуді ұсынады.

Еуразиялық экономикалық одақтың Ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру.

Ортақ нарықтың толық ауқымды жұмыс істеуі ортақ газ нарығын құрғаннан кейін, 2025 жылғы 1 қаңтарынан кейінгі кезеңге болжанып отыр. ЕАЭО-ның Ортақ электр энергетикалық нарығын құру нәтижесінде Қазақстан Республикасы одаққа қатысушы елдердің нарықтарына оңайлатылған қолжетімділікке қол жеткізіп ғана қоймай, сондай-ақ электр энергиясын сыртқы жеткізушілер үшін ішкі нарықтың ашықтығын арттырады.

Ұлттық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру.

«Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компаниялары «Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып жобалары бойынша жұмыс жүргізуде. Алматы ЖЭО-2 нысанын жаңғырту», «Станция қуатын 450 МВт-қа дейін ұлғайта отырып, БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3 нысанын реконструкциялау», «Қуаты 200-250 МВт БГҚ сала отырып, ЖЭО-1 кеңейту» және «Қуаты 200-250 МВт БГҚ салу», «Алматы және Алматы облысындағы кабельдік желілерді реконструкциялау» .

Трансформациялау бағдарламасын іске асыру.

Әлем цифрлық технологиялар негізгі қалыптасу құралына айналған жаңа типтегі экономикаға қарай қарқынды жылжып келеді. Қазіргі жағдайда ақпараттық технологиялар мен трансформация технологиялық өзгерістердің негізгі факторы және жекелеген кәсіпорындар деңгейінде де, елдер деңгейінде де бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету шарты болып табылады.

НЕГІЗГІ ІШКІ ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

ЕҚТ қолдануды, цифрландыру мен трансформацияны ескере отырып, Компанияның опреациялық тиімділігін арттыру және рентабельділік көрсеткішін арттыру қажеттілігі.

Болашақ трендтер шеңберінде кадрлық ресурстар мен сараптаманың жетіспеушілігі.

Бәсекеге қабілетсіз тарифтер.

«Самұрық-Энерго» АҚ өзінің барлық тұтынушылары үшін баға белгілеудің кемсітушілік белгілері мен қағидаттары болмайтын, қолайлы және ашық тетігін жасауға ұмтыла отырып, сауда-өткізу саясатын жетілдіру, сондай-ақ электр станцияларының сенімді жұмысын қамтамасыз ету және қабылданған қаржылық міндеттемелерді орындау бағытында тұрақты негізде жұмыс істейді.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру салдарынан Компанияда борыштық жүктеменің жоғары деңгейде болуы

SWOT-ТАЛДАУ

S — КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- ЖЭК жобаларын іске асыруда жинақталған сараптама.
- Компанияның портфелінде ЖЭК және ГЭС активтерінің болуы.
- Қазақстан Республикасындағы қуаттар тозуының жалпы деңгейіне қатысты тиімді энергетикалық қуаттар.
- Мемлекет және Қор тарапынан қолдау.

W — ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- Қуат көздері тозуының жоғары деңгейі.
- Капиталға салынған инвестицияларды қайтарудың жеткілікті деңгейінсіз әлеуметтік жобаларды іске асыру.
- Борыштық жүктеменің жоғары деңгейі.
- Тариф белгілеу саласындағы реттеуші орта.
- Баға ұсыныстарын басқарудың төмен мүмкіндіктері.
- Дәстүрлі нарықтарда Екібастұз көмірін алмастыру, сондай-ақ параметрлердің төмен болуына байланысты басқа нарықтарда бәсекеге қабілетсіздік себебінен энергетикалық көмірді экспорттық жеткізудің шектелуі.
- Энергетикалық көмір қорының молдығы.

O — МҮМКІНДІКТЕР

- Бизнесті декарбонизациялау шеңберінде әлемнің мұнай компанияларын біртіндеп «жасыл» жобаларға қайта бағдарлау – оларды компанияның ЖЭК-жобаларына тарту мүмкіндігі.
- Экономика секторларын электрлендіру тренді (автокөлік, т/ж көлігі және т. б.).
- Өсіп келе жатқан сұраныс, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету және болашақта нарық моделінің өзгеруі есебінен нарық үлесін кеңейту.
- Экспорттық әлеуетті дамыту.
- Нарық қажеттілігіне сәйкес қуаттар теңгерімін оңтайландыру (ЖЭС, ЖЭО, ГЭС, ЖЭК)
- Стратегиялық серіктеспен бірлесіп ЖЭК-генерациясын дамыту, оның ішінде парниктік газдарды қысқарту, көміртекті ұстау және сақтау (CCS) саласындағы технологиялар.
- «Таза» көмір бағытында технологияларды дамыту, оның ішінде байыту есебінен.

T — ҚАУІПТЕР

- Экономиканы «көгалдандыруға» ықпал етпейтін жобаларға қаржыландыруды төмендетудегі жаһандық тренд.
- Байланысты генерацияны сақтау және кеңейту.
- ҚР экологиялық заңнамасын күшейту, оның ішінде кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуден бас тартқан жағдайда эмиссия үшін төлемдердің 2, 4, 8 есе ұлғаю тәуекелі.
- ЕАЭО-ның Ортақ электр энергетикалық нарығын дамыту есебінен Қазақстан Республикасының нарығына қолжетімділікті арттыру.
- Ұлттық валютаның әлсіреуі салдарынан ірі инвестициялық жобалардың қымбаттауы.
- Әлемдік нарықтардағы шикізат тауарларының құбылмалылығы.
- Көрші елдердегі геосаяси жағдайдың тұрақсыздығы.

Стратегиялық тәуекелдер «Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер» бөлімінде сипатталған.

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Миссия мен стратегиялық мақсаттарды тиімді іске асыру мақсатында, жаһандық, ұлттық және корпоративтік деңгейлердегі сын-тегеуріндер мен мүмкіндіктерді ескере отырып, ESG призмасы арқылы Компанияның негізгі басымдықтары айқындалды:

1. ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Компания үшін орнықты дамудың негізгі факторлары адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және сонымен бірге компанияның ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету болуы керек. Тиісінше Қоғамның қызметі барлық мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, экологиялық (**E**), әлеуметтік (**S**) және басқару (**G**) қағидаттарының келісімділігіне негізделуге тиіс.

2. ЖАУАПТЫ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Инвестициялар коммерциялық мақсатқа сай болуы керек және ұзақ мерзімді құнды құруға, жаңа технологияларды енгізуге және сапалы жұмыс орындарын құруға бағытталуы керек. Жауапты инвестициялар тәуекелдерді озық басқару және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қалыптастыру үшін инвестициялық шешімдердегі экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық (ESG) факторларды есепке алуға бағытталған инвестициялау тәсілі болып табылады.

3. ПОРТФЕЛЬДІ ТИІМДІ ЖӘНЕ БЕЛСЕНДІ БАСҚАРУ

Қоғам активтерінің өнімділігін арттыру бизнес-процестерді оңтайландыруды және жақсартуды, қазіргі заманғы қолданылатын шешімдерді енгізуді, өсу негізін қамтамасыз ету мақсатында корпоративтік басқаруды жақсартуды және адами капиталды дамытуды талап етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ 2022–2031 жылдарға арналған қызметтің мынадай стратегиялық түйінді көрсеткіштерін пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің тұрақты мониторингін жүргізетін болады.

№	Атауы	2024 ж. болжам	2027 ж. болжам	2031 ж. болжам
1	Таза көміртегі ізін азайту, %	–	–	≥(-10%) к 2021
2	Еңбек өнімділігі, коэффициент	1,1х к 2021	1,2х к 2021	1,5х к 2021
3	ROI*	>CoE	>CoE	>CoE
4	Таза активтердің құны (NAV), млн теңге	1,2х к 2021	1,5х к 2021	2х к 2021
5	Қарыз/EBITDA (қатынасы)	≤ 3,5	≤ 3,5	≤ 3,5
6	Корпоративтік басқару рейтингі	BBB	A	AA
7	Шикізаттық емес тауарларды шығару мен қызметтер көрсету	1,1х к 2021	1,2х к 2021	1,5х к 2021

**Стратегиялық ROI НҚК активтерді сату жағдайында қолданылатын болады*

01.2 Компанияның даму стратегиясы

КОМПАНИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

ТАЗА КӨМІРТЕГІ ІЗІН АЗАЙТУ

ӨНІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ

ТАЗА АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНЫН ҰЛҒАЙТУ

НЕГІЗГІ БАСЫМДЫҚТАР

Жауапты инвестициялар

Портфельді тиімді және белсенді басқару

Орнықты даму

МІНДЕТТЕРДІ

Экологиялық жауапкершілік
1. Қозғалмалы электродтар технологиясын қолдана отырып, электр сүзгілерін жаңарту;
2. Станцияларда қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесін орнату;
3. Төмен эмиссиялық құйынды шаң-көмір жанарғыларын қолдану.

ҒЗТКЖ
ҒЗТКЖ-ні жүргізу (соның ішінде, көміртекті ұстау және сақтау технологияларын (CCS) зерттеу, қолданылуын талдау және әзірлеу, көмір химиясы өнімдерін алу бойынша жұмыстар).

Жасыл қаржыландыру
Компания таяу уақытта перспективті және іске асырылатын жобалар бойынша, оның ішінде еншілес ұйымдардың міндеттемелерін қайта қаржыландыру бойынша «жасыл» қаржыландыру құралдарын пайдалануды жоспарлап отыр.

Ресурсты үнемдеу
1. Тұрақты электрондық мониторинг жүйесі бар щеткалы-байланыс аппараттарын жаңғырту;
2. ГРЭС-2-де «ағартылған суды қайтаратын сорғы станциясын салу»

Көміртексіздендіру
1. Алматы ЖЭО-ларын газға көшіру;
2. ЖЭК объектілерін салу;
3. 2031 жылға қарай орман-климаттық жобаны іске асыру.

Адам капиталын дамыту
1. Қызметкерлер үшін тартымды жағдайлар жасау;
2. Компаниядағы дарынды мамандарды ұстап қалу және кәсібилігі жоғары кадрларды тарту;
3. Компанияда әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Әлеуметтік жауапкершілік
Қызметкерлерді этикалық нормалар мен қағидаттарды түсінуге, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық пен парақорлық фактілеріне мүлдем төзбеушілікке бағытталған оқыту.

Ішкі және сыртқы нарықтарда электр энергиясын өткізуді ұлғайту
1. Тұтыну көлемінің жыл сайынғы табиғи өсімі есебінен генерациялайтын активтердің қосымша кіріс алуы.
2. Қазақстан Республикасының нарығында электр энергиясын өткізуді одан әрі ұлғайтуға бағытталған стратегиялық іс-шаралар.

Ішкі және сыртқы нарықтарда көмір өткізуді ұлғайту
2031 жылға қарай Компания «Самұрық-Энерго» АҚ компанияларына көмір өткізу көлемін 3,31 млн тоннаға, сондай-ақ ҚР нарығындағы бөгде тұтынушыларға 1,69 млн тоннаға арттыруды жоспарлап отыр.

Қолданыстағы қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру
1. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігі жөніндегі бағдарламаны іске асыру.
2. Желілердегі технологиялық шығындарды азайту.
3. ЭКЕАЖ және SCADA жүйесін енгізу.

Жабдықтарды жаңғырту
ОӘД және ООК роторларын ауыстыра отырып, турбиналық агрегаттарды жаңғырту

Инновациялық даму
«Самұрық-Энерго» АҚ өзінің Даму стратегиясы аясында көмірді байыту технологиясын енгізу есебінен «Богатырь Көмір» ЖШС көмір бизнесінің көлемін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

Цифрландыру
1. Жедел анықтамалар мен тәуліктік рапорттарды автоматтандыру және визуалдандыру;
2. ТПАБЖ орнату.

Бизнес-процестерді жетілдіру
1. Өндірістік-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметтің барынша жоғары әсеріне қол жеткізу үшін компаниялар тобы процестерінің реинжинирингі.
2. Күнделікті бизнес процестерді роботтандыру.

HSE озық тәжірибелері
3. Жазатайым оқиғаларды азайту үшін қауіпті әрекеттерді/жағдайлар мен оқыс оқиғаларды тіркеу процесін автоматтандыру.
4. Озық компаниялармен нытымақтастық, меморандумдар жасасу.

Қаржылық тұрақтылықты арттыруи
1. Кредиттік рейтингті басқару;
2. Ковенанттық пакетті оңтайландыру.

Инвестициялық жобаларды іске асыру
1. Екібастұз ГРЭС-2-ні №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру;
2. Екібастұз ГРЭС-1-дің қуаттарын кеңейту және қайта құру (№1 блокты қалпына келтіру);
3. Алматы ЖЭО-ны газға көшіру;
4. Алматы және Алматы облысында кабель желілерін қайта жаңарту;
5. «Богатырь» кенішінің өндірудің заманауи циклдық-ағындық технологиясына (ЦАТ) көшуі;
6. Кеңсу өзенінің ағынын бұру;
7. Іле өзенінде контрреттеуші Кербұлақ СЭС-ін салу;
8. Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт ЖЭС салу;
9. Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт ЖЭС салу;
10. Шелек дәлізінде қуаты 240 МВт + ГЭС29 (71 МВт) ЖЭС салу.

Корпоративтік басқару
1. GRI-ге сәйкес орнықты даму саласындағы жыл сайынғы есепті дайындау
2. Акционердің корпоративтік басқаруға тәуелсіз диагностика жүргізуі және корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі орта мерзімді жоспарларды әзірлеу (Акционер белгілеген мерзімде)
3. ESG рейтингін алу

КОМПАНИЯНЫҢ 2018–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП*

Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес стратегиялық ҚНК-нің орындалуы

№	Атауы	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжас	2023 ж. болжас
1	Таза табыс, млн теңге	6 835	8 008	15 046	35 138	66 041
2	Қарыз/EBITDA* (арақатынасы)	2,91	2,67	2,41	3,52	3,70
3	ROACE, %	3,43	3,60	4,23	5,46	6,84
4	Таза активтердің құны (NAV), млн теңге	392 073	400 623	412 899	442 461	508 490
5	Корпоративтік басқару рейтингі	–	–	BB	–	–
6	ҚР-дағы электр энергиясы нарығының үлесі, %	28,5	29	31,1	27,1	27,6
7	LTIFR	0,33	0,27	0,19	0,33	0,30

** 2019 жылдың көрсеткіші өзгертілген әдістемеге сәйкес қайта есептелді*

Жалпы алғанда, Компанияның стратегиялық көрсеткіштерінің 2019–2023 жылдар кезеңінде жақсаруға бейімділік үрдісі байқалады. Өсудің негізгі факторлары ішкі нарықта электр энергиясы мен қуаттарды сату көлемін ұлғайту, қуатқа жеке тарифтер алу, технологиялық қажеттіліктерге отын мен судың үлестік шығыстарын қысқарту, ОЭР-энергия үнемдеуге арналған шығындарды оңтайландыру, сондай-ақ борыштық жүктемені азайту болып табылады.

КОМПАНИЯНЫҢ 2018–2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

Қор компаниялары тобының тұтынушыларына электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету
- Қор компаниялары тобының тұтынушыларына 5,53 млрд кВтс көлемінде электр энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді

азайту бойынша іс-шараларды жүзеге асыру
- ЭКЕАЖ және SCADA жобалары іске асырылуда

«Екібастұз ГРЭС-2-ні № 3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру» жобасын іске асыру
- Жоба жабдықтарына арналған аңғарларды салу бойынша ҚМЖ-ға тендер өткізілді.

Стейкхолдерлермен өзара тиімді іс-қимыл
- «Самұрық-Энерго» АҚ-ның
- 2020 жылғы жұмысының қорытындылары бойынша Біріктірілген жылдық есеп жарияланды
- БАҚ-пен ауқымды жұмыстар жүргізілуде

Энергия сыйымды өндірістерге электр энергиясын жеткізуді қамтамасыз ету
- Энергия сыйымды өндірістерге 1,140 млрд кВтс электр көлемінде энергиясын жеткізу қамтамасыз етілді

Инновациялық даму және цифрландыру
- «Цифрлық электр станциясы» жобасын іске асыру
- «Цифрлық кеніш» жобасын іске асыру

«Екібастұз ГРЭС-1 қуатын кеңейту және қайта құру» (№ 1 блокты қайта құру)» жобасын іске асыру
- ҚР ЭМ-мен қуатқа жеке тариф белгілеу туралы инвестициялық келісімге қол қойылды.
- Негізгі жабдықтар жеткізілді, монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Корпоративтік басқару тиімділігін арттыру
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жоспар сәтті жүзеге асырылуда

Көмір сату, оның ішінде бәсекелестерді ығыстыру есебінен
- Қазақстан нарығында 34,94 млн тонна сатылды. Ұлғаю негізгі энергия өндіруші ұйымдардың тұтынуы есебінен.

«Екібастұз кен орнының күлі көп көмірін жағуға арналған Қазандық агрегаттары ошақ құрылғыларының технологиялары» (ҒЗТКЖ) жобасын іске асыру
- Күлі көп Екібастұз көмірін және оны байыту қалдықтарын қайнаған қабат пен айналмалы қайнаған қабатқа арналған кешенді қондырғысда жағу бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізілді
- Тиімді жағу мүмкіндігін растайтын деректер алынды.
- Өнеркәсіптік және энергетикалық қазандықтардың тұжырымдамасы бойынша техникалық ұсыныстар әзірленді

«Богатырь» кесігінде көмір өндірудің, тасымалдаудың, біркелкілендірудің және тиеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу» (ЦАЖ) жобасын іске асыру
- Жабдықтарды жеткізу аяқталды.
- Металл конструкцияларын монтаждау жүргізілуде

Адам капиталын дамыту
- Мынадай іс-шаралар іске асырылуда:
  - Көшбасшылықты дамыту;
  - Корпоративтік мәдениетті дамыту; HR-құзыреттерді дамыту.

Электр энергиясы мен көмір экспортының әлеуетті жаңа бағыттарын бағалау
- Электр энергиясы мен көмір өткізудің әлеуетті нарықтарының қажеттіліктерін мониторингілеу шеңберінде Қырғызстан, Өзбекстан, Түркіменстан, Украина, Беларусь, Ресей, Қытай, Тәжікстан нарықтарына талдау жүргізілді.

Компанияның қаржылық тұрақтылығын арттыру
- Қоғамның кредиторларының барлық қаржылық ковенанттары сақталған. Fitch Ratings халықаралық агенттігі Компанияның рейтингі бойынша болжамды қайта қарады, оны «Тұрақтыдан» «Жағымдыға» көтерді, сондай-ақ Компанияның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB» деңгейінде растады.

«Ерейментау қ. ауданында қуаты 50 МВт ЖЭС салу» жобасын іске асыру
- Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр

Сыртқы нарықтарда электр энергиясы мен көмір сатуды ұлғайту
- Электр энергиясы Өзбекстан Республикасына 592 млн кВтс экспорттады. Ресейге көмір экспорты 9,8 млн тоннаны құрады.

Компанияны трансформациялау бағдарламасы іске асырылды
- Цифрлық трансформациялау бағдарламасын іске асырудың «Жол картасы» бойынша жоспарланған барлық іс-шаралар орындалды.

«Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, қуаты 60 МВт ЖЭС салу» жобасын іске асыру
- Құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр

БИЗНЕСТІ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Компания 2021 жылы Трансформациялау бағдарламасының жобалары мен іс-шараларын іске асыруды жалғастыруда:

1. «Жиілік пен қуатты автоматтандырылған реттеуді енгізу» (ЖҚАР) жобасы

«KEGOC» АҚ-пен (Жүйелік оператор) бірлесе атқарылатын жоба. Жоба аясында станцияларда жабдықтар мен бағдарламалық жасақтамаларды орнату, сондай-ақ Жүйелік оператордың командаларын орындауға жұмсалатын уақытты қысқартып және адами факторды алып тастау арқылы, жиілік пен қуатты реттеу қызметтерін автоматтандыру мақсатында Жүйелік операторды қолданыстағы ЖҚАР-мен интеграциялау жоспарланған.

Мақсаты: Қосымша табыс көзін ашу және Қазақстан БЭЖ-і мен Ресей БЭЖ-і шекарасында қуат ағындарының сальдосын қысқарту, сондай-ақ ҚР энергетикалық қауіпсіздігі мен энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Іске асыру мерзімі: 2019–2021 жж.

Ағымдағы жағдайы: Жоба аяқталды, ЖҚАР «ЕГРЭС-1» ЖШС-де және «ШГЭС» АҚ-да пайдалануға енгізілді.

2. «Біріктірілген жоспарлау жүйесі (БЖЖ)» жобасы

БЖЖ – бұл орта мерзімдегі кезеңге мақсаттар белгілеуге әрі өндірістік және қаржы-экономикалық көрсеткіштерді теңгерімдеу есебінен станция жұмысының оңтайлы режимін іздестіруге арналған жоспарлау және модельдеу жүйесі (құралы).

Мақсаты:

1. Өндірістік-қаржылық көрсеткіштерді болжау дәлдігін арттыру.
2. Оңтайлы сценарийді таңдау арқылы Компания шығындарын азайту.
3. Өзгеретін сыртқы және ішкі факторларға жедел ден қою.

Іске асыру мерзімі: 2017–2021 жж.

Ағымдағы жағдайы: Жоба аяқталды, жүйе «ЕГРЭС-1» ЖШС, «СЭГРЭС-2» АҚ және «ШГЭС» АҚ-да өнеркәсіптік пайдалануға сәтті енгізілді.

3. «Кешенді қауіпсіздікті басқару жөніндегі жаңа модельді енгізу» жобасы

Кешенді қауіпсіздікті басқарудың жаңа моделін енгізу мыналарды қамтиды:

1. Жарақаттануды болдырмау, алдын алу бағытындағы басқару жүйесінің тиімділігін талдау процесін ұйымдастыруды жетілдіру;
2. Қауіптерді талдау және оқиғаларды болдырмау саласында тәуекелге бағдарланған тәсілге көшу;
3. Корпоративтік стандарттарды енгізу:
   - «Басшылық тарапынан еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін бағалау»;
   - «Қауіпсіздік бойынша көшбасшылық іс-әрекет аудитін жүргізу»;
   - «Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау, радиациялық қауіпсіздік, қоршаған орта тәуекелдерін бағалау»;
   - «Қауіпсіздіктің алтын ережелері»;
   - «Оқиғаларды есепке алу және тергеу»;
   - «Қызметкерлерді қауіпсіз іс-әрекетке ынталандыру»..

Мақсаты: Қауіпсіздік мәдениетін және қызметкерлердің еңбекті қорғау мәселелеріне жұмылу деңгейін арттыру. Жоба іске асырылғаннан кейін 3 жыл ішінде жарақаттану көрсеткіштерінің (LTIFR, LDR) 30%-ға төмендеуі.

Іске асыру мерзімі: 2017–2022 жж.

Ағымдағы жағдайы: Жоба енгізілді және жаңа процестер «ЕГРЭС-1» ЖШС, «ЭГРЭС-2» АҚ, «ШГЭС» АҚ, «ПВЭС» АҚ, «АлЭС» АҚ, «АЖК» АҚ, «SGE» АҚ нысандарында операциялық қызметте пайдаланылуда.

4. «Ақпараттық қауіпсіздікті басқару және қамтамасыз ету жүйесін енгізу (АҚБжәнеҚЖ)» жобасы

Қазақстанда IT бағыттары жылдам қарқынмен дамуда, осыған байланысты жүйелер мен деректерді қорғауға деген сұраныс артып келеді. АҚБжәнеҚЖ енгізу киберқауіпсіздік тұжырымдамасының (ҚР Үкіметі 2017 жылғы маусымда бекіткен) талаптарына толық сәйкес келеді және ақпараттық шабуылдарды болдырмауға және ақпараттық қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді.

Мақсаты: ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесінің процестерін дамыту, компаниялардың қазіргі және болашақ бизнес-процестері бойынша киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды енгізу, нысаналы процестерді, ақпараттық қауіпсіздік жүйелерін енгізу және ақпараттық қауіпсіздіктің барлық оқиғаларын мониторингтеу сағаттарын 24/7-ге ұлғайту арқылы аса маңызды объектілер тұрақтылығының бұзылу тәуекелдерін төмендету.

Іске асыру мерзімі: 2017–2021 жж.

Ағымдағы жағдайы: Жоба аяқталды, «Самұрық-Энерго» АҚ мен сегіз ЕТҰ бойынша ұйымдастырушылық периметріндегі барлық ұсынылған дереккөздер жүйеге қосылды, ақпараттық қауіпсіздіктің оқыс оқиғаларын анықтау үшін тәулік бойы мониторинг жүргізіледі.

5. «Қауіпсіз өндіріс» жобасы

«Қауіпсіз өндіріс» автоматтандырылған жүйесі онлайн режимде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (ЕҚ және ТҚ) процестерінің жүргізілуін қамтамасыз етеді. Жүйеде ЕҚ және ҚТ талаптарына сәйкессіздіктер тіркеледі, оқыту және қауіпсіздік аудиттерін жүргізу журналдары жүргізіледі, бұл автоматтандырылған режимде сәйкессіздіктердің жойылуын бақылауға, есептілік қалыптастыруға және деректерді талдауға мүмкіндік береді. Жүйе кәсіпорындардың барлық қызметкерлерінің пайдалануы үшін қолжетімді, бұл ЕҚ және ТҚ процестеріне персоналдың тартылуын ұлғайтуға мүмкіндік береді, оларды ашық етеді және ЕҚ және ТҚ талаптарына сай келмейтін жайттарды мейлінше көбірек тіркеуге және жоюға көмектеседі.

Мақсаты: оқыс оқиғаларды тіркеу мен тергеудің қолжетімді және ашық автоматтандырылған жүйесін енгізу есебінен қызметкерлердің қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру арқылы өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету.

Іске асыру мерзімі: 2020–2022 жж.

Ағымдағы жағдайы: жүйе «ЕГРЭС-1» ЖШС, «СЭГРЭС-2» АҚ және «АлЭС» АҚ-да өнеркәсіптік пайдалануға сәтті енгізілді. Жүйенің жұмыс істеу уақытында «ЕГРЭС-1» ЖШС-де 3 514 сәйкессіздік, «ЭГРЭС-2» АҚ-да 2062 сәйкессіздік және «АлЭС» АҚ-да 3 687 сәйкессіздік тіркелді.

Бірінші толқынның табысты іске асырылуына байланысты 2022 жылы «Богатырь Көмір» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Мойнақ ГЭС» АҚ және «Шардара ГЭС» АҚ-да «Қауіпсіз өндіріс» жобасының екінші кезеңін іске асыру келісілді.

6. «Деректерді сараптау арқылы желілердегі коммерциялық шығындарды талдау» жобасы

Жоба «АЖК» АҚ желілерінде нормативтен тыс ысыраптарды анықтау үшін электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінде (ЭКЕАЖ) жиналған деректерге талдау жүргізуге бағытталған:

- Электр энергиясын болжамды тұтыну моделін құру жолдары;
- Нормативтен тыс ысыраптарды оқшаулау көрсеткіштері;
- ЭКЕАЖ-бен деректерді автоматтандырылған талдау арқылы электр желілеріне заңсыз қосылу орындарын анықтау.

Мақсаты: 2022 жылғы бірінші тоқсанның соңына қарай «АЖК» АҚ бойынша әрбір РЭК үшін ысырапты нормативтік деңгейге дейін төмендету және сақтау.

Іске асыру мерзімі: 2021–2022 жж.

Ағымдағы жағдайы: коммерциялық шығындарды талдау жүйесі әзірленді, ЭКЕАЖ деректері негізінде тестілік іс-шаралар орындалады, қорытындысы бойынша пайдаланушыларды оқыту жүргізіледі және жүйені өнімді пайдалануға енгізу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ 2021 жылы «Көшбасшылықты дамыту», «Корпоративтік мәдениетті дамыту», «HR құзыреттерін дамыту», «Мастер-деректерді басқару процесін енгізу», «Тұрақты жақсартулар процесін жетілдіру», «Корпоративтік менеджмент жүйесін жетілдіру» және «ЖЭК электр энергиясын сатып алу моделін жетілдіру» іс-шаралары іске асырылды.

Жыл қорытындысы бойынша «БЖЖ», «АЖО енгізу» және «ЖЭК электр энергиясын сатып алу моделін жетілдіру» жобаларын іске асырудан 4,3 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алынды.

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясын ескере отырып дайындалған 2022-2026 жылдарға арналған Трансформациялау бағдарламасының жобалары мен іс-шараларының Портфелі бекітілді:

- **«Көміртегі ізін азайту» жобасы** (іске асыру жылдары: 2021-2026жж.) компания қызметін декарбонизациялау мақсаттарына қол жеткізу үшін көміртегі ізін азайтуға бағытталған. (толығырақ «Самұрық-Энерго» АҚ энергияға ауысу бағдарламасы» бөлімінде көрсетілген)
- **«ESG озық тәжірибелерін енгізу» жобасы** (іске асыру жылдары: 2022-2025 жж.) ESG-рейтингін алу арқылы Компанияның инвестициялық тартымдылығын жақсартуға бағытталған. (толығырақ «Тұрақты даму» бөлімінде көрсетілген).
- **«Деректерді талдау негізінде шешім қабылдау моделін өзгерту» жобасы** (іске асыру жылдары: 2021–2026 жж.) өндірістік процестерді цифрландыру арқылы кәсіпорын шығыстарын төмендетуге бағытталған.
- **«Қауіпсіз өндіріс» жобасының** екінші толқыны, 2022 жылы енгізу күтілуде (толығырақ 5-тармақта).

01|3 ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН КӨМІР НАРЫҒЫНА ШОЛУ

Энергетикалық саланы реттеуді мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Уәкілетті орган нысанындағы Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі 2004 жылғы 9 шілдедегі № 588-II «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде электр энергетикасы саласына басшылық жасайды.

Уәкілетті орган нысанындағы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 шілдедегі №165-IV Заңының негізінде ЖЭК саласында басшылықты жүзеге асырады.

Мемлекеттік орган нысанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, табиғи монополиялар салаларында, о.і. электр энергиясын беру, жылу энергиясын өндіру, жеткізу, бөлу және қамтамасыз ету бойынша реттелетін қызметтерге қатысты мемлекеттік саясатты іске асырады.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі 2017 жылғы 27 желтоқсандағы №125-VI «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне сәйкес көмір өнеркәсібі саласына басшылық жасайтын мемлекеттік орган болып табылады.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ МЕН ҚУАТЫ НАРЫҒЫНЫҢ МОДЕЛІ

Нарық кеңесі
(нарық мониторингі)



01.3 Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап электр энергиясы нарығымен қатар электр қуатына сұранысты жабу үшін қолданыстағы электр қуаттарын ұстап тұру және жаңа электр қуаттарын іске қосу үшін инвестициялар тартуға бағытталған электр қуаты нарығы жұмыс істей бастады.

Қуат нарығының енгізілуіне байланысты электр энергиясына арналған қолданыстағы тариф екі құрамдас бөлікке бөлінді:

1. электр энергиясына тариф – рентабельділік нормасын ескере отырып, энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын өндіруге арналған шығындар (амортизацияны, кредиттер бойынша пайыздарды қоса алғанда) базасында қалыптасатын ауыспалы бөлік;
2. қуат тарифі – жаңа электр қуаттарын салуға және қолданыстағыларын жаңартуға, жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге салынған инвестициялардың қайтарымдылығын қамтамасыз ететін тұрақты бөлік.

Электр энергиясы нарығында электр энергиясын сатып алу-сату, сондай-ақ электр энергиясын орталықтандырылған сауда-саттықта сатып алу және сату бойынша екі жақты тікелей шарттар жасасу мүмкіндігі сақталады. Бұл ретте, «Электр энергетикасы туралы» Заңның 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес электр энергиясын өндіру бәсекелес ортада болады және энергия өндіруші ұйымдар тиісті топтың шекті тарифі шеңберінде босату бағасын дербес айқындайды.

Қуатты сатып алуды Бірыңғай сатып алушы қажетті қуат резервін ескере отырып, Қазақстан БЭЖ-інің жылына ең жоғары тұтынылатын қуаты деңгейінде жүзеге асырады.

Бірыңғай сатып алушы қуатты барлық көтерме сатып алушыларға (энергия беруші, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен көтерме тұтынушыларға) бірыңғай, орташа баға бойынша өткізеді. Бұл тетік энергия өндіруші ұйымдардың қуатына әр түрлі бағаларды деңгейлестіруді қамтамасыз етеді, өйткені жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық қажеттіліктері электр станцияларын салуға арналған тендердің нәтижелері бойынша енгізілген жаңа электр станцияларына қарағанда аз.

ҚАЗАҚСТАН ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТЕҢГЕРІМІ

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, ҚР электр станцияларының белгіленген қуаты 23 959 МВт-ны құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 412 МВт-ға артық.

ҚР электр станцияларының қолда бар қуаты 20 200 МВт-ны құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 161,4 МВт-ға артық, о.і. Солтүстік аймақта – 95 МВт-ға, Оңтүстік аймақта – 67 МВт-ға өсті.

Қазақстандағы электр энергиясын өндіру әсіресе жылу электр станцияларында басым жүзеге асырылды – 79,7%, су электр станциялары – 8%, ЖЭК үлесі шамамен 3,7%-ды құрады.

Солтүстік өңірде елде өндірілетін электр энергиясының 76,7%-ы өндірілді. Мұнда негізгі көмір кен орындары мен су-энергетикалық ресурстар орналасқан. Электр энергиясының артылғаны энергия тапшы оңтүстік өңірге жеткізіліп, Ресей Федерациясына экспортталады.

Оңтүстік аймақ солтүстік аймақтан жеткізілетін қуат есебінен жабылатын электр энергиясының тапшылығымен сипатталады, мұнда электр энергиясын өндіру үлесі 10,6%-ды құрады.

Батыс аймақта электрді тұтынудың елеулі үлесін өздерінің өндіруші көздері бар мұнай-газ саласының кәсіпорындары құрады. Ел аумағы бойынша батыстың Қазақстанның солтүстігімен және оңтүстігімен электр байланыстары жоқ.

Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда Қазақстан Республикасының электр станциялары 114 447,9 млн кВтс электр энергиясын өндірді, бұл 2020 жылдың осы кезеңдегі деректерімен салыстырғанда 5,8%-ға артық. Өндірудің ұлғаюы Қазақстан БЭЖ-інің барлық өңірлерінде байқалды.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда Ақмола, Жамбыл, Қызылорда және Түркістан облыстарында электр энергиясын өндіру (өсім 15% және одан жоғары) айтарлықтай өсті. Сонымен қатар, электр энергиясын өндірудің төмендеуі Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында байқалды.

Қазақстанның СЭС-терінде электр энергиясын өндіру 365,9 млн кВтс-ға (14,19%) азайды. Станциялардың жұмыс режимі су шаруашылығы теңгерімімен және гидрологиялық жағдаймен анықталды.



ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ, млрд. кВтс



Жүйелік оператордың деректері бойынша, 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда Республиканың электр энергиясын тұтыну динамикасында 2020 жылғы қаңтар-желтоқсан көрсеткіштерімен салыстырғанда 6%-ға өсу байқалды. Мәселен, республиканың солтүстік аймағында тұтыну 5%-ға, оңтүстігінде 9%-ға және батысында 7%-ға өсті..

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ТҰТЫНУ, млн кВтс



2021 жылы 2020 жылға ұқсас кезеңімен салыстырғанда электр энергиясын тұтынудың ең жоғары өсімі Ақмола облысы бойынша 1 108,4 млн кВтс (12%), Алматы облысы бойынша – 1 085 млн кВтс (9,5%), Қарағанды облысы бойынша – 540,5 млн кВтс (2,9%), Түркістан облысы бойынша – 548,7 млн кВтс (10,5%), Павлодар облысы бойынша – 750,9 млн кВтс (3,6%), Шығыс Қазақстан облысы бойынша – 432 млн кВтс (4,6%) мөлшерінде байқалады.

ҚР-ДАҒЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ/ТҰТЫНУ БАЛАНСЫ, млрд кВтс



Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясының көрсеткіштері

млн кВтс

№	ҚР бойынша көрсеткіштер	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Δ 2021/ 2020
1.	Э/э тұтыну	103 228,3	105 193,1	107 344,8	113 890,3	6%
2.	Э/э өндіру, о.і.:	106 797,1	106 029,8	108 085,8	114 447,9	5,8%
	ЖЭС	86 795,1	85 955	86 662,6	9 1164,2	5,2%
	ГЖЭС	9 119,3	8 975,6	9 527,7	10 701,8	12,3%
	СЭС	10 343,0	9 984,9	9 545,8	9 184,9	–3,8%
	ЖЭС	400,5	701,9	1 094,1	1 758,0	60,6%
	КЭС	137,9	409,4	1 250,7	1 636,5	30,8%
	БГҚ	1,3	3	4,9	2,5	–49%
3.	Сальдо-ағын «+» тапшылық, «-» артықшылық о.і.:	–3 568,8	–836,7	–741	–557,6	–2%
	Ресей	–3 566	–3 057,8	123,1	461,7	237%
	Орталық Азия	–2,8	–962,4	–864,1	–1019,3	26,3%

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ЭКСПОРТЫ-ИМПОРТЫ

Электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеу мақсатында 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында РФ-ға экспорт – 1 326,6 млн кВтс Ресей Федерациясынан импорт – 1 788,32 млн кВтс құрады.

Оның ішінде «KEGOC» АҚ-ның РФ-ға экспорты – 1 267,7 млн кВтс, есепті кезеңде электр энергиясының импорты 1 506,41 млн кВтс құрады.

2020 жылмен салыстырғанда РФ-ға экспорттың өсуі 18,7%-ды, ұқсас кезеңде РФ-дан импорттау көлемінің өсуі 44,2%-ды құрады.

млн кВтс

Атауы	2020 қаңтар-желтоқсан	2021 қаңтар-желтоқсан	Δ 2021/2020 жж.	
			млн кВтс	%
Қазақстанның экспорты	**–2296,46**	**–2650,43**	**–353,97**	**15,4%**
Ресейге	**–1117,48**	**–1326,60**	**–209,13**	**18,7%**
«ЕГРЭС-1» ЖШС	–0,04	–0,050435	–0,01	16,3%
«СевКазЭнерго» АҚ	–51,26	–58,85506	–7,60	14,8%
«Неверовский щебень» ЖШҚ – «СПСТ Компании» ЖШС – «AES ШГЭС» ЖШС	–0,55	0,00	0,55	–100,0%
«ИНТЕР РАО» ЖАҚ – «КЭЛ» ЖШС – «ЕГРЭС-2 станциясы» АҚ	–0,02	0,00	0,02	–97,5%
«KEGOC» АҚ (сатуға арналған шарт) (теңгерімдеуші нарық)	–1065,61	–1267,70	–202,09	19,0%
Орталық Азия БЭС-ке	**–1178,98**	**–1323,83**	**–144,85**	**12,3%**
«ЕГРЭС-1» ЖШС Өзбекстан үшін	–806,65	–392,92	413,73	–51,3%
«KEGOC» АҚ «Қырғызстан ҰЭЖ» ААҚ-ға	–3,66	–5,83	–2,17	59,3%
«ГРЭС 1» ЖШС «Электр станциялары» АҚ-ға (өзара алмасу аясында) Қырғызстан үшін	–280,07	–680,25	–400,18	142,9%
«ЕГРЭС-2» АҚ Өзбекстан үшін	–72,51	–190,24	–117,73	162,4%
«Топар ГРЭС-і» Өзбекстан үшін	–16,09	–54,58	–38,49	239,2%
«Топар ГРЭС-і» ЖШС-дан – «АБ Энерго» ЖШС-ға – «AB ENERGO» ЖШҚ-дан «Қырғызстан электр станциялары» ААҚ үшін	0	–0,74	–0,74	100%
Қазақстанның импорты	**1555,44**	**2093,53**	**538,08**	**34,6%**
Ресейден	1240,60	1788,32	547,72	44,2%
«ИНТЕР РАО» ЖАҚ	263,59	281,91	18,32	6,9%
«ИНТЕР РАО» ЖАҚ (сатып алуға арналған шарт) (теңгерімдеуші нарық)	977,00	1506,41	529,41	54,2%
Орталық Азия БЭС-тен, о.і.	**314,85**	**305,21**	**–9,64**	**–3,1%**
«Қырғызстан ҰЭЖ» ААҚ-дан «KEGOC» АҚ үшін	2,65	5,21	2,56	96,6%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	312,20	300,00	–12,20	–3,9%
Сальдо-ағын «+» тапшылық, «-» артықшылық	**–741,01**	**–556,90**	**184,11**	**–24,8%**

01.3 Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу

ЭЛЕКТР ЭНЕРГЕТИКАСЫ НАРЫҒЫНДАҒЫ БӘСЕКЕЛЕС ОРТА

«Самұрық-Энерго» АҚ энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылы 35,6 млрд кВтс құрады. «Самұрық-Энерго» АҚ электр станцияларының электр энергиясын өндіру үлесі Қазақстанның БЭЖ-і бойынша электр энергиясын өндірудің жалпы көлемінде 31,1%-ды құрады. Электр энергиясын өндіруді ұлғайту 2020 жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткіштерімен салыстырғанда 13,5%-ды құрады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ НЕҒҰРЛЫМ ІРІ БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРМЕ САУДА НАРЫҒЫНДАҒЫ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҮЛЕСІ, млрд кВтс



Қазақстанның ірі өндірушілерінің электр энергиясын өндіруі

млн кВтс

№	Атауы	2018 ж.	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	Ауытқу 2020 ж./2021 ж.	ҚР-ның үлесі, %
1	АО «Самрук-Энерго»	31 703	30 200,3	31 385,4	35 609,3	4 223,9	31,1%
2	ERG	19 573,9	18 545,0	18 856,2	19 914,6	1 058,4	17,4%
3	ЦАЭК	7 025,7	7 032,8	7 035,4	6 238,5	–796,9	5,5%
4	ТОО «Казцинк»	3 271,6	3 093,2	2 941,3	2 974,1	32,8	2,6%
5	ТОО «Казахмыс Энерджи»	6 437,0	7 443,6	7 267,5	6 601,4	666,1	5,8%-
6	ТОО «ККС»	6 376,8	6 645,4	6 445,7	6 596,9	151,2	5,8%
7	АО «Жамбылская ГРЭС»	1 792,4	1 878,8	1 809,1	2 139,4	330,3	1,9%

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ САЛАСЫНДА

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның электр энергетикасы нарығындағы бәсекелес ортадағы күшті және әлсіз жақтары

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Өндіруде өзіндік құны төмен энергетикалық көмір қорының көптігі 2. Компанияның портфелінде ЖЭК және СЭС активтерінің болуы 3. Қазақстан Республикасындағы қуаттар тозуының жалпы деңгейіне қатысты тиімді энергетикалық қуаттар 4. Экспорттық әлеует және валюталық түсім алу 5. Мемлекет пен Қор тарапынан қолдау	1. Қуаттардың тозу деңгейінің жоғары болуы 2. Қарыз жүктемесі деңгейінің жоғары болуы 3. Баға ұсынысын басқару мүмкіндіктерінің төмен болуы 4. Дәстүрлі нарықтарда Екібастұз көмірін алмастыру, сондай-ақ параметрлердің төмен болуына байланысты басқа нарықтарда бәсекеге қабілетсіздік себебінен энергетикалық көмірді экспорттық жеткізудің шектелуі

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЭНЕРГИЯ ӨНДІРУШІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ДИНАМИКАСЫ, , млрд кВтс



ҚР БОЙЫНША 2021 ЖЫЛЫ «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ЖАЛПЫ ЭЛЕКТРОЭНЕРГИЯНЫ ӨНДІРУДЕГІ ҮЛЕСІ



ҚР бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның электр энергиясын жалпы өндірудегі үлесі 2021 жылы 31,1%-ды құрады, 2020 жылмен салыстырғанда үлесі 2,1%-ға ұлғайды.

Өндірістік ҚНК (өндірушілерге бөлгенде)

ЕТҰ атауы	2019	2020	2021	2020 жылға қарағанда 2021 жылғы ауытқу	2022 (болжам)	2023 (болжам)
Электр энергиясын өндіру көлемі, млн кВтс						
«АлЭС» АҚ	5 397,4	5 335,1	5 008,4	94%	5 165,9	5 165,9
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	18 301,5	19 466,4	22 788,4	117%	20 787,3	20 927,1
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	4 928,5	4 974,2	6 433,4	129%	6 002,0	6 001,3
«Шардара СЭС» АҚ	464,8	513,5	455,8	89%	500,0	537,0
«Мойнақ СЭС» АҚ	951,5	929,5	758,3	82%	814,0	906,0
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,3	7,4	20,5	278%	20,7	20,7
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	153,3	159,4	144,6	91%	159,0	175,3
«Ereymentau Wind Power» ЖШС					18,0	193,5
«Энергия Семиречья» ЖШС					61,0	243,8
Барлығы	**30 200,3**	**31 385,4**	**35 609,3**	**113%**	**33 527,9**	**34 170,7**
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс						
«АлЭС» АҚ	4 725,4	4 689,1	4 425,0	94%	4 682,1	4 764,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	17 642,5	19 001,0	22 496,1	118%	20 983,8	21 557,4
О.і. экспорт	966,6	859,2	400,3			
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	4 689,5	4 809,3	6 336,4	132%	6 016,4	6 121,5
О.і. экспорт			191,8			
«Шардара СЭС» АҚ	466,2	521,3	468,0	90%	521,4	570,6
«Мойнақ СЭС» АҚ	952,3	943,7	780,9	83%	858,6	967,3

01.3 Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу

ЕТҮ атауы	2019	2020	2021	2020 жылға қарағанда 2021 жылғы ауытқу	2022 (болжам)	2023 (болжам)
«Samruk-Green Energy» ЖШС	3,2	7,2	20,2	280%	19,9	19,9

ЕТҮ атауы	2019	2020	2021	2020 жылға қарағанда 2021 жылғы ауытқу	2022 (болжам)	2023 (болжам)
«Бірінші жел электр станциясы» АҚ	152,9	159,1	144,3	91%	156,8	174,7
«Ereymentau Wind Power» ЖШС			0,0		17,8	191,6
«Энергия Семиречья» ЖШС			0,0		54,4	217,7
Барлығы	**28 632,1**	**30 130,6**	**34 670,9**	**115%**	**33 311,3**	**34 584,6**
Қуатты сату көлемі, МВт						
«АлЭС» АҚ	817,4	872,1	806,1	92%	850,0	850,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	501,9	1 556,4	1 565,1	101%	1 827,0	2 187,3
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	846,8	743,3	524,7	71%	870,0	870,0
«Шардара СЭС» АҚ	41,6	47,6	61,0	128%	61,0	61,0
«Мойнақ СЭС» АҚ	280,9	285,7	291,5	102%	298,0	298,0
Барлығы	**2 488,6**	**3 505,2**	**3 248,4**	**93%**	**3 906,0**	**4 266,3**
Электр энергиясын беру көлемі, млн кВтс						
«АЖК» АҚ	6 961,3	6 837,8	7 649,7	112%	7 638,4	7 868,6
Барлығы	**6 961,3**	**6 837,8**	**7 649,7**	**112%**	**7 638,4**	**7 868,6**
Электр энергиясын сату көлемі, млн кВтс						
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	6 218,2	6 055,5	6 723,9	111%	6 878,0	7 084,3
Барлығы	**6 218,2**	**6 055,5**	**6 723,9**	**111%**	**6 878,0**	**7 084,3**
Жылу энергиясын өндіру көлемі, мың Гкал						
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 024,5	5 596,4	5 553,8	99%	5 313,4	5 313,4
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	82,8	66,9	76,2	114%	76,0	76,0
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	132,3	155,4	136,0	88%	155,4	155,4
Барлығы	**5 239,6**	**5 818,7**	**5 766,0**	**99%**	**5 544,8**	**5 544,8**
Көмір сату көлемі, млн тонна	**44,7**	**43,4**	**44,7**	**103%**	**44,0**	**46,3**

2021 **жылы электр энергиясын өндіру көлемі** 35 609,3 млн кВтс құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13%-ға немесе 4 223,9 млн кВтс-ға артық. Өсім негізінен, «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС есебінен (ұлғаю 3 322,0 млн кВтс немесе 17%-ға) ішкі нарықта және «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ-да сұраныстың өсуі нәтижесінде (ұлғаю 1 459,1 млн кВтс немесе 29%-ға) №2 энергия блогының 2020 жылғы 1-тоқсанда жөндеуде тұрып қалуына байланысты болды.

ЖЭС, ЖЭО-ДА ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ (млн кВтс)



СЭС, ЖЭС, КЭС-ТЕРДЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІ (млн кВтс)



АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ БОЛЖАМ:

2022 жылға арналған болжамда электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылғы фактіге қарағанда біртіндеп төмендей отырып болжануда. 2022 жылы электр энергиясын өндіру көлемінің 2 081,4 млн кВтс төмендеуі негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ның электр энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі есебінен болды.

Жылу энергиясын өндіру көлемі 5 766,0 мың Гкал құрады. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда есепті кезеңде жылыту кезеңіндегі орташа айлық температураның неғұрлым жоғары болуы нәтижесінде төмендеу 1%-ды құрайды.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ КӨЛЕМІНІҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫ, мың. Гкал



АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ БОЛЖАМ:

2022 жылға арналған жоспарда **жылу энергиясын өндіру көлемі** негізінен «Алматы Электр Станциялары» АҚ жылу энергиясын өндіру көлемінің төмендеуі есебінен 2021 жылғы фактіге қарағанда 4%-ға азаюмен болжанып отыр.

«АЖК» АҚ желілері бойынша **электр энергиясын беру көлемі 2021** жылы 7 650 млн кВтс құрады, бұл 2020 жылғы фактіден 12%-ға немесе 812 млн кВтс жоғары.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН БЕРУ КӨЛЕМІ (млн кВт.с) **ЖӘНЕ ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ШЫҒЫНДАР** (%-бен)



АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ БОЛЖАМ:

Электр энергиясын беру және тарату көлемі бойынша 2022 жылы 2021 жылмен салыстырғанда 0,15%-ға кему күтілуде.

Есепті кезеңде энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда **электр энергиясын өткізудің жалпы көлемі** 6 723,9 млн кВтс құрады, бұл Серіктестікке қызмет көрсету аймағында электр энергиясын тұтыну көлемінің ұлғаюына байланысты 2020 жылғы ұқсас кезеңнен 11%-ға артық.

Атауы	Нақты 2020 ж.	Нақты 2021 ж.	Ауытқу	%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС				
Тұтынушылар саны, о.і.:	**869 680**	899 134	**29 454**	**3%**
Халық	835 509	862 980	27 471	3%
Заңды тұлғалар	34 171	36 154	1 983	6%
Сату көлемі, млн кВтс	**6 055,5**	6 723,9	**668,4**	**11%**

АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ БОЛЖАМ

2022 жылға арналған болжамда электр энергиясын өткізу көлемі 2021 жылғы фактінің деңгейінен 2%-ға ұлғаяды.

ЖАҢАРТЫЛАТЫН ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ

Соңғы 7 жылда ЖЭК объектілерінің белгіленген қуаты 11 есеге дерлік – 2014 жылғы 177,52 МВт-дан 2021 жылы 2 010 МВт-ға дейін өсті.

Энергетика министрлігінің деректері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ҚР-да 134 ЖЭК объектісі жұмыс істейді.

ЖЭК-ті пайдалану объектілері (КЭС, ЖЭС, БГС, шағын СЭС) электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылы 4 220,3 млн кВтс құрады.

2020 жылдың кезеңімен салыстырғанда (3 072,3 млн кВтс) электр энергиясын өндірудің өсімі 30%-ды құрады, бұл Қазақстанның электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі бір миллиард кВтс-дан артық немесе 3,69% үлесімен салыстыруға болады.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда СЭС, ЖЭС және шағын СЭС электр энергиясын өндіру 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда артқаны байқалады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІНДЕ ҚР ЖЭК ПАЙДАЛАНАТЫН ОБЪЕКТІЛЕРДІҢ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҮЛЕСІ, %



ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ЖЭК ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН ӨНДІРУ ҮЛЕСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК объектілерінің (КЭС, ЖЭС, шағын СЭС) электр энергиясын өндіруі 2021 жылы 325,3 млн кВтс немесе ҚР-да ЖЭК объектілері өндіретін электр энергиясы көлемінің 7,7%-ын құрады, бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 2,1%-ға төмен (2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК объектілерінің электр энергиясын өндіруі 332,3 млн кВтс құрады, ал ҚР ЖЭК объектілері электр энергиясын өндірудегі ЖЭК үлесі – 10,8%).

млн кВтс

№	Атауы	2019 ж.		2020 ж.		2021 ж.	
		қаңтар-желтоқсан	ҚР-дағы үлесі, %	қаңтар-желтоқсан	ҚР-дағы үлесі, %	қаңтар-желтоқсан	ҚР-дағы үлесі, %
	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның «таза» электр энергиясын өндіруі (ірі СЭС-терді есептемегенде ЖЭК), оның ішінде:	342,5	17,8%	335,8	10,8%	325,3	7,7%цц
1	«АлЭС» АҚ шағын СЭС каскады	190,9	9,9%	165,6	5,3%	160,3	3,8%
2	«Samruk-Green Energy» ЖШС 2 МВт КЭС	3,2	0,2%	3,8	0,1%	5,3	0,1%
3	«Samruk-Green Energy» ЖШС 5 МВт Шелек ЖЭС		0,0%	3,5	0,3%	15,1	0,4%
4	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС 45 МВт ЖЭС	148,4	7,7%	162,9	5,2%	144,6	3,4%

«Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК электр энергиясын өндіру көрсеткіштерінің төмендеуі Қазақстанда ЖЭК жаңа қуаттарының іске қосылуы салдарынан ЖЭК-тің басқа да объектілерінің электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюымен байланысты.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ ҚУАТ НАРЫҒЫНА ҚАТЫСУЫ

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ электр станциялары «КОРЭМ» АҚ сауда алаңында өткізілетін электр қуатының сауда-саттығына қатысты.

2021 жылғы 16 қарашадағы қуатты орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындылары бойынша Компанияның электр станциялары айына 590 мың теңге/МВт бағамен 3 447,1 МВт электр энергиясын сатты, оның ішінде:

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар, инвестицияларды тарту, экспортты дамыту және ілгеріту, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңына сәйкес, «Мойнақ СЭС» АҚ және «АлЭС» АҚ қуатқа жеке тарифтерді алды.

Қуат көлемі «Шардара СЭС» АҚ үшін 61 МВт және «Мойнақ СЭС» АҚ үшін 298 МВт құрады. Жеке тарифтер салынған электр станциясына пайдаланылған қарыздық құралдарды қайтаруды («МСЭС» АҚ), сондай-ақ инвестициялық бағдарламалар («АлЭС» АҚ) үшін бұрын алған мақсатты қарызды қайта қаржыландыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ТАРИФ САЯСАТЫ

Электр энергиясындағы тариф белгілеу сызбасы

Тарифтік реттеу энергетикалық компаниялар қызметінің түріне қарай ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) немесе салалық министрлік – Энергетика министрлігінің (бұдан әрі – ЭМ) құзыретіне жатады.

Энергия өндіруші ұйымдар (бұдан әрі – ЭӨҰ) үшін 2016–2018 жылдар кезеңіне электр энергиясына тарифтер станциялар үшін бұрын 2015 жылға бекітілген шекті тарифтер деңгейінде белгіленді.

2014 жылы қабылданған Қазақстанның отын-энергетикалық кешенін (ОЭК) дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының негізінде 2019 жылдан бастап саланы инвестициялардың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз етудің тиімді тетігі ретінде Қуат нарығы енгізілді, бұл ұзақ мерзімді перспективада нарыққа жағымды әсер етеді.

Электр энергетикасы саласындағы бағалар мен тарифтерді реттеу мәнмәтінінде ЭМ-не электр энергиясына шекті, теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді, электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке шекті тарифті бекіту жөніндегі функциялар жүктелген. Сондай-ақ, ЭМ-гі қолданыстағы және жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке жеке тарифтер белгілейді.

2019 жылдан бастап энергия өндіруші ұйымдар үшін қуат нарығын іске қосуды ескере отырып, мыналар қалыптастырылды:

- инвестициялық жобаларға және негізгі борышты өтеуге арналған шығындарды қамтитын қуатқа арналған шекті тарифтер (инвестициялық жобаларды іске асыру үшін тартылатын кредит қаражаты бойынша);
- электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шығындарды және пайда нормасын қамтитын электр энергиясына шекті тарифтер. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 11 наурыздағы №76 бұйрығымен «Электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін пайданың, сондай-ақ теңгерімдеуші электр энергиясына шекті тарифтерді бекіту кезінде ескерілетін теңгерімдеуге тіркелген пайданың нормасын айқындау әдістемесін» бекіту туралы 2020 жылғы 22 мамырдағы №205 бұйрығына түзетулер енгізілді.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап «ЖЭК-ті пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңына сәйкес ЭӨҰ сатып алатын электр энергиясына жұмсалған шығындарды өтеу мақсатында ЭӨҰ электр энергиясына босату тарифінің құрамында толассыз үстемеақы тетігі енгізілді. Толассыз үстемеақыны «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС ҚР-дағы ЖЭК-ті қолдауға жұмсалған шығындар және шартты тұтынушылар болып табылатын ЭӨҰ-ға электр энергиясын босату көлемдері негізінде есептейді. ЖЭК толассыз үстемеақысын енгізуді ескере отырып, елдің энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясына белгіленген тарифтері қайта қаралды.

Энергия беруші компаниялар үшін электр энергиясын беруге және бөлуге, жылу энергиясын өндіруге арналған тарифтерді және энергиямен жабдықтауға арналған тарифтерді (ЭЖҰ) Комитет реттейді. Комитеттің реттеуі мен бақылауы заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

Тарифтер бойынша шешімдер әлеуметтік және саяси мәселелердің ықпалына айтарлықтай ұшырайды. ҚР Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаты «Самұрық-Энерго» АҚ компания тобының операциялық қызметіне елеулі әсер етуі мүмкін.

Электр энергиясының соңғы тарифі мынадай құрамдас бөліктерден құралады:

- энергия өндірушінің босату бағасы (шекті тариф және толассыз үстемеақы);
- Ұлттық желі бойынша электр энергиясын беру бағасы;
- АЭК желілері бойынша беру және тарату бағасы;
- реттеу, теңгерімдеу және диспетчерлеу жөніндегі қызметтер;
- электр қуатының дайындығын қамтамасыз ету бойынша қызметтер.



** ЭЖҰ ілеспе қызметтеріне KEGOC қызметтеріне (диспетчерлендіру, теңгерімдеу), КОРЭМ қызметтеріне, қуатты реттеу жөніндегі қызметтерге, сондай-ақ электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге арналған шығыстар кіреді".*

*** ЭЖҰ үстемеақысы электр энергиясын сатып алу мен берудің бекітілген және нақты бағасы арасындағы айырманы өтеуге ретінде кірістерді түзетуді, сондай-ақ өзге де залалдарды (тұтынушылардың электр энергиясына сараланған тарифтерді және электр қуатының әзірлігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді қолданудан болған залалдарды) қамтиды.*



Электр энергиясын өндіруге арналған орташа өлшемді тарифтер

Атауы	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС,	6,07	6,44	7,31	8,22	8,97
орташа өлшемді тарифтер, теңге кВтс	9,64	10,22	10,31		
экспортқа тариф, теңге/кВтс	5,87	5,86	6,82	7,60	8,25
оның ішінде, эл. энергиясына тариф, теңге/кВтс	5,65	5,65	6,76	7,60	8,25
оның ішінде, қуатқа тариф, мың теңге/МВт*айына	590	590	590	590	590
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, орташа өлшемді тарифтер, теңге кВтс	8,70	9,64	10,38	11,46	12,09
электр энергиясына тариф, теңге/кВтс	7,42	8,55	9,79	10,44	11,08
қуатқа тариф, мың теңге/МВт*айына	590	590	590	590	590
«Алматы электр станциялары», орташа өлшемді тарифтер, теңге кВтс	9,66	11,41	13,12	14,36	15,42
электр энергиясына тариф, теңге/кВт*с	8,43	9,45	11,16	12,62	13,71
қуатқа орташа өлшемді тариф, мың теңге/МВт*айына	590	875	899	798	798
қуатқа тариф, мың теңге/МВт*айына	590	590	590	590	590
қуатқа жеке тариф, мың теңге/МВт*айына		4 169	4 169	3 139	3 139
«Шардара СЭС» АҚ, орташа өлшемді тарифтер, теңге кВтс	4,86	12,95	15,32	16,70	16,25
электр энергиясына тариф, теңге/кВтс	4,23	8,49	9,27	11,27	11,28
қуатқа тариф, мың теңге/МВт*айына	590	4 069	3 868	3 868	3 868
«Мойнақ СЭС» АҚ, орташа өлшемді тарифтер, теңге кВтс	10,02	21,33	23,74	24,38	23,92
электр энергиясына тариф, теңге/кВтс	7,93	12,02	12,26	13,70	14,44
қуатқа тариф, мың теңге/МВт*айына	590	2 564	2 564	2 564	2 564
«Samruk-Green Energy» ЖШС, теңге кВтс	48,54	32,73	19,74	23,80	24,77
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС, теңге кВтс	30,03	31,62	33,83	35,52	36,36
«Ereymentau Wind Power» ЖШС				22,68	22,68
«Энергия Семиречья» ЖШС				22,68	22,68

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР-да электр қуатының нарығы жұмыс істей бастады. Электр энергиясын өндірушілер алатын кірістер екі құрамдас бөлікке бөлінген – электр энергиясын сатудан түскен кіріс (ағымдағы шығыстарды жабуға бағытталады) және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтерді көрсетуден түскен кіріс (негізгі борышты өтеуге және инвестицияларға жіберіледі). Барлық ЭӨҮ үшін электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметке айына 590 мың теңге/МВт мөлшерінде бірыңғай шекті тариф бекітілді. Электр энергиясының тарифтері 2020–2025 жылдарға бекітілген. Алайда, бекітілген тарифтер жылдар бойынша индекстеуді көздемейді. Бұл ретте, «Электр энергетикасы туралы» ҚР Заңының 12-1-бабының 2-тармағына сәйкес, қажет болған жағдайда электр энергиясына тарифтер жыл сайын түзетіледі.

Қуат нарығының іске қосылуымен станциялар үшін 2020 жылы электр энергиясына орташа өлшенген тарифтер 2020 жылғы 1 шілдеден бастап түзетілген шекті тарифтер мен қуатқа жеке тарифтерді енгізудің іске қосылуын ескере отырып өсті.

ҚР ЭМ-нің станциялар үшін тапшы тарифтерді бекітуіне байланысты нормативтік актілерге сәйкес, ЭӨҮ ҚР ЭМ-ге электр энергиясына шекті тарифтерді түзетуге өтінімдер ұсынды. Нәтижесінде 2020 жылғы 1 шілдеден бастап ҚР ЭМ электр энергиясына шекті тарифтерді бекітті, олар 2021 жылғы 31 наурызға дейін қолданыста болды.

Пайда нормасын айқындау әдістемесінің бекітілгенін ескере отырып, (Энергетика министрінің 11.03.2021 ж. №76 бұйрығына сәйкес өзгерістермен 22.05.2020 ж. №205 бұйрығы) – ЭӨҮ шекті тарифтеріне 2021 жылғы 1 сәуірден бастап ҚР Энергетика министрінің 30.03.2021 ж. бұйрығына сәйкес пайда нормасы енгізілді.

«ЖЭК-ті пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңына сәйкес, 01.07.2021 ж. бастап ЭӨҮ-ның электр энергиясына босату тарифінде ҚР-дағы ЖЭК-ті қолдауға жұмсалған шығындар және шартты тұтынушылар болып табылатын ЭӨҮ электр энергиясына босату көлемдері негізінде «ЖЭК-ті қолдау жөніндегі ЕАҚО» ЖШС есептеген ЖЭК пайдалануды қолдауға 1,57 теңге/кВтс деңгейінде үстемеақы ескеріледі. ЖЭК толассыз үстемесін енгізуді ескере отырып, ҚР Энергетика министрінің 24.06.2021 ж. №211 бұйрығымен ЭӨҮ электр энергиясына жаңа шекті тарифтер бекітілді.

Осылайша, 2021 жыл ішінде ЭӨҮ үшін электр энергиясына мынадай шекті тарифтер қолданылды:

теңге/кВтс

ЭӨҮ атауы	01.01.2021-31.03.2021 бекітілген тариф	01.04.2021-30.06.2021 бекітілген тариф	ЭМ-нің 01.07.2021ж. бастап үстеме ақысыз бекітілген тарифтері	01.04.2021-30.06.2021 бекітілген тариф	ЭМ-нің 01.07.2021ж. бастап үстеме ақысыз бекітілген тарифтері	01.01.2021 ж. бастап бекітілген тарифке өсім %-ы
«ГРЭС-1» ЖШС	5,80	7,25	5,90	1,57	7,47	28,7%
«ГРЭС-2» АҚ	9,13	9,69	8,59	1,57	10,16	11,3%
«АлЭС» АҚ	10,30	11,01	10,23	1,57	11,80	14,5%
«МСЭС» АҚ	12,02	12,03	10,90	1,57	12,47	3,7%
«ШарСЭС» АҚ	8,10	9,74	8,77	1,57	10,34	27,6%

2021 жылдың басынан бастап «ГРЭС-1» ЖШС және «ШарСЭС» АҚ үшін тарифтің айтарлықтай өсуі тиісінше 28,7%-ға және 27,6%-ға, «ГРЭС-2» АҚ мен «АлЭС» АҚ үшін тиісінше 11,3%-ға және 14,5%-ға өсті. «МСЭС» АҚ үшін тариф 12,02 теңге/кВт*сағаттан 12,47 теңге/кВт*сағатқа дейін немесе 3,7%-ға болмашы өсті.

2020 жылдан бастап ҚР ЭМ-мен ауқымды инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын станциялар – «МСЭС» АҚ, «ШарСЭС» АҚ, «АлЭС» АҚ және «ГРЭС-1» ЖШС үшін инвестициялық тарифтерді бекіту бойынша жұмыс жүргізілуде.

28.02.2021 ж. «ГРЭС-1» ЖШС №1 энергия блогын қалпына келтіру жобасы бойынша жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және жаңартуға ҚР ЭМ-мен 2025–2031 жылдар кезеңінде 476,6 МВт қызмет көлеміне есептегенде 1 199 мың теңге /МВт*айына мөлшерінде тариф белгілей отырып, инвестициялық келісім жасалды.

Жасалған инвестициялық келісімдердің параметрлері төменде келтірілген.

01.3 Электр энергиясы мен көмір нарығына шолу

*мың теңге /МВт*айына*

ӘӨҮ атауы	Көлемі	Жеке тариф	кезең
«АлЭС» АҚ	69,5 МВт	4 168,60	2020–2024 жж.
«МСЭС» АҚ	298 МВт	2 563,67	2020–2026 жж.
«ШарСЭС» АҚ	61 МВт	4 069,3	2020–2028 жж.
«ГРЭС-1» ЖШС	476,6	1 199	2025–2031 жж.

26.01.2021 ж. «ЕГРЭС-2» АҚ Нарық кеңесіне «№3 энергия блогын салу арқылы ЕГРЭС-2-ні кеңейту және қайта жаңарту» жобасын іске асыру бойынша жеке тариф бекітуге өтінім берді. Нарық кеңесі 29.03.2021 ж. оң ұсынымды алғаннан кейін, өтінім ҚР ЭМ қарауына берілді.

2022 жылдан бастап электр энергиясына және қуатқа тарифтер белгілеу индекстеуді ескере отырып болжанады.

Электр энергиясын беру қызметтеріне арналған тарифтер

теңге/кВтс

Атауы	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	5,46	5,95	6,07	6,60	7,25

Табиғи монополия субъектісі болып табылатын «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ үшін ТМРКД-нің 17.05.2021 ж. бұйрығымен тарифтің күші 2021 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізіле отырып, 2021–2025 жж. кезеңіне шекті тариф бекітілді. 2021 жылға бекітілген тариф қолданыстағы тарифке 0,8% өсу мөлшерінде 6,09 теңге/кВтс құрайды.

Тарифтерді ұлғайту (түзету) объективті себептер бойынша АЭС шығындары өскен жағдайда («Табиғи монополиялар туралы» ҚР Заңының 22-бабына сәйкес, уәкілетті орган бекіткен тарифті өзгертуге негіз стратегиялық тауарлар құнының өзгеруі болып табылады (сатып алынатын электр энергиясы).

ЭЖҮ-ның электр энергиясын сатуға арналған тарифтері

теңге/кВтс

Атауы	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	16,11	17,66	18,69	21,32	22,82

Энергиямен жабдықтаушы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС компаниясы қоғамдық маңызы бар нарық субъектісі болып табылады және уәкілетті органның реттеуіне жатады. Тариф есебіне операциялық, қаржылық және инвестициялық компоненттер енгізілген. Өңірлердегі халықтың әлеуметтік тұрақтылығын сақтау мақсатында Реттеушінің тарифтердің өсуін жасанды тежеу тәуекелдері бар. Жеке тұлғалар үшін тұтыну нормалары бойынша саралау сақталды, заңды тұлғалар үшін электр энергиясын жеткізу орташа босату тарифтері бойынша жүзеге асырылады.

«АЭС» ЖШС үшін 2021 жылғы 1 ақпанда «KEGOC» АҚ тарифінің төмендеуіне байланысты тарифтер 18,25 теңге/кВтс деңгейіне дейін төмендетілді (бұрын қолданыстағыға 1,2%-ға), оның ішінде тұтынушылар топтары бойынша сараланған тарифтер төмендетілді.

Энергия көздері тарифтерінің 01.07.2021 ж. бастап өсуін ескере отырып, ТМРКД бағаны 01.09.2021 ж. бастап 19,74 теңге/кВтс немесе қолданыстағы деңгейге 14,5%-ға арттыру туралы 23.08.2021 ж. дәлелді қорытындыны жіберді.

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ ТАРИФ БЕЛГІЛЕУ СЫЗБАСЫ

Жылу энергиясына белгіленген бағалардың әлеуметтік маңыздылығына байланысты мемлекет ТМРК арқылы тарифтердің өсуін тежеу саясатын іске асырады, бұл жылу энергиясына тарифтерді төмендетуге ұмтылуынан көрінеді.

Электр энергетикасынан айырмашылығы, жылумен жабдықтау жүйелерінің құрылымы үш сектордан тұрады: жылу энергиясын өндіру, беру (жылу энергиясын бөлу мен өткізуді қоса алғанда) және жылу энергиясын тұтыну.

Жылу энергиясы нарығы бөлшек тұтынушының жылу энергиясын жеткізушілерді таңдауға практикалық мүмкіндігі нақты жоқ бөлшек секторда ғана жұмыс істейді.



Мысал: Алматы қаласының тұтынушылары үшін 2022 ж. арналған жылумен жабдықтау қызметіне белгіленген тариф,. теңге/Гкал, ҚҚС-ны есептемегенде

Жылу энергиясына тариф белгілеу сызбасы

теңге/Гкал

Атауы	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
«Алматы электр станциялары» АҚ	3 354	3 441	3 392	3 621	3 694
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	809	697	772	867	938
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	572	367	233	367	367

Заңнама табиғи монополия субъектісі ретінде жылу энергиясын өндіретін ұйымдар үшін тарифтердің ұзақ мерзімді (5+ жыл) шекті деңгейлерін оларға инвестициялық құрамдас бөлікті қоса және шығындарды жыл сайын индекстей отырып бекітуді көздейді. Шекті тарифтерді Комитет бекітеді. Алайда тарифтерді ұлғайту жылына бір реттен жиі жүргізілмейді және объективті себептер бойынша станция шығындарының өсуі жағдайында тарифтерді ұлғайтусыз сақтау тәуекелі бар.

«АлЭС» АҚ үшін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша №141-НҚ және Алматы облысы бойынша департаментінің 29.11.2021 ж. №267-НҚ бірлескен бұйрығымен 01.01.2022 ж. бастап қолданысқа енгізе отырып, 2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын өндіру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтер бекітілді, онда 2022 жылы қолданыстағы тарифке өсім 8,6%-ды құрады.

КӨМІР НАРЫҒЫ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша, 2021 жылы еліміздегі көмір өндіру көлемі 111,7 млн тоннаны (көмір концентратын есепке алмағанда) немесе 2020 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 102,3 %-ды (109 млн тонна көмір) құрады.

Қазақстанда энергетикалық көмір нарығы біршама бөлшектенген – ірі ойыншылар «Богатырь Көмір» ЖШС («Самұрық-Энерго» АҚ мен «РУСАЛ» БК), «ЕЭК» АҚ («ERG»), «Шұбаркөл Көмір» АҚ («ERG»), «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, «Қаражыра» АҚ, «Ангренсор Энерго» ЖШС болып табылады.

тыс. тонна

№ р/с	Облыс	2019 год	2020 год	2021 год	Δ, 2021/2020 %
1	Павлодар	68 364,9	67 049,9	66 932,3	99,8
2	Қарағанды	34 217,1	33 614,6	35 362,6	105
3	Шығыс Қазақстан	8 157,7	8 388,8	8 804,1	105
ҚР бойынша барлығы		**111 083,2**	**109 227,6**	**111 099**	**102**

КӨМІР САТУДЫҢ ЖАЛПЫ СЫЗБАСЫ

КӨМІР ӨНДІРУШІ КОМПАНИЯЛАР

ТІКЕЛЕЙ ШАРТТАР БОЙЫНША ІРІ ТҰТЫНУШЫЛАРҒА КӨМІР САТУ
электр станциялары,
өнеркәсіптік кәсіпорындар,
экспорт

ТАУАР БИРЖАСЫ

КӨТЕРМЕ-БӨЛШЕК ТҰТЫНУШЫЛАР

Қазақстандағы «Богатырь Көмір» ЖШС-ның ірі тұтынушыларының арасында Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Петропавл, Павлодар, Степногор қалаларының энергия жүйелері, Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 бар.

Көмір алу үшін электр станциялары өз беттерімен Екібастұз станциясынан («Богатырь Көмір» ЖШС) белгіленген станцияға дейін көмір тасымалдауды ұйымдастырады, сол үшін көмір тасымалдауға вагон иелерін (операторларды) тартатын түрлі экспедиторлармен шарттар жасасады.

Биржа мәмілелерінің қорытындылары бойынша коммуналдық-тұрмыстық көмірді тиеу екі түрлі жолмен: теміржол және автомобиль көлігімен жүзеге асырылады. Тұтынушылар ауылдық жергілікті жерлердегі ұсақ қазандықтар болып табылады, олар үшін Екібастұз көмірі төлқұжаттық отын болып табылады.

2021 жылдың қорытындылары бойынша Компанияның үлесі Қазақстанда өндірілетін барлық көмірдің 39,9%-ын, Екібастұз көмір бассейнінде өндірілетін көмір көлемінің 66,6%-ын құрады.

КӨМІР ӨНДІРУ

2021 жылдың қаңтар-желтоқсанында «Богатырь Көмір» ЖШС 44 632 мың тонна көмір өндірді, бұл 2020 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда (44 848 мың тонна) 0,5%-ға аз.

2021 жылдың қаңтар-желтоқсанында 44 741 мың тонна көмір сатылды, оның ішінде:

- ҚР ішкі нарығына 34 939 мың тонна, бұл 2020 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 5%-ға көп (33 378 мың тонна);
- экспортқа (РФ) – 9 802 мың тонна, бұл 2020 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда (10 058 мың тонна) 2,5 %-ға аз.

2019–2021 жж. тұтынушыларға көмір сату

№ р/с	Облыс	Сату көлемі, мың тонна			Δ, % 2021/2020 жж.
		2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	
1	«АлЭС» АҚ	3 338	3 291	2 997	91,1 %
2	«Қарағанды Энергоорталық» ЖШС	3 417	3 500	2 777	79,4%
3	«Астана-Энергия» АҚ	3 779	3 837	4 326	112,8%
4	«Павлодарэнерго» АҚ ПЖЭО-2, 3	3 004	2 494	2 855	114,5%
5	«Степногор ЖЭО» ЖШС	986	950	995	104,6%
6	«ЕГРЭС-1» ЖШС	10 937	11 553	13 374	115,8%
7	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	3 203	3 007	3 676	122,3%
8	«Bassel Group LLS» ЖШС	622	539	416	77,1%
9	«СевКазЭнерго» АҚ	2 949	2 773	2 254	81,3%
10	«Екібастұзжылуэнерго» ЖШС	499	481	542	112,6%
11	«Көкш. жылу» ШЖҚ МКК	281	316	336	106,5%
12	Комммуналдық тұрмыс	775	637	391	61,4%
ҚР-ның ішкі нарығындағы барлығы		**33 792**	**33 378**	**34 939**	**104,7%**
13	Рефтинск ГРЭС-і	10 893	10 058	9 802	97,5%
РФ-ға экспорттың барлығы		**10 893**	**10 058**	**9 802**	**97,5%**

2021 жылдың қорытындысы бойынша көмірді сату көлемі 44 741 мың тоннаны құрады, бұл осы кезеңмен салыстырғанда 3%-ға немесе 1 305 мың тоннаға артық.

Ішкі нарықта көмірді сату көлемін сұраныстың артуы нәтижесінде 1 560 мың тоннаға немесе 5%-ға ұлғайту. Бұл ретте сыртқы нарықта көмірді сату көлемінің 256 мың тоннаға немесе көмірдің бағасы бойынша уағдаластықтың болмауына байланысты 3%-ға азаюы мүмкін.

2021 жылы аршу коэффициенті 0,73 м³/тоннаны құрады, ұқсас кезеңде 0,84 м³/тонна.

БОГАТЫРЬ КӨМІР КӨМІРІН САТУР, (мың тонна)

Алдағы кезеңге болжам:
2022 жылға арналған болжамда **көмір сату көлемі** 2021 жылға қарағанда 741,2 мың тоннаға немесе 2%-ға азаймақ.

Көмір сату бағасы

теңге/тонна

Атауы	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
«Богатырь Көмір» ЖШС	2 120	2 311	2 292	2 553	2 945

«Богатырь Көмір» ЖШС көмірін сату бағасы тұтынушылардың 3 тобы үшін (КТЖ жанасу станциясындағы энергетика, көмір жинау станциясындағы энергетика, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер) ҚР тұтынушыларына арналған дербес прейскурантпен бекітіледі. Реттеу ҮЭМ СК ТМРК Кәсіпкерлік кодексінің негізінде жүзеге асырылады.

01|4 КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ

МАҢЫЗДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ОҚИҒАЛАР

Күні	Оқиға
2021 ж.	Өткен 2021 жыл COVID-19 вирусының таралуы, оның ішінде Қазақстан Республикасында да таралуы әсерінің салдары аясында әлемдегі экономикалық жағдайдың қалыпқа келуімен сипатталады. Коронавирустың қайта өршуіне қарамастан, әлемдегі іскерлік белсенділік қалпына келуде, бірақ өнеркәсіп қызметтерге қарағанда баяу қарқынмен өсуде. Өнеркәсіптік өндіріс, бұрынғыдай, жеткізілім тізбегінің бұзылуымен, энергия ресурстарына бағаның тез өсуімен, сондай-ақ материалдар мен жұмыс күшінің жетіспеушілігімен шектеледі, бұл әлемдік нарықтардағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздікпен бірге жаһандық инфляциялық фонды күшейтеді, нәтижесінде 2021 жылы ЕО, АҚШ, Қытай және басқа елдердегі мақсатты мәндерге қатысты нақты инфляцияның жоғарылауы байқалды.
2021 ж. қаңтар бойында	Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «ГРЭС-1» ЖШС «Қазақстан Халық банкі» АҚ алдындағы 17,6 млрд теңге сома негізгі борышты мерзімінен бұрын өтеді.
12 ақпан 2021 ж.	Алматы қаласында қуаты 1 МВт «Samruk-Green Energy» ЖШС күн электр станциясы пайдалануға берілді.
28 ақпан 2021 ж.	«ЕГРЭС-1» ЖШС 28.02.2021 ж. №1 Энергия блогын қалпына келтіру бойынша жаңғыртуға, реконструкциялауға, кеңейтуге және жаңартуға (жаңа электр сүзгілерін орнатта отырып) ҚР ЭМ-мен инвестициялық келісім жасады, 2025–2031 жылдар кезеңінде 476,6 МВт қызмет көлеміне есептегенде 1 199 мың теңге /МВт*ай мөлшеріндегі тарифтер бекітілді.
30 наурыз 2021ж.	ҚР ЭМ-нің 30.03.2021 ж. № 108 бұйрығымен 01.04.2021 ж. бастап ӘӨҮ үшін электр энергиясына шекті тарифтер бекітілді.
2021 ж. наурыз бойында	Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «ГРЭС-1» ЖШС 1 млрд теңге және «АлЭС» АҚ 4,2 млрд теңге сомасына «Қазақстан Халық банкі» АҚ алдындағы негізгі борышын мерзімінен бұрын өтеді.
8 сәуір 2021ж.	Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ рейтингі бойынша болжамды қайта қарап, оны «Тұрақтыдан» «Жағымдыға» көтерді, сондай-ақ Компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB» деңгейінде растады.
24 сәуір 2021 ж.	«Екібастұз ГРЭС-1-ді жаңғырту және қайта жаңарту. №1 блокты қалпына келтіру» жобасын қаржыландыруды қамтамасыз ету шеңберінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 18 млрд теңге сомаға бірінші қарыз лимиті ашылды.
17 мамыр 2021 ж.	Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша ТМРАД-ның 17.05.2021 жылғы бұйрығымен 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейінгі кезеңге шекті тарифтер бекітіліп, 2021 жылғы 1 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді. 2021 жылға бекітілген тариф 6,09 теңге/кВтс құрайды.
31 мамыр 2021 ж.	Премьер-Министр А.Ұ. Мамин бастаған ҚР Үкіметі Алматы 2-ЖЭО алаңында қуаты 600 МВт бу-газ қондырғысын салу жөніндегі ұсынысты мақұлдады.
11 маусым 2021 ж.	«Екібастұз ГРЭС-1-ді жаңғырту және қайта жаңарту. №1 блокты қалпына келтіру» жобасын қаржыландыруды қамтамасыз ету шеңберінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 12,8 млрд теңге сомаға екінші қарыз лимиті ашылды.
15 маусым 2021 ж.	«АЭС» ЖШС 2021 жылғы 20 шілдеден бастап қолданысқа енгізе отырып, шекті бағаны көтеруге жаңа өтінім жіберді, баға жобасы 20,89 теңге/кВтс құрады, 18,25 теңге/кВтс қолданыстағы бағаға өсім 14,5%. 01.08.2021ж. жағдай бойынша ТМРКД-мен АЭС үшін тарифтер өсуді ескере отырып келісілмеген.
24 маусым 2021 ж.	ҚР ЭМ-нің 24.06.2021 ж. №211 бұйрығымен ЖЭК толассыз үстемеақысы бойынша заңнаманың өзгеруін ескере отырып, энергия өндіруші станциялар үшін шекті тарифтер бекітілді. Тарифтер 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

01.4 Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу

Күні	Оқиға
2021 ж. 1 шілдеден бастап	«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Заңның 7-1-бабы 3-тармағының 4-5) тармақшаларына сәйкес дәстүрлі станциялар үшін ЖЭК-ті пайдалануды қолдауға арналған үстемеақы айқындалып, қолданылады. Осылайша, дәстүрлі станциялардың босату бағасы екі құрамдас бөлікке бөлінеді (уәкілетті орган айқындайтын шекті тариф және күнтізбелік жылға арналған ЕАҚО айқындайтын жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған үстемеақы).
23 тамыз 2021 ж.	«Екібастұз ГРЭС-1-ді жаңғырту және қайта жаңарту. №1 блокты қалпына келтіру» жобасын қаржыландыруды қамтамасыз ету шеңберінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 12 млрд теңге сомаға 3-қарыз лимиті ашылды.
8 қазан 2021 ж.	«Қазақстан Халық банкі» АҚ «АЭС» ЖШС инвестициялық қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 10,75%-дан 10,5%-ға дейін төмендетті.
20 қазан 2021 ж.	«Қазақстан Халық банкі» АҚ «АЖК» АҚ инвестициялық қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесін жылдық 12,1%-12,0%-дан 11,5%-ға дейін төмендетті.
29 қазан 2021 ж.	Директорлар кеңесінің шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді.
8 қараша 2021 ж.	«Тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы №271 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің №792 қаулысымен шағын және ірі СЭС ұғымдары айқындалды.
16 қараша 2021 ж.	«КОРЭМ» АҚ Сауда алаңында 2022 жылға арналған электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығы өткізілді. Сауда-саттық қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ 3 447,1 МВт, оның ішінде АлЭС – 523 МВт, ЕГРЭС-2 – 900 МВт, ЕГРЭС-1 – 2 024,1 МВт электр энергиясын сатты.
18 қараша 2021 ж.	«Екібастұз ГРЭС-1-ді жаңғырту және қайта жаңарту. №1 блокты қалпына келтіру» жобасын қаржыландыруды қамтамасыз ету шеңберінде «Қазақстан Халық банкі» АҚ-да 60,3 млрд теңге сомасына төртінші қарыз лимиті ашылды (жобаның жалпы түпкілікті лимиті 103 млрд теңгені құрады).
25 қараша 2021 ж.	Astana International Exchange қор биржасында жылдық 11,4% купондық мөлшерлемемен 18,4 млрд теңге мөлшерінде және айналым мерзімі 6,5 жыл «Жасыл» облигациялар дебюттік шығарылымы жүзеге асырылды. Бұл шығарылым Қор тобындағы «жасыл» облигациялардың бірінші шығарылымы болып табылады және ESG қаржыландырудың кейінгі шығарылымдары үшін инфрақұрылымды дамытуға ықпал етеді.
26 қараша 2021 ж.	Пайыздық шығыстарды қалыптастыру, пайыздық төлемдерді қысқарту, сондай-ақ ковенанттық пакетті оңтайландыру бөлігінде инфляциялық тәуекелді жою мақсатында «Шардара СЭС» АҚ-ның Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі алдындағы қарызын тіркелген пайыздық мөлшерлемемен облигациялар шығару арқылы қайта қаржыландыру жүзеге асырылды.
15 желтоқсан 2021 ж.	Пайыздық төлемдерді қысқарту мақсатында «АлЭС» АҚ «First Heartland Jusan Bank» АҚ-дан 11,3% мөлшерлемемен қарыздарды тарту арқылы 11,4% мөлшерлемемен 12,4 млрд теңге мөлшерінде инвестициялық қарыздарды қайта қаржыландырды.
29 желтоқсан 2021 ж.	Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды маневрлік генерациялау режимімен салуға аукциондық сауда-саттық өткізілді. «АлЭС» АҚ «Белгіленген қуаты 450 МВт-ға дейінгі БГҚ базасында Алматы 3-ЖЭО-ны реконструкциялау» жобасымен жеңімпаз болып танылды (28.01.2022 ж. ҚР ЭМ-нен жіберілген қызметті сатып алу туралы шарт жобасын кері қайтарып ала отырып, аукциондық сауда-саттық нәтижелерінің күшін жойғаны туралы хат алынды).

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАР

Өткен 2021 жыл COVID-19 вирусының таралуы, оның ішінде Қазақстан Республикасында да таралуы әсерінің салдары аясында әлемдегі экономикалық жағдайдың қалыпқа келуімен сипатталады. Коронавирустың қайта өршуіне қарамастан, әлемдегі іскерлік белсенділік қалпына келуде, бірақ өнеркәсіп қызметтерге қарағанда баяу қарқынмен өсуде. Өнеркәсіптік өндіріс, бұрынғыдай, жеткізілім тізбегінің бұзылуымен, энергия ресурстарына бағаның тез өсуімен, сондай-ақ материалдар мен жұмыс күшінің жетіспеушілігімен шектеледі, бұл әлемдік нарықтардағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздікпен бірге жаһандық инфляциялық фонды күшейтеді, нәтижесінде 2021 жылы ЕО, АҚШ, Қытай және басқа елдердегі мақсатты мәндерге қатысты нақты инфляцияның жоғарылауы байқалды.

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2021 жылғы желтоқсанда инфляция 0,6%-ды (2020 жылғы желтоқсанда – 0,9%) құрады. Жылдық инфляция 8,4% деңгейінде қалыптасты (2020 жылғы желтоқсанда – 7,5%). Инфляция құрылымында азық-түлік тауарларына бағалар жылдық мәнде 9,9%-ға, азық-түлік емес тауарларға – 8,5%-ға, ақылы қызметтерге – 6,5%-ға өсті. 2021 жылғы желтоқсанда халықтың сауалнама нәтижелері бойынша бір жылдан кейін күтілетін инфляцияның сандық бағасы 10,3%-ды құрады.

Ақша-кредит саясаты бөлігінде 2021 жылғы 25 қазанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 9,5%-дан 9,75%-ға дейін арттыру туралы шешім қабылдады. Шешімнің негізгі факторлары сақталып отырған проинфляциялық қысым болды, оның нәтижесінде инфляция Ұлттық Банктің болжамдарынан жоғары болып қалыптасты, әлемдік тауар нарықтарындағы бағалар өсті, сауда бойынша әріптес елдердегі инфляцияның жеделді және инфляциялық болжамдардың деңгейі жоғары болды. 2021 жылғы 6 желтоқсанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені жылдық 9,75% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Базалық мөлшерлеме бойынша шешім экономикадағы қалыптасып отырған инфляциялық процестерді ескере отырып қабылданды.







2021 жылғы желтоқсанда теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 431,20 – 436,36 теңге диапазонында өзгерді. 2021 жылғы желтоқсанның соңында теңгенің АҚШ долларына биржалық бағамы бір айда 0,6%-ға нығайып, бір АҚШ доллары үшін 431,80 теңгені құрады.

Валюта бағамдарының динамикасы:

	31.12.2020 жыл	31.12.2021 жыл	%
KZT/USD	420,71	431,67	103%
KZT/EUR	516,13	487,79	95%
KZT/RUB	5,65	5,77	102%

01.4 Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

№ р/с	Көрсеткіш, млн теңге	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (нақты)	2022 (болжам)	2023 (болжам)
1	**Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс**	**243 722**	**283 010**	**332 537**	**378 964**	**423 928**
1.1.	Электр энергиясын өндіру	169 369	207 917	253 593	275 737	310 351
1.2.	Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатуы	100 171	106 911	125 685	146 617	161 635
1.3.	Жылу энергиясын өндіру	16 781	19 202	18 703	19 244	19 628
1.4.	Электр энергиясын жеткізу және бөлу	38 028	40 685	46 428	50 413	57 040
1.5.	Химиялық тазартылған суды сату	1 515	1 626	1 781	1 787	1 791
1.6.	Жалға беру	3 925	4 041	3 930	8 005	10 627
1.7.	Өзгелер	2 555	3 181	3 702	5 089	5 351
2	**Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны**	**(195 891)**	**(225 185)**	**(254 847)**	**(292 079)**	**(326 183)**
2.1.	Электр энергиясын өндірудің өзіндік құны	(130 934)	(156 182)	(183 478)	(204 488)	(232 865)
2.2.	Энергиямен қамтамасыз ететін ұйымдардың электр энергиясын сатудың өзіндік құны	(101 280)	(111 195)	(128 428)	(146 118)	(161 127)
2.3.	Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құны	(16 338)	(18 804)	(19 306)	(20 027)	(21 191)
2.4.	Электр энергиясын жеткізудің өзіндік құны	(32 543)	(54 365)	(39 358)	(44 976)	(49 008)
2.5.	Химиялық тазартылған суды сатуды өзіндік құны	(1 356)	(1 679)	(1 848)	(1 789)	(1 868)
2.6.	Негізгі қызметтің өзге түрлерінің өзіндік құны	(832)	(946)	(767)	(1 233)	(1 222)
	Негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің амортизациясы	*(54 223)*	*(57 331)*	*(55 168)*	*(58 030)*	*(66 344)*
3	**Жалпы пайда**	**47 832**	**57 826**	**77 690**	**86 885**	**97 745**
4	Қаржыландырудан түскен табыс	2 377	2 916	2 616	633	709
5	Өзге табыстар (1) (2)	5 376	4 637	7 278	982	1 034
6	Өнімді сатуға және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар	(7 999)	(10 202)	(9 029)	(8 235)	(8 584)
7	Жалпы және әкімшілік шығындар	(12 710)	(15 826)	(14 793)	(15 051)	(14 840)
8	**Операциялық табыс**	**27 123**	**31 798**	**53 868**	**63 599**	**74 320**
9	**Амортизация, пайыздар және КТС бойынша аударымдарға дейін пайда (EBITDA)**	**82 487**	**99 728**	**123 447**	**130 173**	**168 907**
10	Қаржыландыруға жұмсалған шығын	(32 319)	(31 025)	(30 139)	(23 799)	(21 300)
11	Негізгі емес қызметтен болған өзге шығындар (3) (4) (5) (6)	(1 920)	(4 061)	(23 354)	(137)	(141)
12	Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдардың пайда/ залал үлесі және инвестициялардың құнсыздануы	11 191	9 474	13 455	7 619	27 416
13	Тоқтатылған қызметтен түскен пайда (залал)	0	0	0	0	0
	Еншілес ұйымдардың шығып кетуінен түскен пайда (залал)	0	0	0	0	0
14	**Салық салғанға дейінгі пайда (залал)**	**11 829**	**13 739**	**23 723**	**48 897**	**82 039**
15	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар	(4 717)	(5 655)	(8 377)	(13 118)	(15 140)
16	**Азшылықтың үлесін шегергенге дейінгі қорытынды пайда (залал)**	**7 111**	**8 083**	**15 347**	**35 778**	**66 899**
17	Азшылықтың үлесі	276	76	300	641	858
18	**Топ Акционерлеріне тиесілі қорытынды пайда**	**6 835**	**8 008**	**15 046**	**35 138**	**66 041**

(1) ҚЕ-тегі алынған несиелерден туындайтын бағам айырмашылығы бойынша кірістер/шығыстар қаржылық кірістер/шығыстарда айырмашылықтың түріне қарай оң немесе теріс болып көрсетіледі. Бағамдық айырманың қалған бөлігі басқа кірістерде/шығындарда көрсетіледі. Басқару есебінде валюта бағамы бойынша кез келген кірістер/шығыстар басқа кірістер/шығыстарда көрсетіледі.
(2) ҚЕ-де құнсыздануды болған залал (НЕТТО) «Құнсыздануды болған залалдар/қаржылық емес активтерді қалпына келтіруден түскен табыстар (нетто)» бабында көрсетілді.
Ескертпе: Табыстар мен өзіндік құнды ашып көрсету қызметтер түрі бөлігінде келтірілді (сегменттер бойынша емес) және алып тастауды ескермей көрсетілді.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» компаниялары тобы бойынша
ӨНІМДЕРДІ САТУДАН ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУДЕН ТҮСКЕН КІРІСТЕР 332 537 млн теңгені құрады:



01.4 Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу

Шоғырландырылған түсімнің өсуі тарифтер мен электр энергиясын сату көлемінің өсуі есебінен электр энергиясын өндіру сегменті бойынша болды. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша негізгі өсім ішкі нарықта электр энергиясына сұраныстың өсуіне, сондай-ақ босату тарифінің ұлғаюына байланысты ішкі нарықта электр энергиясын сату көлемінің 18%-ға ұлғаюы есебінен байқалады.

Электр энергиясын беру бойынша түсімнің ұлғаюы электр энергиясын беру көлемінің 812 млн кВтс (12%) өсуіне және «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр энергиясын беру тарифінің 5,95 теңге/кВт*сағаттан 6,07 теңге/кВт*сағатқа дейін өсуіне байланысты.

Сату (өткізу) сегменті бойынша түсімнің өсуі электр энергиясын өткізу көлемінің 668 млн кВтс (11%) және «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС электр энергиясын өткізу тарифінің 17,66 теңге/кВт*сағаттан 18,69 теңге/кВт*сағатқа дейін ұлғаюымен байланысты.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША 2021 ЖЫЛҒЫ КІРІСТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Болашақ кезеңге арналған болжам: 2022 жылға арналған болжамда сатудан түсетін кіріс табыс 378 964 млн теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2021 жылғы фактіден 46 427 млн теңгеге немесе 14%-ға жоғары. Өсім электр энергиясын өндіру мен беру тарифтерінің өсуіне байланысты.

2023 жылға арналған болжамда негізінен электр энергиясын сату, беру және өткізу көлемінің өсуі есебінен, сондай-ақ электр энергиясын өндіруге, беруге және сатуға арналған тарифтердің өсуі есебінен электр энергиясын өндіру бойынша табыстың өсуіне байланысты 2022 жылғы болжамда табыстың ұлғаюы байқалады.

Өндірушілер бойынша бөле отырып, өнімді өткізуден және қызмет көрсетуден түсетін табыс

Көрсеткіш, млн теңге	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (нақты)	2022 (болжам)	2023 (болжам)
Өнімді сатудан және қызмет көрсетуден түскен табыс	**243 722**	**283 010**	**332 537**	**378 964**	**423 928**
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	108 017	123 478	166 366	174 846	195 733
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	100 171	106 911	125 685	146 617	161 635
«Алматы Электр Станциялары» АҚ	64 047	74 481	78 654	88 385	95 002
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	38 167	40 819	46 594	50 585	57 414
«Мойнақ СЭС» АҚ	9 883	20 520	19 003	21 642	23 870
«Шардара СЭС» АҚ	2 279	6 761	7 183	8 721	9 282
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	4 592	5 031	4 881	5 570	6 350
«Бұқтырма СЭС» АҚ	3 924	4 040	3 927	8 005	10 627
«Ereymentau Wind Power» ЖШС				403	4 345
«Energy Solution center» ЖШС	1 105	1 287	1 128	1 645	1 672
«Samruk-Green Energy» ЖШС	158	236	399	475	493
Топішілік айналымдар (алып тасталынған)	**–88 621**	**–100 554**	**–121 285**	**–127 929**	**–142 496**

Компанияның негізгі қызметінен түскен табысының негізгі үлесін «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алматы Электр Станциялары» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС құрайды. Сонымен қатар, табыстарды шоғырландырған кезде жалпы сомадан негізінде энергия өндіруші және үйлестіруші компаниялар бойынша топішілік айналымдар алынып тасталады.

Өнім мен көрсетілетін қызметтің өзіндік құны

Көрсеткіш, млн теңге	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (нақты)	2022 (болжам)	2023 (болжам)
Отын	52 340	59 109	60 320	69 214	71 508
Еңбекақы және онымен байланысты шығындар	26 775	29 394	34 120	36 524	38 187
Сатып алынған электр энергиясының құны	13 673	22 865	42 426	53 388	69 791
Электр қуатын әзірлікте ұстап тұру бойынша қызметтер	7 692	10 094	8 718	10 006	9 924
Негізгі құралдардың тозуы және НМА-ның амортизациясы	54 227	57 331	55 168	58 030	66 344
Жөндеу және ұстап тұру	6 879	8 520	9 901	12 694	13 281
Электр энергиясын жеткізу бойынша қызметтер	10 331	11 494	13 239	13 103	13 909
Материалдар	1 844	1 713	1 930	2 343	2 360
Сумен қамтамасыз ету	3 962	4 847	6 329	6 697	7 121
Желілердегі шығындар	193	2	2	5	5
Салықтар, табыс салығын қоспағанда	4 586	4 704	4 923	5 976	7 194
Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем	4 338	4 616	7 802	9 220	10 189
Бөгде ұйымдардың қызметтері	5 383	6 003	5 649	11 439	12 770
Өзгелер	3 668	4 492	4 320	3 440	3 600
БАРЛЫҒЫ	**195 891**	**225 185**	**254 847**	**292 079**	**326 183**

(1) ҚЕ-де 2018–2020 жж. қоршаған ортаға енгізілген эмиссиялар үшін төлем «Салықтар, табыс салығын қоспағанда» бабында көрсетілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша **өзіндік құн** 254 847 млн теңгені құрады, бұл 2020 ж. фактіден 13%-ға жоғары. Шығыстардың ұлғаюы негізінен көмір шығындарының өсуіне (электр энергиясын өндіру көлемінің ұлғаюы есебінен) және ЕАҚО ЖШС-дан ЖЭК-тен сатып алынатын электр энергиясы шығындарына (сатып алу көлемінің өсуі) байланысты. Сондай-ақ тауарлар мен қызметтер бағасының өсуіне байланысты шығыстардың ұлғаюы байқалады. Бұл ретте 31.12.2020 ж. жүргізілген НҚ-ны қайта бағалау нәтижесінде негізінен «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС есебінен амортизацияның азаюы байқалады.

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗІНДІК ҚҰННЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Алдағы кезеңге болжам: 2022 және 2023 жылдарға арналған болжамда тауарлар мен қызметтердің бағасына байланысты өзіндік құн артады.

САТУҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, млн теңге



2021 жылдың қорытындысы бойынша сатуға жұмсалған шығыстар 2020 жылмен салыстырғанда 1 173 млн теңгеге (11%-ға) азайды және 9 029 млн теңгені құрады. Бұл ауытқу 2020 жылмен салыстырғанда экспорттың 53%-ға төмендеуі, сондай-ақ 2021 жылы «KEGOC» АҚ қызметтеріне бағалардың төмендеуі есебінен туындады.

Алдағы кезеңге арналған болжам: 2022 жылға арналған болжамда өнімді сатуға арналған шығыстар 8 235 млн теңге мөлшерінде жоспарланған, бұл 2021 жылғы фактіден 794 млн теңгеге немесе 9%-ға төмен. Төмендеу экспорт көлемін алып тастауға байланысты.

ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР, млн теңге



2021 жылдың қорытындысы бойынша әкімшілік шығыстар 14 793 млн теңгені құрады, бұл 1 033 млн теңгеге немесе 2020 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 7%-ға аз. Төмендеу негізінен 2020 жылы ҚҚС бойынша салықтарды қосымша есептеу және өсімпұлдарды есептеу есебінен «Бұқтырма СЭС» АҚ бойынша.

Алдағы кезеңге арналған болжам: 2022 жылға арналған болжамда әкімшілік шығыстар 2021 жылғы деңгейден жоғары және 15 051 млн теңгені құрайды. Ұлғаюы негізінен персоналдың жалақысын индекстеу есебінен.

ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР, млн теңге



2021 жылдың қорытындылары бойынша қаржылық шығыстар 30 139 млн теңгені құрады, бұл 2020 жылғы нақты мәннен 886 млн теңгеге төмен. Төмендеу негізінен негізгі қарызды өтеуге байланысты «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС бойынша.

Алдағы кезеңге арналған болжам: 2022 жылға арналған болжамда қаржыландыруға арналған шығыстар 23 799 млн теңгені құрайды. Ауытқу негізінен АДБ-дан тартылған қарызды мерзімінен бұрын өтеуді жоспарлауға, сондай-ақ қарыз тартудың өзгеруіне байланысты «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС және «Ereymentau Wind Power» ЖШС бойынша шығыстардың төмендеуіне байланысты КО бойынша негізделген.

Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес және инвестициялардың құнсыздануы

Көрсеткіш, млн теңге	2019 (нақты)	2020 (нақты)	2021 (нақты)	2022 (болжам)	2023 (болжам)
Бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	11 191	9 474	13 455	7 619	27 416



2021 жылғы үлестік пайда 13 455 млн теңгені құрады, ұқсас кезеңге қарағандағы өсім 3 981 млн теңгеге немесе 42%.

Негізгі өзгерістер мынадай активтер бойынша болды:

ЕГРЭС-2 (50%) – 2021 жылғы пайда 2 206 млн теңгені құрады, 2020 жылғы (1 853) млн теңге залал кезінде, өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда пайданың 4 059 млн теңгеге ұлғаюы негізінен негізгі қызметтен түскен табыстың өсуі нәтижесінде (сату көлемі мен электр энергиясына тарифтің өсуі) операциялық пайданың 4 054 млн теңгеге ұлғаюымен байланысты.

Forum Muider (50%) – 2021 жылғы пайда 11 383 млн теңгені құрады, 2020 жылғы пайда 11 504 млн теңгені құрады, (122) млн теңгеге кему негізінен өзіндік құн және ОАР бойынша шығыстардың өсуі нәтижесінде операциялық пайданың төмендеуі есебінен болды.

ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Сыртқы кредиторлардың ковенантты орындауы:

Ковенант	Норматив	2019 Нақты	2020 Нақты	2021 Нақты	Ескертпе
Қарыз/EBITDA (ЕҚДБ, АДБ)	3,5-тен аспайды	3,31	2,96	2,70	*Сақталады*
EBITDA/Пайыздар (ЕҚДБ, АДБ)	3,0-тен кем емес	3,34	3,76	5,00	*Сақталады*
Қарыз/Меншікті капитал (ҚДБ)	2,0-ден аспайды	0,56	0,54	0,59	*Сақталады*

Атауы	2018 Нақты	2019 Нақты	2020 Нақты	2021 Нақты
Қарыз/EBITDA	3,18	3,31	2,96	2,7
Қарыз/Меншікті капитал	0,65	0,56	0,54	0,59
Ағымдағы өтімділік	1,04	0,70	0,75	0,53

2021 жылдың қорытындылары бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-да кредиторлардың қаржылық және қаржылық емес ковенанттары сақталды, олар жартыжылдық негізде тіркеледі.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ акционерде көзделген қаржылық тұрақтылық коэффициенттері бойынша нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізді.

Қарыздық жүктеменің өсуі

2021 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Компанияның шоғырландырылған номиналды қарызы 349,9 млрд теңгені құрады, есепті кезеңде номиналды қарыздың өсуі 2020 жылдың қорытындыларымен салыстырғанда (325,4 млрд теңге) – 24,5 млрд теңгені құрады.

2021 жылы номиналды қарыздың өсуі «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС станциясында жаңа электр сүзгілерін орнату арқылы №1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасын іске асырумен байланысты.

Қоғамның валюталық және инфляциялық тәуекелдерді нивелирлеуі шеңберінде 2019–2021 жылдары мынадай іс-шаралар өткізілді:

Теңгемен валюталық міндеттемелерді қайта қаржыландыру жүргізілді – «Мойнақ СЭС» АҚ 148 млн АҚШ долларына, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ шамамен 100 млрд теңге сомаға. Нәтижесінде кредиттік портфельдегі валюталық міндеттемелердің үлесі 17%-дан 1%-ға дейін төмендеді (ГРЭС-2-ні ескергенде, әсері осы көрсеткіштерден жоғары).

Инфляциялық тәуекелдерді нивелирлеу мақсатында ЕҚДБ қарыздарын 21 млрд.теңге сомаға мерзімінен бұрын өтеу бойынша жұмыстар жүргізілді, оның 18 млрд теңгесі AIX алаңында Қоғамның алғашқы жасыл облигацияларын шығару есебінен өтелді.

Пайыздық шығыстарды оңтайландыру

Жоспарлы (20,8 млрд теңге) және қарызды мерзімінен бұрын өтеу (36,9 млрд теңге) есебінен сыйақы шығыстарын төмендету, қаржыландыру шарттарын өзгерту және жаңа баламалы қаржыландыру көздерінен Топтың қазіргі қарыздарын қайта қаржыландыру есебінен сыйақы мөлшерлемелерін төмендету бойынша жұмыстар жүргізу.

Кредиттік рейтинг (Fitch Ratings)

2021 жылдың қорытындылары бойынша Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингтерін «BB» деңгейінде растады, болжам «Тұрақтыдан» «Жағымдыға» өзгертілді.

Мәмілелер

Елеулі, ірі мәмілелер, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер және өзге де елеулі мәмілелер бойынша ақпарат «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қаржылық есептілігінде ашылады (2-том).

Айыппұлдар

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша елеулі айыппұлдар мен қаржылық емес санкциялардың жалпы мөлшері	2021 жыл
Еңбек бойынша (тексерулер саны)	5
Айыппұлдар сомасы (мың теңге)	0
Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша	3
Айыппұлдар сомасы (мың теңге)	656,325
Өрт қауіпсіздігі бойынша	8
Айыппұлдар сомасы (мың теңге)	451,76
Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау бойынша	10
Айыппұлдар сомасы (мың теңге)	3098,375
Энергетикалық қадағалау және бақылау бойынша	24
Айыппұлдар сомасы (мың теңге)	291,7
Барлық тексерулер бойынша айыппұлдардың барлық сомасы (мың теңге)	4498,16

Бәсекелестікке кедергі келтіру және монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық орын алған жағдайлар есепті жыл ішінде тіркелген жоқ.

Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны «Экология» бөлімінде көрсетілді.

Уәкілетті мемлекеттік органдар (еңбек инспекциясы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі, энергетикалық қадағалау және бақылау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау) заңнама талаптарының сәйкестігіне тексеру жүргізді және қаржылық санкцияларды салмай 33 ұйғарым актісі берілді.

.

Салыстырмалы талдау (бенчмаркинг)

Бенчмаркинг – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның маңызды басқару элементтерінің бірі. Бенчмаркингті жүргізудің мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ-ның әлсіз және күшті жақтарын анықтау үшін шетелдік ұқсас компаниялармен операциялық және қаржылық көрсеткіштерді салыстыру болып табылады. Бенчмаркинг үшін мынадай көрсеткіштер қолданылды:

- EBITDA margin (EBITDA маржасы);
- Қарыз/EBITDA
- қарыз қаражаты үлесінің коэффициенті (Қарыз/Меншікті капитал)
- Инвестицияланған капиталдың тиімділігі (ROIC);

Бенчмаркинг үшін мынадай ұқсас компаниялардың деректері пайдаланылды:

- «Мосэнерго» ААҚ (Ресей);
- CEZ Group (Чех Республикасы);
- Mirax Group (Ұлыбритания).

01.4 Компания қызметіне қаржы-экономикалық шолу

Бенчмаркинг нәтижелері

Критерий	Өлшемі	Статусы	Min _____ Бенчмаркинг _____ Max
EBITDA margin	%		Drax Group (7,31); МосЭнерго (17,67); CEZ (28,13); СЭ (37,12)
Қарыз / EBITDA	коэффициент		МосЭнерго (0,77); CEZ (1,75); СЭ (2,41); Drax Group (2,76)
Қарыз / СК	коэффициент		МосЭнерго (0,10); СЭ (0,59); CEZ (0,68); Drax Group (0,81)
ROIC	%		МосЭнерго (2,63); CEZ (3,56); СЭ (5,17); Drax Group (8,38)

- Ұқсас арасында орташасынан жақсы көрсеткіш
- Ұқсас арасында орташа көрсеткішке сәйкес
- Ұқсас арасында орташасынан төмен көрсеткіш

2021 жылғы **EBITDA MARGIN**



2021 жылғы **RETURN ON INVESTED CAPITAL (ROIC)**



Дереккөз: ru.investing.com

Қазіргі уақытта шетелдік ұқсас компаниялармен салыстырғанда кейбір көрсеткіштер бойынша Самұрық-Энергоның көрсеткіштері төмен.

Қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» АҚ қолжетімді қаржылық левереджді толық көлемде пайдаланатынын көрсетеді.

Сонымен қатар, EBITDA margin көрсеткіші бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ өзіне ұқсас компаниялардан асып түседі. Бұл көрсеткіш сатылымнан түсетін табыстың жоғары екенін көрсетеді. ROIC көрсеткіші бойынша (салынған ұзақ мерзімді капиталдың тиімділігі) «Самұрық-Энерго» АҚ еуропалық ұқсас компаниялар деңгейінде. Сонымен бірге, осы көрсеткіш бойынша Самұрық-Энерго ағылшын холдингінен едәуір төмен.

Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ұқсас жария компанияларға қарағанда ҚР Үкіметіне тиесілі екенін атап өту қажет, осыған байланысты Қоғам электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырушы болып табылады. Осы орайда, сондай-ақ энергетикалық сектордың тозу дәрежесінің жоғары болуынан 2009 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобалар іске асырылды (ҚР энергия жүйесінің сенімділігі мен үздіксіздігіне бағытталған), бұл инвестиция салынған капиталдың елеулі өсуіне алып келді және сәйкесінше Инвестициялар тиімділігінің көрсеткішін төмендетті.

Қазақстан Республикасында ұқсас компаниялар елдерімен салыстырғанда электр энергиясына тариф деңгейінің төмендігі инвестициялардың тиімділік көрсеткіштеріне әсер ететін қосымша фактор болып табылады.

2021 Ж. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫНА ЕСЕПТЕЛГЕН ОРТАША ТАРИФ, теңге/кВт*с



Ел	1 кВтс үшін орташа тариф	Теңге/кВтс	2021 ж. орташа бағам
Қазақстан	18,62 теңге	18,62 теңге/кВтс	
Ресей	4,16 рубля	24,04 теңге/кВтс	5,78 теңге/рубль
Чехия	0,18 евро	90,73 теңге/кВтс	504,04 теңге/рубль
Ұлыбритания	0,24 евро	120,97 теңге/кВтс	

Дереккөз: Еуростат, Ресейстат

01|5 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ БАСҚАРУ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы инвестициялық қызметтің басымдығы инвестициялардың коммерциялық тұрғыдан орынды жұмсалуы және олардың ұзақ мерзімді құнды құруға, жаңа технологияларды енгізуге және сапалы жұмыс орындарын құруға бағытталуы болып табылады.

Компанияның инвестициялық қызмет саласындағы көзқарасы тәуекелдерді дұрыс басқару мен ұзақ мерзімді тұрақтылықты қалыптастыру үшін инвестициялық шешімдердегі экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық ESG факторларын есепке алуға бағытталған жауапты инвестициялау қағидаттарына негізделген.

«Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру шеңберінде инвестициялық қызметті басқарудың үздік тәжірибелерін енгізді, оның ішінде:

- Компанияның жобалар мен іс-шаралар портфелін басқару, бұл жобалар мен іс-шаралардың жиынтық портфеліндегі тиімді жобалардың үлесін арттыру арқылы қаржы ресурстарын бөлуді едәуір жақсартуға мүмкіндік берді;
- инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңінде бақылау деңгейін (бюджеттер, мерзімдер) көтеретін жобаларды басқару.

Компанияның инвестициялық жобалары коммерциялық мақсаттылық және ұзақ мерзімді мүдделер, сондай-ақ капиталдың қайтарымдылығы қағидаттарына негізделеді. Компания ESG қағидаттарын, сондай-ақ тұрақты даму жоспарларын қолдай отырып, өз жауапкершілігін сезінеді және Қоғамның дамуына ықпал етуге ұмтылады.

ESG бағалау кезінде Компания корпоративтік басқару кодексінің ережелерін және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары, есептілік жөніндегі Жаһандық бастама, ХҚК мен ЕҚДБ экологиялық және әлеуметтік стандарттары, БҰҰ-ны жауапты инвестициялау қағидаттары және т. б. сияқты халықаралық қоғамдастық таныған үздік халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Компания инвестициялармен тікелей байланысты келесі негізгі қағидаларды ұстанады:

1. инвестициялық талдау және шешім қабылдау процесінде ESG параметрлерін инкорпорациялау;
2. Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау және құпия ақпаратты тиісінше пайдалану болып табылады;
3. жалпыға бірдей халықаралық немесе ұлттық аудит стандарттарына сәйкес жылдық есептерді, оның ішінде қаржылық есептерді, ESG факторларын қоса алғандағы орнықты даму есептерін дайындау;
4. тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқарудың формализацияланған жүйесінің болуы.

ESG қағидаттарына сәйкестіндірудің артықшылықтары:

1. ESG маңызды факторларын, тиісті әлеуетті міндеттемелерді, шығындар мен қаржылық көрсеткіштерге әсерді, сондай-ақ құнды құрудың әлеуетті мүмкіндіктерін түсіну арқылы ақпараттандырылған инвестициялық шешімдер;
2. репутациялық немесе заңдық тәуекелдерге ұшырауды барынша азайту;
3. Қордың және портфельдік компаниялардың ESG қағидаттарына сәйкестік тиімділігін бағалау және мониторинг жасау үшін барабар жүйелердің болуын, ESG талаптарын сақтауды және олармен байланысты инвестициялық тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету;
4. компаниялармен ESG тәуекелдерін және әсер ету дәрежесін талқылау, бағалау және басқару үшін, сондай-ақ мүмкіндіктерді анықтау және пайдалану үшін тұрақты өзара іс-қимыл жасау үшін негіз қалыптастыру;
5. тиісті мүдделі тараптар үшін қажеттіі ESG факторларын қағидаттарға сай қарау мен басқаруды көрсету.

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша 2021 жылы компанияның 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына енгізілген күрделі жобалардың, оның ішінде «жасыл» энергияға ауысу жобаларының тізбесі қалыптастырылды *(толығырақ «Самұрық-Энерго» АҚ сайтында тасыуға болады: www.samruk-energy.kz).*

01.5 Инвестициялық қызметті басқару

ИНВЕСТИЦИЯҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫСТАР, млн теңге



Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру меншікті қаражат, халықаралық қаржы ұйымдары мен ҚР екінші деңгейдегі банктерінің қарыздық қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылады.

млн теңге

	2019 нақты	2020 нақты	2021 нақты
БАРЛЫҒЫ	50 364	73 232	61 698
меншікті	42 836	35 129	59 336
қарыздық	7 528	35 122	1 993
мембюджеттің қаражаты		2 982	368

Өндірістік активтерді ұстап тұруға жұмсалатын күрделі шығыстар негізгі және қосалқы жабдықтарды жөндеуге, сондай-ақ электр станциялары жұмысының сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында өндірістік сипаттағы негізгі құралдарды сатып алуға бағытталған.

Өндірістік активтер мен басқа да негізгі құралдарды жұмыс күйінде ұстап тұруға жұмсалатын күрделі шығындардың негізгі үлесі «Богатырь Көмір» ЖШС, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ және «Алматы электр станциялары» АҚ-ға тиесілі. 2021 жылдың қорытындысы бойынша өндірістік активтерді ұстауға арналған шығындар «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС энергия блоктарының күрделі және ағымдағы кеңейтілген жөндеулеріне, сондай-ақ «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ-ның электр тарату желілерін қайта құруға, ЭЖЖ мен ҚС-ларды салу мен қайта құруға және өндірістік активтері мен басқа да негізгі құралдарын жөндеуге берілді. «Богатырь Көмір» ЖШС мен «Алматы электр станциялары» АҚ-ның өндірістік сипаттағы күрделі шығындары өндірістік қызмет процесіне тікелей қатысатын негізгі құралдарды сатып алуға және күрделі жөндеу жүргізуге бағытталды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының әкімшілік активтерін жұмыс жағдайында ұстап тұруға жұмсалатын күрделі шығындар өндірістік қызметке тікелей әсер етпейтін негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алуға бағытталды. Өзге инвестициялар «Самұрық-Энерго» АҚ Трансформация бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шараларға жоспарланды.

Игеру әдісі бойынша күрделі шығындарға жасалған талдау

млн теңге

№	ЕТҮ	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
	БАРЛЫҒЫ	**50 364**	**73 232**	**61 698**	**361 598**	**396 273**
1	**Инвестициялық жобалар, оның ішінде**	**14 985**	**40 718**	**25 206**	**312 280**	**350 919**
1.1	Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, 1-блокты қалпына келтіру	4 953	1 890	10 930	26 110	105 528
1.2	Екібастұз ГРЭС-2-ні №3 энергия блогын салу арқылы кеңейту және қайта құру (50%)	0	8 322	104	6 684	47 197
1.3	Екібастұз кен орнының «Богатырь» кенішінде көмір өндіру, тасымалдау, біркелкілеу және тиеудің циклды-ағынды технологиясына (ЦАТ) көшу (50%)	553	25 504	9 693	11 445	0
1.4	«Көкөзек» ҚС салу	0	20	2 000	758	0
1.5	«Түрксиб» ҚС салу	0	0	19	0	522
1.6	Алматы қ. кабельдік желілерін қайта құру	0	0	0	6 000	9 160
1.7	«Қуаты 200-250 МВт БГТ салу арқылы ЖЭО-1-ді кеңейту» жобасы	0	0	0	45 014	43 668
1.8	Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін мейлінше азайта отырып жаңғырту	0	0	314	124 832	63 400
1.9	Станцияның қуатын 450 МВт-ға дейін ұлғайта отырып, БГҚ базасында Алматы ЖЭО-3-ті қайта құру	0	0	0	81 025	78 602
1.10	Шелек дәлізінде келешекте 300 МВт-ға дейін кеңейте отырып, қуаты 60 МВт жел электр станциясын салу (25%)	3 917	11	23	3 189	0
1.11	Қуаты 50 МВт Ерейментау ЖЭС-ін салу	200	913	2 099	6 398	25
1.12	Придорожное газ кен орны базасында ГТЭС салу	91	52	13	0	0
1.13	Өзге жобалар	5 270	4 006	11	825	2 816
2	**Өндірістік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру**	**34 596**	**31 787**	**35 198**	**46 818**	**44 994**
2.1	«Богатырь Көмір» ЖШС (50%)	7 658	5 547	4 243	8 288	9 133
2.2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ (50%)	798	1 050	1 616	2 068	3 232
2.3	«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	7 711	6 187	8 886	14 844	14 153
2.4	«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	11 124	12 646	10 692	9 791	12 187

01.5 Инвестициялық қызметті басқару

№	ЕТҮ	2019 ж. нақты	2020 ж. нақты	2021 ж. нақты	2022 ж. болжам	2023 ж. болжам
2.5	«Алматы электр станциялары» АҚ	6 991	5 616	9 042	9 928	5 553
2.6	«Мойнақ СЭС» АҚ	168	307	415	1 264	235
2.7	«Шардара СЭС» АҚ	38	6	10	54	111
2.8	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	75	94	90	95	81
2.9	«Samruk-Green Energy» ЖШС	0	3	24	19	14
2.10	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	33	332	180	348	295
2.11	«Erementau Wind Power» ЖШС	0	0	0	51	0
2.12	«Энергия Семиречья» ЖШС (25%)	0	0	0	0	0
2.13	«ESC» ЖШС	0	0	0	69	0
3	**Әкімшілік активтерді жұмыс қалпында ұстап тұру**	**592**	**690**	**1 267**	**2 293**	**360**
4	**Өзге**	**191**	**38**	**26**	**207**	**0**

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

«Жаңа электр сүзгілерін орнату арқылы №1 энергия блогын қалпына келтіру» жобасы

Жоба жаңа электр сүзгілерін орнату арқылы белгіленген қуаты 500 МВт энергия блогын салуға бағытталған, бұл ГРЭС-1-дің белгіленген қуатын 4 000 МВт-ға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2021 жылдың нәтижелері:
Ақпан айында ҚР ЭМ-мен қуатқа жеке тариф белгілеу туралы №12 инвестициялық келісімге қол қойылды. Тариф 1,199 млн теңге/(МВт*ай) деңгейінде белгіленген.

Қазандық агрегатты, турбоагрегатты, генераторды, электр сүзгілерін жеткізу жұмыстары орындалды. Жабдықты жеткізу көлемі 51% деңгейінде бағаланып отыр.

Құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде.
Пайдалануға беру 2023 жылғы желтоқсанға жоспарланып отыр.

«Екібастұз ГРЭС-2 станциясын №3 энергия блогын орнату арқылы кеңейту және қайта жаңарту» жобасы

Жоба еліміздегі өнеркәсіп саласын, коммуналдық-тұрмыстық секторды және халықты энергиямен жабдықтау сенімділігін арттыруды, экспорттық әлеуетті ұлғайтуды, ҚР-дың энергия қауіпсіздігі мен энергияға тәуелділігін арттыруды көздейді.

2021 жылдың нәтижелері:
«П» сатысындағы ЖСҚ түзетілуде.

Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы 2021 жылдың соңына дейін алынады деп күтілуде.

«БОГАТЫРЬ» кесігінде көмір өндірудің, тасымалдаудың, біркелкілендірудің және тиеудің циклдық-ағындық технологиясына көшу» (ЦАТ) жобасы

Жоба «Богатырь» кесігін көмірді конвейерлік көлікпен жер үсті біркелкілендіру қоймаларына жеткізудің ағындық технологиясына кезең-кезеңмен көшіруді, содан кейін оны жер үсті тиеу кешендеріне тиеуді көздейді. Кәсіпорынның өндірістік қуатын арттыру үшін және тозған негізгі құралдарды көмірді тиеуге, ұсақтауға және тасымалдауға ауыстыру.

2021 жылдың нәтижелері:
ThyssenKrupp жабдығын жеткізу 100%-ға жүзеге асырылды, қазіргі уақытта электр жабдықтары бойынша (Стакер, Уатқыш ауыстырып тиеу пункттері, Таспалы көтергіш конвейер, барабанды реклаймер) ҚМЖ және ІҚЖ жүргізілуде.

Металл құрылымдарын монтаждау, барлық жабдықтарды ірілендіріп жинау – 90%-ға жүзеге асырылды.

Бетон, іргетас жұмыстарының даярлығы – 90%.

«Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны іске асыру жылына қосымша 215 млн кВтс электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Жобаның мақсаты электр энергиясын өндіру кезінде көмірсутекті энергия тасығыштарды пайдалану деңгейін төмендету үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

2020 жылы жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

2021 жылдың нәтижелері:
Кіреберіс және алаңішілік жолдарды салу, жел генераторларын монтаждау алаңдарын орнату (ЖЭУ іргетасы), қолданыстағы ЭБЖ қайта орнату және КЛ-35 кВ төсеу, сондай-ақ 220/35кв ҚС салу жұмыстары жүргізілуде.

Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт жел электр станциясының құрылысы бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Жобаны іске асыру жылына қосымша 215 млн кВтс электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

«Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт, болашақта 300 МВт-ға дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу» жобасы

Жоба Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт болатын, болашақта 300 МВт-қа дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салуды көздейді. Жобаны іске асыру жылына қосымша 225,7 млн кВтс электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді. Жобаның мақсаты электр энергиясын өндіру кезінде көмірсутекті энергия тасығыштарды пайдалану деңгейін төмендету үшін жаңартылатын энергия көздерін қолдану болып табылады.

2019 жылы жоба бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды.

2021 жылдың нәтижелері:
«Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт болатын, болашақта 300 МВт-қа дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу» жобасы бойынша жұмыстарды аяқтау жоспарлануда. Жобаны іске асыру жылына қосымша 225,7 млн кВтс электр энергиясын өндіруге мүмкіндік береді.

«Қуаты 200-250 МВт БГҚ салу арқылы ЖЭО-1 нысанын кеңейту» жобасы

Жоба Алматы қаласын жылумен және электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету үшін қуаты 200-250 МВт БГҚ салу арқылы Алматы ЖЭО-1 нысанын кеңейтуді көздейді.

2021 жылдың нәтижелері:
«ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ тарапынан АЖЭО-1 жобасының ТЭН әзірлеу жұмыстары жүргізілуде.

«Алматы ЖЭО-2 нысанын қоршаған ортаға әсерді мейлінше азайта отырып, жаңғырту» жобасы

Жоба ЖЭО-2-ні табиғи газды жағуға көшіру есебінен Алматы қаласының экологиялық жағдайына станцияның теріс экологиялық әсерін төмендетуді көздейді.

2021 жылдың нәтижелері:
2021 жылғы 30 желтоқсанда ЖЭО-2 жобасының техникалық - экономикалық негіздемесіне «Мемсараптама» РМК-ның оң қорытындысы алынды. Қазіргі уақытта «ЖЭО-2» жобасының ТЭН нәтижелерін келісу бойынша корпоративішілік рәсімдер жүргізілуде.

«Самұрық-Энерго» АҚ қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша келіссөздер мен дайындық іс-шараларын жүргізеді. Қазіргі уақытта Еуропа Қайта құру және Даму банкімен қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша егжей-тегжейлі пысықтау шаралары жүргізілуде.

«Алматы ЖЭО-3 нысанын БГҚ базасында станцияның қуатын 450 МВт-қа дейін ұлғайта отырып қайта жаңарту» жобасы

Жоба Қазақстанның оңтүстік аймағындағы маневрлік қуаттардың тапшылығын ішінара жабу үшін қуаты 450 МВт-қа дейінгі БГҚ салу арқылы Алматы ЖЭО-3 нысанын қайта жаңартуды көздейді.

2021 жылдың нәтижелері:
2021 жылғы 3 қыркүйекте «АлЭС» АҚ жобаның ТЭН-ін әзірлеу мақсатында «ҚазЭнергоөнеркәсіптікҒЗЖІ» институты» АҚ-пен шарт жасады.

Қазіргі уақытта жобаның ТЭН-і әзірленіп жатыр. Жобаның ТЭН-інде маневрлік режимде жұмыс істеу мүмкіндігі бар белгіленген қуаты 450 МВт-ға дейінгі ГТҚ+КЖҚ және/немесе БГҚ технологияларын қолдану қарастырылады.

АЖЭО-3 алаңында жаңа станция құрылысын аяқтауды қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылғы желтоқсанда «АлЭС» АҚ ЕРС-келісімшартын жасауды жоспарлап отыр. ЕРС-келісімшартын жасау ашық халықаралық екі кезеңді конкурс негізінде бағаны төмендету аукционын өткізу арқылы жоспарланады.

«Іле өзенінде контрреттегіш Кербұлақ СЭС-ін салу» жобасы

Жоба Қапшағай СЭС-інің апта-тәулік бойында суды әркелкі жіберуін теңестіру үшін Қапшағай СЭС-інің төменгі ағысында контрреттегіш су қоймасын салу және Қапшағай СЭС-ін қуаты мен энергиясы тапшы Алматы энергия жүйесі мен Қазақстанның оңтүстік энергетикалық өңірі жүйесінде барлық қолда бар қуатты пайдалана отырып, барынша жоғары жүктемелерді жабу режиміне ауыстыруды көздейді.

Контрреттегіш су қоймасынан тәулік ішінде суды біркелкі жіберу режимі арқылы Іле өзенінің төменгі ағысындағы экологиялық жағдайды жақсарту.

2021 жылдың нәтижелері:
Жобаны практикалық іске асыру шеңберінде Кербұлақ ГЭС-ін салуға жер учаскелерін ресімдеу.

ЖАҢА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

«Алматы қаласының кабельдік желілерін қайта жаңарту» жобасы

Жоба экономика мен мемлекет үшін оң нәтиже беретіндігін болжайды:

- Алматы қаласының өткізу қабілетін 30%-ға ұлғайту;
- АЖК АҚ тарату желілеріндегі апаттылықты төмендету.

Бұл жоба Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 7 қазандағы №670 «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» Ұлттық жобасы» (7-тармақ) Жарлығымен бекітілген.

2021 жылғы 30 желтоқсанда жобаны іске асыруды бастау үшін «Самұрық-Энерго» АҚ ИАЖ мақұлдау алынды.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының қарауына құжаттар ұсынылды.

«Каскад ГЭС нысанын қайта құру және жаңарту» жобасы

Жоба белгіленген қуаттың 7,5 МВт-қа өсуін, электр энергиясын өндіруді жылына 41,7 млн кВтс ұлғайтуды, Каскад ГЭС электр энергиясын өндіруді ұлғайту нәтижесінде ГЭС-тің сенімділігі мен пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, жылу станцияларында энергия көздерін (көмір, газ және т. б.) жағуды қысқартуды, Алматы қаласы мен Алматы өңірінің тұтынушыларын жүктеме кестесіне сәйкес сенімді және үздіксіз электр энергиясымен жабдықтауды қамтамасыз етуді көздейді.

2021 жылғы 12 қарашада «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесімен инвестициялық жобаның инвестиция алдындағы сатысы шеңберінде ТЭН әзірлеуді мақұлдау туралы шешім қабылданды.

«Алматы облысында қуаты 310 МВт болатын ЖЭС, ГЭС құрамдастырылған станциясын салу» жобасы

Жоба жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, жылына 1 227 млн кВтс электр энергиясын өндіруді көздейді. Электр энергиясының тапшылығын ішінара жабу, Алматы облысының бюджетіне салықтар мен басқа да аударымдардың түсуі, «Жасыл энергетикаға» көшу арқылы климаттың өзгеру салдарын жұмсарту.

2021 жылғы 30 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ ИИС жобаның инвестиция алдындағы кезеңі мақұлданды.



01|6 САТЫП АЛУДЫ БАСҚАРУ



Сатып алу қызметінің әдіснамасы

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы сатып алу рәсімдері Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы №190 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне және Қор Басқармасының 2021 жылғы 30 желтоқсандағы №59/21 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның және дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың сатып алу қызметін басқару стандартына сәйкес жүргізілді.

Сатып алу қызметінің негізгі қағидаттары мен тәсілдері сатып алуды жүзеге асыру тәртібінде толық сипатталған. Өз кезегінде сатып алу қызметі процестерін нақтылау (рәсімдер, мерзімдер, құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар) сатып алу қызметін басқару стандартында көрсетілген.

Жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғыртуға және жаңаларын құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасы (импортты алмастыру)

Мемлекет басшысы және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ұлттық экономиканы дамытуды ынталандыру жөніндегі стратегиялық міндеттерді орындау үшін «Самұрық-Қазына» АҚ «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп өнеркәсіптің қайта өңдеу салалары саласында бәсекеге қабілетті жаңа отандық өндірістерді құру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Осы міндетті іске асыру мақсатында Қор тұрақты негізде Қор тобы сатып алатын тауарлардың импортын алмастыруға бағытталған жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және жаңаларн құруға жәрдемдесудің 2014–2022 жылдарға арналған бағдарламасын (импортты алмастыру) (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыруда.

Бағдарлама тауарларды сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар (оффтэйк-шарт) жасасуды көздейді. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы сомасы 3,2 млрд теңгеге 20 оффтэйк-шарт жасалды.

САТЫП АЛУДЫ САНАТТЫҚ БАСҚАРУ

Сатып алу санаттарын басқару процесі сатып алу қызметін оңтайландыруды көздейді.

Сатып алуды санаттық басқару тұжырымдамасы меншіктің жалпы құнының көрсеткіштерін төмендетуге, яғни сатып алудың тікелей шығындарын ғана емес, оны иеленудің бүкіл өмірлік циклі бойында ТЖҚ категориясының шығындарын азайтуға негізделген, бұл сізге ең заманауи және экономикалық тиімді шешімдерді таңдауға мүмкіндік береді. Сатып алу қызметіне енгізілетін өзгерістер Сатып алу бағаларын төмендетуге, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, отандық тауар өндірушілерді дамытуға ықпал етеді.

Мәселен, «Электр жарықтандыру жабдығы» санаты бойынша сатып алу санаттық стратегиясын іске асыру шеңберінде энергия сервистік шарттың үлгілік нысанын қолдана отырып, отандық тауар өндірушілермен шарт жасалды, бұл энергия тиімділігін арттыру және энергия үнемдеуді қамтамасыз ететін технологияларды енгізу есебінен пайдалану шығыстарын үнемдеуді көздейді.

Сатып алудың санаттық стратегияларын енгізу кезеңінде 4,68 млрд теңге мөлшерінде нақты экономикалық тиімділікке қол жеткізілді.

Айта кету керек, сатып алудың санаттық стратегияларын іске асырудың экономикалық тиімділік әлеуеті 2022 жылдың соңына дейін 5,8 млрд теңгеге жетеді деп бағаланып отыр.

2019–2021 жж. сатып алуда жергілікті қамту үлесі бойынша ақпарат, млн теңгемен*

	нақты 2019		нақты 2020		нақты 2021	
	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %	Нақты жеткізілген ТЖҚ-ның жалпы сомасы	ЖҚ %
тауарлар	159 847,19	80%	168 776,88	79%	187 631,25	89%
Ж/Қ	159 365,72	87%	104 660,70	79%	144 451,81	93%

**Ескертпе: «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС деректері*

02

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА	108
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕСТІК	113
АКЦИОНЕР	115
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ	116
АТҚАРУШЫ ОРГАН	126
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-ТА КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-МӘДЕНИЕТТІ БАСҚАРУ	132
ОМБУДСМЕН	135
ҚЫЗМЕТ АУДИТІ	136
НЕГІЗГІ ӘСЕРЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР	138

Есептің онлайн нұсқасы Компанияның *www.samruk-energy.kz* сайтында қол жетімді

02|1 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӘНЕ ЭТИКА

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Ұйымдық құрылым



2021 жылы төмендегідей өзгерістер енгізілді:

2021 жылғы сәуірден бастап Компанияның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№12/20 хаттама) 175 бірлікті құрайтын штат санымен жаңа Ұйымдық құрылым қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, Компанияны тиімді корпоративтік басқаруды қамтамасыз ету мақсатында 2021 жылғы мамырдан бастап Қоғамның қолданыстағы ұйымдық құрылымына Басқарма төрағасының орынбасары лауазымы енгізілді. Осылайша, 2021 жылдың соңында штат саны 176 бірлікті құрады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 шілдедегі №633 Жарлығын және Қордың тапсырмасын орындау үшін қоғам қызметкерлердің штат санын (176 бірлік) 9 (тоғыз) бірлікке, яғни 5%-ға қысқартты.

Осылайша, Компания 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізе отырып, 167 (жүз алпыс жеті) бірлік штат санын бекітті.

2022 жылы төмендегідей өзгерістер енгізілді:

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 24 қаңтардағы шешімімен (№06/22 хаттама), Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 25 ақпандағы шешімімен (№02/22 хаттама) бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің «Самұрық-Қазына» АҚ реформалау мәселелері жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатындағы Іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде жаңа ұйымдық құрылым бекітілді, штат саны 150 (жүз елу) бірлік, 2022 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілді.

Компания корпоративтік басқару тиімділігін арттыруды бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз етудің және тиісті басқарушылық және инвестициялық шешімдер қабылдаудың негізгі факторы ретінде қарастырады.

Үздік әлемдік практикаларға сүйене отырып, Компания корпоративтік басқару жүйесін үздіксіз жетілдіруге ұмтылуда, соның нәтижесінде тәуекелдерді тиімді басқару және ішкі бақылаудың сенімді жүйесі қамтамасыз етілетін болады, сыртқы капиталға қол жеткізу оңтайланып, Компанияның беделі артатын болады.

Компания корпоративтік басқаруды тұрақты жетілдіру мақсатында:

- акционерлердің, инвесторлардың және өзге де стейкхолдерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтауға;
- Компанияның басшы органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасында өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты бөлуге;
- Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің, сондай-ақ Атқарушы орган мен оның Комитеттерінің қызмет тиімділігін арттыруға;
- корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысына жол бермеуге;
- басқарушылық есептілік жүйесін жетілдіруге;
- корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін одан әрі енгізу арқылы корпоративтік басқарудың үздік әлемдік тәжірибесін қолдануға ұмтылады;
- акционерлер мен өзге де мүдделі тараптар үшін ақпараттық ашықтық қағидаттарын ұстану (нақты және айқын саясат, Компания директорлары мен басшыларына сыйақы беру рәсімінің ашықтығы, айқын дивидендтік саясат, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік пен жылдық есепті, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайынғы негізде жариялау және т. б.);
- тиімді жоспарлау процестерінің, ішкі бақылаудың, комплаенс пен ішкі аудиттің тиімді жүйелерінің, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесінің, орнықты дамуды басқарудың тиімді жүйесінің болуын қамтамасыз ету.

Компанияда 2019 жылдан бастап 2021 жылға дейінгі кезеңде Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары қолданыста болды. Аталған жоспарды орындау шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің өзін-өзі бағалауы жүргізілді, Компания Жарғысы, Директорлар кеңесі туралы ереже жаңартылды, еншілес ұйымдардың Директорлар кеңестерінің/Қадағалау кеңестерінің құрамы жаңартылды, бірқатар ішкі нормативтік құжаттар жаңартылды және «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының веб-сайттары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Жоспар 92% орындалды.

2021 жылы Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ өз тарапынан «Самұрық-Энерго» АҚ-да «Прайсвотерхаускупер» ЖШС тәуелсіз кеңесшісінің қызметін пайдалана отырып, корпоративтік басқару деңгейіне тәуелсіз диагностика жүргізуге бастамашылық жасады. Жұмыс көлемі корпоративтік басқару тетіктерін зерделеуді және кемелдену деңгейі мен корпоративтік басқару рейтингін бағалауды қамтыды.

Бағалау корпоративтік басқарудағы негізгі аспектілер (Директорлар кеңесі мен Атқарушы органның тиімділігі; Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит; Орнықты даму; Жалғыз Акционердің құқықтары) бойынша дауыс беруші акцияларының 50%-дан астамын тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі ұйымдарда корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес жүргізілді. Сол секілді корпоративтік басқарудың халықаралық деңгейде танылған практикасын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, беделді компаниялар қабылдаған корпоративтік басқарудың үздік практикаларын шолуды ескере отырып әзірленді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесін тәуелсіз диагностикалау нәтижелері бойынша корпоративтік басқару деңгейінің сәйкестік рейтингі «орташа» жетілу деңгейіне сәйкес келетін «BB» деңгейінде белгіленді, бұл көрсеткіш Компанияның корпоративтік басқару жүйесі барлық маңызды аспектілер бойынша белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді дегенді білдіреді.

Тәуелсіз консультант «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» (2018 жылы – «B», 2021 жылы – «BB») және «ашықтық» (2018 жылы – «B», 2021 жылы – «BB») компоненттеріндегі оң динамиканы атап өтті, бұл деңгей Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жақсартуға бағытталған іс-шараларды жоспарлы іске асырудың арқасында мүмкін болды.

Корпоративтік басқару диагностикасының нәтижелері бойынша тәуелсіз сарапшының ұсынымдары негізінде Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2022–2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Компания 2021 жылға арналған корпоративтік басқарудың нысаналы рейтингін «BBB» деңгейінде белгіледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқару саласындағы негізгі басым бағыттары:

1. корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін одан әрі енгізе беру арқылы корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін қолдану;
2. тәуекелдерді және ішкі бақылау жүйесін тиімді басқару, бұл сыртқы капиталға қол жеткізуді жеңілдетеді, капитал құнын төмендетуге және компанияның беделін жақсартуға мүмкіндік береді;
3. қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің кешенді жүйесін дамыту;
4. акционерлердің, инвесторлардың және өзге де стейкхолдерлердің құқықтарын мүлтіксіз сақтау;
5. Компания органдары мен құрылымдық бөлімшелері арасында өкілеттік пен жауапкершілікті нақты бөлу;
6. Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің, сондай-ақ Атқарушы орган мен оның Комитеттерінің, ЕТҮ басқару органдарының тиімділігін арттыру;
7. корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын болдырмау;
8. сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне қарсы іс-қимыл және іскерлік этиканы сақтау;
9. басқарушылық есептілік жүйесін, оның ішінде басқарудың әртүрлі деңгейлеріндегі Орнықты даму саласын жетілдіру;
10. акционерлермен және өзге де мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл жасау және ақпараттық ашықтық қағидаттарын жетілдіру (нақты және айқын саясат, Компания директорлары мен басшыларына сыйақы беру рәсімінің ашықтығы, айқын дивидендтік саясат, GRI және ХҚЕС стандарттарына сәйкес қаржылық есептілік пен жылдық есепті, тұрақты даму саласындағы есепті жыл сайынғы негізде жариялау және т. б.);
11. жоспарлауды, ішкі бақылауды, комплайенс пен ішкі аудитті, тәуекелдерді басқарудың, орнықты дамуды басқарудың тиімді процестері мен жүйелерінің болуын қамтамасыз ету.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕСТІК

«Самұрық-Энерго» АҚ-да «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен бекітілген Корпоративтік басқару кодексі қолданылып келеді.

2021 жылы Компания өзінің қызметіне бағалау жүргізіп, ағымдағы қызметінің Кодекс қағидаттары мен ережелеріне нақты сәйкестігіне талдау жасады.

Жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері 2021 жылы Компания Кодекстің негізгі қағидаттары мен ережелерінің сақталуын қамтамасыз еткенін көрсетеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Кодекстің 64 ережесінің 60-ы сәйкес келсе, 4 ереже ішінара сәйкес келді. Сәйкессіздіктер «Үкімет Қордың акционері ретінде» және «Директорлар кеңесі мен атқарушы органның тиімділігі» бөлімдері бойынша анықталды.

Төменде көрсетілген тармақтар Кодекс ережелеріне ішінара сәйкес келеді деп айқындалды:

1. «Үкімет Қордың акционері ретінде» деген 1-тараудың 2-тармағына сәйкес ұйымдар өз активтерінің құрылымын және олардың ұйымдық-құқықтық нысандарын барынша оңайлатуға ұмтылуы тиіс. Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы еншілес ұйымдар: акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер кіреді.
   «Жекешелендірудің 2021–2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысын орындау шеңберінде Компанияда іс-шаралардың іске асырылуы, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ деңгейінде іске асыру үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компанияларының периметрін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуына байланысты, 2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының құрылымын, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық-құқықтық нысандарын өзгерту/оңтайландыру жұмыстары жүзеге асырылмады.
2. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 5-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәжірибе, жеке қабілеттері және гендерлік құрамы бойынша әртүрлілікті қамтамасыз ету қажет. Директорлар кеңесінің ағымдағы құрамы қажетті дағдылар, білім мен құзыреттер бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етсе де, гендерлік құрам бойынша әртүрлілік қамтамасыз етілмей отыр.
3. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 7-тармағынасәйкес Директорлар кеңесі осы Кеңестің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға енгізу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітуі тиіс. Корпоративтік хатшы осы бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді. 2021 жылы Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу рәсімін іске асырды. Дегенмен, 2021 жылы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері үшін оқыту бағдарламасы қалыптастырылмады.

4. «Директорлар кеңесінің және атқарушы органның тиімділігі» деген 5-тараудың 18-тармағына сәйкес Директорлар кеңесі атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, оларға еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды, сондай-ақ атқарушы органның басшысы мен мүшелерінің өкілеттіктерін тоқтатады. «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесі Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, Басқарма мүшелерін сайлайды, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады (Басқарма Төрағасын қоспағанда). Бұл ретте «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасын тағайындау (сайлау) және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған.

Компания корпоративтік басқарудың ұлттық және әлемдік стандарттарын ұстанудың маңыздылығын мойындай отырып, алдағы уақытта да барлық мүдделі тараптар тарапынан сенімнің жоғары деңгейін қолдау және бизнестің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін корпоративтік басқару жүйесін жоспарлы түрде дамытуға ниетті.

Корпоративтік басқару тәжірибесінің Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкестігі туралы толық есеппен мына сілтеме бойынша толық көлемде таныса аласыз: https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/other-statements

КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ЭТИКА

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның басым бағыттарының бірі жоғары этикалық стандарттарды енгізу және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Мінез-құлық кодексі қолданылады, бұл құжат атқаратын лауазымына қарамастан, «Самұрық-Энерго» АҚ мамандарының қызметіне сәйкес жоғары кәсіби және этикалық стандарттарды белгілейді.

Кодекстің мақсаты «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік өмірі мен барлық мүдделі тұлғалармен іскерлік қарым-қатынасы ортақ құндылықтарға негізделуін айқындайды.

Сондықтан өз жеткізушілерімен және мердігерлерімен өзара іс-қимыл аясында Компания денсаулық сақтау және қауіпсіздік талаптарына сәйкестікті қоса алғанда, еңбек заңнамасының сақталуын талап етеді. Тиісті талаптар «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша үлгілік шарттарға енгізілген.

Мінез-құлық кодексінде көзделген «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік құндылықтарын ұстану Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге және миссиясын орындауға ықпал етеді.

Іскерлік әдеп кодексінің нормаларын бұзуға жол берген атқарушы органның мүшесі «Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобында атқарушы органының мүшесі бола алмайды.

Директорлар кеңесі этика стандарттарын енгізуді және олардың сақталуын қамтамасыз етеді. Барлық лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер Мінез-құлық кодексімен танысқандығы туралы өтінішке қол қояды және Кодекс бойынша өз білімдерін үнемі растап отырады. Компанияда лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді Мінез-құлық кодексін, омбудсменнің рөлін түсінуге және болжамды ереже бұзушылықтар туралы хабарлау жүйесінің қолжетімділігіне бағытталған оқыту-үйрету тұрақты негізде жүргізіледі.

2021 жылдың нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі мүшелері мен «Самұрық-Энерго» АҚ атқарушы органы тарапынан Мінез-құлық кодексінің нормаларын бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

АКЦИОНЕР

«Самұрық-Энерго» АҚ акцияларының 100%-ы Жалғыз акционер – «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі (www.sk.kz).

Жалғыз акционермен өзара қарым-қатынас жасау оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен құрметтеуді қамтамасыз етуден тұрады және адалдыққа, есептілікке, жауапкершілік пен ашықтыққа негізделген.

Жалғыз акционер қызметтің басым міндеттері мен стратегиялық бағыттарын белгілей отырып, Компанияны басқарады.

Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыру «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

Жалғыз акционер есепті жылы мынадай негізгі мәселелерді қарады:

2021 жылғы 12 сәуір (№13/21 хаттама) – «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшерін бекіту туралы.

2021 жылғы 30 маусым (№28/21 хаттама) – «Самұрық-Энерго» АҚ Жарғысына толықтырулар енгізу туралы.

2021 жылғы 28 қазан (№49/21 хаттама) – «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 11 Портфельдік компаниясында Корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау нәтижелері туралы.

АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

Компания қызметінің қорытындысы бойынша, 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жарияланған бағалы қағаздар саны 8 602 187 данаға жетті, орналастырылған бағалы қағаздар саны – 5 601 812 дана. Бір жай акцияның номиналдық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 10 000 теңгені құрады.

БІР АКЦИЯҒА ШАҚҚАНДАҒЫ ПАЙДА ЖӘНЕ БІР АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ

Акцияға шаққандағы базалық пайда «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы акционерлерінің үлесіне тиетін пайданың жыл ішінде айналыста болған жай акциялардың орташа санына қатынасы ретінде есептеледі. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында таратылмалы әлеуетті жай акциялар жоқ, демек, акцияға шаққандағы таратылмалы пайда акцияға шаққандағы базалық пайдаға сәйкес келеді.

Қазақстандық теңгемен, мың	2021 ж.	2020 ж.
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының акционерлеріне тиесілі бір жылдағы пайда (қазақстандық теңгемен, мың)	15,046,311	8,007,623
Айналыстағы жай акциялардың орташа саны	5,601,812	5,601,812
«Самұрық-Энерго»АҚ компаниялар тобының акционерлеріне тиесілі акцияға шаққандағы пайда (теңгеге дейін дөңгелектелген)	2,686	**1,429**

БІР АКЦИЯНЫҢ БАЛАНСТЫҚ ҚҰНЫ

«Қазақстан қор биржасы» АҚ Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептілік деректері негізінде есептеген бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны 88,985 теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 86,937 теңге) құрады. Төменде бір акцияның баланстық құнын есептеу кестесі берілген:

Қазақстандық теңгемен, мың	2021 ж.	2020 ж.
Активтер жиыны	939,820,011	885,705,149
Минус: материалдық емес активтер	(4,165,145)	(3,570,398)
Минус: міндеттемелер жиыны	(437,179,560)	(395,129,513)
Жай акциялар үшін таза активтер	498,475,306	487,005,238
31 желтоқсандағы жай акциялар саны	5,601,812	5,601,812
Бір акцияның баланстық құны, теңге	88,985	86,937

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

Компанияның Дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау, Компанияның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту, дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы және Компанияның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету қағидаттарына негізделеді.

Дивидендтер мөлшері Компанияның Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалған жылдық аудит жүргізілген қаржылық есептілігінде көрсетілген ұйымның таза кірісінің сомасына сүйеніп есептеледі.

Жалғыз акционердің шешімдеріне сәйкес төленген дивидендтердің мөлшері

Кезең	Сома
2021 ж. (2020 ж. нәтижелері бойынша)	3 142 143 450
2020 ж. (2019 ж. нәтижелері бойынша)	3 066 231 000
2019 ж. (2018 ж. нәтижелері бойынша)	2 041 000 000

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі басқару органы ретінде орнықты даму қағидаттары негізінде барлық стейкхолдерлердің мүдделерін ескере отырып, сараланған шешімдер қабылдау арқылы Компанияға стратегиялық басшылықты және қызметінің ұзақ мерзімді тиімділігін қамтамасыз етеді.

Компания Директорлар кеңесі құрамындағы тәжірибе мен жеке қабілеттеріне қатысты теңгерімділікке және әртүрлілікті қамтамасыз етуге ұмтылады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны Компания ауқымына, күрделілігіне, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді, саны шамадан тыс болмайды және Директорлар кеңесінің немесе Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау процесінің қарқындылығын төмендетуге әсер етпейді.

2021 жылы Директорлар кеңесінің сандық құрамына 5 адам, оның ішінде 2 тәуелсіз директор кірді.

Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау және ұсыну Жалғыз акционердің шешімімен және Корпоративтік кодекстің нормалары мен принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады (толығырақ www.samruk-energy.kz сайтында қараңыз).

КОМПАНИЯДАҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Казутин Николай Юрьевич
«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Акционердің мүддесін білдіретін өкіл

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1982 жылғы 28 қараша

Бірінші сайланған күні: 2022 жылғы 18 ақпан

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

«Самұрық-Қазына» АҚ Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директоры

Стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және заңтану саласындағы сарапшы

Есімханов Сұңғат Қуатұлы
Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма Төрағасы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1973 жылғы 30 қараша

Бірінші сайланған күні: 2021 жылғы 12 сәуір

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусым

Энергетика, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік басқару, қаржы, нарықты дамыту және құқықтану саласындағы сарапшы

Репин Алексей Юрьевич
Директорлар кеңесінің мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған жылы: 1961 жылғы 11 сәуір

Бірінші сайланған күні: 2022 жылғы 18 ақпан

Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді

Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусымға дейін

«Самұрық-Қазына» АҚ мұнай-газ, тау-кен және энергетика активтері департаментінің энергетикалық және тау-кен активтері секторының басшысы

Стратегиялық және корпоративтік басқару және энергетика саласындағы сарапшы

Др. Андреас Сторзэл
«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры
Азаматтығы: Германия Федеративтік Республикасы
Туған жылы: 1963 жылғы 12 қазан
Сайланған күні: 2019 жылғы 24 маусым
Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді
Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусым
Стратегиялық жоспарлау комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің төрағасы; Тағайындау және сыйақы комитетінің мүшесі, Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау комитетінің мүшесі.
Корпоративтік басқару, стратегия, қаржы, коммерциялық басқару, инвестициялар, бірігу және қосып алу саласындағы сарапшы.
Қосалқы атқаратын жұмысы және ДК-ге мүшелік:

- Корпоративтік даму жөніндегі Атқарушы директор, Enowa (NEOM тобы), Сауд Арабиясы.
- 2019 жылдан 2020 жылға дейін – Бизнесті дамыту жөніндегі Вице-президент, Grid & Infrastructure, Innogy SE, Германия
- 2014 жылдан 2018 жылға дейін – Бас директор, Innogy Middle East&North Africa, Дубай, БАӘ

Хоакин Галиндо Велез
«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры
Азаматтығы: Испания Корольдігі
Туған жылы: 1957 жылғы 27 тамыз
Сайланған күні: 2019 жылғы 24 маусым
Компанияның, жеткізушілердің және бәсекелестердің акцияларына иелік етпейді
Өкілеттік мерзімі: 2022 жылғы 23 маусым
Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитетінің төрағасы, Тағайындаулар және сыйақы комитетінің төрағасы, Аудит комитетінің мүшесі; Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі.
Бизнесті және экономиканы басқару, өндіру және жоспарлау салалары бойынша сарапшы

Кеңестің әрбір мүшесінің түйіндемесінің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz.

Осы Жылдық есепті жариялау сәтіндегі Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

Жалғыз акционердің 18.02.2022 жылғы шешімімен (№12/22 хаттама) Директорлар кеңесінің төрағасы Б. О. Ақшолақовтың өкілеттігі тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 18.02.2022 жылғы шешімімен (№12/22 хаттама) Директорлар кеңесінің мүшесі А.Н. Кравченконың өкілеттігі тоқтатылды.

Жалғыз акционердің 2022 жылғы 18 ақпандағы шешімімен (№12/22 хаттама) Директорлар Кеңесінің төмендегідей мүшелері сайланды:

Казутин Николай Юрьевич – «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы.

Репин Алексей Юрьевич – «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Жоғары деңгейдегі Директорлар кеңесі – Стратегиямызды табысты іске асырудың кепілі, сондықтан теңгерімді сақтау директорлар саны тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар тәжірибе, дағды, білім мен ойлау стилінің сан алуандығы тұрғысынан да Кеңес құрамына қойылатын маңызды талап болып табылады.

Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің мүшелерін қолданыстағы заңнамаға, Жарғыға және Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес кандидаттардың құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде сайлайды. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

Қазіргі Директорлар кеңесі мүшелерінің Компания дамуына үлкен үлес қосу үшін қажетті іскерлік дағдылары мен ойлау қабілеті бар. Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлік және жеке беделге ие және компанияның мүддесі үшін әрекет етеді және өз жұмысында тұрақты даму қағидаттарына негізделеді.

Директорлар кеңесінің мүшелері Компания қызметіне тиісті үлес қосуға қажетті іскерлік дағдылар мен ойлау жүйесіне ие. Директорлар кеңесінің мүшелері мінсіз іскерлікке және жоғары беделге ие, әрі Компания мүддесі үшін әрекет етіп, өз жұмысында тұрақты даму қағидаттарын басшылыққа алады.

Директорлар кеңесінің құрамы салалық тәжірибе, дағдылар, халықаралық байланыстар және тәуелсіздік тұрғысынан теңдестірілген, бірақ гендерлік құрамдастық бойынша әртүрлілікті қамтамасыз етпейді.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін бағалау

Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдалған процесс шеңберінде жыл сайынғы негізде бағалануға тиіс. Бағалау тәсілдері өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын арттыру үшін тәуелсіз консультантты тарту болып табылады. Бұл ретте тәуелсіз консультантты тарта отырып бағалау кемінде үш жылда бір рет жүргізіледі.

2021 жылы корпоративтік басқаруды тәуелсіз диагностикалау шеңберінде тәуелсіз консультанттың Директорлар кеңесі, Комитеттер және Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің тиімділігін бағалауы жүргізілді. Директорлар кеңесінің қызметін бағалаудың жалпы рейтингі «BB» деңгейін құрады және 2018 жылғы («B») рейтингке қатысты жоғарылады. Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі барлық маңызды аспектілерде белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келеді.

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау нәтижесі корпоративтік басқару практикасын одан әрі дамыту жөніндегі бағыттарды көрсетті. Жүргізілген бағалау нәтижелері бойынша айқындалған іс-шаралар 2022 жылға арналған Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарына енгізілді.

Отырыстарды өткізу кестесі

Директорлар Кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесі мен отырыстарды өткізу кестесін қамтитын күнтізбелік жыл басталғанға дейін бекітілетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау мен қабылдау Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар алдын ала, кемінде күнтізбелік 7 күн бұрын, ал аса маңызды мәселелер бойынша кемінде 15 жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігі

Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің тәуелсіздігі Директорлар кеңесінің құрамында Тәуелсіз директорлардың болуымен қамтамасыз етіледі.

Тәуелсіз директорларды сайлаудың негізгі критерийі кез-келген тараптың ықпалынан тәуелсіз объективті шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсіби деңгейде болуды әрі дербестікті қамтиды. Тәуелсіз директорлар Компанияда әлемдік үздік тәжірибе стандарттарын қолдану үшін тәжірибелерімен және білімдерімен белсенді түрде бөліседі. Тәуелсіз директорлар - Директорлар кеңесінің Комитеттерін басқарады және халықаралық басқару тәжірибесін енгізеді.

Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсене қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, мүдделілік болуына қатысты мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттар ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу). «Самұрық-Энерго» АҚ Тәуелсіз директоры тәуелсіздік мәртебесін жоғалтып алмау ықтималдығын қадағалайды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның Тәуелсіз директорлары тәуелсіздік өлшемдеріне толық сәйкес келді.

Директорлар кеңесі отырыстарының динамикасы

Директорлар кеңесі қаржылық жыл басталғанға дейін бір жылға арналған жұмыс кестесін бекітеді және ол мақұлданғаннан кейін сол жоспарды ұстанады. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесі отырыстарының күн тәртібіне Компания үшін неғұрлым маңызды болып табылатын барлық мәселелердің енгізілуіне бақылау жүргізеді.

2021 жылы Компанияның Директорлар кеңесі 204 мәселені қарады. Аса маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер Директорлар кеңесінің күндізгі отырыстарында ғана қаралады. Компания директорлар Кеңесінің отырыстарын сырттай өткізу деңгейін азайтуға тырысады.

Директорлар кеңесін аса маңызды қаржылық және қаржылық емес проблемалар туралы хабардар ету рәсімі қолданыстағы заңнамаға және ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес реттеледі. 2021 жылдың нәтижелері бойынша мұндай жағдайлар болған жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСТАРЫ



Директорлар кеңесі мүшелерінің отырыстарға қатысуы

	2019	2020	2021
Жалпы статистика	**100%**	**100%**	**100%**
Қарымсақов Бейбіт Еркінбайұлы	*100%*	*100%*	*100%*
Жәмиев Алмат Күнжолұлы	–	*100%*	*100%*
Жоламанов Бақытжан Төлеужанұлы	*100%*	*100%*	*100%*
Ақшулақов Болат Оралұлы	–	–	100%
Андреас Сторзел	100%	100%	100%
Хоакин Галиндо Велез	100%	100%	100%
Есімханов Сұңғат Қуатұлы	–	–	100%
Кравченко Андрей Николаевич	–	–	100%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Директорлар кеңесінің Компанияның стратегиясын анықтаудағы және оның орындалуын бақылаудағы рөлі

Директорлар кеңесі Компанияның негізгі құжаты – Даму стратегиясын әзірлеуге және оның орындалуына мониторинг жүргізуге тікелей қатысады.

Директорлар кеңесінің Компанияның Даму стратегиясы мәселелері бойынша атқаратын негізгі функциялары Компанияның Даму стратегиясын әзірлеу/өзектендіру, бекіту және оған мониторинг жүргізу болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылы алдағы жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Осы жұмыс барысында Стратегиялық жоспарлау комитеті, Директорлар кеңесі отырыстарының, стратегиялық сессиялардың шеңберінде макроэкономикалық және салалық үрдістер, нарықты дамыту перспективалары, ішкі ортаны талдау, PESTEL-талдау, SWOT-талдау, бенчмаркинг нәтижелері және т. б. мәселелер қаралды. Жұмыстың соңғы нәтижесі стратегиялық ҚНК мақсатты мәндерін есептеу болып табылады.

2021 жылы 10 стратегиялық сессия өткізілді, онда перспективада нарық үрдісіне және тарифтік реттеудегі өзгерістерге байланысты мәселелер, қолданыстағы қуаттардың операциялық тиімділігін арттыру, инновациялық даму, Компанияның қаржылық тұрақтылығын арттыру және басқа да көптеген мәселелер қаралды.

Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесіндегі рөлі

Директорлар кеңесінің тәуекелдер мониторингіндегі рөлі шешімдер қабылдаудың тәуекелге бағдарланған тәсілі қағидатына негізделген. Басқару органы қабылдайтын барлық шешімдерге «осы шешімді қабылдаған және қабылдамаған жағдайдағы ықтимал тәуекелдер» деген тәсіл қолданылады. Компанияның Жарғысында органдар арасындағы жауапкершіліктің аражігі нақты ажыратылған: міндеттемелерді Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің 10 және одан да көп пайызына ұлғайту; басқа заңды тұлғалардың акцияларын 10 және одан да көп пайызына сатып алу немесе иеліктен шығару сияқты мәселелер, сондай-ақ акцияларының 10 және одан да көп пайызы «Самұрық-Энерго» АҚ-ға тиесілі заңды тұлғалар қызметінің мәселелері бойынша міндеттемелер Директорлар Кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Директорлар кеңесі тәуекел тәбет – Компанияның операциялық, қаржылық және инвестициялық қызмет түрлері бойынша шектеулерді белгіледі. Бұл шектеулерге инвестицияларды игеру дәрежесі бойынша ең аз шектеулер; өндіруші қуаттардың техникалық дайындығы бойынша ең аз шектеулер; Цифрлық трансформация бағдарламасының Жол картасын іске асыру мерзімдері бойынша шектеулер, қаржылық сипаттағы шектеулер, мысалы, валюталық мәмілелер және өтімділік мәселелері; жаңа инвестициялар бойынша шектеулер және т. б. сияқты көрсеткіштер кіреді. Директорлар кеңесі Тәуекелдерді басқару жөніндегі есеп шеңберінде тоқсан сайынғы негізде жоғарыда көрсетілген барлық шектеулердің орындалуына үнемі егжей-тегжейлі мониторинг жүргізеді және қажет болған жағдайда нақты тапсырмалар береді. Осылайша, Компанияның Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша жүйелі түрде тоқсан сайынғы негізде өтетін отырыстар шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның ақпараттық қауіпсіздігіне, өндірістік қауіпсіздігіне, қуаттардың жүктеме көтеруге өндірістік дайындық деңгейіне, кредиттік тәуекелге ұшырау шеңберіндегі ағымдағы жағдайға және т. б. қатысты ақпарат қаралады.

Директорлар кеңесінің тәуекелдерді басқару жүйесіне қатысуының маңызы зор және тиімділігі жоғары, тоқсан сайынғы негізде негізгі тәуекелдер бойынша мониторинг жүзеге асырылады: осы тәуекелдерге ұшырағыштықтың өзгерістері бойынша ақпарат ұсынылады, сондай-ақ оларды барынша азайту жоспарларының орындалуы бақыланады..

Директорлар кеңесінің инвестициялық жобаларға мониторинг жүргізудегі рөлі

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында ірі және маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру Директорлар кеңесі оң мақұлдауын берген жағдайда жүзеге асырылады. Бұл талаптар мен рәсімдер Күрделі салымдар жобаларын басқару ережелерімен нақты сипатталып, регламенттелген.

Бұдан басқа, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне тоқсан сайынғы негізде Компанияның инвестициялық қызметі туралы есеп ұсынылады. Күнтізбелік тоқсан аяқталғаннан кейін Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына Стратегиялық жоспарлау комитетінің отырысында инвестициялық жобалар бойынша егжей-тегжейлі есеп ұсынылады: жобалар бойынша бақылау кезеңдеріне (орындарына) қол жеткізу үшін егжей-тегжейлі кестелер, жоспарлар және қажетті іс-шаралар талқыланады.

Директорлар кеңесінің ESG қағидаттарын алға жылжытудағы рөлі

Директорлар кеңесі орнықты даму саясатын жүзеге асырады және ESG саласындағы негізгі құжаттарды қарайды. Директорлар кеңесі осы саладағы негізгі құжат болып табылатын Орнықты даму саласындағы басшылықты бекітті, ол «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша орнықты даму процестерін жүйелеуге бағытталған. Директорлар кеңесі 2023 жылға дейінгі орта мерзімді кезеңге қалыптастырылған орнықты даму саласындағы бастамалар жоспарын бекітті. Жоспарда үш бағыт – экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыттар бойынша бастамалар бар, олар осы бастамаларды іске асырудың іс-шараларын, мерзімдері мен ҚНК-ні қамтиды. Бастамалар жыл сайын Басқарма мүшелерінің қатысуымен арнайы стратегиялық сессияда қаралады.

2021 жылы Директорлар кеңесі ESG саласындағы бағыт векторын айқындады және 2022–2031 жылдарға арналған өзектендірілген Даму стратегиясы шеңберінде Компания халықаралық танылған талдаушылардан ESG рейтингін алу үшін дайындық жүргізуде.

Директорлар кеңесі қызметінің үздіксіздігі

Қызметтің үздіксіздігін қолдау және Директорлар кеңесінің құрамын прогрессивті жаңарту мақсатында Компанияда «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің сабақтастық жоспары жұмыс істейді, оның ішінде оны орындау бойынша іс-шаралар жоспары да бар.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің мүшелігіне кандидаттар ұсыну мен іріктеу тәртібі, сондай-ақ тәуелсіздікті, кәсіби біліктілік пен тәжірибені қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, әралуандық факторларын ескере отырып, ұсыну және іріктеу кезінде пайдаланылатын өлшемшарттар Директорлар кеңесі туралы ережеге, «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңына, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады. Көрсетілген құжаттар Директорлар кеңесі мүдделер қақтығысын болдырмау және оларды басқару үшін пайдаланатын рәсімдерді регламенттейді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Кеңестің жаңадан сайланған мүшесіне өзінің құқықтарымен және міндеттерімен, Компанияның қызметінің негізгі аспектілерімен және құжаттарымен, оның ішінде ең жоғары тәуекелдермен байланысты құжаттармен танысуға мүмкіндік беретін лауазымға енгізу бағдарламасы бекітілді.

Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін Тәуелсіз директорлар жылдық белгіленген сыйақы алады.

Тәуелсіз директорға тәуелсіз директордың тұрғылықты жерінен тыс жерде өткізілетін «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына баруға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру, тәуліктік) өтеледі. 2021 жылы тәуелсіз директорларға төленген барлық сыйақы 122 222 АҚШ долларын немесе 52 527 182 теңгені құрады, бұл алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 46%-ға аз (2020 жылы – 76 937 592 теңге).

Мүдделер қақтығысы

Мүдделер қақтығысын басқарудың тиімді жүйесін құру, сондай-ақ қызметкерлердің мінез-құлқына қойылатын, әрі сақталуы Компанияда жеке мүдделер мен байланыстардың ықпалымен шешімдер қабылдау тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік беретін талаптарды анықтау мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізіледі.

2018 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ-да Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясаты қолданылады, оның аясында басшы қызметкерлер, бөлім бастықтары және одан жоғары қызметкерлер мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы декларация толтырады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-дағы бос лауазымдар мен еншілес және тәуелді ұйымдардағы басқарушы лауазымдарға үміткерлерді (лауазымдар тізбесіне сәйкес) іріктеу барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен мүдделер қақтығыстарын болдырмау мақсатында оларды алдын ала біліктілік талаптарына сәйкестігіне және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының лауазымды тұлғаларымен үлестестігіне тексереді.

Корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу саясатына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері 2021 жылы мүдделер қақтығысына жол берген жоқ, Директорлар кеңесі мүшелерінің жеке мүдделілігі олардың өз міндеттерін тиісінше атқаруына ықпал етуі мүмкін болатын жағдайлар туындаған жоқ; әділ шешімдер қабылдауға ықпал ететін немесе әлеуетті әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысына байланысты жағдайлар тіркелген жоқ, Директорлар кеңесінің мүшелері мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатысқан жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ

Кеңес өз атынан белгілі бір міндеттерді орындау үшін мәселелер мен қабылданатын шешімдерді неғұрлым терең зерделеп, сапалы пысықтау мақсатында тиімді жұмыс істеуі және тиісті назар аударуы үшін өзінің комитеттеріне өкілеттік береді.

Компанияда Директорлар кеңесінің жанында экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша ұсынымдарды дайындауға жауапты мынадай комитеттер жұмыс істейді: Аудит комитеті, Тағайындаулар және сыйақы комитеті, Стратегиялық жоспарлау комитеті, сондай-ақ Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет. Директорлар кеңесі терең зерделеу және комитеттердің әзірленген ұсынымдары негізінде орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, көрсетілген аспектілер бойынша шешімдер қабылдайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕП

КОМИТЕТТЕР БОЙЫНША ОТЫРЫСТАРДА ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР САНЫ



Аудит комитеті

Комитет қызметінің мақсаты Компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасаудың тиімді жүйесін белгілеуге қатысты мәселелерді тереңдете зерттеу үшін Директорлар кеңесіне жәрдем көрсету, оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығы, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқарудың сенімділігі мен тиімділігіне бақылау жасау, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына бақылау жасау, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларының сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – Аға тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Аудит комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыстар саны	8	8	7
Тікелей нысанда	8	8	7
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	**64**		

Негізгі қаралған мәселелер

Қаржылық есептілікті әзірлеу мәселелері бойынша атқарушы органмен, сыртқы аудиторлармен кездесулер өткізілді. Ішкі аудит қызметі, «Комплаенс» қызметі және «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаменті жұмыстарының мәселелері қаралды.

Тағайындаулар және сыйақы комитеті

Тағайындаулар және сыйақы комитеті Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңестік органы болып табылады, ол Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелерін, Басқарма құрамын, Корпоративтік хатшыны, сондай-ақ басқа қызметкерлерді тағайындау және оларға сыйақы белгілеу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеуді қамтамасыз етеді.

Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – Аға Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі;

Тағайындаулар және сыйақы комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыстар саны	8	9	8
Тікелей нысанда	8	9	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	**69**		

Негізгі қаралған мәселелер

Есептік мерзім ішінде **Директорлар кеңесіне** «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша Байқаушы кеңес/Директорлар кеңесі мүшелерін **сайлау мәселелеріне қатысты ұсыныстар берілді.** 2021–2022 жылдарға арналған CEO-1 негізгі позицияларына сабақтастық бағдарламасын алдын ала қарау туралы, Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директордың лауазымын сипаттау (Job description) мен бағалауды алдын ала келісу туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директорының – Басқарма мүшесінің 2021 жылға арналған жеке даму жоспарын алдын ала қарау туралы, «Самұрық-Энерго» АҚ -ның кадр саясатының іске асырылу барысы туралы, Компанияның ұйымдық құрылымын жаңа редакцияда бекіту туралы есепті алдын ала келісу бойынша ұсынымдар берілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің басшысы және Корпоративтік хатшы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәні, «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшелері, Ішкі аудит қызметінің жетекшісі мен Корпоративтік хатшысының мотивациялық НҚК-сі **қаралды**.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау комитетінің мақсаты Компания қызметінің басым (даму) бағыттарын, стратегиялық мақсаттарын (даму стратегияларын) әзірлеу, Компанияның инвестициялық жобаларын, шеберлік жоспарларын және Компанияның ұзақ мерзімді келешектегі қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды іске асыру, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін қоса алғанда, орнықты дамуды басқару жүйесін ендіру мәселелері бойынша ұсынымдар беруді қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- Андреас Сторзел – Аға Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Хоакин Галиндо – Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Стратегиялық жоспарлау комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыстар саны	8	8	8
Тікелей нысанда	8	8	8
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	**45**		

Негізгі қаралған мәселелер

Тоқсан сайын мынадай: 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясын алдын ала қарау туралы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы және Корпоративтік басқару кодексін ендіру туралы, Компанияның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау туралы, Компанияның Даму жоспарының орындалуы туралы, Компанияның инвестициялық жобалары бойынша инвестицияларды игеруі туралы, Компанияның Цифрлық трансформациялау бағдарламасының іске асырылу барысы туралы **есептер қаралды.**

Компанияның Маңыздылық матрицасын, Компанияның Қаржылық стратегиясын, құны 1 млрд теңгеден асатын Екібастұз ГРЭС-1 №4 Энергия блогын күрделі жөндеу жобасын, Қоғам деңгейінде шығаруға жататын стратегиялық емес активтердің (дивестициялардың) тізбесін, 2020 жылғы стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл және кері байланыс тетігі жөніндегі есепті **қаралды.**

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитеттің мақсаты Директорлар кеңесіне қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша ұсынымдар дайындау, бағалау, талдау және тиімді жұмыс жүргізу арқылы Компания қызметінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- Хоакин Галиндо– Тәуелсіз директор, Комитет төрағасы;
- Андреас Сторзел – Аға Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі.

Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыс саны	4	4	5
Тікелей нысанда	4	4	5
Сырттай нысанда	0	0	0
Комитеттің дауыс беру құқығы бар мүшелерінің қатысуы	100%	100%	100%
2021 ж. қаралған мәселелер саны	**9**		

Негізгі қаралған мәселелер

Қауіпсіздік, еңбекті қорғау және өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы есепті тоқсан сайын қарау.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқыс оқиғалар мен бұзушылықтарды тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің тұжырымдамасын қарау.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының Корпоративтік менеджмент жүйесінің саясатын, Қоғам компаниялары тобында 2021 жылға арналған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау.

АТҚАРУШЫ ОРГАН

Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма нысанындағы алқалы атқарушы орган жүзеге асырады.

Басқарма Директорлар кеңесімен ынтымақтастық, барлық мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау рухында өзара іс-қимыл жасай отырып, Компания қызметінің, даму стратегиясының, даму жоспарының және Жалғыз акционер мен Басқарушы орган қабылдаған шешімдердің сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Атқарушы органның төрағасы мен мүшелері өз функцияларын орындау үшін қажетті жеткілікті білімге, дағдыларға және тәжірибеге, сондай-ақ мінсіз іскерлік пен жеке беделге ие.

Басқарма құрамы:

1. Есімханов С.Қ.
2. Түйтебаев С.С.
3. Рысқұлов А.Қ.
4. Ивченко Е.Д.
5. Әділкерімов А.А.

Осы Жылдық есепті бекіту күніне сәйкес Атқарушы органның құрамындағы өзгерістер

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 қаңтардағы шешімімен (№01/22 хаттама) Басқарма мүшесі Руслан Қазбекұлы Жатқанбай өз өкілеттігін тоқтатты.

Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 27 мамыр шешімімен (№ 06/22 хаттама) Ивченко Елена Дмитриевна және Әділкерімов Арман Әділкерімұлы «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма мүшесі болып сайланды.

Есімханов Сұңғат Қуатұлы
Басқарма Төрағасы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1973 жылы 30 қарашада

Компанияның бірінші басшысы болып табылады және Қоғамның атқарушы органына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz

Түйтебаев Серік Сүйінбекұлы
Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1958 жылы 27 мамырда

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: Компаниялар тобының өндірістік-техникалық қызметін үйлестіру және республикалық бюджет қаражатын Компаниялар тобының жұмыс көлемінің уақытылы және сапалы орындалуына қатысты мақсатты игеруі бойынша жұмыстарды бақылау бойынша үйлестіреді және оған бақылау жасайды; қолданыстағы Өндіріс пен күрделі құрылысты жаңғырту және техникалық қайта жарақтандыру бағдарламасының мәселелерін қарайды; «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында тарифтік науқанның уақтылы жүргізілуін, энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті бақылайды.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz

Рысқұлов Айдар Қайратұлы
Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1981 жылы 20 қыркүйекте

Компанияның қаржылық-экономикалық мәселелері, активтер мен пассивтерді басқару, қаржы тарту мәселелері, бухгалтерлік есеп және есеп беру мәселелері саласындағы қызметін үйлестіреді, Даму стратегиясының орындалуын бақылайды.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz

.

Ивченко Елена Дмитриевна
Даму, сату және өзгерістер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 1975 жылы 09 сәуір

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында халықаралық ынтымақтастық, Сату стратегиясын әзірлеу және іске асыру, электр энергиясының, электр энергиясының, қуаттың және көмірдің ішкі және сыртқы нарықтарын талдау, инвестициялық жобаларды әзірлеу, басқару бойынша жұмыстарды бақылауды және ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, инвестиция тарту, трансформация және цифрландыру жобаларын басқарады.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz.

Әділкерімов Арман Әділкерімұлы
Құқықтық сүйемелдеу, қамтамасыз ету және тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор, Басқарма мүшесі

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған: 980 жылы 24 қыркүйек

Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Компания мен ЕТК-дың мүдделерін сақтау мен құқықтарын қорғау, тәуекелдер жүйесін қамтамасыз ету мен бақылау, орнықты даму мен корпоративтік басқару, баға мониторингі және санаттарды басқару мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жұмысты ұйымдастыруды бақылайды және қамтамасыз етеді.

Түйіндеменің толық нұсқасымен мына сайтта танысуға болады: www.samruk-energy.kz

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІ

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы отырыстарының саны

	2019	2020	2021
Отырыс саны	39	35	36
Тікелей отырыстардың үлесі	100%	100%	100%
Қатысуы	99,74%	92,3%	95,6%
Қаралған мәселелер саны	418	504	402

Басқарма сырттай нысандағы отырыстарды өткізу жағдайларын шектеді. Тікелей нысандағы отырыстарда Даму стратегиясын іске асыру, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдері және операциялық қызмет мәселелері талқыланды. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Негізгі қаралған мәселелер

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша: ЕТҮ ішкі нормативтік құжаттары, Компаниялар тобы қызметкерлерінің жалпы саны, ұйымдық құрылымы, штаттық кестесі, лауазымдық жалақыларының сызбалары бекітіліп, ЕТҮ инвестициялық жобалары, ЕТҮ жарғылық капиталдары мөлшерлерінің өзгеруіне қатысты мәселелер, ЕТҮ жарғыларына өзгерістер енгізу, «Самұрық-Энерго» АҚ өкілдерінің ЕТҮ органдарында дауыс беруіне қатысты ұстанымдарын анықтау және басқаларына қатысты мәселелер қаралды.

Басқарма мүшелеріне сыйақы беру

Компания Басқармасының қызметін бағалау және сыйақы беру шарттары мен тәртібін белгілеу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ басшы және басқарушы қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру қағидалары» жұмыс істейді.

Қағида мынадай қағидаттарға сүйенеді:

1. сыйақының Компания мен оның акционерінің мүдделеріне сәйкес келетін міндеттердің орындалуымен өзара байланыстылығы;
2. сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
3. сыйақы мөлшерінің Компания қызметінің нәтижелеріне және қызметкерлердің нәтижелілігіне тәуелділігі.

Атқарушы органның басшысы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі алға қойылған ҚНК-ге қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан теңгесімен, мың	2021 ж.	2020 ж.
Негізгі басқарушы персонал	318,044	210,832
Негізгі басқарушы персоналға берілген барлық сыйақы	**318,044**	**210,832**

Негізгі басқарушы персоналдың сыйақысы қызметкерлердің жалақысын, сыйақысын және өзге де қысқа мерзімді сыйақыларын білдіреді. Негізгі басқарушы персонал 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4 адамнан тұрады (2020 жылғы 31 желтоқсан: 5 адам).

Басқарма комитеттері

Басқарма жанында сарапшыларға мейлінше күрделі мәселелерді шешуде көмек көрсету үшін құрылған консультативтік-кеңесші органдар жұмыс істейді.

Барлық комитеттер Қоғам Басқармасына есеп береді және осы органдар туралы ережелерге сәйкес өздеріне Басқарма берген құзырет шегінде әрекет етеді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Басқармаға Компанияның тәуекелдерін басқару және ішкі бақылау саласында шешімдер қабылдауына көмектеседі, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін, ішкі бақылауды ұйымдастыру, жүргізу, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету және тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, бақылауға және басқаруға арналған процестерді дамыту бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар дайындайды. Комитет сонымен бірге осы салалардағы жұмыстардың үйлестірілуін бақылау бойынша ұсыныстар әзірлеумен айналысады.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор, Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; Ішкі Аудит қызметінің басшысы (дауыс беру құқығынсыз); «Комплаенс» қызметінің комплаенс-офицері (дауыс беру құқығынсыз).

	2021 жылғы есеп
Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	9
Қатысуы, %	100
Негізгі мәселелер	Негізгі тәуекелдер туралы сипаттама мен талдауы берілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі есепті, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы 4-тоқсандағы, 2021 жылғы 1, 2 және 3-тоқсандағы тәуекелдерді азайту жоспарлары мен бағдарламаларын іске асыру бойынша мәліметтерді алдын ала мақұлдау туралы; «Самұрық-Энерго» АҚ Шоғырландырылған тәуекелдер тізілімін, Шоғырландырылған тәуекелдер картасын, әр негізгі тәуекелге қатысты төзімділік деңгейлерін анықтайтын Негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022 жылға арналған негізгі тәуекел көрсеткіштерінің паспорттарын алдын ала мақұлдау туралы; «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2028 жылдарға арналған тәуекелге тәбетін алдын ала мақұлдау туралы; Департаменттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау туралы; Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2021 жылға арналған жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарау және Тәуекелдер жөніндегі комитеттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы; Департаменттің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті

Комитеттің негізгі мақсаты – «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде олардың активтері мен шығындарының құрылымын оңтайландыру, ҚНК-ге мониторинг жүргізу, Даму жоспарларын, қаржылық есептілікті қарау.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қаржылық Бақылау» департаментінің директоры; «Баға Мониторингі және Санаттарды Басқару» департаментінің директоры; Ішкі Аудит Қызметінің аудиторы (дауыс беру құқығынсыз).

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	53
Қаралған мәселелер саны	106
Қатысуы, %	100
Ключевые вопросы	Бірінші күнтізбелік жылға арналған Жылдық бюджеттің бекітілген көрсеткіштері шегінде Компания мен ЕТҮ бюджетіне енгізілген түзетулерді келісу. 2021 жылдың 1-ші жартыжылдығындағы ЕТҮ даму жоспарының орындалуы туралы есепті қарау. ЕТҮ-ны дамытудың 2022–2026 жылдарға арналған жоспарының жобасын қарау

Инвестициялық-инновациялық кеңес

Кеңес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша инвестициялық және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Осы мақсаттар үшін Кеңес инвестициялық және инновациялық қызметке, инвестиция алды және инвестициялық жобалар сатысының белгіленген кезеңдерін іске асыруға, келесі сатыға көшуге қатысты ұсыныстар әзірлейді, Компанияның басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін), оның ішінде жер қойнауын пайдаланумен байланысты объектінің жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алудағы басымдық құқығын іске асыру аясында сатып алу және иеліктен шығару, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобын сыртқы заңды тұлғалармен біріктіру, инвестициялық жобалар аясында заңды тұлғаларды құру бойынша ұсынымдар әзірлейді.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Басқарма Төрағасы;
- **Комитет төрағасының орынбасары** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Дамыту және сату жөніндегі басқарушы директор; Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор; Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор; Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Жобалар Портфелін Басқару» Офисінің басшысы; «Комплаенс» қызметінің басшысы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде; «Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі Аудит Қызметінің бас аудиторы – дауыс беру құқығынсыз сарапшы ретінде.

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	9
Қаралған мәселелер саны	42
Қатысуы, %	80%
Негізгі мәселелер	«Алматы қаласының кабельдік желілерін қайта жаңарту» жобасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы. «Жаңа электр сүзгілерін орната отырып, №1 энергия блогын қалпына келтіру» инвестициялық жобасы бойынша іске қосу-реттеу жұмыстарына жобалау-сметалық құжаттаманы түзетуді мақұлдау туралы.

Кредит комитеті

Кредит комитетінің негізгі міндеттері «Самұрық-Энерго» АҚ активтері мен пассивтерінің құрылымын тиімді басқару жөнінде ұсынымдар әзірлей отырып, кредиттерді (қарыздарды) тартуға, беруге, қаржылық көмек көрсетуге және кепілдіктер беруге, тәуекелдерді барынша азайтуға байланысты мәселелер бойынша уақтылы және сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Комитет құрамы:

- **Комитет төрағасы** – Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор;
- **Комитет мүшелері** – Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директор; Тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор; «Қазынашылық және Корпоративтік Қаржы» департаментінің директоры; «Тәуекел Менеджменті және Ішкі Бақылау» департаментінің директоры; «Жобалар Портфелін Басқару» Офисінің басшысы.
- **Тәуелсіз сарапшы** – «Комплаенс» қызметінің басшысы

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	7
Қаралған мәселелер саны	8
Қатысуы, %	89%
Негізгі мәселелер	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның екінші деңгейлі банктердегі депозиттерге қарыздар мен қаржылық көмек тарту/ұсыну, бос ақша қаражатын орналастыру бойынша мәселелері қаралды.

Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау комитеті

Комитет қызметінің мақсаты еңбекті және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты тәуекелдерді сәйкестендіру және басқару саясаттары мен жүйелердің тиімділігін бағалау мәселелері бойынша тиісті ұсыныстар беру арқылы Компанияның еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі мәселелерді шешуде тиімді жұмысын қамтамасыз ету; өлімге әкеп соқтыратын барлық жазатайым оқиғаларды, сондай-ақ маңызды инциденттерді және мұндай оқиғалар мен инциденттер нәтижесінде жасалатын шараларды талдау; еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлігінде кез келген тәуеліз аудиторлық тексерістердің нәтижелерін зерттеу, қозғалатын мәселелерге жауап ретінде әзірленген кез келген стратегияларға және іс-қимыл жоспарларына шолу және мүмкін болған жағдайда Директорлар кеңесіне аталған мәселелерге қатысты ұсыныстар беру болып табылады.

Комитет құрамы:

- **Комитет Төрағасы** – Басқарма Төрағасы:
- **Комитет Төрағасының орынбасары** – «Еңбекті және Қоршаған ортаны Қорғау» департаментінің директоры;

- **Комитет мүшелері** – «Генерация және Отын» департаментінің директоры; «ЖЭК және Тарату» департаментінің директоры; «Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің директоры; «Еңбекті және Қоршаған ортаны Қорғау» департаментінің бас менеджері.

2021 жылғы есеп	
Отырыс саны	4
Қаралған мәселелер саны	14
Қатысуы, %	100
Негізгі мәселелер	Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен өндірістік жарақаттану саласындағы жұмыс туралы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс туралы есептерді қарау.
	Комитеттің жұмысы туралы жылдық есепті қарау.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО»АҚ-ДА КОМПЛАЕНС-ТӘУЕКЕЛДІ ЖӘНЕ КОМПЛАЕНС-МӘДЕНИЕТТІ БАСҚАРУ

Жедел желі
Пошталық мекенжайы: sk.hotline@deloitte.kz
Телефон: 8 800 080 19 94

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметі қағидаттарының бірі – Комплаенс. Ережелерді ұстану біздің ортақ мақсаттар, мінез-құлық мәдениеті және дәстүрлер біріктірген кәсіпқойлар командасы болып қалуымызға мүмкіндік береді, сондай-ақ Компанияның өзінде де, сондай-ақ іскер серіктестермен де, клиенттермен де өзара түсіністікті тиісті деңгейде ұстап тұруға көмектеседі.

Комплаенс бағытының негізгі міндеті «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметінде туындайтын комплаенс-тәуекелдерді анықтау, бағалау, болдырмау және бақылау бойынша іс-шараларды жүргізу, сыбайлас жемқорлық пен парақорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті құру және комплаенс тәуекелдерінің алдын алу болып табылады.

Компания мына принциптерге негізделген өз ұстанымын қалыптастырды:

- Басшылық тарапынан комплаенс жүйесін дамытуға белсенді қатысу және қолдау: Компанияның Директорлар кеңесі комплаенс бағдарламасын іске асыру туралы есептерді мерзімді негізде қарайды.
- Компания сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және кейіннен өзектендіру бойынша іс-шараларды жүйелі түрде өткізеді.
- Компания анықталған тәуекелдердің деңгейі мен сипатына сай келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерін әзірлеп, енгізеді, ішкі саясат пен рәсімдерді жетілдіреді және өзектендіреді.
- Компания қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға сәйкестік қағидаттары мен стандарттарына оқыту бағдарламасын іске асырып, қолдайды.
- Компания сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша енгізілген рәсімдердің тиімділігіне мониторинг жүргізеді.
- Компанияны сыбайлас жемқорлыққа тарту тәуекелін азайту мақсатында Компанияда контрагенттерге де, сондай-ақ жеке тұлғаларға да қатысты сенімділікті тексеру рәсімдері (Due diligence) әзірленді. Компанияның комплаенс бағдарламасының негізгі құралдарының бірі Компаниямен қарым-қатынасқа түсетін үшінші тұлғалардың, серіктестердің, контрагенттердің сенімділігін тексеру болып табылады. Қызмет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін және іскерлік беделді жоғалту тәуекелдерін болдырмау мақсатында үшінші тұлғалардың сенімділігін тексеру тәжірибесін енгізді. Компаниямен жұмыс істейтін іскерлік серіктестерге, жеткізушілерге және басқа да үшінші тұлғаларға Мінез-құлық кодексінің ережелерін қолдану мақсатында үлгілік шаруашылық шарттарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер» нормалары енгізілді.

Компанияның Комплаенс бағдарламасын Директорлар кеңесі мен Басқарма толық қолдайды және ол Компания мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады.

2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет аясында «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ұйымдық құрылымына комплаенс офицерлері лауазымдары енгізілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының комплаенс офицерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы өзгерістер туралы, салықтық декларациялау туралы, жедел желі жұмысының тәртібі туралы түсіндіру мақсатында 50-ден астам оқыту іс-шарасын өткізді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін комплаенс саясатында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада қабылданған талаптарды түсіндіру бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді.

2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет шеңберінде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылды:

1. 2021 жылғы 15 сәуірде «Самұрық-Энерго» АҚ, «Kazakhstan Bar Association» Заң Консультанттары Палатасы (KazBar) және «Құқықтық саясатты зерттеу орталығы» ҚҚ (LPRC) арасында Ынтымақтастық туралы Меморандум жасалды;
2. «Самұрық-Энерго» АҚ мен еншілес және тәуелді ұйымдарында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді және ДК-нің 06.11.2020 ж. №11/20 шешімімен бекітілді;
3. «Самұрық-Энерго» АҚ барлық компаниялар тобының сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері Мінез-құлық кодексінің талаптарымен, Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясатпен 100% танысты, қызметкерлер тест тапсырды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты мен әдістерін оқыту

Атауы	Барлығы	Әкімшілік-басқару қызметкерлері	Өндірістік қызметкерлер	Оқыту нақты
«Самұрық-Энерго» АҚ	167	167	–	100%
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	509	56	453	100%
«Мойнақ СЭС» АҚ	123	22	101	100%
«Шардара СЭС» АҚ	137	20	117	100%
«Екібастұз ГРЭС-2» АҚ	1417	86	1331	100%
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	3822	129	3693	100%
«АлЭС» АҚ	3116	174	2942	100%
«Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	1393	115	1278	100%
«Богатырь Көмір» ЖШС	7298	472	6826	100%
«Samruk-Green Energy» ЖШС	22	8	14	100%
«БЖЭС» ЖШС	29	11	18	100%
«Энергия Семиречья» ЖШС	21	21	–	100%
«Бұқтырма СЭС» АҚ	10	10	–	100%
«Тегіс Мұнай» ЖШС	3	3	–	100%
«Ereymentau Wind Power» ЖШС	14	14	–	100%
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	2	2	–	100%
«Energy Solutions Center» ЖШС	68	18	50	100%
БАРЛЫҒЫ	**18 151**	**1 328**	**16 823**	**100%**

Комплаенс бағдарламасы шеңберінде барлық қызметкерлер мен мүдделі тараптарға заңнаманы, реттеуші талаптарды және этика мен комплаенс мәселелері бойынша ішкі құжаттарды нақты және болжамды бұзушылықтарға қатысты өздерінің алаңдаушылықтары туралы хабарлай алуы үшін Бастамашылықпен ақпараттандыру желісі (жедел желі/Speak up) ретінде коммуникация құралдары ұсынылды. Бұзушылықтар туралы хабарлаған адамдарға құпия және жасырын негізде хабарлама жіберу мүмкіндігі берілді, сондай-ақ қысым жасамауға және олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға кепілдіктер беріледі. Үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес және хабарлаушылардың мүдделерін қорғау үшін жедел желіге «Делойт» тәуелсіз компаниясы әкімшілік етеді, жедел желіге келіп түскен барлық шағымдар мен өтініштер тіркеліп, кәсіби және құпия қарауды қамтамасыз ететін «Комплаенс» қызметіне беріледі. Хабарламаны барынша тиімді өңдеу мақсатында байланыс ақпаратын ұсыну функциясы бар, бірақ сондай-ақ жасырын хабарлама қалдыруға болады. Жасырын шағымдар бойынша жауаптар тәуелсіз компанияға оларды кейіннен өтініш берушіге жіберу үшін беріледі.

2021 жылы Компанияның «Комплаенс» қызметі Компанияға және «жедел желіге» келіп түскен 70 өтініш пен шағымды қарады. Өтініштер мен шағымдарды қарау шеңберінде Аудит комитетінің тапсырмасы бойынша тексерулер мен тергеулер, сондай-ақ Жоспарлы тексерулер комплаенсы жүргізілді. Аудит қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша процестерде заңнама мен ішкі құжаттардың талаптарын бұзушылықтар анықталды, тәуекелдерді жою және азайту бойынша ұсынымдар берілді, басшылар мен жауапты қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту бойынша шаралар қабылданды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компаниялар тобы бойынша «АЖК» АҚ АЭЖ бас инженерінің әрекеттерінде 1 сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тіркелді. 2021 жылғы 2 қарашадағы сот үкіміне сәйкес қызметкер кінәлі деп танылды. Осыған ұқсас жағдайларға жол бермеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері үшін комплаенс саясатында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамада қабылданған талаптарды түсіндіру бойынша оқыту іс-шаралары өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қатысты бұзушылықтарға байланысты іскерлік серіктестермен шарттарды бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

2021 жылы кемсітушілік жағдайлары тіркелген жоқ.

ОМБУДСМЕН

Пошталық мекенжайы: akylov@samruk-energy.kz,
ombudsman@samruk-energy.kz
Телефон: +7 (7172) 55-30-15

Қызметкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында Компанияда Омбудсмен қызметін жүзеге асырады. Омбудсмен - Директорлар кеңесіне есеп беретін жоғары деңгейдегі тәуелсіз менеджер, ол өз қызметінде тәуелсіздік, бейтараптық, әділдік және құпиялылық қағидаттарына сүйенеді. Омбудсмен Компаниядағы корпоративтік құндылықтар мен мәдениетті, кәсіби мінез-құлық пен іскерлік этиканың жоғары стандарттарын орнату мен дамытуға ықпал етеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 наурыздағы шешімімен Компанияның Омбудсмені болып 2021 жылғы 1 сәуірден бастап Ақылов Нариман Бекетұлы тағайындалды.

Омбудсменнің міндеттері:

- еңбек дауларын, жанжалдарды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешуге, сондай-ақ қызметкерлердің іскерлік этика қағидаттарын сақтауына жәрдемдесу;
- қадағалайтын Компанияның рейтингі мен имиджін арттыруға, даулар мен жанжалдардың ерте алдын алуға және реттеуге жәрдемдесу;
- компанияның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің арасында бейресми байланысты қамтамасыз ету, осы негізде жетілдіруге арналған проблемалар мен бағыттарды уақтылы анықтау, Компанияның саясаты мен рәсімдерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

Омбудсмен жыл сайын Директорлар кеңесінің назарына өзі анықтаған, жүйелі сипатқа ие және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді жеткізеді, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар береді.

2021 жылы Омбудсменге 50-ден астам өтініш келіп түсті, олардың басым бөлігі еңбек заңнамасы және іскерлік әдеп кодексінің нормалары бойынша кеңес берумен байланысты. Негізінен өтініштер әлеуметтік-еңбек қатынастары; әлеуметтік мәртебесі (лауазымы); еңбекақыға және сыйақыға қанағаттанбау; өңірлік коэффициентті қолдану; зиянды болмысы және қайта өңделгені үшін қосымша төлемдер; медициналық сақтандыру және т. б. мәселелерге қатысты болды.

Есепті кезеңде пандемия кезіндегі қауіпті жағдайлар мен жеке қорғаныш құралдарын сатып алу және беру, арнайы киімнің сапасы сияқты еңбек жағдайларына байланысты өтініштер тіркелді.

Омбудсмен барлық өтініштер бойынша кеңестер берді, толық жауаптар мен ұсынымдар берді, еншілес және тәуелді ұйымдардың қызметкерлерімен және басшыларымен жеке кездесулер (сұхбаттар) өткізді. Өтініштер мен оларға жауаптардың жалпы алғанда Компанияның әлеуметтік тұрақтылығына тигізетін теріс әсері жоқ. Омбудсменге нәсілдік, діни, ұлттық, жыныстық, жас, саяси және басқа да белгілері бойынша кемсітушілікке қатысты бірде-бір өтініш тіркелген жоқ.

ҚЫЗМЕТ АУДИТІ

Ішкі аудит

«Самұрық-Энерго» АҚ Ішкі аудит қызметі (бұдан әрі – ІАҚ) Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз, объективті кепілдіктер мен консультациялар беру арқылы стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге ықпал етеді.

Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес өз міндеттері мен функцияларын іске асыру кезіндегі Қызмет құрылымының тәуелсіздігі ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне ұйымдық бағыныстылығы мен функционалдық есеп беруін көздейтін тиісті ұйымдастырушылық мәртебесімен қамтамасыз етіледі.

Директорлар кеңесі Компанияның жоғарғы басқару органы бола отырып, Компанияның қызметі мен менеджментін басқаруға және қадағалауға жауапты.

Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді Басқарма қызметін бақылау және Басқарма мен Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдарды әзірлеу арқылы тереңдете пысықтау мақсатында Директорлар кеңесінің жанында Аудит жөніндегі комитет жұмыс істейді, ол тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Компанияның бақылау ортасы ішкі бақылау жүйесінің басты міндеттеріне қол жеткізу үшін қажетті құрылым мен алғышарттарды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өз жұмысы барысында ІАҚ:

- тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін бағалайды және оларды жетілдіруге ықпал етеді;
- Директорлар кеңесі мен Басқарманы Кепілдік және сапаны арттыру бағдарламасының нәтижелері туралы тұрақты негізде хабардар етеді;
- Директорлар кеңесіне тұрақты негізде өз қызметі туралы есептілікті ұсынып, ішкі және сыртқы аудит ұсынымдарының орындалу барысы туралы ақпаратты Басқарманың назарына жеткізеді;
- Директорлар кеңесінің, Басқарманың және Жалғыз акционердің пікірлерін ескере отырып, тәуекелдерді бағалау негізінде ІАҚ жылдық аудиторлық жоспарын жасайды.

Есептілікті ұсыну жиілігі және оның мазмұны жоғарғы атқарушы басшылықпен және Директорлар кеңесімен талқылау барысында айқындалады және хабарланатын ақпараттың маңыздылығы мен Компанияның жоғарғы атқарушы басшылығы мен Директорлар кеңесі тарапынан талап етілетін іс-қимылдардың жеделдігіне байланысты болады.

2021 жылы Ішкі аудит қызметі Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес барлық 22 аудиторлық тексеруді орындады.

Аудиторлық тапсырмалардың басымдылығы өзіне тән тәуекелдері неғұрлым жоғары процестерді таңдау арқылы, сондай-ақ Жалғыз акционер мен «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің аудиторлық тексерулерді жүргізуге қатысты басымдыққа ие сұратулары арқылы анықталған. Есепті кезеңдегі тексерудің негізгі бағыттары:

- еңбекті және қоршаған ортаны қорғау процестерін бағалау;
- менеджменттің ПӘК-ке қол жеткізу дәрежесін бағалау;
- қаржы-шаруашылық қызметінің аудиті;
- ағымдағы және күрделі жөндеулер мен инвестицияларды бағалау;
- корпоративтік басқару диагностикасы;
- сатып алу процестерін бағалау.

Барлық аудиторлық тапсырмалар Ішкі аудиттің халықаралық кәсіптік стандарттарына сәйкес орындалған және тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жақсарту мақсатында түзету/алдын алу шараларын қабылдауға бағытталған қорытындыларды, анықтаулар мен ұсынымдарды қамтиды.

Аудиторлық есептер шеңберінде ІАҚ тарапынан 191 ұсыным берілді, оның ішінде 79 А санаты, 102 В санаты және 10 С санаты бойынша.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Директорлар кеңесі ІАҚ қызметін «ТИІМДІ» деп бағалады.

Сыртқы аудит

Компанияның аудиторлық ұйымын таңдау «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ мен дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы меншік немесе сенімгерлікпен басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың Аудиторлық ұйымды таңдау қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Аудиторлық ұйымды таңдаудағы негізгі критерийлер қызметтің сапасы мен құны болып табылады.

2012 жылдан бастап Компанияның сыртқы аудиторы PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) әлемдік фирмалар желісі болып табылады.

PwC аудиторлық және кеңес беру қызметін ұсынуда жетекші орынға ие: аудит бойынша осы аудитордың клиенттері қатарына FTSE 100 және Fortune 500 рейтингтеріне енген компаниялардың жартысына жуығы кіреді.

Әлемнің түрлі елдерінде отын-энергетикалық кешен кәсіпорындарына көрсетілетін қызмет сапасын жақсарту мақсатында PwC фирмасы аясында Дүниежүзілік Энергетикалық Қызмет құрылды, онда 4,000-нан астам маман жұмыс істейді.

Неғұрлым толық ақпаратты www.pwc.kz сайтынан алуға болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Аудиторлық ұйымдардың қызметін пайдалану саласындағы саясатына сәйкес, Компания әр бес жыл сайын аудит үшін негізгі жауапкершілікті иеленетін серіктесті ауыстыру принципін қолданады. 2016–2017 жылдары аудит үшін Бауыржан Бұрханбеков негізгі жауапты серіктес болды. 2018 жылдан бастап негізгі серіктес – Дана Іңкәрбекова.

Бұған қоса «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында аудиторлық ұйымның қызметкерлерін жұмысқа қабылдау шарттары ерекше. Сонымен, Компанияның міндетті аудитіне Компанияның Басқарма мүшесі, басқарушы директоры немесе бас аудиторы лауазымына тағайындалған (сайланған) күнінің алдындағы екі жылда аудиторлық ұйымның қызметкері ретінде екі жыл бойына қатысқан аудиторлық ұйымның қызметкерін тағайындау мүмкін болған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Аудит комитетінің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

PwC Компанияның төменде көрсетілген ЕТҮ-ларында аудит жүргізеді:

Компания	Қызмет түрі	Кезең
«Самұрық-Энерго» АҚ	Холдингтік компания	2008–2010, 2012–қазірге дейін
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Павлодар облысында орналасқан электр станцияларында көмірді пайдалану арқылы электр және жылу энергиясын өндіру	2013–қазірге дейін
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр энергиясын тасымалдау, желілердегі электр энергиясын техникалық тарату қызметі	2010, 2012–қазірге дейін
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қ. мен Алматы облысы үшін электр- және жылу энергиясын өндіру	2010, 2012–қазірге дейін
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қ. мен Алматы облысы аумағында электр энергиясын сатуды жүзеге асырады	2008–2010, 2012– қазірге дейін
«Шардара СЭС» АҚ	Электр энергиясын өндіру	2007 ж.
«Мойнақ СЭС» АҚ	Шарын өзенінде су электр станциясын салу	2008, 2012–қазірге дейін
«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде өндірілетін көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	2005–2009 жж.
«Богатырь Көмір» ЖШС	«Богатырь» және «Северный» көмір кесіктерінде ашық тәсілмен тас көмір өндіру	2008–2010, 2012–қазірге дейін.

Аудиторлық ұйымға 2021 жылы көрсетілген аудиторлық қызметі үшін төленген сыйлықақы

Қызметтер	«Самұрық-Энерго» АҚ	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы
2021 жылғы аудит үшін	32 408 800 теңге	159 323 729 теңге

2021 жыл ішінде PWC қаржылық есептілік аудитіне қатысы жоқ қызметтерді ұсынбады.

НЕГІЗГІ ӘСЕРЛЕР, ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ МҮМКІНДІКТЕР

Компанияда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі тиімді жұмыс істейді және тұрақты түрде жетілдіріліп отырады.



Тәуекелдерді басқару жүйесі Басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, басқару және мониторинг жүргізу арқылы Компания үшін қолайлы тәуекелдер деңгейін қамтамасыз ету және осындай іс-әрекеттерден барынша пайда алу үшін ресурстарды басым бағыттар бойынша тиімді басқаруға және бөлуге мүмкіндік береді.

Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Компанияның тәуекелдерге тез жауап беруге, Компанияның негізгі және қосалқы бизнес-процестері мен күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруды көздейді.

Жыл сайын Директорлар кеңесі Қоғамның тәуекелге тәбетін сандық және сапалық тұрғыдан анықтайды, тәуекел-тәбет негізгі қызмет түрлеріне қойылатын шектеулерді қамтиды және тоқсан сайын оның сақталуына бақылау жасалады.

Негізгі бизнес-процесс иелері тұрақты негізде тәуекелдер мен бақылаулар матрицаларын, оның ішінде қаржылық есептілікті дайындау процесінің басты негіздемелерін жаңартып отырады және Компанияның Директорлар кеңесінің қарауына және бекітуіне ұсынады.

Жыл сайын Тәуекелдер тізілімі, Тәуекелдер картасы, негізгі тәуекел көрсеткіштері және Негізгі тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары жасалып, Компанияның Директорлар кеңесіне қарауға және бекітуге ұсынылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылға арналған тәуекелдерін сәйкестендіру бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіне тән 33 тәуекел сәйкестендіріліп, бағаланды, ПӘК шекті мәні жаңартылды, тәуекел иелері тәуекел факторлары мен оларды азайту шараларын өзектендірді.

Осы қайта бағалау нәтижелері бойынша 2021 жылға арналған Тәуекелдер картасының негізгі аймағына 10 тәуекел (2020 жылы – 10 негізгі тәуекел) енді:



№	Тәуекел атауы
1	Қызметтік міндеттерін атқару процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне, өндірістегі жазатайым оқиғаларға залал келтіру тәуекелі
2	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының іске асырылатын /перспективалық инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелі
3	Электр энергиясын сату жоспарының орындалмау тәуекелі
4	Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі
5	Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел
6	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы адами ресурстардың тәуекелдері
7	Валюталық тәуекел
8	Кредиттік тәуекел
9	Тариф белгілеу тәуекелі
10	Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листинг талаптарын бұзу тәуекелі

2021 жылғы негізгі өзгерістер (негізгі тәуекелдердің митигациясы)

Тәуекел	Шаралар
Экологиялық тәуекел (ықтималдық бойынша ұлғаю - негізгі аймаққа өту) *Жаңа Экологиялық Кодекс*	Жыл сайын парниктік газдардың үлестік шығарындыларын төмендету бойынша іс-шаралар жүргізіледі
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында іске асырылатын/ перспективті инвестициялық жобалары мен инвестициялық бағдарламаларының тәуекелдері (өзгеріссіз) *Инвестициялық жобалар бойынша толық игерілмеуге қатысты негізгі ауытқу «№3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және жаңғырту» жобасы бойынша ҚР-мен шекарада ҚХР енгізген карантиндік шектеулер және келісім жасасу жөніндегі корпоративтік рәсімдердің ұзақтығы себебінен туындады*	Жоспарланған шығындарды игеру кейінгі кезеңге ауыстырылады
Қызметтік міндеттерін атқару процесінде қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне залал келтірген өндірістегі жазатайым оқиғалардың тәуекелі (ықтималдық бойынша ұлғаю) *2021 жылдың басынан бастап еңбек қызметіне байланысты 5 жазатайым оқиға тіркелді*	«Еңбекті және Қоршаған ортаны қорғау» департаментінің Жұмыс жоспарына сәйкес
Кредиттік тәуекел (өзгеріссіз) *Екінші деңгейлі банктердегі тұрақсыз жағдай*	Контрагент-банктерге арналған лимиттерді сақтау мониторингі, сондай-ақ ЕДБ тұрақтылығын тұрақты бағалау
Сыртқы кредиторлардың ковенантын және листинг талаптарын бұзу тәуекелі (ықтималдылығы бойынша артуы)	Ковенанттарды, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық коэффициенттерін сақтау мониторингі, борыштық жүктеме мен пайыздық төлемдер деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар
Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (өзгеріссіз)	Көтерме сауда нарығына электр энергиясын жеткізудің тәуліктік кестесін қалыптастыруға күнделікті қатысу және орталықтандырылған сауда-саттыққа қатысу, ҚР көтерме сауда нарығының тұтынушыларын тарту
Трансформациялау бағдарламасын іске асырумен байланысты тәуекел (өзгеріссіз)	Жол картасының орындалуына мониторинг жүргізу
Өндірістегі авариялар мен апаттар тәуекелі (өзгеріссіз)	Күрделі және ағымдағы жөндеулерді орындау, жабдықтардың техникалық жай-күйін мерзімді куәландыру, кәсіпорындардың жедел персоналына нұсқамалар мен аварияға қарсы жаттығулар жүргізу
Пайыздық тәуекел (ықтималдық бойынша ұлғаю - негізгі аймаққа өту) *Инфляцияның өсуіне байланысты пайыздық шығыстардың ұлғаюы*	Құбылмалы мөлшерлемеге орай қарыздарды қайта қаржыландыру

«Самұрық-Энерго» АҚ бизнес-процестерінің қызметі пайда болған және осы бизнес-процестердің ықтимал және әлеуетті тәуекелдерін қатар басқарған уақыттан бастап оларды басқаруға арналған көптеген инновациялық шешімдер жасалды.

Тәжірибе көрсеткендей, тәуекелдер бағалау және алдын алу қажет болатын бизнес-процестер қызметінің кез келген түрінде туындайды.

Бүгінгі күні тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша түрлі шешімдер бар, олардың бірі «Самұрық-Энерго»АҚ-да қабылданды.

2018 жылғы қарашадан бастап корпоративтік басқарудың маңызды бөлігі болып табылатын және мынадай өзгерістерге жататын 3 кіріктірілген кіші жүйеден тұратын «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын іске асыру бойынша жұмыстар басталды, олар:

1. Тәуекелдерді басқару жүйесі (жүйені жетілдіру);
2. Ішкі бақылау жүйесі (бақылау рәсімдерінің дизайнын бағалау және операциялық тиімділігін тестілеу жүйесін пысықтау);
3. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жүйесі (жүйені енгізу).

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Тәуекелдерді басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасын (бұдан әрі – Жоба) іске асыру шеңберінде мынадай бірқатар іс-шаралар кезең-кезеңімен орындалды:

1. Жобаны іске асыру процесінде шешуші болып табылатын ЕТҮ-лар анықталды;
2. Жобаны іске асыру жоспары анықталды, бұл құжатта «Самұрық-Энерго» АҚ және оның негізгі ЕТҮ-лары үшін іс-шаралар белгіленді;
3. Жобаны іске асыру үшін жұмылдырылған процестер анықталды (өндірістік және АТ процестері);
4. «Самұрық-Энерго» АҚ-да және оның ЕТҮ-ларында («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) Жоба шеңберінде қызмет үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін жауапты тұлғалар тағайындалды;
5. ЕТҮ-ларда («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) белгіленген процестер шекті топтарға бөлінді;
6. ЕТҮ-ларда («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) ішкі нормативтік құжаттар (Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету қағидалары) әзірленді;
7. «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕТҮ-ларында («Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ, «Шардара су электр станциясы» АҚ, «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС) Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарлары мен Қызметтің үздіксіздігін қалпына келтіру жоспарлары әзірленді;
8. Жобаны іске асыру аясында негізгі ЕТҮ-лар үшін қолданыстағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде ішкі бақылау жүйесін тестілеу әдістемесі әзірленіп қолданысқа енгізілді;
9. Жобаны іске асыру аясында негізгі ЕТҮ-лар үшін қолданыстағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидалары негізінде қызмет үздіксіздігін басқару жүйесін тестілеу әдістемесі әзірленіп қолданысқа енгізілді;
10. «Екібастұз ГРЭС-2» АҚ, «Алматы электр станциялары» АҚ, «Мойнақ су электр станциясы» АҚ, «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ мекемелерінде ішкі бақылау және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйелеріне сынама тестілеу өткізілді;
11. есепті кезең ішінде Жоба қызметі аясында мерзімді түрде түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
12. Жобаның іске асырылу барысына тексеру жүргізілді (барып көру арқылы).

03

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ESG ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕСТІК	144
КОРПОРАТИВТІК КОММУНИКАЦИЯ СТРАТЕГИЯСЫ	151
«ЭКОНОМИКАЛЫҚ» САНАТ	156
«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ» САНАТ	166
«ӘЛЕУМЕТТІК» САНАТ	180

Есептің онлайн нұсқасы Компанияның *www.samruk-energy.kz* сайтында қол жетімді

03|1 ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ESG ҚАҒИДАЛАРЫНА СӘЙКЕСТІК



Компания өз қызметінің экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді және ұзақ мерзімді құндылықты арттыруға ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімділігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді перспективада оның тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ, БҰҰ ОДМ, МІНДЕТТЕМЕЛЕР, ТАЛАПТАР, БАСТАМАЛАР

СТРАТЕГИЯ	МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР	МАҚСАТ ПЕН МІНДЕТТЕР	БИЗНЕС-ПРОЦЕССТЕР	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ
Үш құрамдас бөлік бойынша (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) ішкі және сыртқы жағдайды талдау, тұрақты даму саласындағы қауіптерді анықтау, миссия мен көзқарастардағы қағидаттарды іске асыру	Мүдделі тараптардың картасын салу және оларды тарту әдістері / арналары	Тұрақты даму жөніндегі нұсқаулық, тұрақты даму саласындағы тиімділік көрсеткіштерін қалыптастыру	Директорлар Кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде орнықты даму қағидаттарын ұстану. Шешімдер қабылдаудың негізгі және шешуші процестеріне тұрақты дамуды интеграциялау	Даму бойынша тұрақты бастамалар, саясат, жоспарлар және мүдделі тараптардың қатысуымен жобалар

Үнемі есеп беру, көрсеткіштердің орындалуын бақылау, мақсаттарға қол жеткізу және KPI бағалау, түзету шараларын қабылдау, мүдделі тараптар үшін тиімді кері байланыс Үздіксіз жетілдіру мәдениетін енгізу. Шенеуніктер мен қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы үздіксіз білімі

Орнықты даму қағидаттары үш деңгей тұрғысында енгізілді.

1. **Стратегиялық интеграция** – орнықты даму қағидаттары Стратегияға енгізілді (толығырақ «Компанияның даму стратегиясы» бөлімінде);
2. **Операциялық интеграция** – Компания басшылығы барлық корпоративтік шешімдерді орнықты даму саласындағы қағидаттар мен мақсаттарға сәйкестік критерийлеріне сүйене отырып қабылдайды;
3. **Мәдени интеграция** Компаниядағы қызметкерлерді оқыту, Компанияның корпоративтік порталына мақалаларды орналастыру шеңберінде, сондай-ақ Мінез-құлық кодексі шеңберінде іске асырылады (толығырақ «Әлеуметтік аспект» бөлімінде).

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Даму стратегиясын жаңартты, осы құжатқа сәйкес Компания Тұрақты дамуды Стратегияның негізгі басымдықтарының бірі ретінде белгілей отырып, ESG қағидаттары призмасы арқылы миссиясы мен пайымына қол жеткізуді көздейді.

Компания үшін тұрақты дамудың негізгі факторлары адамдардың әл-ауқаты, экологиялық тепе-теңдік және сонымен бірге компанияның ұзақ мерзімді қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Тиісінше, Қоғамның 2022–2031 жылдарға белгіленген қызметі барлық мүдделі тараптардың мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, экологиялық (E), әлеуметтік (S) және басқару (G) қағидаттарының сәйкестігіне негізделген.

Компания өз қызметінде тәуекелге негізделген тәсілді қолдана отырып, ұзақ мерзімді перспективада құндылықтың тұрақты өсуіне және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылады.

Осы мақсатта тәуекелдерді басқару құралдарын және тұрақты дамуға бағытталған көзқарас пайдаланыла отырып, тұрақты негізде тәуекелдерге кешенді бағалау жүргізіледі:

1. тұрақты дамудың жаһандық факторларының әрекетімен байланысты ағымдағы және болашақ тәуекелдерді бағалау;
2. экономикалық, әлеуметтік-демографиялық және экологиялық тенденцияларды болжау;

3. Компанияның әрекет ету аймағындағы ықпалының әлеуметтік, экологиялық және экономикалық аспектілерін талдау;
4. Компанияның әрекет ету аймағына әсерін басқару, тәуекелдерді азайту және мүмкіндіктерді іске асыру жөніндегі шараларды әзірлеу;
5. тұтастай алғандағы тәуекел мәдениетін арттыру, тәуекелдерді басқару шараларының тиімділігін талдау, ағымдағы және болашақ тәуекелдермен байланысты мүмкіндіктерді анықтау.

Қоғам үшін тұрақты даму саласындағы негізгі үрдістер мен тәуекелдер

Экономикалық аспект		
Үрдістер	**Тәуекелдер**	**Мүмкіндіктер**
Электр энергиясын тұтынуда өсу қарқынының бәсеңдеуі	Макроэкономикалық жағдайдың нашарлауы, электр энергиясына сұраныстың өсуінің баяулауы; сұраныстың нақты өсімінен асып түсетін жаңа қуаттарды іске қосудың жоғары жоспарлы қарқыны	Қолданыстағы активтер портфелін тиімді пайдалану
Жаһандық баға құбылмалылығына орай өндіруші салалардың дағдарыстарға бейімділігіне байланысты экономикалық жүйенің тұрақсыздығы күшейеді	Жаңа жобаларды қаржыландыруға қол жеткізуге кедергі келтіретін дағдарыстардың ықтималдығын арттыру	Өндіріс тиімділігін арттыру, қолданыстағы қорларды жаңғырту
Энергия үнемдеуді арттыру және экономиканың энергия тиімділігін арттыру	Дәстүрлі энергия көздерінен алынатын электр энергиясына сұраныстың төмендеуі	Көмір арқылы өндіруді «таза» көмірдің озық технологияларымен бірге пайдалану
Экологиялық аспект		
Үрдістер	**Тәуекелдер**	**Мүмкіндіктер**
Экономиканы декарбонизациялау үрдісі	Көмір өндірудің газға, СЭС, АЭС, ЖЭК нысандарына қатысты бәсекелестік жағдайының нашарлауы	Жаңа жобаларды («таза көмір», жерасты көмірді газдандыру, метан өндіру, жаңартылатын энергия өндіру) дамыту үшін тиімді шарттармен несие алу; қолданылатын отынның сапасын арттыру
Экологиялық заңнама талаптарын қатайту	Экологиялық нормалар мен стандарттарды қатаңдату; шығарындылар үшін төлем ставкаларын арттыру; суды тұтынуға қойылатын талаптарды күшейту – суды қайта өңдеуге көшу, парниктік газдар шығарындыларын реттеуді күшейту; қалдықтарды кәдеге жарату шығындары	«Жасыл» технологияларды қолдануды кеңейту
Жергілікті қауымдастықтар тарапынан қойылатын экологиялық талаптарды арттыру	Жеткілікті кәсіби талдау болмаған жағдайда экологиялық ақпаратта БАҚ қызметі, Қоғамның жағымсыз имиджін қалыптастыру	PR «жасыл» көшбасшы және табиғатты пайдаланудың жауапты субъектісі ретінде, қоғамның адалдығын арттыру

Әлеуметтік аспект		
Үрдістер	**Тәуекелдер**	**Мүмкіндіктер**
Халық санының баяулауы	Электр энергиясына деген сұраныс деңгейінің баяулауы	Қажет болған жағдайда экспорттық әлеуетті дамыту
Жоғары білікті мамандарға деген сұраныстың артуы	Қажетті білктілігі бар мамандардың жетіспеушілігі, «озыңқы» еңбек құнын артуы шығындардағы ЕТҚ үлесінің өсуі	Еңбек өнімділігін арттыру; өнім сапасын арттыру; білім сапасын арттыру және мамандарды даярлау
Өнеркәсіптік сектордағы жұмыстың тартымдылығын азайту	Компанияның бос жұмыс орындарының күрделілігін арттыру	Кадрлық резервті дамыту, Қоғамдағы лауазымдар сабақтастығы

Жоғарыда көрсетілген қағидаттарға және Компания қызметінің сыртқы және ішкі бағалауы, тұрақты дамудағы тәуекелдерге орай, экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерді тиімді және сәтті басқару мақсатында Компания келесі бағыттар бойынша тұрақты даму бастамаларын жүзеге асырады:

1. жоғары этикалық нормаларды енгізу және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру;
2. тұрақты даму қағидаттарын енгізу және барлық инвестициялық кезеңдерде жобаларды басқару практикасы бойынша тәуекелге бағытталған тәсілдерді енгізу: Компанияның тұрақты даму саласындағы көшбасшылығына сәйкес әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салаларға әсерді бағалау және басқару (мәжбүрлеп қоныс аудару, биоәртүрлілік, мәдени мұра және т. б.);
3. қаржылық тұрақтылықты арттыру;
4. адал және еркін бәсекелестікке, өзара тиімділік, ашықтық және міндеттемелер үшін толық жауапкершілікке, сондай-ақ міндеттемелер үшін толық жауапкершілікке негізделген, сондай-ақ Компанияның тұрақты даму саласы бойынша бекітілген нұсқаулығын ескере отырып, Компания жеткізушілеріне арналған этикалық нормалар мен басшы нұсқаулықтардың қадағалануы бойынша талаптар енгізу;
5. қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне ынталандыру және халықаралық стандарттарды қолдана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесін бақылаудың тиімділігін арттыру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру;
6. әлеуеметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаларын ұстану, адами капиталға инвестиция салу;
7. технологиялардың экологиялық және экономикалық тұрғыдан үздіктерін іздеу және енгізу, өндірістік процестерді оңтайландыру, ЖЭК қолдана отырып жобаларды іске асыру, апаттық жағдайларды анықтау және олардың алдын алуды қамтитын экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Барлық бастамалар барлық негізгі стейкхолдерлер үшін бір немесе басқа бастаманың маңыздылығы негізіндегі басымдыққа ие.

2021 жылғы Орнықты даму бастамалары жоспарының орындалуы туралы есеп Компанияның корпоративтік веб-сайтында орналастырылған: https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ 17 МАҚСАТЫНА ҮЛЕСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде орнықты даму қағидаттарын біріктіре отырып, Орнықты дамудың 17 Мақсатын ұстанады. Компания ОДМ-ның әрқайсысын көрсететін экологиялық және әлеуметтік мәселелердің өзектілігін және кез келген ұйымға әсер ететінін біледі.

03.1 Орнықты даму және ESG қағидаларына сәйкестік

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінде БҰҰ-ның мынадай орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге үлес қосуға ұмтылады:

1-мақсат: Кедейліктің барлық түрлерін кеңінен жою

2-мақсат: Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тамақты жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы жұмыс орындарын сақтауға және жалақыны индекстеуге ұмтылады (2021 жылдың нәтижелері бойынша индекстеу орташа есеппен 5%-ды құрады). 2021 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша қызметкерлердің орташа жалақысы ұқсас көрсеткішке қатысты 14%-ға өсті (толығырақ «Әлеуметтік санат» бөлімінде). 2021 жылы Компаниялар тобы ұжымындағы қызметкерлердің жалақысы өткен жылғы ұқсас көрсеткішке 273,628 теңгеден 311 652 теңгеге дейін өсті.

Әйелдердің ең төменгі жалақысының ер адамдардың ең төменгі жалақысына қатысы 100% құрайды. «Самұрық-Энерго» АҚ-да Ұжымдық шартқа сәйкес, үстеме жұмысқа ақы төлеу, мереке және демалыс күндеріне, түнгі жұмысқа ақы төлеу, үстеме ақы төлеу, ауыр жұмыс істейтін жұмысшыларға, зиянды жұмыс істейтіндерге (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайларындағы жұмыскерлерге қосымша ақы төлеу, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы, баланың туылуына, үйлену тойына материалдық көмек және жұмысшылардың мерейтойына байланысты біржолғы көтермелеу (50, 60 және 70 жыл) көзделген. Ұжымдық шартқа сәйкес, қызметкерлерге еңбек шартын бұзған кезде, зейнетке шығарда 3 жалақы мөлшерінде өтемақы төленеді («Әлеуметтік санат» бөлімінде толығырақ ақпарат берілген).

Компания жергілікті жерлердегі халық шаруашылықтарын тұрақты жүргізу мүмкіндігі үшін өзіне қарасты барлық өңірлерін, оның ішінде шалғай аудандар мен елді мекендерді үздіксіз энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге ұмтылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ әлеуметтік-жауапты компания бола отырып, еншілес ұйымдар орналасқан өңірлердің әлеуметтік әл-ауқатына назар аударуға ұмтылады. 2019 жылы еншілес және тәуелді ұйымдар орналасқан өңірлерде қайырымдылық бағдарламаларын іске асыру және оларға қолдау алу мүмкіндігі мәселелері бойынша «SK-Trust» КҚ-мен белсенді өзара іс-қимыл басталды.

Жыл сайын Компания мүгедектерге, тұрмысы төмен азаматтарға, зейнеткерлерге, онкологиялық науқастарға көмек көрсету бойынша бірқатар әлеуметтік бастамаларды жүзеге асырады (толығырақ «Әлеуметтік санат» бөлімінде).

4-мақсат: Жан-жақты және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және барлық адамдар үшін өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу

2021 жылы ақы төленген оқудың жалпы құны 306,428 мың теңгені құрады. Оқытылған жұмысшылардың жалпы саны 13 873 құрайды (Компанияның компаниялар тобының 79%).

Бір қызметкердің оқу сағаттарының бір жылғы орташа саны 49,5 сағатты құрады. Жұмыс істей жүріп білім беру ұйымдарында оқитын қызметкерлерге емтихан және нұсқаушы сессияларын тапсыру кезеңіне, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау мерзіміне, дипломдық емтихандарды дайындау және қорғау үшін қосымша демалыс беріледі. «Самұрық-Энерго» АҚ жетекші отандық жоғары оқу орындарымен бірлесіп жұмыс істейді, оқытудағы басым бағыттардың бірі персоналға халықаралық танылған оқыту бағдарламалары бойынша сертификат беру болып қала береді (толығырақ «Әлеуметтік санат» бөлімінде).

5-мақсат: Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

10-мақсат: Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті азайту

«Самұрық-Энерго» АҚ гендерлік теңдік – бұл адамның негізгі құқықтарының бірі, бейбітшілікке, өркендеуге
және орнықты дамуға қол жеткізу үшін қажетті негіз екенін толық түсінеді. «Самұрық-Энерго» АҚ «БҰҰ Әйелдері» және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты шеңберінде әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдайды. Бұл құжат орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарына бейілділікті, сондай-ақ әйелдер мен еркектерге тең мүмкіндіктер беретін компаниялардың неғұрлым табысты және үздік нәтижелерге қол жеткізетініне сенімділікті болжайды. Қойылған мақсатқа жету үшін Компанияда іс-шаралар жоспары қабылданды.

Компания Мінез-құлық кодексіне, құндылықтар мен қағидаттарға сәйкес, өзінің күнделікті жұмысында кемсітушіліктің болмауына, теңсіздікті азайтуға деген ұмтылыстарын жариялайды және ешкімнің назарсыз қалмауына деген ұмтылысы орнықты даму мақсаттарына жету процесінің ажырамас бөлігі болып табылады (толығырақ «Әлеуметтік санат» бөлімінде).

7-мақсат: Барлығы үшін арзан, сенімді, тұрақты және заманауи энергия көздеріне жаппай қол жетімділікті қамтамасыз ету

Компания «таза» энергияны (ЖЭК) дамытуға баса назар аудара отырып, энергияны тұрақты және кеңінен қолжетімді ету үшін барлық күш-жігерін жұмсайды.

2021 жылдың аяғында «Самұрық-Энерго» АҚ-да 5 ЖЭК нысаны жұмыс істеп келеді. 2013 жылы Қапшағайдағы қуаттылығы 2 МВт болатын бірегей күн станциясы пайдалануға берілді. Бұл электр станциясының ерекшелігі Қазақстанда алғаш рет трекерді бақылау жүйесін қолдану мүмкіндігі. 2015 жылы Қазақстанда Ақмола облысындағы Ерейментау қаласының маңында қуаты 45 МВт болатын Қазақстан бойынша алғашқы өнеркәсіптік ауқымдағы жел электр станциясы пайдалануға берілді. Жел электр станциясы 22 турбинадан тұрады, олардың ортақ қуаты – 2,05 МВт. 2019 жылы Қапшағай қаласында қуаттылығы 416 кВт болатын күн станциясы пайдалануға берілді, бұл нысанда Astana Solar компаниясы шығарған әрқайсысысының қуаты 245 Вт. болатын поликристалды панельдердер пайдаланылды. 2020 жылы Алматы облысының Нұрлы ауылында қуаттылығы 5 МВт жел электр станциясы пайдалануға берілді. 2021 жылы Алматыдағы қуаты 1 МВт болатын күн электр станциясы пайдалануға берілді. Бұл жобалар Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы келісім бойынша жүзеге асырылды.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ электр энергиясын өндіруші ұйымдарының үлесі Қазақстан Республикасындағы жаңартылатын энергия көздерінің 7,7% құрады

25 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ жылдық 11,4% купондық мөлшерлемемен және айналыс мерзімі 6,5 жыл болатын 18,4 млрд теңге мөлшерінде жасыл облигацияларды дебюттік орналастыруды жүзеге асырды.

«Самұрық-Энерго» АҚ «жасыл» облигацияларды шығару шеңберінде «жасыл» қаржыландыру құралдары арқылы инвестициялар тарту процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «жасыл» қаржыландыру саласындағы қағидатты айқындайтын «жасыл» қаржыландыру саласындағы саясатты әзірленді.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергия өндіруші ұйымдарының электр энергиясын өндіру көлемі 2021 жылы 35,6 млрд кВтс құрады. «Самұрық-Энерго» АҚ ЖЭК нысандарының (КЭС, ЖЭС, шағын СЭС) электр энергиясын өндіруі 2021 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында 325,3 млн кВтс құрады.

8-мақсат: Үдемелі, жан-жақты әрі тұрақты экономикалық өсуге, барлық адамдарды толық және өндірістік жұмыспен қамтуға, олардың лайықты жұмыс істеуіне жәрдемдесу

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының ірі жұмыс берушілерінің қатарына кіреді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы персоналының тізімдік саны 17 645 адамды құрады.

Есепті кезеңде толық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады. Әйелдердің ең төменгі жалақысы мене ерлердің ең төменгі жалақысының арақатынасы 100%-ды құрайды (бұл туралы «Әлеуметтік аспект» бөлімінде толығырақ көрсетілген).

9-мақсат: Тұрақты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022-2031 жылдарға арналған Даму Стратегиясының стратегиялық мақсаттарының бірі көміртегі ізін нетто төмендету болып табылады.

Қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания ғылыми әзірлемелерді дамыту бойынша жұмыс жүргізіп келеді, ғылыми-зерттеу қоғамдастығымен тығыз өзара байланыс орнатып, ғылыми әзірлемелердің практикалық тиімділігін арттыруда, оның ішінде отандық кадрлардың зерттеу жұмыстарын жүргізуін қолдайды. Ғылыми әзірлемелерден уақтылы экономикалық әсер алу мақсатында ҒЗТКЖ-ны коммерцияландыру мәселелеріне маңызды назар аударылады.

Осыған байланысты Компания көмір электр станцияларында көміртекті ұстап қалу және сақтау, газдандыру және

көмір химиясы үшін синтез-газ алу технологияларын қолдану мүмкіндігін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа кірісті.

Жобаның мақсаты ЖЭС нысандарының түтін газдарынан CO_2 ұстаудың қолданыстағы және перспективалық технологияларын зерделеу, оларды қолданыстағы технологиялық схемаларға интеграциялау және ұсталған CO_2 көмудің мүмкіндіктерін Қазақстан жағдайында неғұрлым перспективалы технологияларды бағалай отырып, талдау, CO_2-ден синтез-газ өндіру және көмір химиясы өнімдерін өндіру үшін эксперименттер жүргізу болып табылады.

Жобаны іске асыру 2022–2024 жылдар кезеңінде жоспарланған.

Компанияның тағы бір маңызды бастамасы Компанияның жылу электр станцияларында күлі жоғары көмірді жағу кезінде техникалық-экономикалық көрсеткіштерді арттыру мақсатында әзірленген жоба болып табылады. Осы жоба шеңберінде қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесінің (плазмалық-отын жүйесі) технологиясын енгізу мүмкіндігі мәселесі пысықталды.

Компания өз қызметі аясында мынадай ұлттық және халықаралық ұйымдарға, қауымдастықтарға/ұйымдарға мүше болып табылады:

ТМД Электр энергетикалық кеңесі (бұдан әрі – ТМД ЭЭК). Қадағалаушы ретінде қатысуды 2012 жылдан бастады. ТМД ЭЭК-ге мүшелік ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің энергия жүйелерін шоғырландыру процесіне қатысуға, оның ішінде ұжымдық энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге; энергия жүйелерінің параллель жұмыс істеуін камтамасыз етуге; ортақ электр энергетикасы нарығын құруға, энергетика саласында халықаралық шарттарды әзірлеуге; электр энергетикасы саласындағы нормативтік-құқықтық актілерді, техникалық ережелерді біріздендіру мен үйлестіруге және т.б. процестерге қатысуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы (бұдан әрі – ҚЭҚ). 2011 жылдан бастап мүше болып табылады. ҚЭҚ-қа мүше болу ақпарат алмасуға және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық базаны қалыптастыру мен дамытуға, сондай-ақ конференцияларға, семинарлар мен өзге де шараларға қатысуға мүмкіндік береді.

«KAZENERGY» қауымдастығы. 2009 жылдан бастап Қауымдастықтың мүшесі болып табылады. KAZENERGY қауымдастығына мүшелік ҚР-ның инвестициялық ахуалын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бастамалар мен іс-шараларға, өндірістік және ғылыми-техникалық әлеуетті арттыру шараларын әзірлеу мен жүзеге асыруға қатысуға, сондай-ақ құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық мәселелер бойынша көмек алуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы (бұдан әрі – ҚР ҰКП). 2013 жылдан бастап ҚР ҰКП-ның мүшесі болып табылады. ҚР ҰКП-ға мүшелік кәсіпкерлік ортамен байланысты нығайтуға, электр энергетикасы бизнесін тиімді дамытуға, оның ішінде ҚР заңнамалық базасын жетілдіру аясында дамытуға ықпал етеді.

Жобаны іске асыру «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 мамырдағы отырысында мақұлданған.

16-мақсат. Орнықты даму мүддесінде бейбіт сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және көпшіліктің қатысуына негізделген мекемелер құру

Компания бизнес-этиканың, ашықтық пен заңдылықтың, іскерлік әдет-ғұрыптардан және белгілі бір юрисдикцияда бизнесті жүргізудің басқа шарттарынан тәуелсіз жоғары стандарттарын ұстанады. (Толығырақ «Комплаенс» және «Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл» бөлімінде).

17-мақсат: Орнықты даму мүддесін көздей отырып, Жаһандық әріптестік шеңберінде жұмысты жүзеге асыру құралдарын нығайту және жандандыру

2011 жылдан бастап мүшелік етеді. БҰҰ-ның Жаһандық шартына қосылу аясында Компания өз стратегиясында және күнделікті қызметінде Жаһандық шарттың он қағидатын ұстанатыны туралы хабарлайды.

«Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ. «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылы мүше болды, Одаққа мүше болу жаңа өндірістерге ықпалдасу бағдарламалары шеңберінде импортты алмастыру жөніндегі жұмысқа қатысуды ұсынады. Қызметі жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған компания ретінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ны ілгерілетуге ықпал етеді. Қазақстандық нарықта өндірілетін энергетикалық секторға арналған жаңа және өндірілетін жабдықтарға, материалдар туралы ақпаратқа қол жеткізу.

Орталық Азияның Электр Энергетикалық Үйлестіруші Кеңесі. ОА ЭҮК-ке қатысу Орталық Азия елдері арасындағы іскерлік байланыстарды нығайтуға және өңірдің проблемалық мәселелерін талқылауға ықпал етеді.

Дүниежүзілік энергетикалық кеңес (бұдан әрі – ДЭК). ДЭК мүшелігі – мүдделі әлемнің жетекші энергетикалық компанияларының шектеулі санына арналған ЖЭС бағдарламалары мен жобаларында жұмыс істеуге және жаһандық және аймақтық мәселелерді шешуге арналған бағдарларға қатысуға мүмкіндік береді. ДЭК бағдарламасы Халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін эксклюзивті іс-шаралар мен дөңгелек үстелдерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2011 жылдан бастап «Самұрық-Энерго» АҚ БҰҰ Жаһандық шартының белсенді қатысушысы болып табылады және өзінің стратегиясы мен күнделікті қызметінде БҰҰ Жаһандық шартының 10 қағидатын ұстанады.

БҰҰ Жаһандық шартына қосылу аясында Компания жыл сайын https://www.unglobalcompact.org/ сайтында және Компании .https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability/soobshchenie-o-dostignutom progresse-v-2019-godu-ao-samruk-energo корпоративтік сайтында қол жеткізілген жетістіктер туралы хабарламаларды жариялайды.

Компанияның қағидаттары, бағдарламалары, есептері, әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы жаңа жобалары туралы барлық ақпарат https://www.samruk-energy.kz/ru/sustainability корпоративтік сайтының «Орнықты даму» бөлімінде орналастырылады.

Орнықты даму мен корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру мақсатында компания 2022–2023 жылдары әлемдік рейтинг агенттігінен ESG рейтингін алуды жоспарлап отыр.

КОРПОРАТИВТІК КОММУНИКАЦИЯ СТРАТЕГИЯСЫ

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау «Самұрық-Энерго» АҚ үшін маңызды болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау мақсаты Компанияның стратегиялық дамуын және оның қызметін жетілдіру жолдарын дұрыс таңдауды, сондай-ақ Компания үшін де, оның мүдделі тараптары үшін де, қоғам үшін де ұтымды орнықты даму деңгейіне қол жеткізуде оған ықпал етуді айқындайды, өйткені оларда компанияның стратегиялық дамуын тану, айқындау және бағалау, және талдау мүмкіндігін қамтиды:

- ішкі және сыртқы мүдделі тараптардың қажеттіліктері, үміттері мен пікірлері;
- мүдделі тараптар тұрғысынан қиындықтар мен перспективалар;
- ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды толғандыратын маңызды мәселелер.

Компанияның стейкхолдерлермен өзара іс-қимылы мынадай қағидаттар негізінде жүргізіледі:

- мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлері мен артықшылықтарын құрметтеу және ескеру;
- мүдделі тараптарды уақтылы және тұрақты хабардар ету;
- қабылданған міндеттемелерді жауапты орындау.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізі компанияға елеулі ықпал ететін стейкхолдерлерді анықтау және стейкхолдерлердің Компанияға тәуелділік дәрежесі, маңыздылық матрицасын, Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі жоспарды және/немесе стейкхолдерлермен коммуникация жоспарын құру болып табылады.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ



Ішкі стейкхолдерлер – ұйым қабылдайтын шешімдерге тікелей немесе маңызды әсерін тигізетін немесе осы шешімдерге тәуелді стейкхолдерлер

Сыртқы стейкхолдерлер – ұйым қабылдайтын шешімдерге жанама әсері бар стейкхлдерлер

Ескертпе: Шеңбердің өлшемі Компанияның стейкхолдермен өзара іс-қимыл жасау дәрежесін көрсетеді. Ең кіші өлшемі өзара іс-қимылдың шектелген деңгейін көрсетеді. Шеңбердің өлшемі ұлғайған кезде өзара іс-қимыл дәрежесі де ұлғаяды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласындағы үздік тәжірибелерге сәйкес (AA1000, GRI сериялы стандарттар) тиімді өзара іс-қимыл жасау мақсатында «қосылу» қағидаты қолданылады.

Осы қағидат Компания қызметін басқару процесінің барлық сатыларында барлық мүдделі тараптардың мүдделерін назарға алады және ескереді.

«Қосылу» қағидаты өзара әрекеттесудің үш негізгі қағидатына негізделген:

- «маңыздылық» (стейкхолдерлер мен ұйымдар үшін проблемалардың маңыздылығын дұрыс бағалау),
- «толықтық» (Компания қызметі салдарының маңыздылығын түсіну);
- «жауап беру» (тиісті жауапты көрсету).

Әрбір қағидатты ұстану стейкхолдерлермен жан-жақты, өзара тиімді және тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағытталған.

Жаңа жобалар мен нысандарды іске қоспас бұрын Компания міндетті түрде қоршаған орта туралы ақпараттандыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар мен қоғамдық пікірді анықтау мақсатында қоршаған ортаға әсерді бағалау шеңберіндегі қорғауды жүзеге асырады және ұсынылатын қызмет және оның ықтимал әсері туралы жариялылықты бағалау процесінде ескеруді жүзеге асырады.

Әр жоба Мүдделі тараптармен әрекеттесу жоспарында көрсетіліп, мониторинг жүргізіледі, олардың нәтижелері жыл сайын директорлар кеңесіне есеп ретінде беріледі.

Коммуникациялардың тиімділігін және барлық стейкхолдерлермен сындарлы диалогты арттыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ 2021 жылы Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын жаңартты.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылының өзектендірілген жоспары Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау қағидаттарын, Компанияның мүдделі тараптарды сәйкестендіруге және талдауға деген көзқарасын, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауға қойылатын талаптарды, шағымдар беру және қарау тетігін және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шараларды сипаттайды.

Жоспармен «Самұрық-Энерго» АҚ сайтында мына сілтеме бойынша танысуға болады:
https://www.samruk-energy.kz/ru/corporate-governance/corporate-documents#6

Жоспар «Самұрық-Энерго» АҚ стейкхолдерлерінің картасына және мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл практикасына негізделген. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарының іс-шаралары 2021 жылы толық көлемде орындалды.

Еншілес және тәуелді ұйымдар 2021 жылы қолданыстағы инвестициялық жобалар бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жоспарына негізделген өздерінің қызметінде пайдаланатын, бекітілген Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жоспарларына (бұдан әрі – СӨІЖ) мониторинг жүргізді:

«АлЭС» АҚ:

1. газтурбиналық технологиялар базасында жаңа энергия көзін орнату арқылы 1-ЖЭО нысанын кеңейту.
2. Алматы энергия кешенін газдандыру. Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып жаңғырту.
3. ЖЭО-3 қайта жаңарту.

«Мойнақ СЭС»АҚ:

4. Кеңсу өзенінің ағынын О.Д. Қантаев атындағы Мойнақ ГЭС Бестөбе су қоймасына ауыстыру.

«АЖК» АҚ

5. Алматы облысы Қарасай ауданының 220 кВ «Қаскелең» ҚС-ын 220 кВ АТҚ-110 кВ жалғау арқылы «Көкөзек» ҚС құрылысы.

«Ereymentau Wind Power» ЖШС:

6. Ерейментау қаласы ауданында қуаты 50 МВт болатын ЖЭС салу.

«Энергия Семиречья» ЖШС:

7. Шелек дәлізінде қуаты 60 МВт болатын, келешекте 300 МВт дейін кеңейтілетін жел электр станциясын салу.

«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының шешімімен (14.03.2022 жылғы № 9 Хаттама) ESG рейтингіні алу жөніндегі іс-шаралардың Жол картасы бекітілді.

Осы мақсатта жақын арада Компания ESG үздік тәжірибелерін бағалау және енгізу бойынша жұмыстарды жүргізуді жоспарлап отыр:

- ұжаттарды/саясаттарды, қаржылық емес есептілікті ESG критерийлеріне сәйкестігіне талдау жасап, жаңарту (экологиялық саясат, еңбекті қорғау және өнеркәсіп саласындағы саясат қауіпсіздік, әлеуметтік жауапкершілік туралы құжаттар әрекеттер, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу,өнім/қызмет сапасы және қауіпсіздік саясаты, адам құқықтары туралы және т.б.);
- Компанияның климаттың өзгеруіне байланысты тәуекелдерін бағалау;
- ESG критерийлеріне орындаушыларға қойылатын талаптарды анықтау;
- Инвестицияларды тарту мақсатында Компания қызметінің талаптары PRI принциптерінің (Principles for Responsible Investment) сәйкестігіне анықтау;
- стандартты қаржылық талаптармен бірге ESG тәуекелдер мен мүмкіндіктерін бағалау;
- ESG критерийлерінің көрсеткіштерімен байланысты ынталандыру және сыйақы жүйесін дамыту.

Осылайша, Компания тұрақты даму саласындағы қызметті жүйелі түрде жетілдіруді ESG принциптері призмасы арқылы (ESG мақсаттары көрсетілген тиісті бөлімдерде: «Корпоративтік басқару», «Экологиялық» санаты», «Әлеуметтік» санаты) анықталған Стратегияда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу арқылы көздеп отыр.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН КЕРІ БАЙЛАНЫС МЕХАНИЗМІ

Компания үшін сыртқы және ішкі стейкхолдерлердің барлығының тыңдалуы өте маңызды. «Самұрық-Энерго» АҚ-да шынайы хабарлама қалдырған кез келген адамды құдалаудан және жауапқа тартудан қорғауға кепілдік беретін стейкхолддерлер үшін мынадай кері байланыс құралдары жұмыс істейді:

1. Жедел желі 24/7: *https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/hotline*
   Сайт: *www.sk-hotline.kz*
   Пошталық мекенжай: *sk.hotline@deloitte.kz*
   Телефон: 8 800 080 19 94
2. «Кері байланыс» нысаны *https://www.samruk-energy.kz/ru/feedback-all* корпоративтік сайтында орналастырылған.
3. Жергілікті қоғамдастықтар, мердігерлердің қызметкерлері не жобаға қатысы бар тұлғалар: *https://www.samruk-energy.kz/ru/obrat* сайтында өз пікірін білдіре алатын, енгізілетін инвестициялық жобаларға байланысты тұлғалар санаты үшін «Кері байланыс» нысаны.
4. Акционерлер мен инвесторлар үшін Кері байланыс. Инвестордың сауалнамасы: *https://www.samruk-energy.kz/ru/shareholder/ independent-registrar*
5. Байланыс деректерін көрсете отырып, туындайтын мәселелер бойынша өтініштер мына сайтта: *https://www.samruk-energy.kz/ru/company/contact*
6. Омбудсмен
   o.bekbas@samruk-energy.kz электрондық поштасы арқылы.
   8 (7172) 55-30-15, +7-701-788-8416 телефон нөмірі арқылы.
7. Басқарма Төрағасының блогы: *https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/chairmans-blog*

Компания жыл сайын келіп түсетін өтініштер бойынша мониторинг жасайды, бұл Компанияның барлық мүдделі тараптардың алаңдаушылығын зерттеуіне, жүйелі проблемалық мәселелерді анықтауына, кейіннен ден қою үшін мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл бойынша қолданыстағы тетіктердің тиімділігін анықтауына мүмкіндік береді.

Өтініштер статистикасы ***

№ р/с	Дереккөз	Саны		
		2019	2020	2021
1	Жедел желі	29	46	70
2	*«Самұрық-Энерго» АҚ кеңсесі* Оның ішінде: *Мемлекеттік органдардан* *Акционерден* Өтініштер мен шағымдар	*10 297* *445* *617* 45	*9 741* *298* *596* 38	*10 296* *321* *737* 76
3	Тікелей Қауіпсіздік қызметіне	6	2	0 (11)*
4	Сайттағы «Кері байланыс» нысаны	1	4	1
5	Тікелей Омбудсмендерге жіберілгендері	28	36	46
6	Кәсіподақтар	28	29	27
7	Соттар мен қадағалаушы органдар	10	10	5
8	Басшыға келіп түскен жазбаша өтініштер (оның ішінде Компания басшыларының блоктарына)	5	2	18
9	Келісім комиссиялары	–	–	10**
БАРЛЫҒЫ		**148**	**203**	**253**

** Қауіпсіздік қызметі қараған өтініштер мен шағымдар кері байланыстың түрлі көздерінен келіп түсті. Жақша ішінде Департамент қараған өтініштер мен шағымдардың саны көрсетілген.*
*** 2021 жылға дейін статистика жүргізілген жоқ.*
**** «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының ағымдағы қызметіне жатпайтын өтініштер топтастырылды.*

Келіп түскен өтініштер қозғайтын аспектілері, ең көп өтініш берілген өңірлерді анықтау, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына жүгінген тұлғалар санаты, өтініштердің мәні бойынша статистика және шағымдарды талдау бойынша талданды. Әрбір шағымға белгілі бір санат берілді.

Өтініштер мен шағымдардың түсуінде тұрақты өсу үрдісі байқалады. Ашық өтініштердің үлесі басым болып табылады (2021 жылы – 76%; 2020 жылы – 84%), анонимдік өтініштердің үлесі 2020 жылмен салыстырғанда 10%-ға өсті (2021 жылы – 18%, 2020 жылы анонимдік өтініштер 8% құрады). 2021 жылы стейкхолдерлер ұжымдық шартта көзделген жалақы, сыйақы және төлемдер мәселелеріне қызығушылық танытты. Көбінесе стейкхолдерлерді жалақыны көтеру мәселесі қызықтырды. 2021 жылы алғаш рет стейкхолдерлердің пандемия кезеңінде еңбекті ұйымдастыру мәселелеріне қызығушылығы тіркелді, бұл – қорғаныс құралдарымен қамтамасыз ету және карантиндік шараларды бұзу, сондай-ақ міндетті вакцинация мәселелері.

Компанияға келіп түскен барлық өтініштерге жауаптар уақтылы берілді. Жауаптар мүдделі тараптар үшін қолайлы тәсілдермен берілді. Өтініштердің құпиялығы мен жасырындығы сақталды. Құдалау фактілері тіркелген жоқ.

Мүдделі тараптардың өтініштері бойынша қорытындылар Компанияның Директорлар кеңесіне жіберілді, онда ұсыныстар жасалып, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау сапасын жақсарту бойынша шаралар әзірленді.

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ» САНАТ

КОМПАНИЯНЫҢ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Компания қызметінің экономикалық тиімділігі «Құрылған және бөлінген экономикалық құн» кестесінде көрсетілген.

Құрылған Экономикалық құн Компанияның кірісін қалыптастырудың негізгі көздерін, атап айтқанда, электр энергиясын өндіруден, беруден және сатудан, сондай-ақ көмір сатудан түскен кіріс пен алынған сыйақыны көрсетеді.

Құрылған құн өнім берушілер мен мердігерлер, Компанияның қызметкерлері, акционерлер мен кредиторлар, мемлекет, сондай-ақ жергілікті қоғамдастықтар арасында бөлінеді.

Үлестірілген экономикалық құн	
Өнім берушілер мен мердігерлерге төлемдер	Операциялық шығындар – материалдар, өнім компоненттері, жабдықтар мен қызметтер үшін төлемдер және жалдау төлемдері және т. б. бойынша контрагенттерге төленетін ақша.
Қызметкерлерге төлнетін төлемдер	Жалақы қоры, әлеуметтік салықтар және аударымдар, зейнетақы және сақтандыру төлемдері, қызметкерлерге медициналық қызмет көрсетуге арналған шығындар және қызметкерлерді қолдаудың басқа да нысандары.
Капитал өнім беушілеріне төленетін төлемдер	Барлық санаттағы акционерлерге төленетін дивиденттер мен кредиторларға төленетін пайыздар
Мемлекетке төленетін төлемдер	Салық аударымдары
Жергілікті қауымдастыққа инвестициялар	Қайырымдылық пен мемлекеттік емес ұйымдарға және зерттеу мекемелеріне қайырымдылық, қоғамдық инфрақұрылымды қолдауға жұмсалған шығындар, сондай-ақ әлеуметтік бағдарламаларды, мәдени және білім беру шараларын тікелей қаржыландыру

2021 жылдың қорытындысы бойынша құрылған экономикалық құны 466 млрд теңгені құрады және үлестірілген экономикалық құны 364 млрд теңгені құрады, нәтижесінде үлестірілмеген экономикалық құны 102 млрд теңгені құрады. 2022–2026 жылдарға арналған бекітілген Даму жоспарына сәйкес 2022 және 2023 жылдары құрылған және үлестірілген экономикалық құнды ұлғайту жоспарланады.

млн теңге

Көрсеткіш*	2020	2021	2022	2023
	Факт	Нақты	Болжал	Болжал
Құрылған экономикалық құн	**382 199**	**465 806**	**523 007**	**587 748**
Сатудан түскен түсім	380 990	463 690	522 624	587 256
Алынған сыйақылар (пайыздар)	1 209	2 116	383	492
Үлестірілген экономикалық құн	**312 894**	**363 943**	**426 618**	**454 795**
Операциялық шығындар	194 386	228 733	287 730	321 986
Еңбекақы және әлеуметтік аударымдар	43 700	50 327	51 677	54 445
Капитал өнім беушілеріне төленетін төлемдер	32 571	32 702	28 448	22 036
Мемлекетке төленетін төлемдер	42 152	52 149	58 703	56 269
Үлестірілмеген экономикалық құн	**69 305**	**101 862**	**96 389**	**132 953**

**Бұрын көрсеткіштер есептеу әдісі бойынша есептелген. Ақшалай емес операцияларды, оның ішінде амортизацияны болдырмау мақсатында ағымдағы көрсеткіштер ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп деректеріне есептелген. Көрсеткіштер бірлескен кәсіпорындардағы иелену үлесін ескере отырып алынды.*

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының стратегиялық мақсаттарының бірі көміртегі ізін нетто төмендету болып табылады.

Қойылған стратегиялық мақсатқа қол жеткізу үшін Компания ғылыми-зерттеу қоғамдастығымен тығыз өзара байланыс орната және ғылыми әзірлемелердің практикалық тиімділігін арттыра, оның ішінде отандық кадрлардың зерттеу жұмыстарын жүргізуін қолдай отырып, ғылыми әзірлемелерді дамыту бойынша жұмыс жүргізеді. Ғылыми әзірлемелерден уақтылы экономикалық әсер алу мақсатында ҒЗТКЖ-ны коммерцияландыру мәселелеріне маңызды назар аударылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда электр станцияларында көмір жағу кезінде газдарды кәдеге жарату мәселесі мыналарға:

- Қазақстанның Париж климаттық келісім шеңберіндегі міндеттемелеріне;
- ҚР экологиялық заңнамасын қатаңдатуға, оның ішінде кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуден бас тартқан жағдайда эмиссия үшін төлемдердің ұлғаю тәуекеліне;
- экономиканы «көгалдандыруға» ықпал етпейтін жобаларға қаржыландыруды азайтудағы жаһандық трендке;
- «Жасыл экономиканы» дамыту мен оған көшудің стратегиялық жоспарларына: Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу доктринасына (стратегиясына) байланысты өзекті болып отыр.

Осыған байланысты Компания көмір электр станцияларында көміртекті ұстау және сақтау, газдандыру және көмір химиясы үшін синтез-газ алу технологияларын қолдану мүмкіндігін зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмысқа кірісті.

Жобаның мақсаты ЖЭС түтін газдарынан CO_2-ні ұстаудың қолданыстағы және перспективалық технологияларын зерделеу, оларды қолданыстағы технологиялық сызбаларға біріктіру және ұсталған CO_2-ні көмудің мүмкіндіктерін Қазақстан жағдайлары үшін неғұрлым перспективалы технологияларды бағалай отырып талдау, CO_2-ден синтез-газ өндіру және көмір химиясы өнімдерін өндіру үшін эксперименттер жүргізу болып табылады.

Жобаны іске асыру 2022–2024 жылдар кезеңіне жоспарланған.

Компанияның тағы бір маңызды бастамасы Компанияның жылу электр станцияларында күлі көп көмірді жағу кезінде техникалық-экономикалық көрсеткіштерді арттыру мақсатында қалыптастырылған жоба болып табылады. Осы жоба шеңберінде қазандық агрегаттарын мазутсыз жағу жүйесі (плазмалық-отын жүйесі) технологиясын енгізу мүмкіндігі мәселесі пысықталды.

Жобаны іске асыру мынадай міндеттерді::
- қазандық агрегаттарының жүктемесі төмен болған кезде шаң-көмірлі алаудың жануын тұрақтандыруды;
- күлі көп көмірді алаулатып жағу кезінде мазут шығынын болдырмауды;
- қазандық агрегаттары жұмысының үнемділігі мен сенімділігінің төмендеуіне әкелетін бір оттықта көмір мен мазутты бірге жағудың жағымсыз салдарын жоюды шешуге мүмкіндік береді.

Бұл технология Қытай Халық Республикасында, Ресей Федерациясында, Индонезияда және т. б. 200-ден 1 000 МВт-ға дейінгі энергия блоктарында сәтті қолданылады.

Жобаны іске асыру «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 мамырдағы отырысында мақұлданды.

«ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ» АСПЕКТІСІ

Энергия

Компанияның энергетикалық саясатының басымдығы энергия ресурстарын тұтынуды азайтуға және қоршаған ортаға әсер ету деңгейін қысқартуға ықпал ететін энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағыты болып табылады.

Компания жыл сайын «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша энергия тұтыну және энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіштері бойынша деректерді шоғырландырып, талдайды, өткен кезеңдермен салыстырады және жақсарту үшін мүмкіндіктерді айқындайды.

Компанияның энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметі ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартының әдіснамасына негізделеді.

Компанияда 2015–2025 жылдарға арналған энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жоспарлау және жүзеге асыру үшін негіз қалаушы құжат болып табылады.

Осы бағдарламаның мақсаты отын-энергетикалық ресурстарды ұтымды және экономикалық тұрғыдан орынды пайдалану жөніндегі шараларды әзірлеу болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы тауар өнімінің энергия сыйымдылығын базалық 2014 жылға қарағанда 2025 жылы 10,5%-ға төмендету бағдарламаның күтілетін нәтижесі болып табылады.

Бағдарламаның мақсатты құралдары:
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы үшін мақсатты индикаторлар мен энергия үнемдеу көрсеткіштерін анықтау және энергия тиімділігін арттыру;
- энергия тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін есептеудің әзірленген әдістемесіне сәйкес энергия-экономикалық талдау жүргізу арқылы берілген көрсеткіштерге қол жеткізуге тұрақты мониторинг және бақылау жүргізу;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында энергоменеджмент жүйесін әзірлеу, енгізу, сондай-ақ жетілдіру;
- «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділігін арттыру жөніндегі бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру бойынша ұйымдастыру-техникалық іс-шараларды жүзеге асыру;
- энергетикалық ресурстарды тұтынуды автоматтандырылған есепке алудың біріктірілген жүйесін қалыптастыру.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру бойынша жүзеге асырылған жұмыс шеңберінде өткен жылы отын-энергетикалық ресурстарды тұтынуды азайтуға бағытталған 63 іс-шара орындалды, бұл «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 523 мың тонна шартты отынды үнемдеуге мүмкіндік берді.

2021 жылы энергияны жалпы тұтыну алдыңғы жылмен салыстырғанда артып, 15,7 млн ГДж-ны құрады, сонымен қатар базалық 2014 жылға қарағанда (17,7 млн ГДж) төмендеу байқалады.

Энергия мен отынды жалпы тұтынудың артуы Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2-де электр энергиясын өндірудің, «АлЭС» АҚ-да жылу өндірудің ұлғаюына байланысты.

Есепті жылы өткен жылмен салыстырғанда жаңартылатын энергия көздерінен жалпы энергия тұтыну 4,8 млн ГДж-ға дейін ұлғайды. Тұтастай алғанда, жылдар бойынша ЖЭК-тен энергия тұтынудың артуының оң серпіні байқалады, бұл елдегі электр энергиясын өндірудегі ЖЭК үлесінің ұлғаюына байланысты.

Үйым ішіндегі энергия тұтыну

Үйым ішіндегі энергия тұтыну	2019	2020	2021
Жалпы энергия тұтыну, млн ГДж, о.і:	291,2	306,3	346,3
көмір	279,9	291,8	333,0
газ	9,2	12,0	10,9
мазут	0,8	0,9	0,8
бензин	0,2	0,2	0,2
дизель	1,2	1,2	1,4
Электр энергиясын тұтыну, млн ГДж	11,3	11,5	12,6
о.і. ЖЭК-тен	1,3	2,6	4,8
Жылу энергиясын тұтыну, млн ГДж	2,6	2,4	3,0
о.і. ЖЭК-тен	–	–	–
Жалпы энергия тұтыну, млн ГДж	14,0	13,9	15,7
о.і. ЖЭК-тен	1,3	2,6	4,8

Энергия сыйымдылығы

Бұл көрсеткіште «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының ішінде отын-энергетикалық ресурстарды тұтыну көлемі, сондай-ақ өндірілген электр және жылу энергиясының, берілген электр энергиясының, өндірілген көмірдің көлемі пайдаланылды.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша жалпы тауар өнімінің энергия сыйымдылығы 2021 жылдың қорытындысы бойынша 27,8 ш.о.т/млн теңгені құрады және өткен жылдың көрсеткішіне қатысты төмендеді.

ЭНЕРГИЯ СЫЙЫМДЫЛЫҒЫ, ш.о.т./млн тг.



Энергияны тұтынуды азайту

Электр энергиясын тұтыну базалық жылға қарағанда (14,0 млн ГДж) төмендеді, өткен жылға қарағанда артып, 12,6 млн ГДж құрады.

Жылу энергиясын тұтыну базалық жылға қарағанда (3,7 млн ГДж) төмендеді, өткен жылға қарағанда артып, 3,0 млн ГДж құрады.

Жалпы жылдар бойынша базалық 2014 жылға (17,7 млн ГДж) қарағанда энергияны жалпы тұтынудың төмендеу үрдісі байқалады.

ЭНЕРГИЯНЫ ЖАЛПЫ ТҰТЫНУ, млн ГДж



«ПАЙДАЛАНЫЛҒАН МАТЕРИАЛДАР» АСПЕКТІСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ өнімі – бұл жылу және электр энергиясы, сондай-ақ энергетикалық көмір.

Осы саланы реттеу мемлекеттік орган атынан ҚР-ның ЭМ және Комитет жүзеге асырады.

Компания шығарылатын өнімге қатысты жарнама мен жылжытуды қоса алғанда, ешқандай маркетингтік коммуникацияларды жүзеге асырмайды.

Өнім өндіру кезінде біздің кәсіпорындарда қолданылатын материалдар тізімі.

Электр энергиясын өндірген кезде:

	Өлшем бірлігі	Жұмсалған материалдар		
		Көлемі		
		2019	2020	2021
Көмір	тонна	16 565 570	16 652 949	19 667 845
Мазут	тонна	15 746	19 925	14 815
Газ	мың м³	38 472	46 370	44 115

Жылу энегиясын өндірген кезде:

	Өлшем бірлігі	Жұмсалған материалдар		
		Көлемі		
		2019	2020	2021
Көмір	тонна	764 291	1 446 269	898 922
Мазут	тонна	2 358	1740	2 913
Газ	мың м³	226 580	284 914	268 167

Өнімнің екі түрін өндіру кезінде қосалқы қажеттіліктерге:

	Өлшем бірлігі	Жұмсалған материалдар		
		Көлемі		
		2019	2020	2021
Бензин	т	3 570	3 656	3 721
ДО	т	28 586	34 662	33 471

«Самұрық-Энерго» АҚ өнімі – бұл жылу және электр энергиясы, сондай-ақ энергетикалық көмір, тиісінше, экологиялық таңбалау және буып-түю туралы талаптар шығарылатын өнім түрлеріне қолданылмайды

Электр және жылу энергиясы отынның қазбалы түрлерін қолдану арқылы өндірілді. Көмірді, газды және мазутты жағу кезінде пайда болатын химиялық реакциялар тиісті бақылау болмаған жағдайда қоршаған табиғи ортаның қажетті сапасының жоғалуына әкелуі мүмкін бірқатар заттардың табиғи түзілуіне әкеледі. Мұндай бақылау үшін Қазақстанда табиғатты қорғау және табиғи ресурстар құқығы түріндегі мемлекеттік реттеу жүйесі жұмыс істейді (толығырақ «Экологиялық санат» бөлімінде).

2021 жылы Компанияның өнімнің денсаулық пен қауіпсіздікке әсеріне қатысты қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келмеу жағдайлары тіркелген жоқ.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ «ЖАСЫЛ» ЭКОНОМИКАНЫ ДАМЫТУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Компания қағидаларды жоспарлы және үздіксіз ұстануды және орнықты даму саласындағы стандарттардың талаптарына сәйкестікті ұстанады. ESG қағидаттарын енгізуді қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі жасыл қаржыландыру тетігі болып табылады.

Жасыл қаржы – бұл экологиялық таза, энергия тиімді және төмен көміртекті жобаларды іске асыруға бағытталған қаржы құралдары. Жасыл қаржыландырудың негізгі құралдары – жасыл облигациялар, жеңілдетілген несиелер, жасыл жобаларға субсидиялар және басқалар. Аталған қаржы құралдары жасыл жобаларды дамыту үшін қажет. Бүгінгі таңда Қазақстанда жасыл қаржыландыру құралдарын шығару үшін қажетті құқықтық орта қалыптастырылды, оның ішінде жасыл жобалардың таксономиясы енгізілді, жасыл облигациялар, жасыл кредиттер және басқа да қаржы құралдарын қоса алғанда, жасыл қаржыландырудың заңнамалық анықтамасы берілді.

2021 жыл ішінде компания «жасыл» қаржыландыру құралдары арқылы инвестициялар тарту процестерінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында «жасыл» қаржыландыру саласындағы қағидаттарды айқындайтын «жасыл» қаржыландыру саласындағы саясатты әзірледі. Саясатқа сәйкес Қоғам несие өнімдерінің икемділігін сақтау және даму барысында «жасыл» несие нарығының тұтастығын сақтау мақсатында «жасыл» несие нарығының барлық қатысушылары пайдалануға арналған Green Bonds Principles (GBP) және Green Loan Principles (GLP) қағидаттарын ұстанады.

2021 жылдың қараша айында Компания «Астана» халықаралық қаржы орталығы – Astana International Exchange қор биржасында 18,4 млрд теңге көлемінде «жасыл» облигациялардың дебюттік шығарылымын жүзеге асырды. Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат GBP және GLP қағидаттарына сәйкес жасыл қолайлы жобаларды қаржыландыруға бағытталды. Жасыл облигацияларды шығару шеңберінде компания облигациялардың жасыл облигациялар (Second Party Opinion) қағидаттарына сәйкестігі туралы тәуелсіз қорытынды алды.

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ «САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН ҚАРЖЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ТӘУЕКЕЛДЕР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Бүкіл әлемде климаттың өзгеру мәселесі туралы бірнеше ондаған жылдар бойы айтылып келеді. Әлемдік қоғамдастықтың осы мәселе бойынша алаңдаушылығына БҰҰ-ның 1992 жылы 180-нен астам ел қол қойған Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы (БҰҰ КӨНК) дәлел болып табылады.

Қазақстан, бүкіл әлем сияқты, жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдалануға энергетикалық көшудің 4 (төртінші) кезеңіне аяқ басты. Экономиканы және халықты қолжетімді энергия ресурстарымен қамтамасыз ету, әлемдік энергия қауіпсіздігін нығайту және қоршаған ортаға антропогендік әсерді азайту бойынша әлемдік қоғамдастық алдында тұрған жаһандық міндеттерді шешуге бағытталған көміртексіздендіру, әртараптандыру және цифрландыру осы кезеңнің негізгі ерекшеліктері болып табылады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы шығарындылардың ең ірі көзі елдегі барлық парниктік газдар шығарындыларының шамамен 80%-ын өндіретін энергетикалық сектор болып табылатынын, ал «Самұрық-Энерго» АҚ үлесі шығарындылардың жалпы көлемінің 9%-ын құрайтынын ескере отырып, Компания активтерін көміртексіздендіру мәселесін шешу бүгінгі күні күрделі міндет болып табылады. Компанияның энергияға көшу бағдарламасын қалыптастыру кезінде көміртегі ізін азайту мақсатына қол жеткізу, тұтынушыларға қолжетімді бағамен электр энергиясын сенімді жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ орналасқан өңірлерде жұмыс орындарын сақтау арасындағы теңгерімді сақтау өте маңызды.

Сарапшылардың пікірін негізге ала отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ ұйымның мәнмәтінін анықтауда және энергияға көшу стратегиясын әзірлеу кезіндегі SWOT-талдауда климаттық тәуекелді ескереді. Әділдігін айта кету керек, көп жағдайда дамыған елдердің мүмкіндіктері ретінде анықталған көміртексіздендіру бойынша жаһандық үрдістер дамушы елдер үшін көбінесе тәуекелдер мен сын-қатерлер болып табылады. Бір жағынан, дамудың жаһандық трендтерін ұстанудың созылуы қоршаған ортаға антропогендік әсер етумен байланысты әлеуметтік шығындарға және заманауи технологиялар мен қаржылық ресурстарға қол жетімділікті шектеуге әкеледі, бірақ екінші жағынан, ауысуды жеделдету энергиямен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты проблемалар туралы айтпағанның өзінде экономиканың бәсекеге қабілеттілігін жоғалтуға, индустриясыздандыруға, электр энергиясына бағаның өсуіне, дәстүрлі салаларда жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін.

Электр энергетикасы саласының экологияға тигізетін әсерінің маңызын сезіне отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ көміртегі бейтараптылығына қол жеткізу бойынша мемлекеттің күш-жігерін қолдайды және осы кезеңде өзінің алдына дәстүрлі генерация үлесін сақтау, жұмыс істеп тұрған станцияларды жаңғырту және ЖЭК жобаларын іске асыру, ең озық қолжетімді технологияларды енгізу, сондай-ақ баламалы энергетиканы дамыту арқылы қоршаған ортаға әсерді барынша азайту міндетін қояды.

Компания процестері мен өнімдерінің көміртекті сыйымдылығын төмендету бойынша негізгі бағыттар мен мақсаттар Компанияның Даму стратегиясында, Экологиялық саясатында және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергияға көшу бағдарламасында көрсетілген.

Климаттың өзгеруі мәселесі бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ жағдайына жасалған SWOT-талдау

S — КҮШТІ ЖАҚТАРЫ

- Компанияның активтерінде ЖЭК пен СЭС-тердің болуы
- ЖЭК жобаларын іске асырудағы тәжірибе
- Мемлекет пен Қор тарапынан қолдау
- Қазақстан Республикасындағы қуаттардың тозуының жалпы деңгейіне қатысты тиімді энергетикалық қуаттар

W — ӘЛСІЗ ЖАҚТАРЫ

- Жобаларды салынған капиталға инвестицияларды қайтару деңгейі жеткіліксіз болған жағдайда іске асыру
- Компанияның активтерінде отын электр станцияларының болуы
- Өндірудің өзіндік құны төмен энергетикалық көмірдің үлкен қорларының болуы
- Дәстүрлі нарықтарда Екібастұз көмірін алмастыру себебінен энергетикалық көмірді экспорттық жеткізудің шектеулілігі
- Мемлекет тарапынан тарифтерді реттеу
- Жабдықта оңтайлы жүктемені ұстап тұру мүмкіндігінің болмауы (жүктемені KEGOC анықтайды)

O — МҮМКІНДІКТЕР

- ПГ-ны азайту саласындағы ЖЭК және ОҚТ жобаларына инвестициялар тарту
- Стратегиялық әріптеспен бірлесіп ЖЭК-генерацияны, оның ішінде парниктік газдарды азайту, көміртекті тұту және сақтау саласындағы технологияларды дамыту (CCS).
- «Таза» көмір бағытындағы технологияларды дамыту, оның ішінде байыту есебінен

T — ҚАУІПТЕР

- Экономиканы «көгалдандыруға» ықпал етпейтін жобаларды қаржыландыруды азайту бойынша жаһандық тренд
- Байланысты өндіруді сақтау және кеңейту.
- Кешенді экологиялық рұқсаттарға (КЭР) көшуден бас тартқан жағдайда эмиссия үшін төлемдерді 2, 4, 8 есе ұлғайту тәуекелі
- Парниктік газдар шығарындыларына квота тапшылығы тәуекелі, соның салдарынан оларды биржада сатып алу, әкімшілік айыппұлдар
- Көміртекті көп қажет ететін технологияларға инвестициялардың жұмсалуы
- Тарифтің төмен болуы салдарынан инвестициялардың өтелмеуі
- ПГ шығарындыларын азайту талаптарын қатайту
- СЭС ағынының өзгеруі және климаттың өзгеруінің орын алатын басқа да салдарлар (ұзақ мерзімді перспектива)

03.2 «Экономикалық» санат

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-НЫҢ 2022–2060 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ АУЫСУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан, бүкіл әлемдегідей, жаңартылатын энергия көздерін кеңінен пайдаланудың төртінші энергетикалық көшу кезеңіне аяқ басты. Экономиканы және халықты қолжетімді энергия ресурстарымен қамтамасыз ету, әлемдік энергия қауіпсіздігін нығайту және қоршаған ортаға антропогендік әсерді азайту бойынша әлемдік қоғамдастық алдында тұрған жаһандық міндеттерді шешуге бағытталған декарбонизация, әртараптандыру және цифрландыру бүгінгі кезеңнің түйінді мәселелері болып табылады.

Климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы жаһандық үрдістер энергетикалық ауысудың негізгі драйверлеріне айналды, оның ішінде:

1. 2015 жылғы желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы тараптарының XXI конференциясында қабылданған, бүкіл әлем мемлекеттеріне парниктік газдар шығарындыларын азиаты ынталандыруға және сол арқылы жер атмосферасы температурасының өсуін 2^0-ден аспайтын деңгейде тежеуге үлес қосуға арналған Париж келісімі.
2. Халықаралық және көміртекті реттеу және «Еуропаның жасыл пактісі» (European Green Deal) шеңберінде ЕО-да «Carbon Border Adjustment Mechanism» (CBAM) транс-шекаралық көміртегі тетігін енгізу. Бұл тетіктің ЕО сауда серіктестері, оның ішінде Қазақстан үшін де елеулі салдарлары болмақ. Сәтті іске асырылған жағдайда, 2023 жылғы 01 қаңтарда бастапқы енгізілгеннен кейін, CBAM парниктік газдар шығарындылары үшін шекаралық алымдарды енгізудің алғашқы мысалы болады.
3. 2021 жылғы 01 шілдеден бастап ҚР Экологиялық кодексін қатаңдату, осы құжат шеңберінде атмосфераға парниктік газдар шығарындылары бойынша талаптар күшейтілді және ҚР шығарындыларын сату жүйесі енгізілді.
4. 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арналған кезекті жыл сайынғы Жолдау, онда Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өнеркәсіпті, экономиканы экологияландыру жағына қарай бағытталған жаһандық трендті атап өтті және 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығына қол жеткізу міндетін айқындады.
5. Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты дамуының жаһандық 17 мақсатына, оның ішінде климаттың өзгеруіне қарсы күреске және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған мақсаттарға бейілділігі.

Сонымен қатар, Қазақстандағы шығарындылардың ең ірі көзі елдегі барлық парниктік газдар шығарындыларының шамамен 80%-ын өндіретін энергетикалық сектор болып табылатынын, ал «Самұрық-Энерго» АҚ үлесі шығарындылардың жалпы көлемінің 9%-ын құрайтынын ескере отырып, компания активтерін декарбонизациялау мәселесін шешу бүгінгі күні күрделі міндет болып табылады, осыған байланысты көміртегі ізін төмендету мақсатына қол жеткізу, тұтынушыларға қолжетімді бағамен электр энергиясын сенімді жеткізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ компания құрылымдары орналасқан өңірлерде жұмыс орындарын сақтау маңызды болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ құрамына электр энергиясын дәстүрлі отын (газ, көмір) арқылы өндіретін үш ірі энергия өндіруші ұйым – «ЕГРЭС-1» ЖШС, «СЭГРЭС-2» АҚ және «АлЭС» АҚ кіреді, сондай-ақ көмірді ашық тәсілмен өндіруді жүзеге асыратын әлемдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі –«Богатырь Көмір» ЖШС кіреді.

Көмір стратегиялық ресурс болып табылады, және ең қол жетімді, арзан және сәйкесінше сұранысқа ие энергия көзі. Еліміздегі көмір саласы Қазақстанда электр энергиясының шамамен 70%-ының өндірілуін қамтамасыз етеді, сондай-ақ халықтың және коммуналдық-тұрмыстық сектордың отынға қажеттілігін толық қанағаттандырып отыр.

Алдағы онжылдықтарда дәстүрлі энергия көздері елдің энергетикалық жүйесінде маңызды рөл атқар бермек. Компания активтеріндегі дәстүрлі генерацияның басым үлесін ескере отырып, отынның қазбалы түрлерін пайдаланудағы CO_2 шығарындыларын азайту Компания қызметінің негізгі бағыты болып табылады.

Электр энергетикасы саласының экологияға әсерінің маңыздылығын түсіне отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ көміртегі бейтараптылығына қол жеткізу бойынша мемлекеттің күш-жігерін қолдайды және осы кезеңде дәстүрлі генерация үлесін сақтау, жұмыс істеп тұрған станцияларды жаңғырту және ЖЭК жобаларын іске асыру, ең озық қолжетімді технологияларды енгізу, сондай-ақ баламалы энергетиканы дамыту жолымен қоршаған ортаға әсерді барынша азайту міндетін алдына қойып отыр.

Бүгінгі таңда компанияда энергияға ауысу бағдарламасының жобасы әзірленді. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның энергияға ауысу бағдарламасын (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асыру мемлекеттің экологиялық саясаты саласындағы ұзақ мерзімді сипаттағы шешімдерді келісу және негіздеу бойынша мүдделі министрліктер мен сарапшылар қоғамдастығының құзыретін кеңейтуді талап етеді. Бағдарламаның өз еліміз үшін ғана емес, халықаралық маңызы да бар.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ

2060 жылға қарай Компания бойынша көміртегі ізін азайту

Мақсатқа жету үшін Компанияны дамытудың бес бағыты анықталды

1 БАЛАМАЛЫ ЭНЕРГЕТИКА

Бұл бағыт ЖЭК жобаларын іске асыруды, баламалы энергетиканы (атом, сутегі, геотермалдық) дамыту саласында жан-жақты зерттеулер жүргізуді, көлікте эко-технологияларды қолдану мүмкіндіктерін және т. б. қамтиды.

2 ДӘСТҮРЛІ ЭНЕРГЕТИКА

Алматы қаласында ЖЭС газдандыру арқылы CO_2 шығарындыларын азайту.

3 ЖЕЛІЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖӘНЕ РЕТТЕУ

Осы бағыт шеңберінде Smart Grid желілерін жаңғырту және енгізу, электр энергиясын шоғырландыру және сақтау жүйелері, маневрлік генерацияны дамыту бойынша іс-шаралар көзделген. Осының барлығы энергиямен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасын едәуір арттыруға, өндірістік процестердің шығындарын және қоршаған ортаға әсерді азайтуға мүмкіндік береді.

4 ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ БАСҚАРУ

Оған көміртегін ұстау және сақтау (CCUS) сияқты CO_2 шығарындыларының деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретін қоғамның дәстүрлі генерациясының қолданыстағы объектілерінде инновациялық технологияларды енгізу жөніндегі іс-шаралар, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ орман Климаттық жобаны іске асыру кіреді.

5 ҚОЛДАУШЫ ІС-ШАРАЛАР

Бұл бағыт көміртегі ізін азайту жөніндегі іс-шараларды іске асыру мүмкіндігін, халықаралық стандарттар мен экология саласындағы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету үшін қажетті шаралар кешенін біріктіреді. Мұндай іс-шаралар ESG қағидаттарын енгізу, цифрландыруды дамыту, ҚР нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша ұсыныстарды зерделеу және әзірлеу, сондай-ақ ЖЭК жобаларын дамытуға қосымша қаржыландыру көздерін тарту үшін жасыл қаржыландыру құралдарын қолдану болады.

«ЭКОЛОГИЯЛЫҚ» САНАТ

Болашақта Бағдарлама көптеген нақты шешімдер мен әрекеттер негізінде қолдау табуы тиіс. Қазіргі уақытта сценарийлерді ескере отырып, дамудың негізгі бағыттары қалыптасты. Сонымен қатар, технологияларды дамыту, жаңа экотрендтер және заңнаманың өзгеруі бойынша жаңа ақпарат алу (көміртегі офсеттерінің есептері, трансшекаралық көміртегі салығы, таксономия және т. б.) келешекте Бағдарламаны өзектіндіруге ықпал ететін болады.

«Жасыл экономикаға» көшудің жаһандық тренді, стейкхолдерлерге қойылатын соңғы кезде тұрақты өсі үстіндегі ESG-талаптары Компания алдына сын-қатерлермен қатар электр энергетикасы нарығында төмен көміртекті экономикаға көшу бағытындағы негізгі жауапты буын болу мүмкіндігін де алға тартып отыр. Компания жаңартылатын энергия көздерін дамытуға, атмосфераға шығарындыларды барынша азайтуға және экожүйені жақсартуға ықпал ете отырып, Ұлттық экономика құрылымына өз үлесін қосуға ұмтылады.

«ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕСТІК» АСПЕКТІСІ

Қазақстандағы ең ірі электр энергетикалық холдинг бола отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ компанияның тұрақты дамуындағы экологиялық аспектінің маңыздылығын түсінеді. Қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды ұтымды пайдалану Компания мен оның еншілес және бағынысты ұйымдарының қызметінде маңызды рөл атқарады.

ҚР Экологиялық кодексі негізінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компанияларының негізгі өндірістік қызметі арнайы табиғат пайдалану ретінде жіктеледі және тиісті талаптар мен нормативтермен реттеледі. Осылайша әрбір еншілес және бағынысты компания алынған экологиялық рұқсат пен табиғатты пайдаланудың басқа да арнайы шарттары шеңберінде қоршаған табиғи ортаға өзінің әсері үшін жауапты болады.

ҚР экологиялық заңнамасы табиғат пайдаланушыларды экономикалық ынталандырушы тетіктерді пайдалана отырып, қоршаған ортаға әсерін төмендетуге ынталандырады. Мәселен, 02.01.2021 жылы Қазақстан Республикасының жаңа экологиялық кодексі бекітілді, онда «ластаушы төлейді» қағидаты қайта қаралды және айтарлықтай күшейтілді.

Қоршаған ортаны қорғау бағытында біз бірінші кезекте Қазақстанда қолданылатын заңнамалық талаптар мен нормаларды ұстанамыз, бірақ бұл ретте бірқатар энергия үнемдеу, материал үнемдеу және табиғат қорғау іс-шараларын дәйекті іске асыра отырып, дамыған елдердің неғұрлым қатаң нормативтеріне сәйкес келуге ұмтыламыз.

Басқарушылық тәсіл

Қолда бар тәжірибені және қолданылатын технологиялардың ерекшелігін, отынның қолжетімді түрлерін, климатымыздың ерекшеліктерін, сондай-ақ орнықты даму тұжырымдамасына тән бірқатар басқа да ынталандырушы, кейде тежеуші факторларды ескере отырып, біз Компанияның даму стратегиясының бір бөлігі болып табылатын кешенді ұзақ мерзімді бағдарлама ретінде экологиялық саясатты әзірледік.

Кешенді өндірістік қауіпсіздіктің бір бөлігі саналатын экологиялық қауіпсіздікті басқару үшін «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында корпоративтік басқару жүйесінің құрамдас бөлігі және қаржылық емес тәуекелдерді басқару жүйесінің маңызды бөлігі болып табылатын экологиялық менеджмент жүйесі (ЭМЖ) құрылды. «Самұрық-Энерго» АҚ-дағы ЭМЖ тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, үздік әлемдік практикаларға сәйкестік деңгейіне қарай тұрақты түрде бағаланып отырады және біртіндеп жетілдірілу үстінде. Қоғамның өндірістік қызметті жүзеге асыратын барлық ЕТҮ-ларында ISO 14001 «Экологиялық менеджмент» стандарты енгізілді.

Бекітілген Стратегияға сәйкес Компания қолданыстағы технологияларды жаңғырту және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану арқылы өндірістік қызметтің қоршаған ортаға әсерін қысқартуға қол жеткізуді жоспарлап отыр.

Профилактикалық шаралар ретінде өндірістік экологиялық бақылау арқылы өндірістік процестердің тиімділігіне тұрақты экологиялық бағалау жүргізіледі. Бақылау қоршаған ортаға эмиссиялар деңгейін, зиянды өндірістік факторларды өлшеуге және есептеуге негізделген. Қоршаған ортаның өндірістік мониторингі Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы заңнамасында белгіленген тәртіппен аккредиттелген тәуелсіз зертханаларды тарта отырып жүргізіледі. Өндірістік мониторинг нысаны Атмосфералық ауа, жерүсті және жерасты сулары, топырақ болып табылады.

Сонымен қатар, апатты жағдайларда ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес міндетті экологиялық сақтандыру және жою қорларының болуы қарастырылған.

Басқарушылық тәсілді бағалау

Жаңа технологияларға ерекше көңіл бөлінеді: ЖЭК дамыту, мазутсыз тұтану және басқа да энергия тиімді технологиялар.

2013 жылдан бастап Қоғам ЖЭК және СЭС секторында бірнеше инвестициялық жобаларды табысты іске асырды: қуаты 300 МВт «Мойнақ СЭС» АҚ, қуаты 45 МВт Бірінші жел электр станциясы, 2 МВт күн электр станциясы, қуаты 126 МВт дейін ұлғайтылған «Шардара СЭС» АҚ-ны жаңғырту.

Қазақстандағы көмірдің ауқымды қорын және оның баға түріндегі тартымдылығын ескере отырып, оның экологиялық сипаттамаларын жақсарту бағытындағы инновациялық технологияларды дамытуды қолдау орынды. Осы мақсатта қоғам «Назарбаев Университеті» АҚ-мен ынтымақтастықта «Таза көмір технологиялары» ғылыми зертханасын құрды.

2021 жылы Компания тұрақты даму саласындағы бастамаларды іске асыру жұмыстарын жалғастырды, оған экология саласындағы бастамалар кірді: Энергия тиімділігі, Материалдарды, энергияны және суды тиімді пайдалану, Экологиялық міндеттемелерге сәйкестік: парниктік газ шығарындыларын азайту, атмосфераға тарайтын ластаушы заттардың шығарындыларын азайту, қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығындар мен инвестициялар.

Бұдан басқа, Компания табиғатты қорғау іс-шараларының кешенді бағдарламасын іске асыруда, бұл бағдарлама 2021 жылдың қорытындысы бойынша мынадай нәтижелерді көрсетті:

- қоршаған ортаға зиян келтіретін авариялық жағдайлардың болмауы;
- ЖЭК және СЭС-те «таза энергия» өндіру үлесі – компаниялар тобындағы жалпы өндіру көлемінің 6,7% құрады;
- УРУТ-тардың төмендеуі және ГРЭС-1 өндіру үлесінің ұлғаюы арқасында атмосфералық ауаға ластаушы заттардың үлестік шығарылымы 2020 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 4%-ға қысқарды, бұл жерде ГРЭС-1 станциясының экологиялық көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» АҚ тобының басқа көмір станцияларына қарағанда жақсы екендігін ескеру қажет.

Елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған қаржылық емес санкциялардың жалпы саны

Қоршаған ортаға келтірілетін залалдың алдын алу үшін заңнамада инспекторлық экологиялық тексерулер көзделген, олардың нәтижелері бойынша заңнама талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар қойылуы мүмкін. 2021 жылы 4 инспекторлық тексеру жүргізілді – «ГРЭС-1» ЖШС-да 2 рет, «ГРЭС-2» АҚ, «АлЭС» АҚ нысандарында бір реттен. Кейбір заңнамалық актілер талаптарын бұзушылықтар анықталды, айыппұлдар сомасы 56 млн теңгені құрады. Барлық айыппұлдар толық төленді, мердігерлік ұйымдардың қызметіне байланысты бұзушылықтар өз бетінше төленді. Түзету шаралары орындалды.

	Өлшем бірлігі	Сомасы		
		2019	2020	2021
елеулі айыппұлдардың ақшалай сомасы	мың теңге	4 751	14 448	56 000
қаржылық емес санкцияларды қолдану жағдайларының саны	–	0	20	0
дауларды шешу тетіктері арқылы қозғалған істер	–	–	3	–

Қоршаған ортаны қорғауға арналған жалпы шығыстар мен инвестициялар, түрлеріне қарай бөлінген

Компания табиғатты қорғау іс-шараларының мынадай аспектілерді қамтитын кешенді бағдарламасын іске асырады:

- атмосфералық ауаны қорғау;
- парниктік газдарды азайту;
- күл үйінділерін қалпына келтіру;
- қалдықтарды басқару;
- су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану;
- басқару жүйелері мен озық қауіпсіз технологияларды енгізу;
- ғылыми-зерттеу, іздестіру және басқа да жұмыстар;
- экологиялық оқыту және насихаттау.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында уәкілетті органмен келісілген қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары бар, оны орындау арнайы табиғатты пайдаланудың міндетті шарты болып табылады.

	Өлшем бірлігі	Сомасы		
		2019	2020	2021
қалдықтарды өңдеуге және шығарындыларды, төгінділерді тазартуға, сондай-ақ қоршаған ортаға келтірілген залалды жоюға байланысты шығындар	мың теңге	4 242 256	5 604 706	5 972 610,75
қоршаған ортаға және экологиялық менеджмент жүйесіне тигізетін әсерді болдырмаумен байланысты шығындар	мың теңге	373 908	286 567	256 816,36

Болашақтың мәлімдемесі

«Самұрық-Энерго» АҚ 2022–2031 жылдарға арналған жаңартылған міндеттерді бекітіп, Даму стратегиясын өзектендірді. Осыған сәйкес, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Қоршаған ортаны қорғау саласындағы дамуының негізгі басым бағыттары төмендегіше айқындалды:

1. «Самұрық-Энерго» АҚ экономикасын декарбонизациялау, оның ішінде ЖЭК мен ГЭС-те электр энергиясын өндіру үлесін ұлғайту, ЖЭК-ті пайдалана отырып жобаларды іске асыру, таза технологияларды қолдауды жандандыру, Алматы қаласындағы электр энергетикасы кешенінің көмір департаменттерін газдандыру;
2. экологиялық және экономикалық тұрғыдан ең үздік технологияларды іздестіру мен енгізуді қамтитын экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету: 1-санаттағы кәсіпорындарда шығарындылар көзінде мониторингтің автоматтандырылған жүйелерін орнату, ГРЭС объектілерінде шаң ұстау жүйелерін орнату, жабдықтарды жаңғырту және жаңарту, жұмыстың оңтайлы режимдерін жүргізу, ықтимал авариялық жағдайларды анықтау және алдын алу және т. б.;
3. су ресурстарын қорғау саласындағы әсерлерді барынша азайту, оның ішінде тұщы суды тұтыну көлемін азайту, бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су үлесін ұлғайту, сарқынды суларды ағызу көлемін және сарқынды сулардағы зиянды заттардың шоғырлануын азайту;
4. қоршаған ортаға әсерді бағалау бағытында көзделген іс-шараларды жақсарту арқылы жануарлар мен өсімдіктер әлеміне әсерді азайту;
5. ірі тоннажды қалдықтар мен тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы іс-шараларды жетілдіру;
6. энергия үнемдеу және энергия тиімділігі бағдарламасын іске асыру;
7. экологиялық менеджмент жүйесін жетілдіру.

«Самұрық-Энерго» АҚ жабдықтарды жаңғырту, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде қазіргі заманғы технологияларды қолдану есебінен қоршаған ортаға теріс әсерді төмендетуге баса назар аударып отыр. Қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәдениетін дамыту арқылы, ESG саласында халықаралық рейтингтерді иелену арқылы кешенді тәсілді енгізу, сондай-ақ экологиялық әсерді мониторингтеу үшін цифрлық технологияларды қолдану жоспарлануда. Қазақстанның электр энергетикасы саласын дамытудың негізгі басымдықтарын ескере отырып, Компания таза көмір және басқа да ең озық қолжетімді технологияларды, сондай-ақ шығарындыларды ұстап қалу технологияларын дамытуға және қолдануға ұмтылатын болады.

Компания «Жасыл» экономика қағидаттарының қатаң сақталуын қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасының іс-шаралары мен индикаторларын іске асыруды жүзеге асырады.

«СУ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАР» АСПЕКТІСІ

Су-бірегей зат және жер бетіндегі барлық тіршіліктің ажырамас бөлігі. Сонымен қатар, су адам өміріне қажетті өнімдерді өндіруде көптеген технологиялық процестерде қолданылады.

Энергетика саласында суды пайдаланылуға аса зор мән беріледі: «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында су гидро- және бу турбиналары үшін қозғаушы күш ретінде ғана емес, сонымен қатар су қоймаларын толықтыру және басқа технологиялық процестердегі шығындарды өтеу үшін, күл жағажайларын суару үшін, күл үйінділеріндегі су деңгейін ұстап тұру үшін, сондай-ақ қызметкерлердің коммуналдық-тұрмыстық мұқтаждықтары үшін де қолданылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның су ресурстарын қорғау саласындағы негізгі мақсаттары мыналар болып табылады:

- тұщы суды тұтыну көлемін төмендету;
- бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су үлесін ұлғайту;
- сарқынды суларды ағызу көлемін және сарқынды сулардағы зиянды заттардың шоғырлануын азайту.

«Самұрық-Энерго» АҚ портфелінде су электр станциялары мен жылу электр станцияларының бар екенін ескере отырып, су пайдаланудағы іс-қимылды тиісінше суды пайдалану және суды тұтыну деп жіктейміз. Бұл ретте алынатын су көлемінің 98% ГЭС-терде суды пайдалану санатына, ал 2% суды тұтынуға жатады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы су ресурстары тапшы өңірлерде суды тұтыну қызметін ұсынумен айналыспайды.

СУДЫ ЖИНАУ



Басқарушылық тәсіл

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобында суды пайдалану және суды тұтыну Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі және бақылауға алынады. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес компаниялары су жинауды уәкілетті мемлекеттік органдармен келісіліп әзірленген жобалар мен нормативтерге сәйкес өндірістік мұқтаждарға негізделген көлемде жүзеге асырады.

Осылайша, технологиялық қажеттіліктерге арналған судың негізгі көздері: Шарын өзені және Бестөбе су қоймасы (Мойнақ ГЭС), Сырдария өзені мен Шардара су қоймасы (Шардара ГЭС), Қ.Сәтпаев атындағы арна (Болат Нұржанов атындағы «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ), Шідерті арнасы («Екібастұз ГРЭС-2» АҚ) Үлкен Алматы көлі және Үлкен Алматы өзені бассейні (Каскад ГЭС), Қапшағай су қоймасы (Қапшағай ГЭС) болып табылады.

Суды үнемдеу мақсатында Екібастұз станцияларында толтырылатын салқындатқыш су қоймалары және тура ағынды гидравликалық күл шығару жүйесі бар техникалық сумен жабдықтаудың айналымдық жүйелері, сондай-ақ Алматы станцияларындағы күл үйінділерінен сарқынды суларды қайтадан пайдалану және градирнялары бар айналымдық салқындату жүйелері қолданылады.

Суды ағызып жіберумен байланысты әсерді басқару

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының өндірістік кәсіпорындарының ағынды суы өнеркәсіптік және шаруашылық-тұрмыстық ағынды сулардан тұрады. Ағынды сулардың негізгі көлемі өнеркәсіптік ағынды сулар болып табылады, олар табиғи объектілерге тасталмайды. Олар күл және қож қалдықтарын күл үйінділеріне шығару үшін гидротасымал ретінде қолданылады.

Ағынды суларда ластаушы заттар құрамының рұқсат етілген нормативтері және олардың көлемі заңнамаменен белгіленеді. Ағызылғанға дейін ағынды сулар бекітілген санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес тиісті тазартудан өткізіледі.

Сонымен қатар, жер үсті сулары ортасына, сарқынды суларға бақылау, бақылау ұңғымаларының желісі арқылы судың және жер асты суларының температуралық режимінің өзгеру процестеріне мониторинг, ТӨҚ жүйесінің жабдықтары мен құбырларына жөндеу тұрақты жүргізіледі.

Есепті кезеңде қоршаған табиғи ортаға залал келтірген майлардың, отынның, қалдықтардың, химиялық реагенттердің, өзге де заттардың авариялық төгінділері мен төгілуі тіркелген жоқ.

Басқарушылық тәсілді бағалау

Су жинау					
			Барлық аудандар мегалитрлер		Су тапшылығы бар аудандар
		2019	2020	2021	
44 917	46 260				
Су көздерінен жиналатын су көлемі	жерүсті су объектілерінен (барлығы)	11 924 598	10 473 288	9 165 293	жоқ
	тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	11 924 598	10 473 288	9 165 293	жоқ
	басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
	жерасты көздерінен (барлығы)	6 630	6 061	5 379	жоқ
	тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
	басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	6 630	6 061	5 379	жоқ
	теңіз суы (барлығы)	0	0	0	жоқ
	тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
	басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
	жер қабатының суы (барлығы)	0	0	0	жоқ
	тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
	басқа су (жалпы еріген қатты заттардың >1,000 мг/л)	0	0	0	жоқ
	сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен	44 917	36 227	40 084	жоқ
	тұщы су (жалпы еріген қатты заттардың ≤1,000 мг/л)	44 917	36 227	40 084	жоқ
	басқа су (>1,000 мг/л жалпы еріген қатты заттардың)	0	0	0	жоқ
	Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен жиналған судың жалпы көлемі — жер үсті	44 917	40 084	40 084	жоқ
	Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен жиналған судың жалпы көлемі — жер асты	0	0	0	жоқ
	Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен жиналған судың жалпы көлемі — мұхитты	0	0	0	жоқ
	Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелерінен жиналған судың жалпы көлемі — қабатты	0	0	0	жоқ
Жиналатын судың жалпы көлемі		11 976 439	10 515 575	9 210 756	

03.3 «Экологиялық» санат

Төгінді					
		Барлық аудандар Мегалитрлер			Су тапшылығы бар аудандар
		2019	2020	2021	
Түрлері бойынша төгінділер	Жерүсті	73 751,3	75 313	81 489	нет
	Жерасты	0	0	0	нет
	Теңіз	0	0	0	нет
	Сумен жабдықтаудың муниципалды және басқа жүйелері (барлығы)	0	0	0	нет
	Басқа ұйымдарға пайдалануға берілген ағынды сулардың көлемі	0	0	0	нет
Жалпы төгінді		73 751,3	75 313	81 489	нет
Тазарту деңгейі бойынша ағынды сулар	Тазартылмаған				нет
	р/х талап етілгенге дейін				нет
	к/б талап етілгенге дейін				нет
	басқа	73 751,3	75 313	81 489	нет

Суды тұтыну					
		Барлық аудандар Мегалитрлер			Су тапшылығы бар аудандар
		2019	2020	2021	
Суды тұтыну	Суды тұтынудың жалпы көлемі	198 438	201 229	216 756	жоқ

Суды пайдалану					
		Барлық аудандар Мегалитрлер			Су тапшылығы бар аудандар
		2019	2020	2021	
Суды пайдалану	Суды пайдаланудың жалпы көлемі	11 778 000	10 317 737	8 994 000	жоқ

Өндірістегі су тиімділігі				
		Барлық аудандар м³/кВтс		
		2019	2020	2021
Су тиімділігі	Шығарылатын өнімнің бір бірлігіне жұмсалатын су көлемі	0,396	0,335	0,336

Есепті кезеңдегі бірнеше рет пайдаланылатын және қайта пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі:

	Өлшем бірлігі	Көлемі		
		2019	2020	2021
Жинап алынатын су көлемі	мың м³	11 976 439	12 395 614	9 210 756
Бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су көлемі	мың м³	3 212 285	3 098 904	3 548 556
Бірнеше рет және қайта пайдаланылатын су үлесі	%	26,8	25	38,5

«БИОАЛУАНТҮРЛІЛІК» АСПЕКТІСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ портфелінде ЖЭС, ЖЭК және АЭК бар екенін ескере отырып, Компания «Биоалуантүрлілік» аспектісін осы активтерге қатысты маңызды деп бағалайды. Алайда, біз «Самұрық-Энерго» АҚ-ның отын станциялары мен «Богатырь Көмір» ЖШС көмір кеніштері елді мекендер шегінде немесе өнеркәсіптік аумақтарда орналасқандықтан, сондай-ақ осы өндірістік объектілерді жобалау кезінде табиғатты қорғау шешімдері ретінде құрылыс аумағы биоалуантүрлілігінің жұтаңдығын ескергендіктен, олар жабайы өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне тікелей теріс әсер етпейді деп санаймыз.

Осылайша, «Самұрық-Энерго» АҚ еншілес компанияларының қызметі орнитофаунаға, ихтиофаунаға және басқа да тұщы су экожүйелеріне, сондай-ақ Шардара СЭС, Мойнақ СЭС, СЭС каскады, Қапшағай СЭС, БЖЭС және АЖК әсер ету аймақтары шегіндегі жағалау аймақтарының флорасы мен фаунасына теріс әсер етуі мүмкін.

Басқару тәсілі

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында биоалуантүрлілікке теріс әсерді азайту үшін өндірістік қызметті жоспарлау кезінде қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне тигізетін әсерге бағалау жүргізіледі. ҚОӘБ рәсімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі. Сондай-ақ кәсіпорындарды одан әрі пайдалану процесінде өсімдіктер мен жануарлар әлеміне әсер ету мониторингі регламенттелген.

Басқару тәсілін бағалау

«БЖЭС» ЖШС жел паркі жобасында жел энергетикалық қондырғыларының жануарлар әлеміне тигізетін әсерін азайту көзделген – жарықпен ластану жанды тіршілік иелерінің биоритмдерін бұзуға әкелетінін ескере отырып, түнгі уақытта ЖЭҚ-пен жарықтандыру тек габаритті оттарды пайдаланғанға дейін мейлінше азайтылады.

«АЖК» АҚ-да электр тогының соғуынан ӘЖ-де құстардың өліп қалу жағдайларын мейлінше азайту үшін оқшауланған сымдармен жарақтандыра отырып, желілерді қайта жаңарту жүргізілуде.

Сондай-ақ, Қазақ балық шаруашылығы ғылыми – зерттеу институтының ұсынысы бойынша, балықты қорғау шарасы ретінде турбиналық су таратқыштар алдындағы су жинағышқа жақын жерде қараңғы түскен кезде су бетін прожекторлармен жарықтандыру жүзеге асырылады, осылайша жарықтың түсуі балықты үркітеді. Балықтардың еркін қозғалуы үшін бос суды төгуге арналған шұмектер (БСТШ) жабдықталған. Сондай-ақ су және жерүсті (жағалаудағы) экожүйелерге тигізетін әсерді азайту үшін су электр станцияларының жұмыс режимдері ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Су ресурстары комитетімен, әкімдіктермен, сондай-ақ ЕҚТА басшылығымен (мысалы, Мойнақ СЭС жағдайында) келісіледі.

Өсімдіктер мен жануарлар әлеміне тигізетін әсерге мониторинг жүргізу үшін СЭС-тер мен ЖЭС-терде визуалды далалық бақылаулар жүргізіледі.

Қорғалған немесе қалпына келтірілген мекендеу ортасы

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ қандай да бір арнайы санитарлық немесе экологиялық режимі немесе ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәртебесі бар аумақтарда өндірістік қызметті жүзеге асырған жоқ.

Пайдалану учаскесі	Географиялық жағдайы	Қорғалатын аймаққа немесе қорғалатын аудандар шегінен тыс биоалуантүрлілік құндылығы жоғары ауданға қатысты жағдай	Операцияның түрі	Қорғалатын аумақтың немесе қорғалатын аумақ шегінен тыс биоалуантүрлілік құндылығы жоғары аймақтың белгісімен сипатталатын биоалуантүрліліктің мәні	Аумақты басқару мәртебесі/ санаты
«БЖЭС» ЖШС	Ерейментау қ., Ақмола обл.	45 км қашықтықта Бұйратау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі орналасқан	Электр энергиясын өндіру	Ерейментау тауларында Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген 2 құс түрі мекендейді (қорым бүркіті және дала бүркіті). Алайда, құстар автожолдар мен теміржол бойындағы ойпаңдар мен орман алқабына көп шоғырланған, бұл ЖЭС-те орнатылған ЖЭҚ-дан алыс орналасқан. Объектіні пайдалануға берген сәттен бастап ЖЭҚ қалақшаларына соқтығысу жағдайлары тіркелген жоқ.	Табиғи парк
«Мойнақ СЭС» АҚ	Алматы облысы	Мойнақ СЭС-інен 55 км қашықтықта Шарын өзенінің ағысымен төмен қарай Шарын ұлттық паркі орналасқан	Электр энергиясын өндіру	«Мойнақ СЭС» АҚ Қазақстандағы БҮҮДБ сарапшыларымен Шарын өзенінің төменгі ағысында сақталған шаған тоғайын сақтау жобасы бойынша бірлесіп жұмыс істейді.	Табиғи парк

«ШЫҒАРЫНДЫЛАР АСПЕКТІСІ»

«Самұрық-Энерго» АҚ үшін өзінің ЖЭС-терінің өндірістік қызметінің атмосфералық ауаға тигізетін әсерінің аспектісі басқа экологиялық аспектілермен салыстырғанда анағұрлым маңызды болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының электр энергиясының негізгі бөлігі (2021 жылы – 93,3%) қазбалы отын түрлерін пайдалана отырып өндіріледі, соның салдарынан атмосфералық ауаны ластайтын түтін газдары түзіледі. Сонымен қатар, отынды жағу кезінде пайда болатын химиялық реакциялар салдарынан климаттың өзгеруіне әсер ететін парниктік газдар ауаға енеді.

Парниктік газдар шығарындыларын азайтуға қатысты басқару тәсілі

«Самұрық-Энерго» АҚ климаттық мәселелерге де байыпты қарайды: процестер мен өнімдердің көміртекті сыйымдылығын азайту бойынша негізгі бағыттар мен мақсаттар Компанияның Даму стратегиясында және экологиялық саясатында көрсетілген. Компанияның стратегиялық мақсаттарына ЖЭК пен СЭС-ті дамыту жатады, барлық жерде энергия менеджменті жүйелері енгізілген, энергия тиімділігі мен энергия үнемдеуді арттыру бойынша ауқымды бағдарламалар әзірленді.

Бұдан басқа, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС, «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «АлЭС» АҚ және «Богатырь Көмір» ЖШС сияқты ЕТҮ-лары квоталанатын қондырғылар болып табылады және олардың ПГ шығарындыларына квоталар саудасының ұлттық жүйесі шеңберінде ПГ шығарындыларын азайту бойынша міндеттемелері бар.

Маңызды ластаушы заттардың шығарындыларына қатысты басқару тәсілі

Компаниядағы ластаушы заттар шығарындыларының негізгі көздері I санаттағы отын станциялары болып табылады. Азот тотықтары, күкірт тотықтары, көміртегі тотығы, шаң (күл) ЖЭС-ке тән маркерлік ластаушы заттар болып табылады.

Станцияларды жобалау кезінде қабылданған экологиялық шешімдердің тиімділігі мен дұрыстығы оларды пайдалану жылдарының ұзақтығымен өлшенеді. Ұлттық маңызы бар Екібастұз станцияларын салу орнын таңдау кездейсоқ емес – отын көзіне жақын болуы қамтамасыз етілді, бұл көмір тасымалдаудың тигізетін жағымсыз әсерін азайтады, түтін құбырлары биіктігіне, желдің рельефі мен бағытын ескере отырып орналасуына, тұрғын аудандардан қашықтығына байланысты ЛЗ таралуының оңтайлы жағдайлары қамтамасыз етілді.

Жұртшылық пен уәкілетті органдардың пікірін ескере отырып, қалалық агломерацияда орналасқан Алматы станцияларында қазірдің өзінде газға ауыстырылған ЖЭО-1 және БЖК-ге қосымша ЖЭО-2,3 нысандарын газға көшіру жоспарлануда.

Атмосфералық ауаға қатысты эмиссия экологиялық заңнамамен қатаң реттеледі. ЛЗ шығарындылары уәкілетті мемлекеттік органдармен келісілген және арнайы рұқсат беру құжаттарында регламенттелген әзірленген жобалар мен нормативтерге сәйкес өндірістік процестермен негізделген көлемде жүргізіледі.

Күл шығарындыларын мейлінше азайту үшін күлтұтқыш технологиялар: Екібастұз ГРЭС-інде электр сүзгіштер, ал Алматы ЖЭО-да жаңа буын эмульгаторлары қолданылады. Азот тотықтарының түзілуін басу үшін төмен эмиссиялық қыздырғыштар қолданылады, жоғары қысымды жылытқыштар мен турбина буының 4-іріктеуінен қуат алатын турбо-қоректік сорғыларды қолданудың арқасында режимдер реттеледі.

Шекті рұқсат етілетін шығарындылар нормативтерінің сақталуына тұрақты өндірістік экологиялық бақылау және бақылаушы орган алдында тұрақты есептілік жүргізіледі.

Басқару тәсілін бағалау

2021 жылдың қорытындысы бойынша топтың жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) объектілерінің электр энергиясын өндіру көлемі шамамен 325,3 млн кВтс құрады, осылайша ЖЭК нарығындағы «Самұрық-Энерго» АҚ-ның үлесі шамамен 10%-ды құрады.

Үкіметтің 2021 жылғы 10 шілдедегі кеңейтілген кеңесі барысында Қазақстан Республикасы Президентінің «Алматы ЖЭО-2 нысанын жаңғырту жобасын іске асыруға кірісу және 2023 жылы бірінші кезеңді аяқтау» туралы берген тапсырмасын орындау мақсатында «АлЭС» АҚ жобаның ТЭН-ін әзірледі және оған Мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынды. Сонымен қатар, белгіленген қуатты 450 МВт-ға дейін ұлғайта отырып, Алматы ЖЭО-3 нысанын қайта құру жобасын іске асыру жоспарлануда.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компаниялар тобы:

- қоршаған ортаға зиян келтіретін авариялық жағдайлардың болмауына;
- ЖЭК және СЭС-те «таза энергия» өндіру үлесі – компаниялар тобының жалпы өндіру көлемінің 8,7%-ға жетуіне;
- экологиялық көрсеткіштері «Самұрық-Энерго» АҚ тобының басқа көмір станцияларына қарағанда жақсы болатын ЖЭК және СЭС, газбен жұмыс істейтін ЖЭО-1, сондай-ақ ГРЭС-1 нысандарының өндіру үлесінің ұлғаюына байланысты атмосфералық ауаға ластаушы заттардың үлестік шығарылымы 2019 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 3,5%-ға қысқаруына қол жеткізді

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары

	Өлшем бірлігі	көлемі		
		2019	2020	2021
көміртегінің қос тотығы	мың тонна	31 593	33 413,98	32 920,447
метан		353,850	341,6	347,123
азоттың шала тотығы		0,275	0,296	15,425

Қазақстан Республикасының заңнамасы парниктік газдардың жанама шығарындыларын міндетті бағалауды талап етпейді, алайда біз парниктік газдар шығарындыларының көрсетілген көлемдері парниктік газдардың жалпы шығарындыларының 95%-ын, оның ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының жанама (Scope 1 және 2) шығарындыларын қамтиды деп ойлаймыз, өйткені тікелей шығарындыларды есептеу кезінде ЕТҮ-ның меншікті энергетикалық қажеттіліктері ескеріледі.

ОБЗ шығарындылары және өзге де шығарындылар

	Өлшем бірлігі	көлемі		
		2019	2020	2021
ОБЗ өндіру көлемі	-	–	–	–
ОБЗ импортының көлемі		–	–	–
ОБЗ экспортының көлемі		–	–	–
Кетпейтін органикалық ластауыштар (КОЛ)		–	–	–
ЖТҚ	тонн	261,6	261,4	260,77

Ластауыш заттардың шығарындылары

"САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО" АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ЖАЛПЫ ШЫҒАРЫНДЫЛАР КӨЛЕМІ



ЕТҮ-ЛАРДЫҢ КОМПАНИЯНЫҢ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ "ГЕНЕРАЦИЯ" СЕКТОРЫ" 2021 ЖЫЛ



«ҚАЛДЫҚТАР» АСПЕКТІСІ

«Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҮ-лары экологиялық, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды және қалдықтардың жекелеген түрлерімен жұмыс істеу саласындағы стандарттардың талаптарын сақтауға ұмтылатын өнімдерді өндіру процесі сөзсіз қалдықтардың пайда болуымен байланысты болады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның ірі ЕТҮ-ларының қызметінің ерекшелігін ескере отырып, өндіріс қалдықтары ірі тоннажды – ЖЭС-тегі күл-қож қалдықтары мен «Богатырь Көмір» ЖШС-ның көмір кесіктеріндегі аршыма жыныстарға жатады. Қалдықтардың бұл түрлері қауіпті емес және қалдықтардың жалпы көлемінің басым бөлігін құрайды.

Қалдықтардың басқа түрлері тұтыну қалдықтары ретінде жіктеледі. Оларға қатысты бөлек жинау және одан әрі қайта өңдеуге немесе кәдеге жаратуға беру жөніндегі шаралар көзделген.

Басқару тәсілі

Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес Қазақстанда қалдықтарды орналастыру көлемі нормаланады. Тұтыну қалдықтарына қатысты арнайы жабдықталған орындарда бөлек жинау және уақытша сақтау жөніндегі талаптар қолданылады, сондай-ақ полигондарда көму үшін қолайсыз қалдықтардың түрлері айқындалған.

Осылайша, қайта пайдалануға және кейіннен заңды және жеке тұлғаларға бере отырып, қайталама шикізатқа жатқызуға жарамды қалдықтардың түрлері айқындалады. «Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҮ-ларында мұндай қалдықтарға макулатура, картон және қағаз қалдықтары, пластик және пластмасса қалдықтары, құрамында сынабы бар шамдар, түсті және қара металл сынықтары, электрондық және электр жабдығы, аккумуляторлар, шиналар және олардың фрагменттері және басқа да қауіпті қалдықтар жатады.

Айналым түрлері мен әдістері бойынша бөлінген қалдықтардың жалпы салмағы

		Өлшем бірлігі	Массасы		
			2019	2020	2021
1	Барлық пайда болған қалдықтар, олардың ішінде	мың тонна	75 476	97 513,5	88 841,030
2	қауіпті		20	21,3	19,76
3	қауіпсіз		75 456	97 492,2	88 821,267

Басқару тәсілін бағалау

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша өндіріс қалдықтарын орналастыру барынша қауіпсіз тәсілмен жүзеге асырылады.

«Богатырь Көмір» ЖШС-ның іргелес аумақтарға теріс әсерін азайту мақсатында сыртқы үйінділерде аршыма жыныстарды көму көлемін қысқарту бойынша жұмыстар жүргізілуде, ол үшін ішкі үйінділер ретінде «Северный» және «Богатырь» кесіктерінің ішкі өңделген кеңістігін пайдалану бойынша жобалар әзірленуде. Үйінділерге жиналатын құрамында көмір бар жыныстардың өздігінен жануын болдырмау және тотықтырғыш процестердің алдын алу үшін үйінділерін төгу және үйінділер шатырын тығыздау бойынша инертті жыныстармен оқшаулау жөніндегі іс-шаралар орындалады.

ЖЭС-тің күл-қож қалдықтары шаңды басу жөніндегі іс-шараларды қамтамасыз ете отырып, күл үйінділерінде – Екібастұз ГРЭС-інде су кемерінің астында, ал Алматы станцияларында топырақ қабатымен жабылған және көпжылдық шөптер мен бұталар отырғызылған бірегей құрамдастырылған технология бойынша көміледі. Жыл сайын күл үйінділерінің пайдаланылған бөліктеріне рекультивация жүргізіледі. Жалпы, компанияның су электр станциялары мен ЖЭК объектілерін дамытуы да өнім бірлігіне шаққандағы КҚҚ түзілуінің төмендеуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, өндіріс қалдықтарын басқару жөніндегі іс-шараларға күл-қожды кәдеге жарату да жатады, олар автомобиль жолдарын тұрғызуда, сондай-ақ құрылыс материалдарын өндіруде қолданылады.

2021 жылы кәдеге жаратуға 17,5 мың тоннаға жуық құрғақ күл жіберілді. Алайда КҚҚ-ға шикізат ретінде сұраныс төмен.

КҚК ШИКІЗАТ РЕТІНДЕ СҰРАНЫСЫ



ОТЫН ӨНДІРУ СЕКТОРЫ БОЙЫНША КҚҚ ТҮЗІЛУІНІҢ МЕНШІКТІ КӨРСЕТКІШІ



«ӘЛЕУМЕТТІК» САНАТ

Кадр саясаты Компанияның Даму Стратегиясының мақсаттарына негізделген және стратегиялық бастамаларды барынша тиімді іске асыруға ықпал етуге бағытталған.

Кадр саясаты персоналды басқару саласындағы негізгі құжат болып табылады және адами әлеуетті дамытуға бағдарланған, сондай-ақ стратегия шеңберінде көзделген іс-шараларды табысты іске асыру үшін персоналдың құзыреттерін дамыту қажеттілігін айқындайды.

Персоналды басқару саясаты қызметкерлер үшін тартымды жағдайлар жасауға және қатысатын өңірлерде негізгі және неғұрлым беделді жұмыс берушілердің бірі болуға бағытталған.

Кадр саясатының миссиясы

Компанияның болашақтағы ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу және нарықта бәсекелес басымдықты қамтамасыз ету үшін адам ресурстарының күш-жігерін біріктіру.

Кадр саясатын пайымдау

Әрбір қызметкердің құндылықтарымен үйлесетін, адам әлеуетінің өсуіне және бизнестің қарқынды дамуына ықпал ететін бірыңғай тиімді корпоративтік мәдениет.

HR функциясының стратегиялық рөлі, ең алдымен, болашақта еңбек ресурстарын сандық және сапалық тұрғыдан жоспарлауынан көрінеді.

Компанияның кадр саясаты тұрақты даму қағидаттарына негізделген-бұл мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, адам құқықтарын сақтау, ашықтық, есептілік, ашықтық, заңдылық, этикалық мінез-құлық, жеке мысал, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу, жұмысқа орналасу кезінде тең мүмкіндіктер беру, кемсітушіліктің болмауы, жыныстық қол сұғушылыққа жол бермеу және басқалар.

Компания 2019 жылғы 7 наурызда «БҰҰ-әйелдер» серіктестігі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Жаһандық шарты шеңберінде әзірленген «Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту қағидаттарын» қолдау туралы өтінішке қол қойды.

Компания Адам құқықтары саласындағы саясатты дамытуды және әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейте отырып, жұмыс орнындағы гендерлік теңдікке жәрдемдесумен байланысты түйінді сәттерге назар аударуды мақсат етеді. Осы мәлімдемеге қол қою компанияның орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарына бейімділігін, сондай-ақ әйелдер мен еркектерге тең мүмкіндіктер беретін ұйымдардың неғұрлым табысты және үздік нәтижелерге қол жеткізетініне сенімін көрсетеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасы аумағындағы ірі жұмыс берушілер қатарына енеді. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, Компания қызметкерлерінің тізімдік саны 17 645 адамды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кадрлық құрамы соңғы жылдары тұрақты болып қалып отыр, қызметкерлердің орташа жұмыс өтілі – 13 жыл.

Есепті кезеңде жұмыспен толық қамтылған қызметкерлердің үлесі 100%-ды құрады.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 2 341 адам қабылданды

САНЫ



2021 Ж. ӨҢІРЛЕР БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕ КАДРЛАР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ



2021Ж. ЖЫНЫСЫ БОЙЫНША БӨЛГЕНДЕ КАДРЛАР ТҰРАҚТАМАУШЫЛЫҒЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметінің өндірістік ерекшелігіне байланысты негізгі өндірістік учаскелерге ер адамдар көбірек тартылған, олардың үлесі 2021 жылы қызметкерлердің жалпы санының 74%-ын құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ «БҰҰ – Әйелдер» серіктестігі мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Жаһандық шартының аясында әзірленген Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтудің 7 қағидатын қолдайды. Бұл құжат орнықты дамудың негізгі элементі ретінде гендерлік теңдік қағидаттарын ұстанатынына, сонымен қатар әйелдер мен ерлерге тең мүмкіндіктер беретін компаниялардың неғұрлым табысты болатынына және жақсы нәтижелерге қол жеткізетініне сенеді. Осы қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін Компанияда Іс-шаралар жоспары қабылданды.

03.3 «Әлеуметтік» санат

Қызметкерлер құрамы

№	Көрсеткіш	Қызметкерлер	Үлесі
1.	**Қызметкерлердің 2021 жылдың аяғындағы жалпы саны (тізімдік)**	**17 645**	
2.	**Жынысы**		
2.1.	Ер адамдар	13 061	74%
2.2.	Әйелдер	4 584	26%
3.	**Азшылық топтары (нәсілдік/этникалық, діни, мүмкіндіктері шектеулі)**	**17 645**	
3.1.	Қазақтар	11 167	62%
3.2.	Орыстар	4 402	26%
3.3.	Украиндар	608	4%
3.4.	Үйғырлар	345	2%
3.5.	Татарлар	324	2%
3.6.	Немістер	230	1%
3.7.	Белорустар	123	1%
3.8.	Корейлер	54	0,3%
3.9.	Басқалар	392	3%
4.	**Жас топтары (қызметкерлердің орташа жасы – 38 жас)**	**17 645**	
4.1.	30 жасқа дейін	2 632	17%
4.2.	30-дан 50 жасқа дейін	9 711	53%
4.3.	50 жастан жоғары	5 302	30%

2021 жылы кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті 10%-ды құрады. Негізгі себептері – басқа жерде неғұрлым жоғары жалақы алу перспективасы, мансаптық және кәсіби даму мен оқытудың болмауы.

Қызметтің ерекшелігіне байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында мәжбүрлі еңбек және балаларды пайдалану, сондай-ақ жас қызметкерлердің қауіпті жұмысты орындау тәуекелі жоқ.

Ішкі таланттарды ұстап қалу және кәсібилігі жоғары кадрларды тарту, сондай-ақ «Адам капиталының» сапасын арттыру үшін Компания меритократия және ашықтық қағидаттарына сәйкес қызметкерлерді іріктеу мен таңдаудың маңыздылығын арттыруды, сондай-ақ ішкі құзыреттерді дамытуды, «Жас-Өркен» және «Цифрлық жаз» жобаларын іске асыруға қатысуды қамтамасыз етеді.

Мұндай тәсіл бизнесті дамытуға, нақты нәтижелерге қол жеткізуге және Компанияның тұрақты дамуына қажетті құзыреттер мен дағдыларды жинақтауға ықпал етеді.

Компания қызметке қатысты басқа да елеулі өзгерістер туындаған кезде, оның ішінде еңбек шартын бұзған кезде қолданыстағы заңнаманы қатаң сақтайды, қызметкерлерді кемінде бір ай бұрын жазбаша хабардар етеді.

Осылайша, Компания қызметкерлер үшін тартымды жағдайлар жасауды және қатысатын өңірлерде негізгі және неғұрлым беделді жұмыс берушілердің бірі болу міндетін көздейді. Осы мақсат шеңберінде HR брендингті дамыту жөніндегі жұмыс, оның ішінде EVP (жұмыс берушінің құндылық ұсынысы) қалыптастыру тәсілін бекіту, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ EVP-ны құру жөніндегі жол картасын (іс-шаралар жоспарын) бекіту жалғасатын болады.

ESG қағидаттарын енгізу шеңберінде және 2022-2031 жылдарға арналған Даму стратегиясына сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ-ны әлеуметтік аспектіде дамытудың негізгі басым бағыттары мыналар болып табылады:

1. әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыру, БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын ұстану;
2. жоғары этикалық стандарттарды енгізу, құндылықтар жүйесін дамыту және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті қалыптастыру, адами капиталды инвестициялау және кәсіби даму;
3. Компанияда әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету (қызметкерлердің тартылуын арттыру, әлеуметтік әріптестік және әлеуметтік жауапкершілік қағидаты негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу);
4. әлеуметтік қорғалуы (кемсітушілік жағдайларын болдырмау, адам құқықтарын сақтауды бұзу жағдайларын болдырмау, тең құқықтар мен мүмкіндіктер);
5. гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілету (жұмыс күші құрамындағы әйелдер санын ұлғайту, басшы лауазымдардағы әйелдердің оңтайлы санын қамтамасыз ету, кадр резерві құрамындағы әйелдер санын ұлғайту);
6. кадрлардың тұрақтамауын бақылау. Ішкі таланттарды ұстау және кәсіби біліктілігі жоғары кадрларды тарту (таланттарды басқару, ішкі құзыреттерді дамыту);
7. HR брендингін дамыту;
8. кәсіптік денсаулық пен еңбек қауіпсіздігінің менеджменті жүйесін жақсарту және оның нәтижелерін арттыру (неғұрлым ауыр зардаптарға (өлім жағдайларына, аварияларға) жол бермеу мақсатында іске асырылатын инциденттер бойынша есептердің ашықтығын арттыру; қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тарту және халықаралық стандарттарды пайдалана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесін бақылаудың тиімділігін арттыру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлердің еңбек жағдайларын, қауіпсіздік шараларын және адамдардың әл-ауқатын арттыру үшін басқа да әлеуметтік аспектілерді ұдайы жақсартуға ұмтылады. Компания өндірістік тәсілдер мен әлеуметтік басымдықтар арасындағы тепе-теңдікті қатысу аймақтарындағы негізгі міндеттердің бірі ретінде қарастырады.

ҚАМҚОРЛЫҚ
QAMQORLYQ
НАСТАВНИЧЕСТВО

- Біз әрқашан көмекке келуге және қолдау көрсетуге дайынбыз
- Біз әріптестерімізбен және серіктестермен сенімді қарым-қатынас жасау үшін ашық әрекет етеміз
- Біз тәлімгерлікке, тәжірибені сақтауға және беруге дайынбыз

ҮӘДЕГЕ БЕРІКТІК
ÚÁDEGE BERIKTIK
НАДЕЖНОСТЬ

- Біз үздіксіз және сапалы жұмыс үшін жауапты боламыз
- Біз болашақ ұрпақ алдында жауап береміз және қоршаған орта мен экологияға ұқыпты қараймыз
- Біз барлық жерде қауіпсіз, жайлы және бәсекеге қабілетті еңбек жағдайларын жасау үшін жауапты боламыз
- Біз қабылданған міндеттемелерге адалмыз

АДАЛДЫҚ
ADALDYQ
СПРАВЕДЛИВОСТЬ

- Кез келген мәселелерді шешуде біз жағдайды объективті бағалаймыз және әділ әрекет етеміз
- Біз тең талаптарды қолданамыз және тең мүмкіндіктер береміз
- Біз өз ой-пікірлеріңізді айтуға және естуге мүмкіндік бере отырып, басқалардың пікірін бағалаймыз

ТӘЖІРИБЕ
TÁJIRIBE
ПРОФЕССИОНАЛИЗМ

- Біз қойылған міндеттерге адал қараймыз және жұмыстан ләззат аламыз
- Біз өз ісінің кәсіпқойларымыз, өзін-өзі жетілдіреміз және нәтижеге қол жеткіземіз
- Тиімділікті арттыру үшін біз әртүрлі көзқарастарды іздейміз және әртүрлі әдістерді қолданамыз

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ

Компания орнықты даму қағидаттарын басшылыққа ала отырып, өндірістік жарақаттануды төмендету және жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту саясатын жүргізеді.

ESG қағидаттарын әрі қарай енгізу және 2022–2031 жылдарға арналған жаңартылған Даму стратегиясы шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ дамуының негізгі басым бағыттарының бірі мыналар болып табылады:

1. Кәсіптік денсаулық және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесін жақсарту және оның нәтижелерін арттыру (неғұрлым ауыр зардаптарға (өлім жағдайларына, аварияларға) жол бермеу мақсатында іске асырылатын оқыс оқиғалар бойынша есептердің ашықтығын арттыру);
2. Қызметкерлерді еңбекті қорғауды басқару жүйесіне тарта және халықаралық стандарттарды пайдалана отырып, еңбекті қорғауды басқару жүйесін бақылаудың тиімділігін арттыру арқылы қауіпсіздік мәдениетін арттыру.

Компания HSE озық практикалары негізінде мынадай жұмыстарды жүзеге асырады:

- Трансформациялау бағдарламасы аясында SKE 01.01 «Кешенді қауіпсіздікті басқару жөніндегі жаңа модельді енгізу» жобасы енгізілді;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы оқыс оқиғалар мен бұзушылықтарды тіркеудің бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің тұжырымдамасы шеңберінде «Қауіпсіз өндіріс» пилоттық жобасы іске асырылуда;
- «Тиімділікті басқаруды визуалдандыру» пилоттық жобасы енгізілді;
- Менеджмент жүйелерінің аудиттері, шамадан тыс белсенділік, сондай-ақ жүйенің ішкі жаттықтырушылығы тақырыптары бойынша қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласы қызметкерлерін оқыту жүргізілуде, Компанияның және оның еншілес ұйымдарының жоғары басшылығы үшін инфосессия өткізілуде;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында конкурстар өткізілуде;
- Кәсіпорынның бірінші басшылары үшін ынталандырушы НҚК ретінде еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару бойынша іс-шаралар жоспары әзірленуде;
- Тоқсан сайын Компанияның Басқарма төрағасының басшылығымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қорытынды кеңестер өткізіледі;
- Тәжірибе алмасу мақсатында алдыңғы қатарлы компаниялармен Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалды.

Компания тобындағы 2021 жылға арналған Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарына және Компанияның Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы саясатына сәйкес барлық еншілес және тәуелді компанияларда еңбекті қорғау жөніндегі жұмыс жоспарлары әзірленіп, бекітілді, ұйымдастырушылық және алдын алу шаралар кешені өткізілді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компанияларының барлық тобы бойынша Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 203-бабына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңестер жұмыс істейді. Оның құрамына тепе-теңдік негізде жұмыс берушінің өкілдері, еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторларды қоса алғанда, қызметкерлердің өкілдері кіреді.

Компанияның барлық еншілес және тәуелді ұйымдарында еңбек жағдайлары бойынша жұмыс орындарына аттестаттау жүргізілді. Жұмыс орындарын аттестаттауға сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмыс орындары анықталды. Бұл ретте барлық қызметкерлер тиісті жеңілдіктермен, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес жеке қорғану құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 185-бабына сәйкес қауіптілігі жоғары жұмыстарда, машиналармен және механизмдермен байланысты жұмыстарда істейтін жұмыскерлер ауысымға дейінгі және ауысымнан кейінгі медициналық куәландырудан өтеді.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы өз қызметкерлері үшін тұрақты негізде вакцина егу шарасын өткізеді, сондай-ақ, аурулардың алдын алу мақсатында иммунитетті қолдаудың басқа да түрлерін пайдаланады, ауыратын қызметкерлердің жағдайына мониторинг жүргізеді, Ashyq қосымшасын пайдалану енгізілген. COVID-19-дың таралуына жол бермеу мақсатында алдын алу шаралары қабылданды, кіреберісте жұмысшыларға термометрия жүргізіледі, маска режимі сақталуда.

Компания еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық стандарттардың, ҚР нормативтік-құқықтық актілерінің, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтау бойынша жоспарлы және жоспардан тыс (кенеттен) тексерулер жүргізу тәжірибесін енгізді. Есепті кезеңде 11 жоспарлы тексеру, 6 жоспардан тыс (кенеттен тексеру) тексеру жүргізілді.

Жүргізілген алдын алу және түзету шараларының көптігіне қарамастан, 2021 жылы еңбек қызметіне байланысты 6 жазатайым оқиға тіркелді: оның ішінде 4-еуі ауыр жағдаймен, 2-еуі жеңіл жағдаймен.

Жарақат атауы	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.
Химиялық күйік, термиялық күйік	2	–	
Соғып алу	1	1	2
Жарақаттық ампутация	–	1	
Электр жарақаттары (термиялық күйіктер)	1	1	
Сынықтар	5	1	3
Бірнеше жарақат (сынықтар, соғып алу, ішкі органдардың жыртылуы)	–	4	1
Көз жарақаты	–	–	
Бас-ми жарақаты, ми шайқалуы	2	–	
Барлығы	**11**	**8**	**6**

2021 жылдың нәтижелері бойынша көрсеткіштер	
LTIFR	0,19
FIFR	0
LDR	138,41
Жоғалған күндер коэффициенті	446
Келмеген күндер коэффициенті	115 668
Кәсіби сырқаттанушылық коэффициенті	жоқ

Қызмет барысында табиғи апаттар мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобына кіретін барлық кәсіпорындар алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілген: тасымалданатын және жылжымалы өрт сөндіргіштермен, өрт крандарымен жабдықталған, ұнтақты құрамы (құм) бар жәшіктермен, сондай-ақ отқа төзімді маталармен (киіз, туырлық және т. б.) қамтамасыз етілген.

Бақылаушы мемлекеттік органдар, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің өкілдері, сондай-ақ кәсіпорынның еңбекті қорғау мамандары жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер кезінде жарамды өрт сөндіру құралдары мен өндірістік қауіпсіздіктің болуына бақылау жүргізеді.

Компанияда қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтарды, сондай-ақ қызметкерлерді ТЖ кезіндегі іс-қимылдарға оқыту және дайындау қамтамасыз етіледі.

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу бойынша қабылданатын шаралар

Өндірістік жарақаттануды азайту үшін «Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобы бойынша мынадай шаралар қолданылады:

1. Жазатайым оқиғалардың мән-жайлары мен себептері барлық қызметкерлерге хабарланады.
2. Барлық өндірістік персоналға жоспардан тыс нұсқама жүргізіледі.
3. Жазатайым оқиға орын алған бөлімшелердің барлық қызметкерлерінің ТПЕ, ҚТЕ және еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғау туралы нұсқаулықтар бойынша білімдеріне кезектен тыс тексеру жүргізіледі.
4. Ай сайын кәсіпорынның бірінші басшыларының қатысуымен Қауіпсіздік техникасы күні өткізіледі. Оны өткізу нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі шаралар әзірленеді.
5. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау қызметтері қондырғыларға, ғимараттар мен құрылғыларға, жұмыс орындарына кешенді түрде тексерістер жүргізеді. Кешенді тексеріс қорытындылары бойынша орындау мерзімдері

мен жауапты тұлғалар көрсетіліп, іс-шаралар жоспары әзірленеді.
6. Еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау мәселелері бойынша Қызметкерлерді оқыту, нұсқамалар беру және білімдерін тексеру қағидаларына сәйкес, барлық өндірістік қызметкерлерге оқыту жүргізіледі.
7. Жөндеу науқаны алдында Компанияның барлық кәсіпорындарда құрылымдық бөлімшелердің наряд беруге, жұмыс басында басшы және өндіруші болуға құқығы бар инженерлік-техникалық қызметкерлеріне жасақты өндірістік жұмыстарға жіберу мен нарядты ресімдеуді дұрыс атқару бойынша практикалық сабақтар қамтылған семинар-кеңестер өткізіледі.
8. Кәсіпорындарда ең кемі бес жылда бір рет жұмыс орындарында еңбек жағдайлары бойынша аттестация жүргізіледі.
9. Ұзақ уақыт пайдаланылу ресурсын тауысқан және өндірістік персонал үшін айтарлықтай қауіп тудыратын жабдықтар жоспарлы түрде ауыстырылады.
10. Қауіпсіздіктің көшбасшылық мінез-құлық аудитін жүргізу тәжірибесі енгізілуде.
11. Қауіптерді сәйкестендіру және тәуекелдерді бағалау мәселелері бойынша персоналға қосымша тренингтерді/оқу өткізуді ескере отырып, жұмыс орындарында тәуекелдер карталарын/тізілімдерін өзектендіру жүргізіледі.

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ

Компания еңбекке ақы төлеу және ынталандыру бойынша мынадай саясатты ұстанады:
1. Компаниядағы барлық қызметкерлер үшін жергілікті жағдайларды ескере отырып, негізгі тұрмыстық қажеттіліктерді қанағаттандыру және белгілі бір кірісті қамтамасыз ету қажеттілігіне сүйене отырып, заңнамада белгіленген ең төменгі сыйақы мөлшерінен асатын деңгейде ең төменгі кепілдендірілген еңбекақы мөлшерін белгілеу;
2. тұтыну бағаларының индексі негізінде жалақыны индекстеу;
3. еңбек өнімділігінің артуына байланысты жалақыны мерзімді түрде өсіріп отыру;
4. қызметкердің жеке еңбек үлесін мейлінше толық ескеру мақсатында икемді сыйақы беру жүйелерін пайдалану;
5. қызметкерлерге еңбекақы төлеу және ынталандыру жүйесінің объективтілігі мен бірлігі және оның республикалық деңгейде бәсекеге қабілеттілігі;
6. корпоративтік және салалық марапаттармен марапаттау.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы қызметкерлердің орташа жалақысы 2021 жылы өткен жылдың көрсеткішінен 14%-ға – 273 628 теңгеден 311 652 теңгеге дейін өсті. Өндірістік қызметкерлердің орташа жалақысының өсімі 256 611 теңгеден 292 092 теңгеге дейін 14%-ды, ал әкімшілік қызметкерлердің орташа жалақысы 467 305 теңгеден 535 282 теңгеге дейін 15%-ды құрады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша ең төменгі жалақы 137 021 теңгені құрайды. Әйелдердің ең төменгі жалақысының ерлердің ең төменгі жалақысына қатынасы 100% құрайды. Жалақы еңбекақы және тарифтік мөлшерлеме сызбасының негізінде белгіленеді.

Жалақы мөлшерін арттыру және инфляциялық процестердің орнын толтыру мақсатында, сондай-ақ жасалған Ұжымдық шарттарға сәйкес, 2020 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жалақыны орташа есеппен 5%-ға индекстеу жүзеге асырылды.

Қызметкерлерді ынталандыру мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ олардың сіңірген еңбегін ескере отырып, материалдық емес ынталандыру түрлері мен жанама қосымша материалдық сыйақы беру түрлерін – қызметкерлерді әлеуметтік қорғау бағдарламалары мен қосымша жеңілдіктер беру бағдарламаларын дамытады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да Ұжымдық шартқа сәйкес: үстеме жұмысқа ақы төлеуді, демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс ақысын, түнгі уақыттағы үстеме ақыларды, үстеме және қосымша ақыларды, ауыр жұмыстағы, зиянды (ерекше зиянды) жұмыспен айналысатын жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеуді, қауіпті еңбек жағдайлары, жыл сайынғы қосымша ақы төленетін еңбек демалысы, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, үйлену тойына материалдық көмек және қызметкерлердің мерейтойына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу көзделген. Ұжымдық шартқа сәйкес зейнеткерлікке шығуға байланысты еңбек шартын бұзу кезінде жұмысшыларға 3 жалақы мөлшерінде өтемақы төлемі төленеді.

Жұмысты білім беру ұйымдарындағы оқумен ұштастыратын жұмысшыларға емтихан немесе нұсқау беруші сессиялары, дипломдық жобаны (жұмысты) дайындау және қорғау, қорытынды емтихандарды тапсыру кезеңіне қосымша демалыс беріледі.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы жұмысшылардың жұмысын ынталандыру және көтермелеу мақсатында корпоративті мәдениетті дамыту аясында ерекшеленген қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, мемлекеттік, ведомстволық және салалық марапаттары берілді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері мынадай марапаттар мен ынталандыруларға ұсынылды:
- Қазақстан Республикасының «Құрмет» ордені – 1 қызметкер, Қазақстан Республикасының «Ерен еңбегі үшін» медалі – 3 қызметкер;
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерекелік медаль – 35 адам;
- ГОЭЛРОНЫҢ 100 жылдығына арналған белгі – 141 қызметкер;
- «KAZENERGY» медалі – 3 қызметкер, «KAZENERGY» Құрмет грамотасы – 5, «KAZENERGY» Алғыс хаты – 7 қызметкер;
- Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Самұрық-Қазына» АҚ төсбелгісі – 11 қызметкер, «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасы – 15 қызметкер;
- «ТМД-ға еңбек сіңірген энергетик» атағы – 3 қызметкер, ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Құрмет грамотасы – 2 қызметкер;
- «Еңбегі сіңген энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы» – 2 қызметкер, «Құрметті энергетик. Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығы» – 2 қызметкер, «Қазақстан Электр энергетикалық қауымдастығының Құрмет грамотасы» – 6 қызметкер;
- «Электр энергетикасы саласына қосқан үлесі үшін» медалі, «Еңбек сіңірген энергетик» төсбелгісі, «Құрметті энергетик» төсбелгісі, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасы және Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Алғыс хаты – 50 қызметкер;
- «Самұрық-Энерго» АҚ Құрмет грамотасы, «Самұрық-Энерго» АҚ Алғыс хаты – 144 қызметкер.

ДАМУ ЖӘНЕ МАНСАПТЫҚ ӨСУ

Кадр саясатының басымдықтарының бірі персоналды оқыту және дамыту үшін кең мүмкіндіктер беру болып табылады. Қоғам қызметкерлерді оқытуды өндірістік міндеттерді шешу үшін қажетті қызметкерлердің біліктілік деңгейін қамтамасыз ететін тұтас жоба ретінде қарастырады, сондай-ақ Компания мен ЕТҰ қызметкерлерінің адалдығының өсуіне ықпал етеді, ұжымда қолайлы әлеуметтік ахуал туғызады және корпоративтік мәдениеттің дамуына тікелей әсер етеді.

Электр энергетикасының ерекшелігі жұмыс істеуге рұқсат беру және кәсіби шеберліктің жоғары деңгейін сақтау үшін кадрларды үнемі даярлау мен қайта даярлауды талап етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерді үнемі дамытып, оқытуға ұмтылады. Қызметкерлерді оқыту және дамыту жабдықтардың және жалпы алғанда, компанияның үнемді, авариясыз және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етудегі табысқа жетудің маңызды факторы болып табылады.

Қоғам компаниялары тобының персоналын дамытудың негізгі бағыттары:
- «Көшбасшылықты дамыту» бағдарламасы;
- Жылу электр станцияларының көмір қазанын/бу турбиналарын пайдалану;
- «Тәлімгерлік», «Ішкі жаттықтырушыларды дайындау» тренингтері;
- MBA және EMBA бағдарламалары;
- Ағылшын және мемлекеттік тілдерді оқыту бойынша корпоративтік курстар;
- Қызметкерлер қызметінің функционалдық бағыты бойынша семинарлар, тренингтер және конференциялар.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру үдерістері жүйеленді.

Сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы таланттар пулын оқыту және дамыту үшін барлық қажетті жағдайларды жасайды, оның негізгі қағидаты басқару сабақтастығын қамтамасыз ету мақсатында басшы кадрларды мақсатты даярлау, сондай-ақ қызметкерлерге Қоғамның компаниялар тобында даму және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер беру болып табылады.

Көшбасшылықты дамыту бағдарламасы шеңберінде қызметкерлерді оқытудың Күнтізбелік жоспарының орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі. Компанияны трансформациялаудың Жол картасын іске асыру шеңберінде 2021 жылға арналған міндетті Көшбасшылық бағдарламаны дамыту мақсатында 2021 жылғы 2 ақпандағы №40-Ө бұйрықпен CEO, CEO-1, CEO-2 басшыларын оқытудың Күнтізбелік жоспары бекітілді.

03.4 «Әлеуметтік» санат

2021 жылғы желтоқсанда көшбасшылық бағдарламасы бойынша оқудан CEO – 100%; CEO-1 – 100%; CEO-2 – 100% өтті. «Адамдарды басқару», «Көпшілік алдында сөйлеу», «Стратегиялық менеджмент», «Коучинг дағдылары», «Цифрлық дағдылар», «Өзгерістерді басқару» және «Стратегиялық менеджмент» бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілді.

Компаниядағы көшбасшылықты дамыту аясында Тәлімгерлік бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Бұл бағдарлама мынадай мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі:

- менторлық мәдениетті дамыту;
- персоналдың тұрақтамауын төмендету;
- Компания қызметкерлерінің тиімділігін басқару.

2021 жылы Компанияда Ментор мен Ментидің үш жұбы құрылды. Менторлар Ментимен жұмыс істеу кезінде өздерінің күшті және әлсіз жақтарын талдап, өз тәжірибелерімен, білімдерімен бөлісті және сараптаманы Ментиге берді.

Менти Бағдарламаға қатыса отырып, өз әлеуетін барынша іске асырды, Менторлардың қолдауына және тәжірибесіне ие болды.

2021 жылы оқудың жалпы құны 306 428 мың теңгені құрады. Оқытылған қызметкерлердің саны 13 873 («Самұрық-Энерго» АҚ-ның компаниялар тобы бойынша санның 79%) құрайды.

Атауы	Өлш. бірл.	2021 жылғы оқытудың жалпы құны
Оқытуға және дамытуға жұмсалған шығындар	мың теңге	306 428
ЕТҚ-ның оқытуға жұмсаған шығындарының пайызы	%	0

1 қызметкерге жұмсалған дайындық сағаттарының орташа саны жылына 49,5 сағатты құрады.

Персонал санаты	2021 жылдың соңындағы жалпы саны	2021 жылғы дайындық сағаттарының саны	Бір қызметкерге жылына бөлінген дайындық сағаттарының орташа саны
Жоғарғы басшылық (топ-менеджмент)	69	2 266	32,84
ӘБП	1 360	60 835	44,75
Өндірістік персонал	15 963	800 413	50,14
Қызмет көрсетуші персонал	253	9 892	39,10
БАРЛЫҒЫ	**17 645**	**873 406**	**49,50**

ТАЛАНТТАРДЫ БАСҚАРУ

Таланттарды басқару қағидаларын Корпоративтік стандартқа сәйкес келтіру мақсатында, сондай-ақ HR-функцияларды жетілдіру мақсатында Компанияда таланттарды басқару қағидалары өзектендірілді.

2021 жылғы 21 желтоқсанда Компанияның Тағайындаулар және сыйақы комитеті мүшелерінің сабақтастық жоспарына және кадр резервіне кіретін неғұрлым перспективті қызметкерлермен жыл сайынғы кездесуі өткізілді. Кездесу Zoom қашықтан басқарылатын бейнеконференцбайланыс платформасын пайдалана отырып, онлайн режимінде өтті.

Қызметті бағалау

Адам ресурстарын тиімді басқарудың танылған халықаралық тәжірибесіне сәйкес бағалау рәсімі қызметкерлердің есепті жыл ішінде алған қызметінің нәтижелілігін бағалауды ескере отырып, қызметкерлердің іскерлік және көшбасшылық құзыреттерін бағалауға негізделеді.

Компания қызметкерлерінің қызметін бағалаудың қолданыстағы қағидаларына сәйкес мынадай бағалау жүргізіледі:

- мақсаттар мен құзыреттер бойынша кешенді (қорытынды) бағалау, ол мыналарды қамтиды: өзін-өзі бағалау, шолу кездесулері, дағдыларға, әлеуетке шолу, қызметкерлерді қызметтің тиімділігін арттыру және даму мүмкіндіктері бойынша бағалау және бағыт беру.
- есепті кезеңдегі мақсаттардың орындалу дәрежесіне мониторинг жүргізу мақсатында тоқсан сайын өткізілетін қызметкерлердің қызметіне аралық шолу.

Бәсекеге қабілеттілікті сақтау және дамыту, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге белсенді ден қою, перспективті, жоғары кәсіби және тартылған қызметкерлердің әлеуетін арттыру, өз басқарушы кадрларын тәрбиелеу мақсатында Компания таланттарды басқару және сабақтастық жүйесін дамытады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында негізгі позицияларға орналасу үшін бірыңғай кадрлық резерв қалыптасады және объективтілік, ашықтық, әділдік, еріктілік, тиімділік қағидаттарына негізделген таланттар пулынан іріктеу және тағайындау рәсімдері енгізіледі.

Кадр резервін қалыптастыру және дамыту процесі қызметкерлердің қызметін жыл сайынғы бағалаумен тығыз интеграцияланған, оның нәтижелері бойынша таланттар картасы қалыптастырылады, резервшілерді дамытудың жеке жоспарлары әзірленеді, тартылған тәлімгерлік, тағылымдама бағдарламалары және сабақтастық бағдарламасы дамиды.

Корпоративтік басқаруды дамыту шеңберінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Директорлар кеңесі және компаниялар тобының басқару органдары басшылық позицияларға сабақтастық жоспарын қалыптастыруға және орындауға көп көңіл бөледі.

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ-ДА ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Әлеуметтік тұрақтылық пен персоналды қатыстыру көрсеткіштерін жыл сайын өлшеу қызметкерлердің адалдығы мен сенімін, персоналдың әлеуметтік әл-ауқаты мен қатыстырылу деңгейін арттыру, персоналдың еңбек қызметімен байланысты еңбек жағдайлары мен процестерін жақсарту, коммуникация жүйелерін дамыту және кез келген өзгерістер туралы ақпараттандыру шараларын уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді.

2021 жылы қатыстырылу индексі мен әлеуметтік тұрақтылық рейтингін анықтау әдістемесі жаңартылды. Әдістемені жаңартудың мақсаты – нәтижелердің практикалық маңыздылығын және еңбек ұжымдарындағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ұсыныстардың құндылығын арттыру.

Қазақстан Республикасында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2021 жылы зерттеу Samruk Research Services платформасы аясында телефон арқылы сауалнама алу әдісімен жүргізілді.

2021 жылғы жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша «Әлеуметтік тұрақтылық индексі» 76%-ды құрады.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ҚАТЫСТЫРЫЛҒАН ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҮЛЕСІ

76

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша **әкімшілік-басқарушы персоналдың қатысуы** туралы сауалнама көрсеткіші 83%-ды құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда өзгерген жоқ.

КОМПАНИЯНЫҢ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БОЙЫНША ӘБП ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ



Компанияның (корпоративтік орталықтың) **әкімшілік-басқарушы персоналының қатысуы** бойынша сауалнаманың көрсеткіші 2021 жылы 89%-ды құрады және оң аймақта.

КОМПАНИЯНЫҢ ҚАТЫСҚАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ҮЛЕСІ



03.4 «Әлеуметтік» санат

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Келісу комиссиялары құрылып, жұмыс істеуде, олар жұмыс берушінің өкілдері мен кәсіподақ қызметкерлерінің өкілдерінен құрылған, негізгі функциясы еңбек ұжымы арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу, шағымдар мен өтініштерді қарастыру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бәсекеге қабілетті әлеуметтік топтаманы беруге ұмтылады, оның болуы сыртқы нарықтан жоғары білікті үміткердерді тартуға мүкіндік береді. Өтемақылар мен жеңілдіктер қызметкерлер мен олардың отбасылардың әл-ауқаты мен әлеуметтік қорғалу деңгейін арттыруға арналған. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызмткерлерімен жасасқан ұжымдық шартқа сәйкес ұсынылатын әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктердің құрамына мыналар кіреді:

1. еңбек демалысына қосымша сауықтыруға, баланың тууына байланысты материалдық көмек;
2. (қызметкерді және оның жақын туыстарын) жерлеуге, зейнеткерлерді емдеуге, төтенше жағдайларға және т. б. байланысты материалдық көмек;
3. табысты жоғалтуына байланысты материалдық көмек (жүктілікке және босануға байланысты демалыс немесе нәрестені (ұл/қыз) асырап алуға байланысты демалыс);
4. ерікті медициналық сақтандыру;
5. қызметкерлер мен балалардың шипажай-курорт жағдайында емделуі;
6. қызметкерлердің мерейтойларына байланысты (50, 60 және 70 жас) біржолғы көтермелеу;
7. мерекелік, мәдени-бұқаралық және спорттық іс-шараларды өткізуге жұмсалатын шығыстар;
8. қарыздарды төлеу;
9. асыраушысының жарымжан боп қалғаны немесе одан айрылғаны үшін берілетін жәрдемақы;
10. балаларға жаңа жылдық сыйлықтар және т. б.

Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің үлесі

№	Көрсеткіш	Мәні (2021)	Өлшем бірлігі
1.	2021 жылдың соңындағы қызметкерлердің жалпы саны (тізімдік саны)	17 645	адам
2.	Оның ішінде 2020 жылғы ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлер саны	15 567	адам
3.	Ұжымдық шарттармен қамтылған қызметкерлердің жалпы санының үлесі	88%	%

Компания сауықтыру және демалыс ұйымдастыру мақсатында мынадай іс-шараларды жүзеге асырады:

1. еңбек сіңірген жылдары үшін жыл сайынғы ақылы еңбек демалысына қосымша күндер беру;
2. корпоративтік ақпарат құралдарын пайдалана отырып, қызметкерлер арасында салауатты өмір салтын жүйелі насихаттау;
3. Компания қызметкерлерінің мүгедек-балалары мен жетім-балаларға шипажайға және балаларды сауықтыру орталықтарына берілетін жолдамалардың құнын ішінара өтеу.

Негізгі қызмет бойынша бөлгенде, жұмыспен уақытша немесе толық қамтылмаған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, жұмыспен толық қамтылған жағдайда жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер

№	Көрсеткіш	Жұмыспен толық қамтылған қызметкерлер үшін	Жұмыспен толық қамтылмаған немесе уақытша қамтылған қызметкерлер үшін
1.	Қызметкерлерге берілетін төлемдер мен жеңілдіктер		
1.1.	Өмірді сақтандыру	Беріледі	Беріледі
1.2.	Денсаулық сақтау (медициналық сақтандыру)	Беріледі	Беріледі
1.3.	Еңбекке жарамсыздық/мүгедектік бойынша өтемақылар	Беріледі	Беріледі
1.4.	Ана/әке болуына байланысты демалыс алу	Беріледі	Беріледі
1.5.	Зейнетақы беру (зейнетке шыққан кездегі біржолғы төлем)	Беріледі	Берілмейді
1.6.	Компанияның акцияларын жеке меншікке беру	Берілмейді	Берілмейді
1.7.	Өзге (шипажай-курорт жағдайында емделу, баланың туылуына байланысты материалдық көмек, отбасы мүшелерін емдеуге байланысты материалдық көмек, сауықтыруға байланысты материалдық көмек)	Беріледі	Беріледі

Компаниялар тобының мақсаттарына тиімді қол жеткізуге ықпал ететін мінез-құлық пен құндылықтар жүйесін қалыптастыру және дамыту мақсатында корпоративтік мәдениетті басқару процесі регламенттелген.

Бұл процестің негізгі мақсаты мінез-құлық нормалары мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру мен дамытуды қамтамасыз ету болып табылады, оны орындау Компанияның мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етеді, сонымен қатар компанияға сыртқы ортамен өзара іс-қимыл жасауға көмектеседі.

ЖАС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ САЯСАТ

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының кадрлық саясатының маңызды бағыты жас мамандармен жұмыс болып табылады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында жас кадрлармен жұмыс бойынша кешенді тәсіл іске асырылуда. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобында Жас мамандар кеңесі жұмыс істейді, оның мақсаты бірыңғай жастар саясатын қалыптастыру және іске асыру болып табылады.

Бұл бағыттың міндеттері:

- Компанияның жастар активі есебінен Компания басшылығы жанынан Жастар кеңесін құру және дамыту;
- жастар қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;
- жас мамандардың ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, форумдарға, конкурстарға және басқа да іс-шараларға қатысуы;
- кадрларды даярлау, үздік түлектерді іздеу және іріктеу, студенттердің өндірісте тәжірибеден өтуі мен тағылымдамасын ұйымдастыру, оқу бағдарламаларын жетілдіруге қатысу және дуальді оқытуды дамыту, стипендиялық бағдарламаларды дамыту және т. б. мәселелері бойынша өзара іс-қимыл шеңберінде бейінді білім беру ұйымдарымен жұмыс істеу;
- жас мамандарды, жас отбасыларды әлеуметтік қолдау бағдарламаларын дамыту;
- жас мамандарға қатысты бейімдеу, тағылымдамадан өту, тәлімгерлік және менторлық, оқыту, мансаптық және кәсіби жоспарлау жүйелерін дамыту.

Жыл сайын бұл жастар қозғалысы өз ұстанымын нығайтып келеді. Жас белсенділер өндірістік және қоғамдық өмірге қатысады. Олардың арасында корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыруға қатысатын көптеген шығармашыл дарынды адамдар бар.

2021 жылы жас мамандар еріктілер қозғалысын жан-жақты қолдау мақсатында бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды.

- «Jas Energy» жастар кеңесі «Шын жүректен» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды.
- Аязды күндері «Jas Energy» жастар кеңесінің белсенділері күні бойы қала көшелерінен қар мен қоқысты жинап жатқан Нұр-Сұлтан қаласы Есіл ауданы коммуналдық қызметінің қызметкерлеріне ыстық кофе таратты:
- қайырымдылық жобасын жүзеге асыру аясында «Богатырь Көмір» ЖШС біріккен жастар қозғалысының еріктілері «Шахтер» саябағында жәрмеңке ұйымдастырды:
- «Мектепке жол» акциясын іске асыру шеңберінде «Б. Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС жастар активі Екібастұз қаласының №9 және №11 мектептерінің 100 оқушысы үшін мектеп керек-жарақтары жиынтықтарын сатып алуды және қалыптастыруды қамтамасыз етті:
- Жаңа жыл қарсаңында «Jas Energy» жастар кеңесі жыл сайынғы «сиқырлы шырша» қайырымдылық акциясының көмегімен онкологиялық аурулармен ауыратын балалардың тілектерін жүзеге асырды.

АДАМ ҚҰҚЫҒЫ

«Самұрық-Энерго» АҚ Қазақстан Республикасының адам құқықтарын қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады. Өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына негіздей отырып, Компания адам құқықтары мен бостандықтарын мойындайды, кепілдік береді және сақталуын қамтамасыз етеді. «Самұрық-Энерго» АҚ адам құқықтарын бұзатын немесе жанама түрде осындай бұзушылықтардың себебі болуы мүмкін әрекеттерді қабылдамайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ сонымен қатар бірігу бостандығын, ұжымдық шарттар жасасу құқығын танудың, еңбек құқығын, қолайлы қоршаған ортаға, денсаулықты қорғауға құқықты қоса алғанда, БҰҰ-да жарияланған іргелі адам құқықтары мен бостандықтарының, 1948 жылғы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының, 1966 жылғы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің және 1966 жылғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактінің маңыздылығы мен құндылығын мойындайды.

Адам құқықтарын сақтау саласындағы қағидаттар «Самұрық-Энерго» АҚ-ның Мінез-құлық кодексінде көрсетілген, ол атқаратын лауазымына қарамастан, «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлерінің қызметі сәйкес келуі тиіс жоғары кәсіби және этикалық стандарттарды белгілейді. Адам құқықтары Мінез-құлық кодексінде бекітілген жалдау мен еңбектің тең жағдайларының нормаларымен, кемсітушілік пен қысым көрсетуге тыйым салумен қамтамасыз етіледі.

Кодекстің нормалары мен ережелерін орындау Компанияның барлық қызметкерлері, Директорлар кеңесінің, Басқарманың мүшелері және «Самұрық-Энерго» АҚ-мен жұмыс істейтін үшінші тұлғалар үшін міндетті.

Кодекспен мына сілтеме бойынша танысуға болады: https://www.samruk-energy.kz/ru/corporate-governance/corporate documents#2.

Компаниядағы негізгі құжаттардың бірі Орнықты даму саласындағы нұсқаулық болып табылады, ол адамның іргелі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуді регламенттейді. Құжат Компанияның өз қызметі шеңберінде ғана емес, «Самұрық-Энерго» АҚ жұмыс істейтін үшінші тұлғаларға қатысты Компанияның халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қолдау туралы ұстанымын білдіреді.

Этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттарын ұстанатын, оның қызметінің кез келген саласы адам құқықтарының бұзылуына тікелей немесе жанама ықпал етпеуін қамтамасыз етуге жауапты Компания бола отырып, жеткізушілермен қарым-қатынасты нығайту мақсатында Компания жеткізушілерге арналған нұсқаулықтар әзірледі. Жеткізушілерге арналған басшылық қағидаттары корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік ұзақ мерзімді коммерциялық табысты қамтамасыз етуде маңызды болып табылады және біздің нарықта, жұмыс орнында және қоғамда жасайтын қатынастар мен әрекеттерімізден көрініс табуы керек деген сенімділікке негізделген.

Орнықты даму саласындағы нұсқаулықпен Компанияның сайтында мына сілтеме бойынша танысуға болады: https://www.samruk-energy.kz/ru/navigation-and-support/sustainabledevelopment #tab18

Қызметкерлер тұрақты жұмыс істейтін Келісу комиссиялары, Әлеуметтік-еңбек қақтығыстарын реттеу жөніндегі комиссиялар арқылы қолданыстағы заңнама аясында ұжымдық келіссөздерді жүргізуге құқылы.

«Самұрық-Энерго» АҚ-да персоналды іріктеу рәсімі тестілеу элементтерін қолдана отырып, транспаренттілік пен меритократияны, айқындылықты, кәсібилікті, лауазымдарға қойылатын кандидаттың жеке қасиеттері және оның біліктілік талаптары мен құзыреттеріне, сондай-ақ қызметкерлерге әділ және тең қарау қағидаттарын сақтай отырып, «Самұрық-Энерго» АҚ-да бос лауазымдарға кадрларды конкурстық іріктеу және жаңа қызметкерлерді бейімдеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. «Самұрық-Энерго» АҚ кемсітушіліктің кез келген түрін, бала еңбегін пайдалануға және мәжбүрлеп еңбек етуді болдырмауға барынша ықпал етіп, кадрлардың қызметін өсіруді тек кәсіби қабілеттері мен біліміне, білік-дағдыларына қарай жүргізуге барынша күш салады.

Қызметкерлердің кәсіби, экономикалық, әлеуметтік-еңбек құқықтары мен кәсіби мүдделерін реттеу және қорғау мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ-да 15 567 адам мүшесі болып табылатын 12 кәсіподақ ұйымы жұмыс жасайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ кәсіподағы «Самұрық-Энерго» АҚ қызметкерлері - кәсіподақ мүшелерінің мүдделерін еңбек заңнамасын сақтау, белгіленген әлеуметтік кепілдіктер және шарт ережелерін орындау бөлігінде қорғайды.

03.4 «Әлеуметтік» санат

Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелерін көрсету

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	**Кәсіподақтармен жасалған ресми келісімдерде (жаһандық немесе жергілікті деңгейде) денсаулық және қауіпсіздік мәселелері қозғалған ба**	Иә
2.	**Егер қозғалған болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жергілікті деңгейдегі келісімдер мынадай мәселелерді қозғайды:**	
2.1.	Жеке қорғаныш құралдары	Иә
2.2.	Басшылық пен қызметкерлер өкілдерінің қатысуымен денсаулық және қауіпсіздік жөніндегі бірлескен комитеттер	Иә
2.3.	Қызметкерлер өкілдерінің денсаулық және қауіпсіздік мәселелері жөніндегі инспекцияларға, аудиттер мен жазатайым оқиғаларды тергеуге қатысуы	Иә
2.4.	Білім және оқыту	Иә
2.5.	Шағым беру тетіктері	Иә
2.6.	Қауіпті жұмыстардан бас тарту құқығы	Иә
2.7.	Мерзімді инспекциялар	Иә
3.	**Егер қозғалған болса, ұйым қол қойған жергілікті келісімдерде қамтылған денсаулық және қауіпсіздік мәселелерінің дәрежесіне қатысты мәліметтер көрсетілсін. Әдетте жаһандық деңгейдегі келісімдер мынадай мәселелерді қозғайды:**	
3.1.	Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) ұсыныстарына сәйкес келуі	Иә
3.2.	Проблемаларды шешу бойынша шаралар немесе құрылымдар	Иә
3.3.	Нәтижеліліктің мақсатты стандарттарына немесе іс жүзінде қабылданатын әдістердің деңгейіне қатысты міндеттемелер	Иә

«Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметінің әртүрлі аспектілері бойынша мүдделі тараптармен диалог құрады. Атап айтқанда, алаңдаушылық пен кінәраттар туралы ақпарат алу мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ сыртқы веб-сайтында кері байланыс жүйесі – «Жедел желіге» жазбаша өтініш немесе телефон шалу арқылы өтініштер мен шағымдарды беру және қарау тетігі пысықталды.

2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы бойынша 118 өтініш тіркелді және барлық өтініштер есепті кезең ішінде реттелді.

Шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген, өңделген және реттелген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдар саны

№	Көрсеткіш	Мәні
1.	2021 жыл ішінде шағым берудің ресми тетіктері арқылы берілген еңбек қатынастарының тәжірибесіне қатысты шағымдардың жалпы саны, олардың ішінде:	118
1.1.	есептік кезең ішінде өңделген	118
1.2.	есептік кезең ішінде реттелген	118

Есепті жыл ішінде «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы қызметкерлерінің арасында кемсітушілік, адам құқықтары мен бостандықтарын бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеген жағдайда өз қызметкерлерінің діни сенімдері мен саяси қалауларын құрметтейді. Сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ өз қызметкерлерінің саяси, діни және қоғамдық қызметке жеке тұлғалар ретінде және жұмыстан тыс уақытта қатысуына кедергі келтірмейді.

Көптеген жылдар бойы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында Компания қатысу өңірлерінің дамуына өз үлесін қосып келеді және Компанияның жергілікті инфрақұрылымды дамытуға, өңірдегі экологиялық ахуалды жақсартуға, әлеуметтік қолдауға және басқа да мәселелер бойынша жергілікті қоғамдастықтармен үздіксіз өзара іс-қимылын қолдайды.

Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Компаниялар тобының кәсіпорындары жергілікті жұмыспен қамту органдарына ағымдағы бос орындар мен болжанатын жұмыс орындарының дерекқорына енгізу үшін еңбек жағдайлары мен төлемақысын көрсете отырып, бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді ұсынады.

«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметкерлері табиғи апаттардан зардап шеккендерге, аз қамтылған отбасыларға материалдық көмек көрсету секілді қайырымдылық шараларына жүйелі түрде қатысады.

«Мойнақ СЭС» АҚ-ның барлық қызметкерлеріне ведомстволық тұрғын үй (77 тұрғын үй) – тұруға қолайлы 3, 4, 5 бөлмелі жайлы үйлер берілді. Үйлердің ауданы 6 сотық, шаруашылық құрылыстары, үй жанындағы жер учаскелері бар. Азық-түлікпен және бірінші қажеттіліктегі тауарлармен қамтамасыз ету бойынша сауда пункті ашылды. Кентте пайдалану қызметтері Компания қызметкерлерінің балалары үшін 30 орындық балабақша жұмыс істейді. «Мойнақ СЭС» АҚ Мойнақ кентінің аумағында орналасқан балабақшаға тұрақты қолдау көрсетеді.

«ЕГРЭС-2» АҚ «Солнечный» кенті үшін қала құраушы кәсіпорын болып табылады, онда жұмыс істейтіндердің жалпы санының 60%-ы еңбек етеді.

«ЕГРЭС-2» АҚ құрылымында әлеуметтік сала объектілері бар: емдеу-алдын алу қызметі, бассейн, қонақ үй үлгісіндегі жатақхана, аумақты абаттандыру және көгалдандыру бойынша жұмыстар үнемі жүргізіледі.

Жыл сайын станция бюджетінен оларды ұстауға және жұмыс істеуіне қаражат бөлінеді.

Компания тобының кәсіпорындары тұрақты негізде жалпықалалық сенбіліктерге, іргелес аумақтарды абаттандыру мен көгалдандыруға қатысады, діни конфессиялармен және қоғамдық қорлармен өзара іс-қимыл жасайды, зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, аз қамтылған отбасыларға, мүгедектерге, жалғыз басты аналарға ай сайынғы демеуқаржылар, бір жолғы ақшалай төлемдер, азық-түлік себеттері, жеңілдікті жолдамалар және т. б. нысанда материалдық көмек көрсетеді.

Компаниялар адамдардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған түрлі әлеуметтік бастамаларды жан-жақты қолдайды, қалалық әлеуметтік бағдарламаларға белсенді қатысады.

2021 жылы барлық кәсіпорындарда бекітілген және іргелес аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру, көгалдар мен жасыл көшеттерді күту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ, «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы сақтық қағидасының негізгі ережелерін бөлісетінін атап өткен жөн. Қоршаған ортаға әсерді бағалау шеңберінде жаңа жобалар мен объектілерді іске қосу алдында компания қоғамдық пікірді анықтау және әсерді бағалау процесінде оны ескеру мақсатында жұртшылықты жоспарланып отырған қызмет және оның ықтимал әсері туралы хабардар етуге бағытталған бірқатар іс-шараларды міндетті түрде жүзеге асырады.

Компанияда Мүдделі тараптармен байланыс жоспары әзірленді, онда стейкхолдерлердің әрбір жеке тобын хабардар ету жөніндегі іс-шаралар сипатталған.

Есеп туралы

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орнықты даму саласындағы есебін қамтитын осы жылдық есеп «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылғы қызмет нәтижелері бойынша дайындалды.

Осы есептің мазмұны GRI стандарттарымен ұсынылған қағидаттарға сәйкес анықталды.

Осы Есепті дайындау барысында Компания мынадай ұстанымдар мен қағидаттарды қолданды.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл және оның маңыздылығы.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасауының негізі Компанияға елеулі ықпал ететін стейкхолдерлерді және стейкхолдерлердің Компанияға тәуелділік деңгейін анықтау, маңыздылық матрицасын, Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жоспарын және Стейкхолдерлермен қарым-қатынас жоспарын құру болып табылады.

«Самұрық-Энерго» АҚ-ның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылы «Қамтылу» қағидатына негізделеді және Компанияның өз клиенттері мен қызметкерлерінің, серіктестері мен өнім берушілерінің болашағына, дамуына инвестиция салуға дайындығына, Компанияның да, жергілікті қоғамдастықтардың да орнықты дамуын қамтамасыз етуге, Компанияның қатысу аумағы үшін маңызы бар салаларға әлеуметтік инвестицияларды жүзеге асыруға, сыртқы және ішкі сын-қатерлерге барабар және икемді ден қою үшін барлық тұлғалармен өзара іс-қимылды дамытуға дайындығына негізделеді (толығырақ «Орнықты даму» бөлімінде).

Стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл шеңберіндегі «ашықтық» қағидатын ескере отырып, Компания жылдық есепті шығарғаннан кейін жыл сайын жылдық есептілікте ашылған ақпараттың теңгерімділігі мен толықтығын тексереді, сондай-ақ Компанияның және оның мүдделі тараптарының қызметіне елеулі ықпал ететін және есептіліктің келесі циклінің жылдық есебінің құрылымын қалыптастыру кезінде ескерілуге тиіс тақырыптар мен аспектілерді айқындайды, оған мыналар кіреді: маңызды тақырыптар тізімін анықтау; сыртқы және ішкі стейкхолдерлерге сауалнама жүргізу; жыл нәтижелері бойынша маңыздылық матрицасын құру.

Есептіліктегі өзгерістер

Маңызды тақырыптар тізбесі мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл негізінде қайта қаралды және өзектендірілді. Маңызды тақырыптар мен аспектілердің тізбесін қалыптастыру үшін ішкі стейкхолдерлердің пікірлерін сұрау жүзеге асырылды, шетелдік және қазақстандық компаниялардың жалпы үрдістері, GRI стандарттары, компанияның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы, компания қызметінің ерекшеліктері және маңызды болуы мүмкін басқа да елеулі аспектілер талданды.

Маңызды тақырыптар мен аспектілердің тізбесін қалыптастыру үшін ішкі стейкхолдерлердің пікірлері сұралады, шетелдік және қазақстандық компаниялардың жалпы үрдістері, GRI стандарттары, Компанияның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясы, Компания қызметінің ерекшеліктері және маңызды болуы мүмкін басқа да елеулі аспектілер талданды.

2021 жылғы маңызды тақырыптар тізімі:

1	Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі (оның ішінде құрылған және бөлінген экономикалық құн)	16	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимылының қағидаттары мен тәсілдері
2	Қаржылық тұрақтылық	17	Сатып алуда қазақстандық өндірушілерді қолдау
3	COVID-19 пандемиясының, оның ішінде пандемияға байланысты шектеулердің «Самұрық-Энерго» АҚ-ның даму стратегиясына және оның іске асырылу дәрежесіне әсері	18	Әлеуметтік бағдарламаларды іске асыруға қатысу және жергілікті қоғамдастықтармен өзара іс-қимыл жасау
4	Электр энергиясын жеткізудің сенімділігі мен үздіксіздігі	19	Іскерлік беделді нығайту және стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл жасау
5	Тарифтік реттеу	20	Халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарын қорғауды қолдау және құрметтеу
6	Тиімді инвестициялық қызмет және әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру	21	Жоғары этикалық стандарттарды енгізу және сенімге негізделген корпоративтік мәдениетті құру
7	«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобындағы көміртексіздендіру	22	«Самұрық-Энерго» АҚ-да әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету
8	Климаттың өзгеруіне байланысты «Самұрық-Энерго» АҚ қызметі үшін қаржылық аспектілер және өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер	23	Гендерлік теңдік, әртүрлілік және тең мүмкіндіктер қағидаттарын ілгерілету
9	Жаңартылатын энергия көздерін дамыту	24	Еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру
10	Биологиялық әртүрлілікті сақтау	25	«Самұрық-Энерго» АҚ-да комплаенс-тәуекелді басқару және комплаенс-мәдениет
11	Қалдықтарды басқару	26	Шағым беру тетіктері
12	Қызметті жүзеге асыру кезінде табиғи апаттардың және төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	27	Корпоративтік қақтығыстар және мүдделер қақтығысы
13	Инновациялар және трансформация	28	Халықаралық ынтымақтастық
14	Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	29	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның Орнықты дамудың 17 мақсатына қосқан үлесі
15	ESG қағидаттарына сәйкестік		

«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО« АҚ-НЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ



Талдау көрсеткендей, Компания мен оның мүдделі тараптары үшін тарифтік реттеу мен Компанияның қаржылық тұрақтылығы, Компанияның ел экономикасына қосқан үлесі, тиімді инвестициялық қызмет, инновациялар мен трансформация, жаңартылатын энергия көздеріне салынған инвестициялар, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи апаттар мен төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау қағидаттары мен тәсілдері, еңбекті қорғауды басқару жүйесінің тиімділігін арттыру және т. б. мәселелерге қатысты тақырыптар бұрынғыдай маңызды болып қала бермек.

Мүдделі тараптар тарапынан осы аспектілерді бағалау 2020 жылдағы секілді жоғары деңгейде қалып отыр.

Бұдан басқа, Компанияның алдына таза технологияларға көшу бойынша қойылған міндеттерді ескере отырып, ағымдағы жылы төмен көміртекті дамуға баса назар аудара отырып, технологиялық трансформация Маңыздылық матрицасының жобасына енгізілді және «Самұрық-Қазына» АҚ-ның компаниялар тобындағы көміртексіздендіруге, қаржылық аспектілерге, басқа да тәуекелдерге және климаттың өзгеруіне байланысты Компания қызметі үшін мүмкіндіктерге байланысты маңызды тақырыптар ретінде атап өтілді.

Өзектілендірілген Даму стратегиясына сәйкес Компания ұзақ мерзімді перспективада өндірістік қызметтің орнықты даму қағидаттарына сәйкестігін, орнықты даму және экономикалық құнды құру үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз ету басымдығын айқындайды. Осыған байланысты Маңыздылық матрицасының жобасына ESG, қағидаттарының дамуына, Компанияның орнықты дамудың 17 мақсатына қосқан үлесі, компанияның Компаниялар тобындағы әлеуметтік кепілдіктер мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуіне және т. б. байланысты тақырыптар да енгізілген.

2020 жылғы Маңыздылық матрицасымен салыстырғанда Компания мен оның мүдделі тараптары қалдықтарды басқару, комплаенс-тәуекелдер және Компанияның комплаенс-мәдениеті мәселелерінің маңыздылығын атап өтті.

Мүдделі тараптар көтерген осы және басқа тақырыптар осы Жылдық есепке кірді.

Орнықты даму мәнмәтіні

Есеп Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектісі бөлігіндегі үлесі туралы ақпарат ұсынады. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2021 жылдың қорытындысы бойынша орнықты дамудың 17 мақсатына қосқан үлесі туралы ақпарат ашылды.

Толықтығы

Есептің көрсеткіштері мен мазмұны Компанияның есептік кезеңдегі экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға маңызды әсерін көрсету үшін жеткілікті болып табылады.

Теңгерімділік

Аталған Есепте Компания нәтижелерінің есептік жылдағы оң және теріс аспектілері көрсетілді. Бөлек көрсеткіштер 3-жылдық динамикада көрсетілген.

Салыстырмалылық

Аталған Есепті қолданатын мүдделі тараптар Компанияның қаржылық және өндірістік көрсеткіштер туралы ұсынған ақпаратын бұрынғы кезеңдердің нәтижелерімен және мақсаттарымен салыстыра алады.

Есеп GRI Standards талаптарына сәйкес әзірленді, бұл стейкхолдерлерге Компанияның қызметін басқа ұйымдардың қызметімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Жылдық есептің сапасын тұрақты арттыру мақсатында Компания жыл сайын алдыңғы кезеңмен салыстырғанда салыстырмалы талдауды және қол жеткізілген прогресті (регресс) жүзеге асырады.

Бенчмаркинг мыналарды қамтиды: ақпаратты ашуды талдау (аспектілер, мазмұн құрылымы және т. б.); ақпаратты беру принциптері (дизайн, тұжырымдама); ашу тәсілдері және тақырыптардың маңыздылығын таңдау. Салыстырмалы талдау ұқсас компаниялармен өткен жылдың жылдық есебі негізінде жүзеге асырылды.

2021 жылғы жылдық есептеулермен салыстырмалы талдауға «KEGOC» АҚ, «ИнтерРАО» ЖАҚ, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ енгізілді. Бенчмаркинг нәтижелері бойынша осы жылдық есепке ашудың қосымша индикаторлары енгізілді, оның ішінде ESG қағидаттары шеңберінде, сондай-ақ талдау стратегиялық мақсаттар призмасы арқылы қызметті ашу қажеттілігін көрсетті, бұл осы Еесепте іске асырылды.

Сонымен қатар, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы бірікторілген жылдық есебі «Қаржылық емес сектордағы 2020 жылдың үздік жылдық есебі» номинациясы бойынша жүлдегер және «Қазақстан қор биржасы (KASE)» АҚ ұйымдастырған жылдық есептер байқауында «2020 жылдың жылдық есебінің үздік дизайны» номинациясы бойынша лауреат атанды.

«Қаржылық емес сектордағы 2020 жылға арналған Үздік жылдық есеп» номинациясының жүлдегерлерін анықтау кезінде сараптамалық комиссия мен байқаудың қазылар алқасы Қазақстанда шығарылған жылдық есептерге талдау жүргізді, бұл ретте басты назар ақпаратты барынша толық және сапалы ашатын мазмұнға бағытталған.

Нақтылық

Есептік кезеңде ұсынылған ақпарат мүдделі тараптар есептік кезеңдегі Компания қызметінің нәтижелерін бағалау үшін жеткілікті толық және егжей-тегжейлі болып табылады. Ақпарат сапалы сипаттамалар ретінде де, сандық деректермен де көрсетілген.

Уақытылылық

Есеп аудит жүргізілген қаржылық есептілікті бекіткеннен кейін барынша қысқа мерзімде жыл сайынғы негізде және 30 шілдеден кешіктірмей ұсынылады, бұл аталған Есепте көрсетілген ақпарат өзекті болып табылатынына болжал жасауға мүмкіндік береді. Есеп корпоративтік веб-сайтта бүкіл стейкхолдерлер үшін бір уақытта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарияланады.

Айқындық

Есеп туралы ақпарат мүдделі тараптарға түсінікті және қолжетімді нысанда баяндалды.

Сенімділік

Осы Есепті әзірлеген кезде ұсынылған ақпарат мүдделі тараптар аталған есепті тексеруге және оның мазмұнының шынайлылық дәрежесін бағалауға мүмкіндік беретіндей алдын ала талданды және ашылды.

Деректердің дереккөздері мемлекеттік органдарға жыл сайын ұсынылатын ресми есептілік нысандары болып табылады. Бірқатар көрсеткіштер ішкі аудит рәсімдері аясында компаниялардың жауапты өкілдері тексеретін ішкі есептілік нысандарына сәйкес жинақталды және есептелді.

Компанияның Есебінде ұсынылған өндірістік, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді есептеу, жинау және шоғырландыру есептілік қағидаттарына және Қоғамның Орнықты даму саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулықтың ұсыныстарына және корпоративтік басқару рәсімдеріне сәйкес жүргізілді. Орнықты даму саласындағы көрсеткіштердің әрбір санаты бойынша сандық деректердің дәлсіздік ықтималдығы мейлінше азайды. Қатынастар мен үлестік шамалар абсолюттік мәндермен толықтырылды. Сандық деректер көпшілік қабылдаған өлшем бірлік жүйесін пайдалана отырып көрсетілген және стандартты коэффициенттер көмегімен есептелген.

Бұл Есепте өткен жылмен салыстырғанда ақпарат беру форматында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Есепті кезеңде қайта түзетулер болған жоқ.

Есеп барлық мүдделі тараптарға «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсан аралығында қызметі мен жетістіктерінің нәтижелерін электрондық нұсқада, қағаз нысандарында және онлайн шолуға мүмкіндік береді. Компанияның алдыңғы Шоғырландырылған жылдық есепті жариялау күні – 27 шілде 2021 ж.

ЕСЕПТІҢ ҚАМТУ САЛАЛАРЫ МЕН ШЕКАРАЛАРЫН ШЕКТЕУ

Осы Есепте көрсетілген Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2021 жылғы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2020 жылғы аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігі «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС («PwC») жүргізген тәуелсіз аудиттің нәтижесі болып табылады.

Осы Есеп аясында қаржылық-операциялық нәтижелер мен орнықты даму мәселелері бойынша ақпарат келтірілді. Сапалық және сандық мәліметтер 2021 жыл үшін көрсетілді, 2020 және 2019 жылдардың деректері қолдануға болатын жерлерде көрсеткіштер бойынша салыстыру және ақпаратты талдау мақсатында қолданылды.

Компания GRI Standards «Негізгі нұсқа» қағидатына сәйкес Есептің шекараларын анықтады. «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы шоғырландырылған есепті жасау кезінде бірыңғай ұстаным ұстану мақсатында үлестік қатысу әдісі қолданылады. Бұдан басқа, қолданыстағы есепке алу саясатына сәйкес негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді көрсету бастапқы құн бойынша, яғни қайта бағалау есепке алынбай жүргізіледі. Еншілес компаниялар шоғырландырылған қаржылық есептілікке сатып алу әдісі бойынша енгізіледі. Сатып алынған сәйкестендірілетін активтер, сондай-ақ бизнесті біріктіру кезінде алынған міндеттемелер мен шартты міндеттемелер бақыланбайтын қатысу үлесінің мөлшеріне қарамастан, сатып алу күніндегі әділ құн бойынша көрсетіледі.

1 Есеп туралы

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, шоғырландырылған теңгерімде үлестік қатысу әдісін пайдалану кезінде «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ, «ForumMuider B. V.» көмір активтері компаниясы сияқты ірі компаниялардың айналымдары алып тасталды. «Самұрық-Энерго» АҚ тарапынан иелену үлесі 50%-ды құрайды.

«Самұрық-Энерго» АҚ шоғырландырылған қаржылық нәтижесін қалыптастыру кезінде осы компаниялар бойынша пайданың үлесі «ұйымдардың үлестік қатысу және инвестициялардың құнсыздануы әдісі бойынша ескерілетін пайдасының/залалының үлесі» бабында көрсетіледі.

Компанияның 2021 жылғы аудит жүргізілген шоғырландырылған қаржылық есептілігінде «Самұрық-Энерго» АҚ-ның мына еншілес және тәуелді ұйымдарының көрсеткіштері қолданылды:

Кәсіпорынның атауы	Қызмет түрі	% дауыс құқығы	Қатысу үлесі	Тіркелген елі
Еншілес кәсіпорындар:				
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша электр энергиясын беру және тарату	100%	100%	Қазақстан
«Алматы электр станциялары» АҚ	Алматы қаласында және Алматы облысында электр энергиясы мен жылу энергиясын және ыстық су өндіру	100%	100%	Қазақстан
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	Алматы қаласы және Алматы облысы аумағында электр энергиясын сату	100%	100%	Қазақстан
«Шардара СЭС» АҚ	Оңтүстік Қазақстандағы су электр станциясында электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Мойнақ СЭС» АҚ	Алматы облысындағы су электр станциясында электр энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС	Көмір негізінде электр және жылу энергиясын өндіру	100%	100%	Қазақстан
«Бұқтырма СЭС» АҚ	Жалға берілген Бұқтырма су электр станциясының меншік иесі болып табылады	90%	90%	Қазақстан
«Өскемен СЭС» АҚ	Су электр станциясын жалға берген сәттен бастап бұл компания әрекетсіз болып табылады	89.99%	89.99%	Қазақстан
«Шүлбі СЭС» АҚ	Су электр станциясын жалға берген сәттен бастап бұл компания әрекетсіз болып табылады	92.14%	92.14%	Қазақстан
«Samruk Green Energy» ЖШС	Жаңартылатын электр энергиясын дамыту	100%	100%	Қазақстан
«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС	Жел электр станциясында электр энергиясын өндіру.	100%	100%	Қазақстан
				Қазақстан
«Қазгидротехэнерго» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру	100%	100%	Қазақстан
«Теплоэнергомаш» ЖШС	Жаңартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру	95%	95%	Қазақстан
«Energy Solutions» ЖШС	Тасымалдау және өзге де қызметтер	100%	100%	Қазақстан
«Тегіс Мұнай» ЖШС және «Маңғышлақ Мұнай» ЖШС	Газ кен орнын барлау және игеру	100%	100%	Қазақстан

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

«Самұрық-Энерго» АҚ қолда бар барлық ақпаратты негізге ала отырып, осы Есеп «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіндегі нәтижелер мен өзгерістер, оның ағымдағы жағдайы, сондай-ақ «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобының қызметіне байланысты негізгі тәуекелдер мен факторлар туралы ақпаратты объективті түрде көрсететінін растайды.

Есеп Компанияның одан әрі дамуын сипаттайтын өндірістік, қаржылық, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерге қатысты болжамды сипаттағы мәлімдемелерді қамтиды. Жоспарлар мен ниеттерді іске асыру Қазақстандағы және әлемдегі саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық жағдайға тікелей байланысты. Осыған байланысты Компания қызметінің нақты нәтижелері болашақта болжанғаннан өзгеше болуы мүмкін.

ОСЫ ЕСЕПКЕ НЕМЕСЕ ОНЫҢ МАЗМҰНЫНА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР БОЙЫНША БАЙЛАНЫСАТЫН ТҰЛҒА:

Айсариева Мадина Бекайдарқызы, «Корпоративтік басқару және Орнықты даму» департаментінің директоры.
Телефон: +7 (7172) 55-30-20
e-mail: m.aisarieva@samruk-energy.kz

КЕРІ БАЙЛАНЫС

«Самұрық-Энерго» АҚ біріктірілген Жылдық есепті одан әрі жетілдіру және мүдделі тараптар үшін ақпаратты сапалы ашу үшін кері байланыс алуға мүдделі. Компания «Самұрық-Энерго» АҚ сайтында орналастырылған осы есептің интерактивті нұсқасындағы онлайн-сауалнаманы толтырғаныңыз үшін ризашылығын білдіреді.

2021 жылдың қорытындысы бойынша стейкхолдерлермен Коммуникациялар жоспары бойынша есеп

№	Мүдделі тараптарды ақпараттандыру бойынша іс-шаралар	Мүдделі тарап	Іске асыру мерзімі /кезеңділігі	Орындалу мәртебесі (орындалды/ орындалмады/ ішінара орындалды)	Іске асырылған негізгі іс-шаралар
1	2	3	5	6	7
1	Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Жалғыз акционердің ішкі нормативтік актілеріне немесе тиісті сұрау салуларға сәйкес есептілікті (қаржылық, қаржылық емес) ұсыну ц	Акционер, мемлекеттік органдар, қаржылық институттар	Тұрақты негізде	Орындалды	Белгіленген мерзімдерге сәйкес: **Акционерге:** ▶ SAP BPC жүйесі шеңберінде ұсынылатын тиісті кезеңдер үшін қаржылық есептілік пакеттері, инвестициялық жобаларды іске асыру мәр-тебесі туралы ақпарат, сондай-ақ басқарушылық есептіліктің барлық түрлері (Даму жоспары, Даму стратегиясы, Тыңдауға ұсынылатын таныстырылымдар және т. б.); ▶ 2hr, 1hr пакеттері (тоқсан сайын), қызметкерлер санын оңтайландыру нысаны (тоқсан сайын); **Қаржылық есептілік депозитарийі:** ▶ - «Есептілікті Тапсырудың Бірыңғай жүйесіне» жүктеу арқылы 2020 жылға арналған қаржылық есептілік (жылдық қаржылық есептілік), 2021 жылғы 1-тоқсан, 2021 жылғы жартыжылдық және 2021 жылғы 3-тоқсан (2020 жылғы жылдық жеке қаржылық есептілікті тапсыру бойынша – 16.08.2021 ж. №1910 хабарлама; 2020 ж. жылдық қаржылық шоғырландырылған есептілікті тапсыру бойынша – 16.08.2021 ж. №1909 хабарлама; 2021 жылдың 1 тоқсанына қаржылық есептілікті тапсыру бойынша – 29.04.2021 ж. №588 хабарлама; 2021 жылдың 2 тоқсанына қаржылық есептілікті тапсыру бойынша – 30.07.2021 ж. №125 хабарлама; 2021 жылдың 3 тоқсанына қаржылық есептілікті тапсыру бойынша – 29.10.2021 ж. №308 хабарлама). **Мемлекеттік органдар** (Статистика департаменті, Мемлекеттік кірістер басқармасы): ▶ еңбек бойынша 1Т есептілік нысаны; ▶ салық түрлері бойынша салық декларациялары (100.00 нысанындағы декларациялар, 2020 жылға арналған 700.00нысаны; 200.00 нысаны, 300.00 нысаны, 101.01 нысанындағы есептеулер, 101.02 нысаны, 101.03 нысаны, 101.04 нысаны, 701.01 нысаны, 851.00 нысаны);
					Даму Банктері: Кредиторларға ұсынылатын есептер тұрақты негізде (ай сайын, тоқсан сайын және әрбір жарты жыл сайын) жіберіледі. **ҚР ҮБ:** ▶ Инвестициялау объектісінің капиталына қатысу жөніндегі есеп 2021 жылғы 1, 2, 3 және 4-тоқсандар үшін; ▶ 2021 жылдың 1, 2, 3 және 4 тоқсандарындағы коммерциялық кредитті, қаржылық қарызды игеру және оған қызмет көрсету туралы есеп; ▶ 2021 жылғы 1, 2, 3 және 4 тоқсандар үшін валюталық шарт бойынша қаражаттың қозғалысы туралы есеп; ▶ 2021 жылдың 1, 2, 3 және 4 тоқсандарындағы резидент емес тұлғаларға қойылатын қаржылық талаптар және олардың міндеттемелері туралы есеп; ▶ 2021 жылдың 1, 2, 3 және 4 тоқсандарындағы резидент еместермен жасалған халықаралық операциялар туралы есеп. Жоғарыда көрсетілген барлық есептер ҚР Ұлттық Банкіне белгіленген мерзімнен бұрын ұсынылды. Мемлекеттік органдар мен респонденттер арасындағы әлеуметтік байланыстарды азайту және COVID-19 таралу қаупін азайту мақсатында жоғарыда көрсетілген есептер ҚР Ұлттық Банкінің порталы арқылы ұсынылғанын қосымша атап өтеміз.
2	Қолданыстағы кредиттік келісімдердің талаптарына сәйкес Қоғам туралы есеп/ақпарат ұсыну	Қаржы институттары	Тұрақты негізде	Орындалды	2021 жыл ішінде есептер кредиторларға тұрақты негізде (ай сайын, тоқсан сайын және әрбір жарты жыл сайын) жолданды. Іскерлік хат алмасу және Компания туралы ақпарат тұрақты негізде жүргізіледі.

2 2021 жылдың қорытындысы бойынша стейкхолдерлермен Коммуникациялар жоспары бойынша есеп

№	Мүдделі тараптарды ақпараттандыру бойынша іс-шаралар	Мүдделі тарап	Іске асыру мерзімі /кезеңділігі	Орындалу мәртебесі (орындалды/ орындалмады/ ішінара орындалды)	Іске асырылған негізгі іс-шаралар
3	Мүдделі тараптармен кездесулер өткізу, іскерлік хат-хабар алмасу	Акционер, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, өнім берушілер	Тұрақты негізде	Орындалды	Тұрақты негізде келіссөздер, кездесулер, іскерлік хат алмасу, оның ішінде қолданыстағы кредиттік келісімдер және Қоғамның компаниялар тобын қаржыландыру мәселелері бойынша жүргізіледі. **Кездесулер/кеңестер/келіссөздер:** ► 2021 жыл ішінде қаржы институттарымен (Екінші деңгейдегі банктер, даму банктері, AIX) және әлеуетті инвесторлармен 22-ден астам кездесу өткізілді; ► 2021 жыл ішінде Еуразиялық экономикалық комиссияның Алқасы жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік комитеттің 3-отырысына, мүше мемлекеттердің уәкілетті өкілдерінің 2-кеңесіне, ЕЭК Алқасы жанындағы Электр энергетикасы жөніндегі консультативтік комитеттің Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастыру жөніндегі кіші комитетінің 23-отырысына және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен 1-жұмыс кеңесіне қатысты. ► ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің өкілдерімен деңгейлес мониторинг жобасы бойынша кездесулер өткізілді; ► Қоғамның Директорлар кеңесімен 2021 жылдың 29 қыркүйегінде өзектендірілген «Қоғамның 2022–2031 жылдарға арналған Даму стратегиясының» жобасын қарау мәселесі бойынша стратегиялық сессия өткізілді (№3 хаттама); ► 2021 жылғы 21 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сұрауы бойынша ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің ЕО елшілерімен кездесуіне ақпарат дайындалды; ► 2021 жылғы 8 маусымда ынтымақтастық перспективаларын талқылау үшін Француз даму агенттігімен кездесу өтті; ► 2021 жылдың 6 тамызында Бизнесті трансформациялау жөніндегі басқарушы директор Р.Т.Ракымбековтың және құрылымдық бөлімшелердің қатысуымен энергетикалық көшу жоспарын талқылау үшін Tetra Tech ES. Inc корпорациясымен (USAID «Орталық Азия энергетикасы» жобасы) кездесу өткізілді; ► 2021 жылғы 25 тамызда «Самұрық-Энерго» АҚ мен «Power Central Asia» жобасын іске асыратын Tetra Tech Es корпорациясы арасындағы Ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою рәсіміне қатысты; ► 2021 жылғы 2 қыркүйекте Парламентаризм институтының алаңында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау, электр энергетикасы және табиғи монополиялар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылау бойынша кеңес өтті; ► 2021 жылғы 22 қыркүйекте Өндіріс және активтерді басқару жөніндегі басқарушы директоры С.С. Түйтебаевтың Andritz Hydro компаниясымен кездесуі (сондай-ақ Жобалау офисі, «Нарықты дамыту» департаменті); ► 2021 жылғы 22 қарашада ЖЭК қауымдастығы жанындағы дөңгелек үстел отырысы («Қазақстанның электр энергетикасындағы ағымдағы жағдай: сын-қатерлер мен шешу жолдары»); ► 14 қыркүйектен 23 желтоқсанға дейін Алматы қаласындағы ЖЭО-2 жобасы бойынша инвестицияларды қайтаруды қамтамасыз ететін түзетулер жобасы мемлекеттік органдармен, Премьер-Министр Кеңсесімен, Президент Әкімшілігімен және Парламент Мәжілісімен келісіліп, қарастырылды. отырыстар (ПМК, ПӘ, ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысы); ► 2021 жылдың мамыр айында АлЭС АҚ Алматы ЖЭО-ны газға көшіру жобаларын іске асыру кезінде одан әрі енгізу және тәжірибемен танысу үшін «Siemens» және «Дженерал электрик» концерні серіктестерінің қатысуымен Ресей Федерациясына, жұмыс істеп тұрған Новомосковск және халықаралық ГРЭС-ке (БГҚ) іссапар ұйымдастырылды; ► «Алматы ЖЭО-2-ні қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, жаңғырту» жобасын қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша келіссөздер мен дайындық іс-шаралары жүргізілді, Қазақстан Даму Банкімен егжей-тегжейлі пысықтау жүргізілуде; ► 2021 жылғы 26 наурызда «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің 11 отырысына қатысты; ► 2021 жылғы 13 шілдеде «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің 12 отырысына қатысты; ► 2021 жылғы 27 қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі үйлестіру кеңесінің 13 отырысына қатысты; ► ҚР Энергетика министрлігінің, ҚР Ұлттық экономика министрлігінің және «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қатысуымен «Алматы қаласының кабельдік желілерін қайта құру» жобасын іске асыру бойынша БКБ форматында кеңес өткізілді; ► 2021 жылғы 4 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ «Екібастұз ГРЭС-1 ЖШС-ның №1 энергия блогын қалпына келтіру», «№3 энергия блогын салу арқылы, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру» жобаларын іске асыру жөніндегі мәселелерді шығара отырып, моноқалаларды дамыту жөніндегі республикалық кеңеске қатысу; ► 2021 жылғы 22 қарашада ҚР Энергетика министрлігінде «№3 энергия блогын салу арқылы Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейту және қайта құру» жобасы бойынша инвестициялық келісім жасасу мәселесі жөнінде кеңес өткізілді; ► 2021 жылғы тамызда «ИНТЕР РАО – Экспорт» ЖШҚ және Ресей Федерациясындағы ҚР Сауда өкілдігінің қатысуымен «Самұрық-Энерго» АҚ жобаларында электр станцияларына арналған жабдықтарды дайындаушы ресейлік зауыттардың қатысуы бойынша БКБ форматында кеңес өткізілді; ► ЖЭК секторы саласындағы ынтымақтастық мәселелерін пысықтау үшін әлеуетті әріптестермен олардың «Самұрық-Энерго» АҚ-ға ресми жүгінуіне қарай келіссөздер жүргізілді.

2 2021 жылдың қорытындысы бойынша стейкхолдерлермен Коммуникациялар жоспары бойынша есеп

№	Мүдделі тараптарды ақпараттандыру бойынша іс-шаралар	Мүдделі тарап	Іске асыру мерзімі /кезеңділігі	Орындалу мәртебесі (орындалды/ орындалмады/ ішінара орындалды)	Іске асырылған негізгі іс-шаралар
					Хат-хабар алмасу: Есептік кезеңде кіріс хат-хабарларды есептік тіркеуге сәйкес Қоғамға 10 296 құжат келіп түсті, шығыс хат-хабарларының көлемі 3 948 құжатты құрады. Сондай-ақ: ► 2021 жылғы 11 ақпанда Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының атына ҚР Үкіметі, жұмыс берушілер және кәсіподақтар арасындағы Бас келісім бойынша ұсыныстар жіберілді; ► 2021 жылғы 25 ақпанда Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы мен «Kazenergy» қауымдастығының атына Тіркелген тарифтер мен шекті аукциондық бағаларды айқындау қағидаларына түзетулер жобасына қатысты ұсыныстар жіберілді; ► 2021 жылдың сәуір-қазан аралығында мемлекеттік органдармен «Қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған орнықты экономикалық өсу» ұлттық жобасын әзірлеу және бекіту бойынша жұмыс жүргізілді; ► 2021 жылғы 1 сәуірде Қоқыс жағатын қалдықтардың шекті аукциондық бағасы мәселесі бойынша қаулы жобасына ескертулер дайындалды; ► 2021 жылғы 2 сәуірде «Kazenergy» қауымдастығына бәсекелестікті дамыту мәселелері жөніндегі заң жобасына ескертулер мен ұсыныстар жіберілді; ► 2021 жылғы 8 сәуірде «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сұрауы бойынша 2050 жылға дейін ҚР Төмен көміртекті даму тұжырымдамасын әзірлеу үшін ұсыныстар дайындалды және жіберілді; ► 2021 жылғы 30 сәуірде «Kazenergy» қауымдастығының атына «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР кодексіне түзетулерге қатысты ұсыныстар жіберілді; ► 2021 жылғы 15 маусымда «Kazenergy» қауымдастығының атына Жүйелік оператордың қызмет көрсетуі, жүйелік және қосалқы қызметтер нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларының жобасына ескертулер мен ұсыныстар жіберілді; ► 2021 жылғы 28 тамызда «Kazenergy» қауымдастығы мен Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының атына Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларының жобасына ескертулер мен ұсыныстар жіберілді; ► 2021 жылғы 14 желтоқсанда «Kazenergy» қауымдастығы мен Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының атына «Қазақстан Республикасы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы және жаңартылатын энергия көздерін дамыту туралы кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңының жобасына ескертулер жіберілді; ► 2021 жылғы 14 қыркүйекте «Kazenergy» қауымдастығының атына Қазақстан Республикасы Энергетика министрі міндетін атқарушының 2021 жылғы 30 сәуірдегі №161 «Генерацияның маневрлік режимі бар жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғыларды салуға арналған аукциондық сауда-саттықты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» бұйрығының жобасына ескертулер жіберілді; ► 2021 жылғы 22 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ-ның бастамасы бойынша к3 төмендету коэффициентіне қатысты Қуат нарығының қағидаларына түзетулер қабылданды, олар су қоймасындағы су қысымын маусымдық төмендету және оның шығынын шектеу кезеңінде су электр станциялары жұмысының электр режимін ескеретін болады. Бұл жұмыс 2020 жылдың қазан айынан бастап жүргізілді; ► 2021 жылғы 27 қазанда Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының атына к5 коэффициентін заңсыз қолдануға қатысты Электр қуаты нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар жіберілді; ► «Самұрық-Энерго» АҚ ҚР Энергетика және Ұлттық экономика министрліктерімен бірлесіп, «Электр энергетикасы туралы» Заңға Энергия өндіруші ұйымдардың тіркеліміне енгізілген жұмыс істеп тұрған энергия өндіруші ұйымдарға инвестицияларды қайтаруды көздейтін тиісті түзетулер енгізу бойынша жұмыстар жүргізуде. (ЖЭО-2).
4	Қоғамның Медиа жоспарын қалыптастыру	Акционер, ЕТҮ, қызметкерлер, кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, өнім берушілер, халық, БАҚ	Тоқсан сайын	Орындалды	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның базалық Медиа-жоспарлары 3 ай (тоқсандық) кезеңге қалыптастырылады. 2021 жыл ішінде Қоғамның PR қызметі 4 медиа-жоспар аясында жүзеге асырылды.
5	БАҚ-та қоғам қызметі туралы ақпаратты жариялау	Акционер, ЕТҮ, қызметкерлер, кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, өнім берушілер, халық	Тұрақты негізде	Орындалды	2021 жылы БАҚ-қа 41 ақпараттық хабарлама (баспасөз-релизі) дайындалып, жіберілді. «Самұрық-Қазына» АҚ-ның «SK-news» корпоративтік басылымында «Самұрық-Энерго» АҚ мен оның ЕТҮ қызметі туралы 40-тан астам мақала жарияланды. Әлеуметтік желілерде, Youtube-те, Компанияның сайтында және ішкі порталында «Самұрық-Энерго» АҚ саласының қызметкерлері - ардагерлері туралы 15 бейнеролик әзірленіп, орналастырылды.
6	Қоғамның корпоративтік сайтына/әлеуметтік желілерге Қоғамның қызметі туралы өзекті жария ақпаратты орналастыру (оның пайда болуына қарай)	Акционер, ЕТҮ, қызметкерлер, кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, өнім берушілер, халық, БАҚ	Тұрақты негізде	Орындалды	Күнделікті негізде ақпаратты жаңарту және өзектендіру жүзеге асырылады. 2021 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде сайтқа 43 375 пайдаланушы кірді, оның ішінде 21 888-і жаңа келушілер. Бұдан басқа, тұрақты негізде Фейсбук, Instagram әлеуметтік желілерінде «Самұрық-Энерго» АҚ қызметі туралы ақпараттар, «YouTube» хостингінде бейнематериалдар орналастырылады.

2 2021 жылдың қорытындысы бойынша стейкхолдерлермен Коммуникациялар жоспары бойынша есеп

№	Мүдделі тараптарды ақпараттандыру бойынша іс-шаралар	Мүдделі тарап	Іске асыру мерзімі /кезеңділігі	Орындалу мәртебесі (орындалды/ орындалмады/ ішінара орындалды)	Іске асырылған негізгі іс-шаралар
7	Қоғам басшылығының конференцияларда, форумдарда және т. б. спикерлер/ пікірсайысшылар ретінде қатысуы арқылы мүдделі тараптарды хабардар ету.	Акционер, ЕТҰ, қызметкерлер, кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, қаржы институттары, өнім берушілер, халық, БАҚ	Тұрақты негізде	Орындалды	2021 жыл бойында Қоғам басшылығы отырыстарға, кеңестерге, дөңгелек үстелдерге, форумдарға, кездесулерге қатысты, оның ішінде: ► 2021 жылдың 27 қаңтарында «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ.Есімханов «Kazenergy» қауымдастығы кеңесінің отырысына қатысты; ► 2021 жылғы 21 мамырда «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасы А.М. Сәтқалиевтің ПХЭФ-2021-ге қатысуы үшін материалдар дайындалды; ► 2021 жылғы 23 мамырда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың «COJER» халықаралық конгрессіне қатысуы үшін баян-дама дайындалды; ► 2021 жылғы 16 маусымда Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы Директорлар кеңесінің отырысына материалдар дайындалды; ► 2021 жылғы 17 маусымда «Атамекен» ҮКП жанындағы Энергетика комитеті төралқасының отырысы үшін ақпарат дайындалып, өзектендірілді; ► 2021 жылғы 22 қыркүйекте «Самұрық-Энерго» АҚ Қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры А.Ә. Әділкерімовтің Қазақстан машина жасаушыларының IX форумына қатысуы; ► 2021 жылғы 3 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың №1 панельдік сессиядағы «ОҚТ-ны енгізу Қазақстан мысалында Орталық Азия аймағында «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасын ілгерілету тетігі ретінде: ОҚТ Орталық Азия бюросын дамыту» тақырыбындағы баяндамасы, Дубай қ., БАӘ, ҚР Ұлттық павильоны, Дүниежүзілік көрме ЭКСПО-2020; ► 2021 жылғы 6 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың KAZENERGY және WORLD ENERGY WEEK XIV Еуразиялық форумындағы баяндамасы; ► 2021 жылғы 6 қазанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың Әлемдік энергетика көшбасшыларының саммитіне қатысуы; ► 2021 жылғы 4 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімханов «Kazenergy» қауымдастығының Энергетика саласын дамыту жөніндегі үйлестіру кеңесінің отырысына төрағалық етті; ► 2021 жылғы 10 қарашада «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығы Директорлар кеңесінің отырысына қатысуы; ► 2021 жылғы 7 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың «Kazenergy» қауымдастығы кеңесінің отырысына қатысуы; ► 2021 жылғы 21 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ. Есімхановтың ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің төрағалығымен өткен ҚР Мұнай-газ және энергетика салаларын дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысына қатысуы. ► 2021 жылғы 23 желтоқсанда «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма төрағасы С.Қ.Есімхановтың Қазақстан машина жасаушылар одағы Үйлестіру кеңесінің отырысына қатысуы.
8	Қоғамның жылдық есебінде маңызды тақырыптар мен аспектілерді анықтау және оларды ашу үшін мүдделі тараптарға сауалнама жүргізу	Акционер, ЕБҰ, қызметкерлер, кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, қаржылық институттар, БАҚ	Жыл сайын	Орындалды	Ұйымның 2020 жылғы жылдық есептілігіне қатысты мүдделі тараптардың пікірін айқындау мақсатында, сондай-ақ 2021 жылғы жылдық есептің құрылымы мен мазмұнын қалыптастыру үшін Қоғам тарапынан ішкі және сыртқы мүдделі тараптар арасында сауалнама жүргізді, оның нәтижелері негізінде Директорлар кеңесінің 27.12.2021 ж.шешімімен (№14/21 хаттама) 2021 жылға Маңыздылық матрицасы бекітілді.
9	Қоғамның біріктірілген жылдық есебін дайындау және жариялау	Акционер, ЕБҰ, серіктестер, тұтынушылар, мемлекеттік органдар, қаржылық институттар, жеткізушілер	Жыл сайын	Орындалды	«Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2020 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша Біріктірілген жылдық есеп Директорлар кеңесінің 31.05.2021 ж. шешімімен (№06/21 хаттама) бекітілді.
10	Баспасөз конференцияларын өткізу, баспасөз хабарламаларын ұсыну	БАҚ	Қажеттілігіне орай	Орындалды	Баспасөз қызметі 2021 жылы 41 баспасөз хабарламасын дайындап, БАҚ-қа жіберді. 2 баспасөз конференциясы өткізілді (1. Екібастұз энергия кешенінде жобаларды іске асыру шеңберінде; 2. Алматы ЖЭО-2-ні жаңғырту және газға көшіру жөніндегі қоғамдық тыңдау шеңберінде), сондай-ақ 3 баспасөз туры ұйымдастырылды.
11	Директорлар кеңесінде Даму Стратегиясының, Бизнес-жоспардың, Цифрлық трансформация бағдарламасының, инвестициялық жобаларды іске асырудың және т. б. орындалу барысы туралы мәселелерді талқылау.	Акционер	Тоқсан сайын	Орындалды	Қоғамның Директорлар кеңесі Даму стратегиясын, Бизнес-жоспарды, Трансформация бағдарламасын, Қоғамның инвестициялық қызметін іске асыруға қатысты есептерді тұрақты негізде қарайды: ► «Самұрық-Энерго» АҚ-ның 2018–2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есеп Қоғамның Директорлар кеңесіне тоқсан сайынғы негізде ұсынылады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша есепті ДК 2021 жылғы 30 наурызда бекітті. (№03/21 хаттама), 2021 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша есепті ДК 2021 жылғы 31 мамырда бекітті. (№06/21 хаттама), 2021 жылғы 1 жартыжылдық қорытындыларының есебін ДК 2021 жылғы 17 қыркүйекте бекітті (№09/21 хаттама), 2021 жылдың 9-айының қорытындысы бойынша есепті ДК 2021 жылғы 14 желтоқсанда бекітті (№13/21 хаттама); ► «Самұрық-Энерго» АҚ Бизнес-жоспарының орындалу барысы туралы есеп тоқсан сайынғы негізде ұсынылады. 2020 жылдың қорытындысы бойынша есепті ДК 2021 жылдың 30 наурызында бекітті (№03/21 хаттама), 2021 жылдың 1-тоқсанының қорытындысы бойынша есеп 31.05.2021 ж. бекітілді (№06/21 хаттама), 2021 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша есеп 17.09.2021 ж. бекітілді (№09/21 хаттама), 2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша есеп 2021 жылғы 14 желтоқсанда бекітілді (№13/21 хаттама); ► «Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыру барысы туралы есеп тоқсан сайынғы негізде ұсынылады. 2021 жылғы 1-тоқсанның қорытындысы бойынша есеп 10.06.2021 ж. ДК-мен келісілді (№07/21 хаттама) 2021 жылғы 2-тоқсанның қорытындысы бойынша есеп ДК-мен 17.09.2021 ж. келісілді (№09/21 хаттама) 2021 жылғы 3 тоқсанның қорытындысы бойынша есеп ДК-мен 2021 жылғы желтоқсанда келісілді (№14/21 хаттама).

2 2021 жылдың қорытындысы бойынша стейкхолдерлермен Коммуникациялар жоспары бойынша есеп

№	Мүдделі тараптарды ақпараттандыру бойынша іс-шаралар	Мүдделі тарап	Іске асыру мерзімі /кезеңділігі	Орындалу мәртебесі (орындалды/ орындалмады/ ішінара орындалды)	Іске асырылған негізгі іс-шаралар
12	Есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің нәтижелері туралы «Самұрық-Қазына» АҚ өткізетін тыңдалымдарға қатысу	Акционер	Қажеттілігіне орай	Орындалды	2021 жылы Қоғам есепті кезеңдегі Қоғам қызметінің нәтижелері туралы «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 6 тыңдауына қатысты
13	Қоғамның ішкі корпоративтік порталында өзекті ақпаратты орналастыру	Қызметкерлер, ЕТҮ	Тұрақты негізде	Орындалды	2021 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ Трансформациялау бағдарламасын іске асыруға қатысты: ► «Самұрық-Энерго» АҚ корпоративтік порталында 37 жарияланым (Start.kz); ► «Самұрық-Энерго» АҚ ресми сайтында 13 жарияланым; ► «АлЭС» АҚ және «ГРЭС-2» АҚ web сайттарында 4 жарияланым; ► SK News ақпараттық порталында 3 жарияланым; ► SK News Цифрлық дайджесінде 3 ақпараттық материал; ► әлеуметтік желілерде 55 жарияланым жарық көрді.
14	Ұжыммен, ЕТҮ өкілдерімен, кәсіподақпен жиналыстар өткізу, оның ішінде жыл қорытындысы бойынша	Қызметкерлер, ЕТҮ, кәсіподақ	Қажеттілігіне орай	Орындалды	2021 жылдың 1-ші және 4-ші тоқсандарында ЕТҮ еңбек ұжымының және басшылығының «Самұрық-Энерго» АҚ басшыларының, Әлеуметтік өзара іс-қимыл және коммуникация орталығының өкілдерінің қатысуымен кездесулері өткізілді. Кездесу барысында әлеуметтік қызметтің қазіргі проблемалары талқыланып, еңбекақы төлеу мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Кездесу қорытындысы бойынша басшыларға әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және әлеуметтік сипаттағы мәселелерді шешуде ашықтық қажеттілігі туралы нақты тапсырмалар берілді.
15	Қызметкерлер үшін мәдени корпоративтік іс-шараларды ұйымдастыру	Қызметкерлер, ЕТҮ	Жыл сайын	Орындалды	COVID-19 пандемиясы кезеңінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Энерго» АҚ пен оның ЕТҮ-да барлық спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралар тоқтатылды.
16	Қызметкерлерді электрондық пошта, корпоративішілік портал арқылы бос лауазымдар, корпоративішілік конкурстар туралы хабардар ету	Қызметкерлер	Қажеттілігіне орай	Орындалды	Қоғамның бос әкімшілік лауазымдарына үміткерлерді іздестіру және іріктеуге өтінімдер келіп түскен кезде 2021 жыл ішінде қызметкерлерді электрондық поштаға хабардар ете отырып, ішкі корпоративтік порталда ақпаратты орналастыру жүзеге асырылды.
17	Қызметкерлердің жыл сайынғы мүдделілігін арттыру көрсеткішін өлшеу шеңберінде қызметкерлерге сауалнама жүргізу	Қызметкерлер	Жыл сайын	Орындалды	2021 жылы Қоғамның компаниялар тобы бойынша әлеуметтік тұрақтылық пен қызметкерлердің қызметке қатыстырылуы индексіне қатысты зерттеу жүргізілді. Персоналдың әлеуметтік тұрақтылығы мен қызметке қатыстырылу көрсеткіштеріне жыл сайын өлшеу жүргізу қызметкерлердің бейілділігі мен сенімін, персоналдың әлеуметтік әл-ауқаты мен қызметке тартылуын арттыру, еңбек жағдайларын және персоналдың еңбек қызметімен байланысты процестерді жақсарту, коммуникация жүйелерін дамыту және кез келген өзгерістер туралы хабардар ету шараларын уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді.
18	Қоғам басшылығының ЕТҮ-ның өндірістік алаңдарына баруы	ЕТҮ	Қажеттілігіне орай	Орындалды	«Самұрық-Энерго» АҚ басшылығы 2021 жыл ішінде ЕТҮ-ның барлық өндірістік алаңдарын аралады: ► «АЖК» АҚ: 28.05.2021 ж.; 10.09.2021 ж.; 29.09.2021 ж.; 19.11.2021 ж.; 29.12.2021 ж. ► «АлЭС» АҚ: 12.11.2021 ж.; 19.11.2021 ж. ► «СЭГРЭС-2» АҚ: 03.09.2021 ж.; 11.11.2021 ж.; 21-22.12.2021 ж. ► «Шардара ГЭС» АҚ: 25.06.2021 ж.; ► «МГЭС» АҚ: 18-19.08.2021 ж. ► «ГРЭС-1» ЖШС: 03.09.2021 ж.; 11.11.2021 ж.; 21-22.12.2021 ж. ► «АЭС» ЖШС: 20.09.2021 ж.; 09.07.2021 ж. ► «БЖЭС» ЖШС: 19.11.2021 ж. ► «SGE» ЖШС: 28.05.2021 ж.; 15-16.07. 2021 ж. ► «Богатырь Көмір» ЖШС: 03.09.2021 ж.; 11.11.2021 ж.; 21-22.12.2021 ж.
19	ЕТҮ қызметінің нәтижелері туралы тыңдаулар өткізу	ЕТҮ, қызметкерлер	Жыл сайын	Орындалды	2021 жылы ЕТҮ-ның 2020 жылғы қызметінің қорытындыларын қарау бойынша 2 кеңес өткізілді. 2021 жылғы 1 жартыжылдықтағы ЕТҮ қызметінің қорытындыларын қарау бойынша КПиОД-тың 18 отырысы өткізілді.
20	Электрондық пошта, телефон, кеңсе арқылы ЕТҮ-лардың назарына қызметтің нысаналы көрсеткіштерін, ІНҚ әзірлеуге қойылатын талаптарды және басқа да ақпаратты тұрақты негізде жеткізу	ЕТҮ	Тұрақты негізде	Орындалды	Ақпарат ЕТҮ назарына хаттар, электрондық пошта, телефон, кеңсе арқылы қызметтің нысаналы көрсеткіштері, ІНҚ әзірлеуге қойылатын талаптар түрінде жеткізіледі.

2 2021 жылдың қорытындысы бойынша стейкхолдерлермен Коммуникациялар жоспары бойынша есеп

№	Мүдделі тараптарды ақпараттандыру бойынша іс-шаралар	Мүдделі тарап	Іске асыру мерзімі /кезеңділігі	Орындалу мәртебесі (орындалды/ орындалмады/ ішінара орындалды)	Іске асырылған негізгі іс-шаралар
21	ЕТҮ ДК/ҒК-ларында Бизнес-жоспардың орындалу барысы, инвестициялық жобаларды іске асыру, қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу және басқа да өзекті мәселелерді талқылау	ЕТҮ	Тұрақты негізде	Орындалды	ЕТҮ ДК/ҒК-ларында Бизнес-жоспардың орындалу барысы, инвестициялық жобалардың іске асырылуы, қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу және басқа да өзекті мәселелер туралы талқылау 2021 жылға арналған ЕТҮ ДК/ҒК жұмыс жоспарына сәйкес тоқсан сайын жүргізіледі.
22	Қоғамның үздіксіз жұмыс істеуді және шағымдарды беру және қарау тетігіне («Жедел желі») және басқа да кері байланыс арналарына қолжетімді-лікті қамтамасыз ету	ЕТҮ, қызметкерлер кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, қаржылық институттар, жеткізушілер, тұрғындар, БАҚ	Тұрақты негізде	Орындалды	Қоғамда тәуелсіз оператор модерациялайтын бастамашылық ақпараттандыру желісінің жұмысы енгізілді. 28.06.2021 ж. бастап «Жедел желі» тәуелсіз операторы болып «КПМГ Такс энд Эдвайзери» ЖШС тағайындалды. Өтініштеге уақтылы ден қойылуын және белгіленген мерзімдерде қаралуын қамтамасыз ету мақсатында «Самұрық-Қазына» АҚ өтініштердің «Жедел желіге» жіберілуін автоматтандырды.
23	Барлық кері байланыс арналарына келіп түсетін өтініштер мен шағым-дарға кері байланыс беру	ЕТҮ, қызметкерлер кәсіподақ, серіктестер, тұтынушылар, қаржылық институттар, жеткізушілер, тұрғындар, БАҚ	На постоянной основе	Исполнено	31.12.2021 жылғы жағдай бойынша барлық кері байланыс арналары бойынша 70 өтініш пен шағым келіп түсті, олардың 4-і қаралуда. Омбудсменге есептік кезең ішінде 50-ден астам өтініш келіп түсті. Барлық өтініштер бойынша Омбудсмен кеңестер өткізді, жауаптар мен ұсынымдар берді, ЕТҮ қызметкерлерімен және басшыларымен жеке кездесулер (сұхбаттар) өткізді.
24		Тұрақты негізде	Орындалды	Орындалды	Жастар саясаты шеңберінде 2021 жылғы наурызда «Jas Energy» қоғамының Жастар кеңесі «Шын жүректен» қайырымдылық акциясын ұйымдастырды. Сондай-ақ, «Jas Energy» белсенділері қала көшелерін жинаумен айналысатын Нұр-Сұлтан қаласы Есіл ауданының коммуналдық қызмет жұмыскерлеріне ыстық кофе берді. 2021 жылдың желтоқсан айында жас белсенділер жыл сайынғы «Сиқырлы шырша» акциясы аясында онкологиялық аурумен ауыратын балаларға көмек көрсету үшін шырша орнатты. Қоғам қызметкерлері қайырымдылығының арқасында онкологиялық аурумен ауыратын балалар өздерінің жаңа жылдық сыйлықтарын алды.
25	Қазақстан Республикасының қолданыстағы экологиялық заңнамасына сәйкес инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде қоғамдық тыңдауларға қатысу	ЕТҮ, тұрғындар	Қажеттілігіне орай	Орындалды	2021 жылы төмендегідей қоғамдық тыңдаулар өткізілді: ► 2021 жылғы 24 маусым – «Қоршаған ортаға әсерді бағалау» ЖСҚ түзетуге «№3 энергия блогын орната отырып, Екібастұз ГРЭС-2 кеңейту және қайта жаңарту» жобасы бойынша № 2 кезең; ► 2021 ж. 9 тамыз – «Энергетика саласындағы жобалау бойынша инженерлік жұмыстар және онымен байланысты жұмыстар: №1 секцияны күрделі жөндеу, оларға «АлЭС» АҚ А. Жақұтов атындағы Алматы ЖЭО-2 ЗШО әзірлеу және орналастыру» жұмыс жобасы бойынша «Қор-шаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау.; ► 2021 жылғы 29 қараша – «Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, А. Жақұтов атындағы Алматы ЖЭО-2 жаңғырту» ТЭН-не «Ықти-мал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау; ► 2021 жылғы 22 желтоқсан – «ЖЭО-3 күл үйіндісін қайта жаңарту және кеңейту, 4-кезек» жұмыс жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдау.

Есептің GRI басшылығына сәйкес келу кестесі

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
Есептіліктің жалпы элементтері				
GRI 102: Жалпы ақпарат 2016				
	102-1	Ұйымның атауы	8	қолдануға болмайды
	102-2	Қызмет, брендтер, өнім және қызметтер	10-15	қолдануға болмайды
	102-3	Штаб-пәтердің орналасуы	12-13, 225	қолдануға болмайды
	102-4	Өндірістік алаңдардың орналасуы	12-13, 16-39	қолдануға болмайды
	102-5	Меншік сипаты және ұйымдастырушылық-құқықтық нысан	8	қолдануға болмайды
	102-6	Қызмет ету нарықтары	8, 12-15, 16-39	қолдануға болмайды
	102-7	Ұйым масштабы	8, 10-15, 16-39	жоқ
	102-8	Қызметкерлер мен басқа жұмыскерлер туралы ақпарат	180-181	жоқ
	102-9	Жеткізу желісі	16-39, 105	жоқ
	102-10	Ұйымда және оның жеткізу желісіндегі елеулі өзгерістер	9, 2Т	PWC
	102-11	Сақтық шараларының қағидаты немесе әдісі	132-135, 152, 154-155, 196	жоқ
	102-12	Сыртқы бастамалар	148, 150-151	жоқ
	102-13	Қауымдастықтардағы мүшелілік	150-151	жоқ
	102-14	Жоғары тұрған басшылықтың өтініші	2-3	қолдануға болмайды
	102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	52, 121, 129, 132-141, 146-147, 162-163	жоқ
	102-16	Мінез-құлық құндылықтары, қағидаттары, стандарттары және нормалары	46-47, 114-115, 132-135, 154-155, 194-196	жоқ
	102-17	Этика бойынша консультациялар мен өтініштердің тетіктері	114, 122, 132-135, 184-185, 194-196	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
	102-18	Басқару құрылымы	8-9, 109, 110-111	жоқ
	102-19	Өкілеттіктерді табыстау	109, 111, 123-125, 129-132	жоқ
	102-20	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар үшін жауапты басқарушы лауазымдар	117-122, 126-127	қолдануға болмайды
	102-21	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша мүдделі тараптарға консультация беру	117-118, 126-127, 132-135, 151-155, 204-215	жоқ
	102-22	Жоғары корпоративтік басқару органының және оның комитеттерінің құрамы	109-111, 117, 118, 123-125, 126-127, 129-132	жоқ
	102-23	Жоғары корпоративтік басқару органының төрағасы	117	жоқ
	102-24	Жоғары корпоративтік басқару органын ұсыну және таңдау	119, 116, 122, 128	қолдануға болмайды
	102-26	Жоғары корпоративтік басқару органының мақсаттарды, құндылықтарды және стратегияны анықтаудағы рөлі	121-122	қолдануға болмайды
	102-31	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптарды барлау	145-197	жоқ
	102-35	Сыйлықақы беру саясаты	116, 122, 128	жоқ
	102-36	Сыйлықақыны анықтау процессі	119, 128	жоқ
	102-40	Мүдделі тараптар тобының тізімі	152, 204-215	жоқ
	102-41	Ұжымдық еңбек шарттары	148, 188, 191-193, 195	жоқ
	102-42	Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және анықтау	151-152	жоқ
	102-43	Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілі	151-155, 198, 204-215	жоқ
	102-44	Негізгі тақырыптар және қозғалған қауіптер	134-135, 153-155, 196, 198-200	жоқ
	102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілік енгізілген заңды тұлғалардың тізбесі	202, Т.2	PWC
	102-46	Есеп мазмұнын және тақырыптар шекараларын анықтау	198-202	жоқ
	102-47	Маңызды тақырыптардың тізімі	198-200	жоқ
	102-48	Қайталама өтініштер	КФО	PWC
	102-49	Есептегі өзгерістер	198	жоқ
	102-50	Есептік кезең	201	қолдануға болмайды
	102-51	Соңғы есеп шығарылған күн	201	қолдануға болмайды

2 Есептің GRI басшылығына сәйкес келу кестесі

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
	102-52	Есептілік циклі	201	қолдануға болмайды
	102-53	Есеп туралы сұрақтар бойынша байланыс ақпараты	203,225	қолдануға болмайды
	102-54	GRI Standards сәйкес есептілік туралы өтініш	1, 201, 203	жоқ
	102-55	GRI мазмұнының белгісі	216-220	жоқ
	102-56	Сыртқы растау	216-220	жоқ
Арнаулы тақырыптар				
GRI 200: Экономикалық тақырыптар 2016				
Экономикалық нәтижелілік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	156, 199	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	156	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	156-157	жоқ
GRI 201: Экономикалық нәтижелілік	201-1	Құрылған және үйлестірілген тікелей экономикалық құн	156-157	жоқ
	201-2	Климаттың өзгеруіне байланысты ұйымның қызметі үшін қаржылық аспектілер және өзге де тәуекелдер мен мүмкіндіктер	162-163	жоқ
Нарыққа қатысу				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	180, 199	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	180-181	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	148	жоқ
GRI 202: Нарыққа қатысу	202-1	Жынысы әр түрлі қызметкерлердің бастапқы деңгейдегі стандартты жалақының қызметтің маңызды өңірлердегі белгіленген мейілінше аз жалақыға қатысы	148	жоқ
	202-2	Жергілікті халықтың өкілдері есебінен қабылданған қызметтің маңызды аумақтарында жоғары дәрежелі басшылардың үлесі	181	жоқ
Сатып алу тәжірибесі				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	105	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	105	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	105	жоқ
GRI 204: Тікелей емес экономикалық әсер	204-1	Жергілікті емес жеткізушілердің шығын үлесі	105	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	132, 199	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	132-133	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	132-133	жоқ
GRI 205: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес	205-1	Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер мәніне бағаланатын өндірістік бөлімшелер	134	жоқ
	205-2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәсілдер туралы ақпараттандыру, сондай-ақ оларға оқыту	133-134	жоқ
	205-3	Сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары және қабылданған шаралар	135	жоқ
GRI 300: Экологиялық тақырыптар 2016				
Материалдар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	160	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	160	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	160	жоқ
GRI 301: Материалдар 2016	301-1	Салмағы немесе көлемі бойынша пайдаланылатын материал	160-161	жоқ
Энергия				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	158	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	158-159	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	158-159	жоқ
GRI 302: Энергия 2016	302-1	Энергияны ұйым ішінде тұтыну	159	жоқ
	302-3	Энергиялық сыйымдылық	159	жоқ
	302-4	Энергия тұтынуды қысқарту	160	жоқ
Су және Ағын сулар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	169	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	170	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	170	жоқ
GRI 303: Су және Ағын сулар 2018	303-2	Ұйымның суды жинауы маңызды әсер ететін су көздері	170-172	жоқ
	303-3	Көп рет және қайталама пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі	172	жоқ

2 Есептің GRI басшылығына сәйкес келу кестесі

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
Биотүрлілік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	173	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	173	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	173	жоқ
GRI 304: Биотүрлілік 2016	304-2	Қызметтің, өнімнің және қызметтердің биотүрлілікке маңызды ықпалы	173-174	жоқ
Шығарындылар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	174, 199	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	174-175	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	175	жоқ
GRI 305: Шығарындылар 2016	305-7	NOx, SOx және басқа маңызды ластағыш заттардың шығарындылары	175-177	жоқ
Ағын сулар және қалдықтар				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	169-177	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	170, 177	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	170, 178	жоқ
GRI 306: Ағын сулар және қалдықтар 2016	306-2	Қалдықтар	178-179	жоқ
Экологиялық нормаларға сәйкестік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	166	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	16-167	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	167	жоқ
GRI 307: Экологиялық нормаларға сәйкестік 2016	307-1	Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтау	167-169	жоқ
GRI 400: Әлеуметтік тақырыптар 2016				
Занятость				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	180	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	180	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	180	жоқ

GRI Стандарт	Нөмірі	Мазмұны	Бет нөмірі	Растау
GRI 401: Жұмыспен қамтушылық 2016	401-1	Жаңадан қабылданған қызметкерлер және кадрлардың тұрақтамауы	180-183	жоқ
	401-2	Уақтыша немесе толық емес жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін, толық жұмыспен қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін жеңілдіктер	193	жоқ
Денсаулық және қауіпсіздік				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	184, 186	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	186	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	187	жоқ
GRI 403: Денсаулық және қауіпсіздік 2018	403-2	Өндірістік жарақаттанушылық түрлері және деңгейі, жоғалған күндер және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ өлімге әкелген жағдайлардың жалпы саны	187	жоқ
	403-9	Өндірістік жарақаттар	187	жоқ
Оқыту және білім				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	184,199	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	189	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	181	жоқ
GRI 404: Оқыту және білім 2016	404-1	Бір қызметкер үшін оқыту сағатының орташа жылдық саны	190	жоқ
	404-3	Мерзімді нәтижелілік бағалары және мансаптық дамыту жүргізілетін қызметкерлердің үлесі	190-191	жоқ
Кемсітушіліктің жоқтығы				
GRI 103: Менеджмент саласындағы тәсіл 2016	103-1	Маңызды тақырыптарды және оның шекараларын түсіндіру	148, 194	жоқ
	103-2	Басқарушылық тәсіл және оның компоненттері	180	жоқ
	103-3	Басқарушылық тәсілді бағалау	195	жоқ
GRI 406: Кемсітушіліктің жоқтығы 2016	406-1	Кемсітушілік жағдайлары және қабылданған түзету қызметтері	135, 196-197	жоқ

Пайдаланылған қысқартулар

АҚ	Акционерлік қоғам
Акционер/Жалғыз акционер	«Самұрық-Қазына» АҚ
«ОАЭК» АҚ	«Орталық Азиялық Электр энергетикалық Корпорациясы» АҚ
«АлЭС» АҚ	«Алматы электр станциялары» АҚ
«ЭҚРҚО» АҚ	«Электр энергиясы мен қуаты нарығының Қазақстандық операторы» АҚ
«ССКӨБ» АҚ	«Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ
ӘБП	Әкімшілік-басқарушы персонал
АЭС	Атом электр станциясы
Бенчмаркинг	«Самұрық-Энерго» АҚ-ға өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға септігін тигізетін нақты өзгерістерді іске асыру мақсатында өз жұмысын басқа компаниялардың практикасымен салыстыруына мүмкіндік беретін талдау әдістемесі
БК	«Богатырь Көмір» ЖШС
о.і.	Оның ішінде
ЖЭК	Жаңартылатын энергия көздері
ЖЭС	Жел электр станциясы
СКЖ	Су арқылы күлді жою
МКК	Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын
МҮИИДБ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы
«Самұрық-Энерго» АҚ компаниялар тобы/Топ/ЕТҮ	«Самұрық-Энерго» АҚ және оның еншілес және тәуелді компаниялары
МАЭС	Мемлекеттік аудандық электр станциясы
ГТЭС	Газ-турбиналық электр станциясы
СЭС	Су электр станциясы
ДО	Дизель отыны
ЕҚДБ	Еуропа қайта құру және даму банкі
ЕурАзЭҚ	Еуразиялық экономикалық қоғамдастық
СБАЕК	Сертификатталған Бухгалтерлер мен Аудиторлардың Еуразиялық Кеңесі
ЕЭҚ	Еуропа экономикалық қауымдастығы
ҚР БЭЖ	Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі
ЛЗ	Ластағыш зат
ККК	Күлқож қалдықтарының көлемдері
ҚХР	Қытай Халық Республикасы

Компания	«Самұрық-Энерго» АҚ
КТК	Коммуналдық-тұрмыстық көмір
НҚК	Негізгі қызмет көрсеткіштері, жалпы Команияның, сондай-ақ оның басқарушы қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін Компания қызметінің тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер (индикаторлар)
ТМРжБҚК/Комитет	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті
КМЖ	Корпоративтік менеджмент жүйесі
КАТ	Кокстік аз жентектелетін төмен метаморфталған көмірлер
КО	Корпоративтік орталық («Самұрық-Энерго» АҚ)
ҮОҚ	Ұшқыш органикалық қосылыстар
ЭЖЖ	Электр жеткізу желісі
ҚР ИЖТМ	Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі
ҚР ҮЭМ	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
ЖҚ	Жергілікті қамту
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ЕҚТ	Ең жақсы қолжетімді технология
ҮЭЖ	Ұлттық электр желісі
БАӘ	Біріккен Араб Әмірлігі
БК	Бірлескен компания
ЖШҚ	Жауапкершілігі шектелген қоғам
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ЕҚТА	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
ОБЗ	Озон бұзатын заттар
БЭЖ	Бірлескен энергетикалық жүйе
ЗТБ	Заңды тұлғалардың бірлестігі
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ	Ресей Федерациясы
АЭК	Аудандық электр компаниясы
ЖАҚ	Жария акционерлік қоғам
ПГ	Парниктік газдар
ШРТ	Шектеулі рұқсат етілген төгінділер
Даму жоспарының көрсеткіштері	Өндірістік, операциялық және қаржылық қызметті сипаттайтын көрсеткіштер. Көрсеткіштер Даму жоспарының құрамында бекітілетін, есепті және жоспарланатын мерзім ішіндегі қызмет нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие.
ӨҚҚ	Өрт қауіпсіздігі қағидасы
БҰҰДБ	Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы
ҚТҚ	Қауіпсіздік техникасы қағидасы

4 Пайдаланылған қысқартулар

ЖКБ	Жүк тиеу-көлік басқармасы
ТПҚ	Техникалық пайдалану қағидасы
РТҒА	Ресей табиғи ғылымдар академиясы
Тәуекел	Алға қойған мақсаттар мен міндеттерге жетуге ықпал етуі мүмкін оқиғалармен немесе әрекеттермен байланысты белгісіздікке душар болу
ҚР	Қазақстан Республикасы
РФ, Ресей	Ресей Федерациясы
ІАҚ	Ішкі аудит қызметі
ДК	Директорлар кеңесі
ОСЖ	Оқшауланған сыммен жабдықталған
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
КСРО	Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы
Стратегия	«Самұрық-Энерго» АҚ ұзақ мерзімді Даму стратегиясы
Қоғамның құрылымдық бөлімшелері	Қоғамның белгілі бір қызмет түрін атқаруға жауапты және ұйымдық құрылымға енген бөлімшелер (департаменттер, қызметтер)
ТБЖ	Қызметтің тиімділігін басқару жүйесі
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АТП АЭА	«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
КЭС	Күн электр станциясы
ТҰК	Трансұлттық компания
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
«АЭС» ЖШС	«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС
«ҚКЖ» ЖШС	«Қазақстан коммуналдық жүйелері» ЖШС
«БЖЭС» ЖШС	«Бірінші жел электр станциясы» ЖШС
«EWP» ЖШС	«Ereymentau Wind Power» ЖШС
ОКЦ	Отын-көлік цехы
ТҚС	Трансформаторлық қосалқы станциясы
ТЖҚ	Тауарлар, жұмыстар, қызметтер
ЖЭС	Жылу электр станциясы
ЖЭО	Жылу электр орталығы
ОШШ	Отынның шекті шығыны
ҚКҚ	Құрғақ күл қондырғысы
Қор	«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы
ШарСЭС	«Шардара СЭС» АҚ
ГРЭС-1	«Болат Нұржанов атындағы Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС
ГРЭС-2	«Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» АҚ
ЭӨҮ	Энергия өндіруші ұйым
ЭЖҰ	Энергиямен жабдықтаушы ұйым
CAP	Сертификатталған бухгалтер-практик (Certified Accounting Practitioner)
CASA-1000	Орталық Азия-Оңтүстік Азия энергетикалық жобасы (Central Asia-South Asia)
CO2	Көміртегінің қос тотығы
CPA	Сертификатталған бухгалтер (Certified Public Accountant)
DiPCPIA	Сертификатталған кәсіби ішкі аудитордың дипломы (Certified Professional Internal Auditor Diploma)
DipPIA	Кәсіби ішкі аудитордың дипломы (Professional Internal Auditor Diploma)
EBITDA	Несиені пайдалануға, салыққа, тозу мен өтелімге жұмсалған шығындарды шегергенге дейінгі операциялық табыстар (ағылшынша Earnings Before Interest, Tax, Depreciation and Amortization)
EBITDA margin	EBITDA бойынша тиімділік, EBITDA-ның табысқа қатысы
ERG	«Еуразия Тобы» ЖШС
EVA	Экономикалық қосылған құн
GRI	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (Global reporting initiative)
IFA (DipIFA)	Халықаралық Аудит және Менеджмент Дипломы
IoD UK	Британия директорлар институты
ISO	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (International Organization for Standardization)
KEGOC	«KEGOC» акционерлік қоғамы (KazakhstanElectricityGridOperatingCompany, Қазақстан электр желілерін басқару жөніндегі компаниясы)
LTIFR	Жұмыс уақытын жоғалта отырып, жарақаттанушылық жилігінің коэффициенті, жұмыс орнында атқарылған 1 миллион сағат жұмыс уақытын жоғалта отырып алынған жарақаттар саны
NAV	Таза активтердің шамасы
NOx	NO және NO2 азот тотығының жинақтық атауы
PESTEL-анализ	Компанияның бизнесіне әсер ететін саяси (Political), экономикалық (Economic), әлеуметтік (Social), технологиялық (Technological), экологиялық (Environmental) және құқықтық (Legal) факторларды анықтауға арналған маркетингтік құрал
SO_2	Күкірт тотығы
SWOT	Сыртқы және ішкі ортаға жағымды/ жағымсыз факторлардың әсерін талдау
Өлшем бірліктері	
%	Пайыз
ГВтч	Гигаватт сағат
ГДж	Гигаджоуль
Гкал	Гигакалория
кВ	Киловольт

4 Пайдаланылған қысқартулар

кВтс	Киловатт сағат
км	Километр
м	Метр
м³	Текше метр
МВА	Мегавольт-ампер
МВт	Мегаватт
мг/нм³	Нормадағы текше кубқа миллиграмм
млн	Миллион
млрд	Миллиард
мың	Мың
э/э	Электр энергиясы

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Есепке немесе оның мазмұнына қатысты кез келген сұрақ бойынша мына байланыс телефондары бойынша хабарласа аласыздар:

Тасбулатов Ринат Ермекұлы,
баспасөз хатшысы

Телефон: +7 (7172) 55-30-62
e-mail: r.tasbulatov@samruk-energy.kz

Айсариева Мадина Бекайдарқызы,
«Корпоративтік Басқару және Орнықты Даму» департаментінің директоры

Телефон: +7 (7172) 55-30-20
e-mail: m.aisarieva@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» компаниялар тобы Орталық басқару аппараты

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай Батыр д-лы, 15 А, «Q» бизнес орталығы, Б болгы
Телефондар: + 7 (7172) 55-30-00, + 7 (7172) 55-30-21
Факс: +7 (7172) 55-30-30
e-mail: info@samruk-energy.kz

«Самұрық-Энерго» АҚ аудиторы
«ПрайсуотерхаусКуперс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., A25D5F6
Әл-Фараби д-лы, 34, «А» ғимараты, 4-қабат
Телефон: +7 (727) 330-32-00

«Самұрық-Энерго» АҚ тіркеушісі
«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы

«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» акционерлік қоғамы
Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., «Самал-1» ш.а., 28
Телефоны: +7 (727) 312-33-04, 8-800-080-8668
e-mail: csd@kacd.kz, web@kacd.kz

Жылдық есепте берілген ақпаратты қолданған кезде оған сілтеме жасау міндетті.